

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кызылординская область

Абдрахманова Айман.....	4
Абсанов Еркебулан.....	7
Айжарық Айдана	9
Айнадин Еразамат	12
Алданова Ақнұр.....	13
Аманжолов Қасым.....	15
Амантай Әдемі.....	17
Асанбаева Айсара	19
Асылбекова Сымбат	21
Әбдіқалық Әсел	23
Әбдіқалық Бексейіт	24
Әбдісадықова Меруерт.....	27
Әбжапбар Ұлпан	30
Әнапия Назгүл.....	33
Байназарова Ақмарал	35
Бақытбек Ақерке	39
Бақытбекова Мая	40
Бақытжан Аружан.....	42
Бақытжанова Аяжан	46
Балатаева Ақерке	48
Балғабаева Нұрсая.....	50
Балғынбай Мөлдір	54
Бегайдарова Нұрайым	56
Бегімсал Тоғжан.....	59
Бекен Назгүл	61
Болатбек Меруерт	64
Бөгенбаев Мерей.....	64
Демжанова Альмира.....	67
Демжанова Гүлбану	69
Ерғали Ақерке	72
Ержанова Аружан	75

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Есбергенова Әзиза.....	76
Есенгелді Айжан	78
Есқали Меруерт	81
Жақсыбаев Еламан.....	83
Жақсылықова Айдана	85
Жақсылықова Жадыра.....	88
Жақсымбетова Ұлпан	90
Жалғасбекова Лаззат.....	93
Жарекеева Ақерке.....	95
Жарқынбекова Перизат	97
Жұмабекова Ақерке	99
Жұмажанова Дильназ	102
Жүгінісова Мөлдір	107
Жүнісов Дәуіржан.....	110
Жүсіп Әлішер.....	112
Калажова Мадина	115
Кенжебекова Алтынай	117
Кеңесова Айдана	120
Қазби Айзат	121
Қазиев Жеңіс.....	123
Қайназар Аружан.....	125
Қайырбек Аружан.....	128
Қанағатова Дильяра	129
Қараева Нұрсәуле.....	132
Қартабекова Айгерім.....	134
Қартаңбаева Гүлнаурыз	136
Қуаныш Жансая	138
Мақсұт Жазира.....	141
Махмутова Аружан.....	144
Махсутова Айбану	147
Мәдіхан Мереке	150
Мәжит Шынар.....	153
Мұқанова Әсем.....	155

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мұрат Арайлым	157
Мұханбетқали Аружан	160
Мұхтар Арыстанбек	163
Мырзағали Құралай	165
Мырзағалиұлы Қайсар	169
Нұрланова Сәния	170
Нұрлыбекқызы Мөлдір	174
Омар Айша	177
Оңдасын Жеңісай	180
Оразымбетова Роза	182
Отаралиева Гүлзия	184
Өмір Назерке	184
Өтегенов Сақтапберген	187
Өтемұратова Ақниет	190
Өтетілеу Сымбат	193
Рзахан Азиза	196
Сағындық Айжан	199
Садық Ақпейіл	202
Сахибеков Ринат	205
Серік Тоғжан	208
Сахитжан Бағым	209
Сүндетәлі Назира	212
Тажимбетова Арайлым	216
Талғат Гүлханым	218
Таңатар Қарлығаш	221
Тобашова Зайра	223
Тоқмаханова Ақерке	225
Төлеген Ақжан	227
Төлегенов Досхан	229
Төлегенова Арайлым	231
Тұрабаева Ұлпан	233
Тілесов Дініслам	235
Уалиханова Ақмарал	238

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлықова Зарина	242
Хамидулла Жұлдыз	243
Хамитова Аружан.....	247
Шакидуллаева Хадиша	249
Шамша Алина	251
Шүйіншәлі Шынар	253
Шынболатқызы Сарқыт.....	256
Ыбраева Гүлназ.....	257
Ыбырай Аружан.....	260
Ықыласова Аружан.....	261
Ізкенова Айзере	265

Абдрахманова Айман
9 сынып, Қ.Тоқмұхамедов атындағы №14 орта мектебі
Байқоңыр қаласы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Әбдіқалиева Г.С.

Ұлы Жеңіс ұрпақ есінде

Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені,
Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп.
Бірақ, мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені
Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені

Жеңіске 70 жыл! Ешқашан ұмытылмас қанды майдандағы ерліктер мен тылдағы табандылықтар... Ұлы Жеңіс оңай жолмен келген жоқ. Біз, бүгінгі ұрпақ, оны көрген емеспіз, дегенмен, оның жолындағы төгілген қан мен терді, біз үшін жанын берген бабаларымызды құрметтейміз әрі мақтан етеміз.

Қазақ даласы небір төңкеріс, небір көтеріліс, небір жеңіс пен жеңілісті, қызық пен қиындықты өткерді емес пе? Ата – бабаларымыздың осындай ерлігінің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жеңісі. Сонау 1941 жылы бейбіт жатқан елге Германия фашизмдері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз, әйелді жесір қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде. Шайқас тұтқиылдан басталса да, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылып, кеше ғана мектеп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, қала мен ауыл тұрғындары соғысқа сұранып қан майданға аттанды, елде қалғандар тылда еңбек етті. Соғыс бітті ... Ауыр да азапты жылдар артта қалды, біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы – анадан айырған сұм соғысқа жол жоқ ... Қазақстанда соғыстың алдында 6, 2 миллион халық тұратын еді. Осы жылдары республикамыздан 1 млн. 196 мың 164 адам қару асынып, майданға аттанды. Республикадан еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді. Сонда Қазақстаннан соғыс жылдары әскери комиссариаттары арқылы 1 млн. 900 мыңдай адам сапқа тұрды.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасып, жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, бес жүздей адам Кеңес Одағының батыры, жүзден астам адам Даңқ орденінің толық иегері атанған. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – батыр бабаларымыздың ұрпағы, қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев екені есіме оралған сайын кеудемде қуаныш, көңілімде мақтаныш сезімі оянады. Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата – әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде – ақ майданға аттанды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда асқар таудай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де ешқашан да ұмытпауға тиіс. Қаруы мен қаламын қатар алып жүрген, ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы атамызды білмейтін, сірә, қазақ жоқ шығар. Бауыржандай бабамның ерлігіне бас иіп, көкейіме мынадай жыр шумақтары оралады.

Мәскеу үшін шайқаста қан төгілген,
Халықтың бұл ұрыста жаны егілген.
Клочковтың жан дауысы тағы естілген:
«Ресей ұлы, шегінуге жол жоқ» - деген.
Кеңестің астанасын қорғап жаудан,
Мәскеу үшін шайқаста комбат болған.
Бауыржан ата, мың алғыс айтам сізге,
Ұрпақ үшін елін-жерін қорғап қалған.
Соғыста бетін бұрмай, алға ұмтылған,
Әрбір ой, әрбір сөзің қымбат маған.
Қаруы мен қаламын тең ұстаған,
Бауыржандай атаммен мен мақтанам!

Елі, жері үшін жанын берген ер азаматтар қазақ жігіттерінің қайсар рухты, жаудан тайсалмайтын хас батыр екенін дәлелдесе, Кеңес Одағы Батырларының қатарында болуға лайықты, нәзік жанды қос ару қыздарымыз – Әлия мен Мәншүк қазақ қыздарының қайсар екенінің дәлелі болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ес білгелі, Әлия мен Мәншүктей батыр қыздарды үлгі еттім, олардың ерліктеріне бас идім.

Жеңіс күні жыл сайын мереке етіп тойланады, осындай ұлы күнде біз бабаларымыздың рухына тағзым етіп, ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, еске аламыз. Біз олардың есімдерін кішкене кезімізден жаттап өстік. Олардың есімі мәңгі өлмейді, ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Біздің бейбітшілік заманда өмір сүріп, бақытты бал дәуренімізді алаңсыз өткізіп жатқанымызға осы бабаларымыз себепші. Биыл, міне Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Бұл бәріміз үшін де қуанышты мереке. Егемен елімді шын жүректен құттықтай отырып, Жеңістің 70 жылдығына мынадай тартуымды сыйлаймын:

Қуаныштан мен-дағы жыр арнадым,
Белгілі «Жеңіс жайлы» жырламағым.
Қазағым, қанмен келген жеңісіңмен
Орындалып қалғандай армандарың.
Салынып жер жүзінің талқысына,
Тарихтың көз жүгіртсек арғысына,
Қан соғыста жан берген бабаларым
Әлемнің бөлінгендей алғысына
Мұндайда басылар ма ой екпіні,
Белгілі бұл майданның бөлектігі.
Ата-баба ерлігін ұғу үшін
Айдан анық батырлық керектігі.
Сол батырлық қазақтың қанында бар,
Ұрпақтың қамы үшін жауға шабар.
Ал бүгін кезі келді күллі Алаштың,
Жеңіске 70 жылдық шын қуанар.
Тағдырдың жолы жатыр тарамдалып,
Тарихым қанмен жазған қараңғы анық.
Жетпіс жыл бұрын жеңген қан соғыста
Тұрғандай бүгін, міне, бағаңды алып
Жасасын Жеңіс! Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс! Болмасын соғыс! Болмасын!
Осы тілекпен барша халайық түрегел!

Біз, өскелең ұрпақ, Әлия мен Мәншүктің ізбасарлары қаракөз қазақ қыздары мен батыр атанған бабаларымыздың жалғасы – қайсар қазақ жігіттері, елі мен жері үшін жанын аямаған аға-апаларымыздың ерлігін жырлаудан, олармен мақтанудан ешқашан жалықпаймыз, себебі, біз оларға қарыздармыз. Бабаларымыздың аманаты – ел мен жердің тыныштығын, бейбіт өмірді сүйейік, қадірлейік, қастерлейік! Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерлеріміз ешқашан да, еш уақытта да естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын! – деп тілеймін.

Абсанов Еркебұлан

9 сынып, С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебі

Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Есіркепова Л.

Отан үшін от кешкен ерлерге мың тағзым!

«Соғыс» деген сөз немесе ұғым адамға суық, дененді түршіктіретіндей естіледі. Ал бірақ осы сөзге қарама-қарсы келетін сөз бар. Ол « Жеңіс» деген сөз немесе ұғым. Бір істе қарсы жақты жеңіп шығу дегенді білдіреді. Әсіресе, туған жерге қауіп төнгенде жаулармен шайқасу. Мұндай шайқастарды біздің халқымыз басынан аз кешірген жоқ. Соның бірі – әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл соғыс 1941 жылдың 22 маусымында болған еді. Сол күні таң шапағы арайланып атқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз ауыр тауқыметті басынан кешірді. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді. Соғыстың алғашқы сәттерінен бастап Кеңес Одағы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ауызбіршілікпен ынтымақтаса отырып Отанын қорғады. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Халқымыз жанқиярлықпен соғысып, ерліктің тамаша үлгісін көрсете білді. 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Ж.Махамбетов, Ж.Қизатов, Сергей Луганский, Иван Павлов Шығыстың қос шынары атанған Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды көптеген майдангерлер. Осы соғыста Кеңес одағының басқа республикаларымен бірге біздің қазақ елі де жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамында 1 млн 870 мың қазақстандықтар болған.

Ат ауыздығымен су ішкен, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Маметова ерлік көрсетіп, қас дұшпанынан елін қорғау жолында батырлықпен қаза тапса, екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы – Бауыржан Момышұлы нағыз батырлықтың үлгісін көрсетті. Бауыржан атамыз жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Шайқастар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта болып жатты. Сол кезеңді басынан кешірген менің атам Бодыбаев Якуда: «Немістің бір селосында болғанымызда жауды қырып, тамақ таусылып қалды. 3 күн бойы неміс бақшасындағы тек қана ащы пиязбен күн көрдік» деп айтып отыратын. Ал біздің сынып жетекшіміз: «Соғыстың әкелген қасіретін бертін келе біз де байқадық. Өйткені менің кішкентай кезімде көшеде бір кемпір жүретін. Балалар оны «жынды кемпір» деп атайтын. Әр үйге кіріп, тамақтанып, шай ішіп алады. Бірақ ешкіммен сөйлеспейді. Апамнан сұрағанымда ешқандай да жынды емес, балалары, күйеуі соғыстан оралмаған. Әлі де келеді деп үміттенеді» дейтін. Міне, соғыстың әкелген қасіреті.

Иә, сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте берді, күте берді.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Көрнекті қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы жазған өлеңі жауынгерлерге рух беріп, қайраттандырса, тылдағы еңбек адамдары майдангерлерге азық-түлік, киім-кешек жіберді.

Тарих көші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңіске қол жеткізген батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Сұм соғыс Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда Ұлы Жеңіспен аяқталды. Дүниежүзі халқы бостандық алды. Халық Отан ұғымын терең сезіне түсті. Қаһарман ерлік пен еңбек жеңіп шықты. Зұлымдық, басқыншылық тізе бүкті.

Міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығын тойламақпыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін мақтан етеміз.

Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды. Ардагерлер ерліктері арқасында біз осы күнге жеттік. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүріп, мектепте алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайрандап күлгеніміз - бәрі де сол Ұлы Отан соғысы Жеңісінің жемісі. Әрине, соғыс болмасын! Біздер соғысқа қатысып батыр болмайық. Біз бейбіт күннің батырлары болуға тырысайық. Ел үшін аянбай еңбек етіп, білім алып, өз жеріміздің патриоттары болуға мүмкіндіктер бар.

Жеңіс – біздің ата-бабаларымыздың батырлығы.

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болып, келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кең пейіл Қазақ елі жасасын!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – Отанымызды сүю, еліміздің, жеріміздің адал патриоты болып,, достық пен бірліктің туын биік ұстау.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз қазір кемде-кем қалды. Бірақ оларға деген лайықты құрмет, ыстық ілтипат мәңгі бола бермек! Отан үшін от кешкен ерлерге мың тағзым!

Айжарық Айдана

10 сынып, №182 орта мектебі

Басықара ауылы, Қазалы ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Баймағамбетова Ж. А.

Отқа тосылған от жүрек

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жау жайрады, туы жерге тасталды,
Жеңіс маршы кернеді жер-аспанды.
Күн көзінде қызғалдақтар құлпырып,
Дүние күлді, бейбіт өмір басталды.
С.Боранбаев

Жеңіс! Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс! Аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, «Жеңіс!» деген сөз жүрекке соншалықты ыстық, көңілге соншалықты жақын сезіледі.

Елімізге тыныштық әкелген осынау Ұлы Жеңіс, құдайға шүкір, әлі жалғасып келеді. Ал, Жеңіс қамалын тұрғызған, Бейбітшілік күнін туғызған жауынгер бауырларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Ұмытуға хақымыз да жоқ. Арамызда жүрген көзі тірілерін әркез ардақтап, соғыста опат болғандарын құрметпен еске алып отыру – бүгінгі ұрпақтың адамгершілік парызы.

Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен ауыр кезеңде біздің Қазалылық бауырларымыз да кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында кеуделерін от пен оққа тосты. 1418 күнге созылған сол бір сын сағатта жерлестеріміз елдік пен ерліктің, қайсарлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Азап пен тозаққа, қайғы мен мұңға толы соғыста қасиетті Қазалы жерінің 5 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Қазалы жауынгерлерінің Жалаңтөс пен Жанқожа, Ақтан мен Бекарыстан секілді батыр бабаларының өшпес ерлігін жалғастырғанын осыдан байқаймыз.

Қан майданда қыршын кеткен әр үйдің асыл азаматтарының рухына тағзым етіп, жыл сайын қатары сиреп бара жатқан майдангер ақсақалдарымыздың алдында өзіміздің борыштар екенімізді сезініп, бас иеміз! Осындай майдангер атамыздың бірі – Қызылорда облысы Қазалы ауданы Басықара ауылының тұрғыны Мырзатаев Пірназар Құлсарыұлы.

Пірназар ата 1920 жылы 18 мамырда Қазалы ауданына қарасты Аранды ауыл советінде туылған. Балалық, бозбалалық, жастық шағы да қиындыққа толы болады. Есін жиып, ес білген шағы, 10 жасқа толғаннан кейін 1933-1937 жылдар аралығындағы зұлмат, қайғылы кезең – аштықты да басынан өткереді.

Жас бала болса да аштық жылдарының адам айтқысыз қиыншылықтарын басынан өткеріп, сол нәубеттен тірі қалып, ел қатарлы күн кешкен.

Ел еңсесін енді тіктеп, есін жия бастаған кезде, Фашистік Германия Кеңес Одағының жеріне опасыздықпен тұтқиылдан шабуыл жасап, елдің бейбіт өмірі бұзылған болатын. Осы ауыр соғыс та Пірназар атаның өміріне әсер етпей қоймады. 1942 жылы 15 қаңтарда әскер қатарына шақырылып, майданға аттанды. Әуелі әскерге аттанған жауынгерлерді Орынбор қаласында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әскери жаттығудан өткізеді. Әскери амал-тәсілдің қыр-сырымен танысып, үйренгеннен кейін қан майданға аттанып, өзінің майдангерлік қызметін Сталинград қаласын азат етуге қатысудан бастайды.

1942 жылдың қаңтар айынан бастап 1943 жылдың тамыз айына дейін №200-атқыштар полкінде атқыш болады.

Майдангер атамыз сонымен бірге Украинаның астанасы Киевте, Харьков, Минск, Кишинев қалалары мен Польшаның Варшава, Венгрияның Будапешт, Австрияның Вена қалаларын неміс басқыншыларынан азат етуге бастан-аяқ қатысқан.

1943 жылдың тамыз айынан 1945 жылдың қыркүйек айына дейін №11-атқыштар полкінде пулеметші болған.

Пірناзар атаның айтуы бойынша, Днепр, Волга, Дунай өзендерінің көпірлерінен өтерде неміс шапқыншылары бомбалап, көптеген жас жүректердің кенеттен тоқтап қалуына себепші болған. Көпірге жасалған шабуылдың салдарынан жауынгерлердің өлі денелері су бетінде қалқып, қандары суша ағып, өзен беті қып-қызыл қанға боялып кетеді екен. Және де шабуылға күніне шамамен 200 жауынгер шықса, соның 150-і аман қалып, 50-і оққа ұшады екен.

Пірназар ата 1945 жылдың 9 мамырында немістің ірі қаласы Милькті басып алуға қатысып, көптен күткен «Жеңіс!» сөзін сол жерде естіген. Сол жерде қосымша полктегі бір эшелон адамды пойызға мінгізіп, ұзақ жол жүріп, бір үлкен қалаға апарып түсіреді. Жерге түсіп сапқа тұрған жауынгерлердің арасынан 37 жауынгерді таңдап, жазып алады. Соның бірі Пірназар ата еді. Сол күні түнде 37 адамды пойызға мінгізіп, бір жарым күн жол жүріп, Чехословакия мен Германияның шекарасында орналасқан Гомонд қаласына апарады.

Әскерді бастап барған майор: «Бұл жер – Гомонд деген қала. Әскери басқарма, яғни комендатура», - деп таныстырады.

1945 жылдың қыркүйек айынан 1946 жылдың мамыр айына дейін Гомонд қаласында қатардағы атқыш, милиционер қызметінде болады. Осындай Ұлы Отан соғысы жылдарында атқарған еңбегі үшін Пірназар ата «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Украинаны қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталады.

1946 жылдың 20 наурызындағы Жоғарғы Кеңес Президиумының бұйрығы бойынша әскерден босатылып, 1946 жылы 7 мамырда елге оралады.

Елге оралған соң, осы жылдың қараша айында Хадиша есімді қызға үйленіп, отбасын құрады.

Бейбіт кезеңде атаның Ұлы Отан соғысындағы еңбегін ескеріп, «Ұлы Отан соғысына 30 жыл», «Ұлы Отан соғысына 40 жыл», «КСРО қарулы күштеріне 60 жыл», «КСРО қарулы күштеріне 70 жыл» медальдары тапсырылған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс ардагеріне 2000 жылы Ұлы Жеңістің 55 жылдық мерекесіне орай «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының ардагері» құрмет белгісі тапсырылды. 2005 жылы Ұлы жеңістің 60 жылдық мерекесіне орай шығарылған Н.Шамұратовтың «Қазалының қаһармандары» кітабына енді. 2008 жылы Астананың 10 жылдық мерейтойына байланысты аудан әкімі А.Көшербайдың Алғыс хатымен марапатталып, «10 жыл. Астана» медалін иеленді. Және де биыл Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Пірназар атаға Қазалы қаласынан салынған жап-жаңа үйдің кілті тапсырылды. Бұл да – Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына орай қарт атамызға жасалған үлкен құрмет.

Пірназар ата бүгінгі күні ғасырға жуық өмір жасап, 95 жасқа толғалы отырған жайы бар. Пірназар ата – Басықара ауылындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінен қалған жалғыз көз, жалғыз шежіре.

Сөз соңында айтарым, Ұлы Отан соғысының ардагері мен майдан даласынан оралмаған боздақтар алдында бүгінгі жас ұрпақ өздерінің борыштар екенін сезініп, ата-бабаларымыздың ерен ерлігін, қайталанбас батырлығын жалғастырып, оларды ұмытпайтынына кәміл сенемін. Жан алысып, жан беріскен қан майданда ерлік жасаған аға-апаларымызға деген сый-құрметімізде шек-шет жоқ.

Айнадин Еразамат

5 сынып, № 13 мектебі

Арал қаласы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Досаханова Л. С.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда, сағат таңғы 4.00-де басталған. Фашистік Германия Совет Одағына, соғыс жарияламай, тұтқиылдан басып кірген. Соғысқа барлық еразаматтар мен қатар апаларымыз қатысса, қарттар мен әйелдер, балалар тылда еңбек еткен. Армия қатарында бір миллион екі жүз мың аса қазақстандықтар болды. Олардың ішінде он бір мыңнан аса Аралдық аталарым болса, олардың алты мың сегізі майдан даласында қаза болды. Қазақстанның әрбір жанұясын соғыс өрті шарпып өткен.

Ұлы Отан соғысында он бір мың алты жүзден аса адам ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атанды. Оның төрт жүз тоқсан жетісі қазақстандық батыр аталарымыз бен апаларымыз. Соның ішінде Кеңес Одағының батыры атағын екі мәрте алған ұшқыш атамыз Талғат Бигелдинов, батыр апаларымыз Әлия мен Мәншүк, Сұлтан Баймағамбетов, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, тағыда басқа ата апаларымыз бар. Біздің батырымыз Рақымжан Қошқарбаев Рейхстаққа жеңіс туын тіккен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің аталарым Өмірәлі, Пазылбек, Оразғали, Айнадин, Жаңабай және нағашы атам Бөкеш соғысқа қатысқан. Олар қан майданда жер бетіндегі бейбітшілік үшін, біздің азаттығымыз бен болашағымыз үшін жан беріп, жан алысқан. Атам Айнадин өз жасын үлкейтіп жазып, 1943 жылы майданға өз өтінішімен аттанған. Ленинград қаласын блокадан азат етіп, жау миаларынан тазартқан. Бірде жауа самолеттерінің үгіт парақтарымен бірге тастаған азық – түліктерінің уланғандығын, Ленинградтың аш – жалаңаш тұрғындарына бермеу үшін, оларға жаудың берген азық-түліктерінің уландығын көрсету үшін, өздері жеп көрсетіп, өздерін өлімге қиып, уланып өлім аузынан қалған. Ленинград қаласына тасталған жау десантшыларымен кескілескен ұрыста ауыр жараланып елге оралды. Үлкен атам Оразғали минаметшілер бригадасының командирі болып, Украинаны азат еткен. Ал нағашы атам Бөкеш соғыстың басынан бастап қатысып, елге жеңіспен оралған. Бөкеш атамның еңбек жолы аудандық мұражайда, соғыс ардагерлері кітабында жазылған. Жаңабай атам бір ұрыста ерлік жасап, жау қолынан түскен. Одан қашып шығып елге аман-есен оралған. Бірақ «Қан майданда қаза болды» деген қаралы хат келген. «Боздақтар кітабының» 5 томының 127 бетінде, майданда қаз болған боздақтардың қатарында ол туралы жазылған. Ал Жаңабай атам соғыстан аман-есен елге оралып, Жақсықылышта еңбек етіп, құрметпен зейнетке шығып, 2009 жылы қайтыс болды. Аталарымның орден медальдары от басымызда сақтаулы.

Өмірәлі атам Великие Луки қаласының жанында қаза болып, сол маңда бауырластар зиратында жерленсе, Пазылбек атам ұрыс даласында хабарсыз кеткен. Олар туралы «Боздақтар кітабының» 5 томының 12,246 беттерінде жазылған.

Украинаны азат етуге қатысқан партизан атамыз Қасым Қайсеновтың партизан отрядында болған партизан атамыз Көшербай Өтенов атындағы көшеде тұратынымды мақтан тұтамын.

Ұлы Отан соғысының майдан даласынан қайтпаған аталарымыздың рухына арнап орталық алаңда үлкен ескерткіш қойылған. Әрдайым осы ескерткіштің жанынан өткенде мен соғыстан қайтпаған аталарымның әруағына басымды иемін. Майдангер әкелеріміз бен апаларымыздың ерлік істері бізге өшпес үлгі өнеге және тәрбие. Оны әрдайым ұмытпауымыз керек.

Алданова Ақнұр
9 сынып, №74 орта мектебі
Арал ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Байбосынова А. Ш.

Елімнің өткені мен бүгіні

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осыдан 82 жыл бұрынғы қазақтардың жағдайына мән берейік. Халық жеуге бір үзім нан таба алмаған кез. Саяси жер аударылғандардың бір тобы Павлодар қаласынан КСРО Орталық Атқару Комитетінің Төралқасына былай деп хат жазған екен: Селоларда сұмдық оқиғалар мен қоса аштық кең көлемде етек алған. Ит, мысық желініп жатыр. Халық астықтан ісініп өлуде. Ал тірі қалғандардың аштықтан әлсірегені сонша, өліктерді жерлеуге де шамасы келмеуде, өліктер шашылып жатыр. Иә, бұл сөзді оқыған әрбір қазақтың ет жүрегі елжіреп қынжылатыны анық. Ол аз болғандай 1940-1945 жылдары екінші дүние жүзілік соғыс болды. Оған аға-әпкелеріміздің бәрі қатысты. Олардың жүректері тек «Қазақстан» деп соқты. Олар ерлік үшін ештеңеден тай салмады. Тіпті жандарын да қиды. Олардың бейнелері ел есінде болмағанымен, есімдері, көрсеткен ерлік еңбектері мәңгілік ел есінде. Сол аға әпкелеріміз Әлия, Мәншүк, Б.Момышұлы, Т.Рысқұлов т.б. Әйтеуір, сол аға әпкелеріміздің арқасында 1965 жылы 2 мамырда жеңіске қол жеткіздік. Бұл күн жылда мейрам етіп тойланады. Бірақ біз осындай аға әпкелерімізді тек 16 желтоқсанда, 9 мамырда еске түсіреміз. Неге біз олардың елі үшін жасаған еңбегін үнемі айтып отырмаймыз? 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Әрине, бұл күн қазақтар үшін ең бақытты мерейлі күн және президентіміз Н.Ә.Назарбаев болып сайланды. Содан бері міне, 23 жыл өтті, Аллаға мыңда бір шүкір, әжептеуір еліміз гүлденді, көркейді, қалаларымыздың саны көбейді, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарды. 1991 жыл мен 2014 жыл мүлдем салыстыруға келмейді. Осының бәрі елбасымыз Нұрсұлтан атамыздың арқасы. Ол кісінің, ақылгөйлігінің, тапқырлығының, қазақтар үшін жасаған еңбегінің арқасында біз «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда тұрып жатырмыз. Қазір жаныңа не керек соның бәрі бар. Адамдар да, заман да өзгеріп бара жатыр. Заман күннен күнге дамып бара жатыр. Ал адамдардың әлеуметтік жағдайы жақсарып жатыр. Бірақ, пиғылдары да тарылып бара жатыр. Барлығы өз үйлерінің қамдарын ойлап жүр. Тұрсынбек аға бір әзілінде әзілдеп айтса да, шындықты жеткізді. Ол бірнеше отбасына бір үй салыңыздар деп еді, бірақ олар бірнеше үй салды. Бұдан-ақ біз адамдардың өзгеріп бара жатқанын білеміз. Әрине, барлық адам еліне еңбек етіп жатыр. Мәселен, ұстаз келешек қазақтың атын шығаратын балларға білім беріп жатыр. Ал ақ халатты абзал жандар халықтың денсаулығын жақсартып жатыр. Әншілер, күйшілер, әртістер мәдениетімізді дамытып жатыр. Әрқайсысы әр түрлі еңбек етуде. Бірақ барлығы қазақ елі үшін, Қазақстанды әлемге таныту үшін, бақытты өмір сүру үшін еңбек етіп жатыр.

Солардың бірі:Илья Ильин, Зульфия Чинчанло, Серік Сәпиев, Әділбек Ниязымбетов, Жанар Дұғалова, Қайрат Нұртас, Сабина Алтынбекова, Мақпал Жүнісова, Роза Рымбаева т.б аға-әпкелеріміз. Халықтың, елбасымыздың жасаған еңбектерінің бір жемісі ол әрине – Астана қаласы. Астана қаласы –

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өте таза, әдемі, зәулім ғимараттары бар үлкен қала. Оған бармаған да, барған да арманда. Мен Астана қаласына барып көрген емеспін. Бірақ оны теледидардан көріп, қатты барғым келеді. Астанаға бару үшін мен тынымсыз еңбек етемін және білімімді жетілдіремін. Қазіргі заман қарумен соғысқа түсетін емес, біліммен сынға түсетін заман. Иә, қазір білімнің заманы. Білемін, үйренемін деген балаға ешқандай қиындық жоқ. Кітап, ұстаз, ғаламтор бар, бұлар – адамның сауатын ашады. Алла тағала «иманды өзім сүйген құлға, білімді өзі сүйген құлыма беремін» деген. Ерінбей кітапты оқысақ, оқығанымызды ойымызға түйсек, бізден келешек мақтан тұтатын еліміздің азаматы мен азаматшасы шығары анық. Біз қазір дамыған 30 елдің қатарына қосыламыз деп талпынып жатырмыз. Иә, ол күн де алыс емес. Бірақ дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін, бір адамның емес, миллиондаған адамның көмегі керек.

Біз қазақ елі қонақжай, бауырмал, ақкөңіл халықпыз. Біздің қонақжайлылығымызға барлығы қызығады және таң қалады. Біз қонақжайлылығымыздың арқасында өзге елдермен татумыз. Өзге ұлт өкілдерін жатырқап, жатсынбаймыз, керісінше оларға қазақтың тілін, мәдениетін, дінін үйретуге тырысамыз. Олардың мәдениетін көруге, тілдерін білуге асығамыз. Ал бауырмалдылық қасиетіміз – әрбір қазаққа тән қасиет. Мысалы, біз спортшыларымыз жарысқа қатысып жатса, олардың тілеуін тілеп, жеңіске жеткенінін қалаймыз. Жақында «әлем чемпионатына» көптеген аға-әпкелеріміз шықты. Біз стадионда отырмасақ та, үйімізде отырып, оларға жанкүйер болдық. Илья аға біріншісінде қолтемірді көтерді, біз сол кезде отбасымыз боп қуандық. Ал, екіншісінде көтере алмағанда бәріміздің еңсеміз түсіп кетті, бірақ Илья ағаның жеңіске жететініне сендік. Илья аға халықтың, елбасының сенімін ақтап жеңіске жетті. Сол сәттегі бәріміздің қуанышымызды жеткізу мүмкін емес еді. Соңында гимн шырқалғанда, бәріміз қосылып шырқадық. Ол да – біздің бауырмалдылығымыздың бір белгісі. Мен осындай елде туылғаным сондай бақыттымын. Біздің еліміз – дамушы, үлкен мемлекет. Менің арманым: Қазақтың көк туы, әрқашан көкте желбіреп, әнұранымыз әрқашан шырқалса екен. Елбасымыз аман болып, еліміз әлде де дами берсе екен деп армандаймын. Біз осы күнді сыйлаған аға-әпкелерімізді ұмытпауымыз керек. Алдағы уақытта еліміз тек қана бақытты күндерді бастан өткерсін.

Аманжолов Қасым

7 сынып, №131 орта мектебі, Тереңозек кенті

Сырдария ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Нұрышева Л.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атауының бәрін жалмап жұтатын тажал – соғыс. Сол қанды еске түсіріп, ата – бабамыздың ерлігін еске түсіріп отыратын газет – журнал, телехабарлар аталар ерлігін мақтаныш етеді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ, әрине.

Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізген ардагерлер тойлайды.

Біз, Ұлы отан соғысындағы Ұлы жеңіске күшпен жеттік. Ол күш әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Бұл жеңіс он бес одақтас мемлекеттің ортақ бір мерейтойы. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске қазақ халқы көп үлес қосты деп ауыз толтырып айтуға болады. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барады. Олар Сталинград түбінде шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Енді, Ұлы отан соғысы ұғымы 1941 жылғы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және «отан» деген сөздерді бөлек – бөлек бірімен байланыстырмай қолданды. Қазіргі уақытта адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмайтын ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отан қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлығы мен жанқиярлықты, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың басты мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл соғыс жылдар қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді бес жүзден астам жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, С. Луганский және тағы басқа батырлар. Жауға қарсы шайқаста алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Елімізде екі миллионнан астам міндетті әскери даярлықтан өтті. Қазақстанға жыиырма жеті әскери оқу орны көшірілді. Онда соғысқа қажетті он алты мың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әскери офицер даярланды. Қырық екі мың қазақстандық әскери училищеде оқыды.

Қарулы күштер мен еңбек армиясының қатарында барлығы 1,8 миллиондай Қазақстандықтар болды. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы үлкен арсеналға айналды. Сол жылдардағы қазақтың жомарттығы, дарқандығы әлі күнге дейін өз жалғасын табуда.

Бүгінгі таңда біздің еліміздің жоғарғы оқу орындарында сан мыңдаған шетелдің жастары оқып білім алуда, сонымен бірге әр ұлттың өкілдері бақытты да, бейбіт өмір сүруде.

Қорыта келе, Ұлы Отан соғысы барлық елдерді есенгіретіп тастады. Сондықтан бейбіт күннің қалай келгенін, біз қазақ елі, жас ұрпақ ешқашан да есімізден шығармауымыз керек. Бейбіт күннің аясында білімді ұрпақ атанып, ертенгі елімізге пайдасы тиетін, келешекте саналы азамат болып қалыптасуымыз керек. Ұлы Жеңіс күнінің қарсаңында бізге бақытты өмір сыйлаған аталарымызға сый-құрмет көрсетіп, оларды ардақтау әрбір жас ұрпақтың парызы деп білемін.

Амантай Әдемі

10 сынып, №121 орта мектебі

Жосалы кенті, Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Қозыбақов А.

Ұлы Жеңіске қосылған үлес

Биылғы жылы Ұлы отан соғысына 70 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапылда Қазақстаннан да көптеген жауынгерлер жауға қарсы жан аямай шайқасты. Осынау соғыста бүкіл КСРО бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері осы елдегі 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы құрмет – Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Солардың қатарында оған ие болған қазақ ұлтының азаматтары да бар.

Жамбыл облысында тұратын Ершібұловтар әулетіне бүгін күтпеген хабар келді. Олар Ұлы Отан соғысына аттанған аталарының 70 жыл бұрын жазған хатын енді алып отыр. Украинаның Каменец-Подольск қаласында неміс әскерінің қолына түскен хат осы уақытқа дейін Австриядағы мұрағаттардың бірінде сақталып келіпті.

Латын әріптерімен өлең түрінде жазылған үшбу хатта жауынгер майдандағы өмірі туралы айтып, сәлем-хат жолдаған екен. Жарты ғасырдан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

астам уақыт өтсе де сол қалпында сақталыпты. 1941 жылы Жамбыл облысының Қордай кентінен майданға аттанған Жайлаубек Ершібұловтан ешқандай хабар болмағандықтан, туыстары оны опат болған жауынгерлердің қатарына жатқызған. Ал осыдан тура бір жыл бұрын Ресейдің «Жди меня» хабарынан Жайлаубай ақсақалдың хаты туралы естіген. Жетпіс жыл бойы сақталған хатты Австрия үкіметі Жеңістің 65жылдығында орай Украинаға қайтарыпты. Жайлаубай ақсақалдың немерелері хаттың түпнұсқасын сол жақтан алдыртқан.

Аталмыш көрсеткіш бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бірде 95 немесе 97, енді бірде 98 болып беріліп келген болатын. Міне, соны нақтылай түсу мақсатымен көптеген анықтамалық кітап-тардағы 12 мыңнан астам батырдың өмірбаяндарын сүзе қарап, қазақ азаматтарын зерделей іздеуге тура келді. Өзбектер иеленіп кеткен айтулы қазақтар: генерал-майор Сабыр Рахимов пен бөлімше командирі Расул Есетов осы санатқа қосылды. Дәлірек айтқанда, соғыс кезеңінде бұл атақ 100 адамға нақты берілсе, 1946 жылы оны Сұрағанов Құдайберген, 1965 жылы генерал Рахимов Сабыр, ал 1990 жылы Момышұлы Бауыржан алды. Бұл таза ұрыс алаңында барлығы 103 қазақ осы жоғары атаққа ие болды деген сөз. Кейін, яғни бейбіт кезеңде оған қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Ауған соғысының қаһарманы Қайырболат Майданов қосылды. Соңғы азамат кейіннен Чешенстандағы қантөгісте Ресей Батыры атағын да иеленді. Өкінішке қарай, 2000 жылы оның тікұшағы атып түсіріліп, өзі қазаға ұшырады. Бұлардан тыс 90-шы жылдардың соңында кеш те болса Ресей Батыры атағын Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ұшқыш-радист жетісулық Бақтыораз Бейсекбаев та алды. Біздер төменде ұлтымыздың мақтанышына айналған Ұлы Отан соғысындағы батырларымыздың нақтыланған қысқаша мәліметтерін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Бұл деректер осыдан 30-40 жылдай бұрын шыққан көп томдық «Герой Советского Союза», «Қазақстандық Совет Одағының Батырлары», «Қазақ Совет Энциклопедиясы» кітаптары негізінде қорытылғандықтан, олардың өмірбаяндық деректері сол кезге сәйкес келеді. Қазіргі таңда соғыстан тірі оралған батырлардың дені өмірден өтіп кеткендігін қаперде ұстаған жөн. Соңғы шыққан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында батырлар ішінара қамтылыпты. Атап айтқанда, жалпы тізім түрінде берілген.

Бірақ олардың өзі, өкінішке қарай, толық емес. Бізге ең маңыздысы – кешегі Ұлы дала батырларының тіккен ерлік туын құлатпай, асқақ ұстаған осы заманғы қазақ батырларын жас ұрпақ қастер тұтсын, ардақтасын деген ізгі тілекті жүзеге асыру. Өйткені, қазақ қанынан жаралған жас ұрпақтың Отан үшін от кешкен аталары мен апаларының есімдерін әрдайым қастер тұтып жүргендері абзал! 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен басып кіргеніне биылғы жылы 70 жыл толмақ. 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Мына төменде беріліп отырған Кеңес Одағының Батыры атағын алған қандастарымыздың тізімі – соның айғағы. Төмендегі беріліп отырған әрбір қысқаша деректің соңында ерекшеленіп көрсетілген даталарды ағаларымызға Кеңес Одағының Батыры атағы қай күні берілгендігін білдіретін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы шыққан күн деп ұғыңыздар.

Айтықов Ізғұтты (1922-1944). Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында туған. Гвардия старшинасы, барлаушы. Батыс Двина өзенінде, Полоцк қаласында болған ұрыста ерлік көрсеткен. 22.7.1944.

Әбдіәлиев Қарақозы (1908-1943). Шымкент облысының Ленгір ауданында туған. Лейтенант. Батыр атағына 1943 жылғы Мелитополь қаласындағы ұрыста көрсеткен ерен ерлігі үшін ұсынылған. 1.11.1943.

Әбдіжаппаров Садық. 1925 жылы Шымкент облысының Шаян ауданында туған. Қатардағы жауынгер. Батыр атағына Батыс Двинадан жалғыз өзі өтіп, жау пулеметін және 30-дай неміс солдатын жойған ерлігі үшін ұсынылған. 22.7.1944.

Әбутәліпов Әнуар. 1923 жылы Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында туған. Пулемет расчетінің командирі. Батыр атағына Тисса өзені маңында болған ұрыста өзеннен 47 рет қайықпен қатынап, рота жауынгерлерін әскери жабдықтармен қамтамасыз еткен еңбегі үшін ұсынылған. 24.03.1945.

Балмағанбетов Мақаш. 1914 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында туған. Қатардағы жауынгер. Днепропетровск облысының Бородаевка қыстағы маңында болған шайқаста қаһармандық, теңдессіз батылдығы көрсеткен. 22.2.1944.

Қауынбаев Тоғанбай. 1923 жылы Шымкент облысының Қызылқұм ауданында туған. Қатардағы жауынгер. Днепрден өту кезінде асқан ерлік жасап, көзге түскен. 30.10.1943.

Махамбетов Жақыпбек 1912 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданында туған. Кіші сержант. Пулеметші. Черкасск облысының Крещатик селосы үшін болған шайқаста 40-тан астам жауды жер жастандырып, бір танк пен үш машинаны жойған. 22.2.1944.

Илиясов Нағи. 1920 жылы Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында туған. Қатардағы жауынгер. Дунай өзенінен өту кезінде батылдығы пен ерлік көрсеткен. 9.4.1945.

Мінекей осындай азаматтарымыздың ерен еңбегін айта берсең таусылмас. Біз осы азаматтарымыздың арқасында, осындай елде, осындай жерде шалқып өмір сүріп жүрміз.

Асанбаева Айсара

8-сынып, №54орта мектебі, Жаңақорған ауданы Қызылорда облысы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жетекшісі: Байжанова Мысырша Сұлтанқызы

Ұлы Жеңіс ел жадында

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын азамат тарихында ең сұрапыл, жойқын соғыс аяқталды. Осынау дүние жүзілік соғысқа әлемдегі 6 материктен 60-тан астам дербес ел қатысқан болатын.

Айбынды білек, жеңіске күштар ыстық жүректерімен қайрат-күштерімен кешегі жігіттер, бүгінгі аталарымыздың арқасында 1945 жылы 9 мамырда соғысты жеңіспен аяқтадық!

Бүгінде Жеңіс күні мерекесі – адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан, ортақ қканыш күні. Бұл мереке бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгерлер мен офицерлердің айбыны, тылдағы жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Туған елін қорғап, сүйем жер үшін талай азаматтар қанын да төкті, жанын да қиды. Ауданнан ұлы отан соғысына аттанған 5000-ға тарта жауынгердің 2000-нан астамы майдан даласында қаза тапты. Оларға топырақ туған жерден жырақта бұйырды.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің адамгер шілік негізі. Жеңіс күні абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден астам жерлестеріміз, оның ішінде 97-сі қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар қазақтың қос шынары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова, Төлеген Тоқтаров, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, т.б. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

Көрнекті ақын Ж.Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өз өлеңінде:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзені сүйкімді,
Бұлағымдай көремін,

-деп қоршаудағы ленинградтықтарға ерекше рух, ерекше жігер берді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылды. Олардың 497-сі қазақтар, еліне оралмағандар 410 мыңнан астам. Осы соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына әрқашан бас иеміз. Өзіміздің ауданымыз бен ауылымыздан да соғысқа қатысқан қаншама аталарымыз да бар. Біздің Жаңақорған ауданымыздан 4949 жауынгер аттанды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ауданымыздың 2 азаматына Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Аудан еңбекшілері майданда да, тылда да ерен ерліктер жасады және уақытпен санаспай жігермен еңбек етті. Сонымен қатар ауылымыздан соғысқа қатысқан ардагерлеріміз еліне, жеріне оралғаннан кейін ел игілігі үшін бүгінге дейін еңбек етті. Бүгінгі таңда ауылымызда бір ғана соғыс ардагері бар. Ол кісі Асанов Нұрман атамыз. Нұрман атамыз Соғыс ардагері орденімен марапатталған. Біз тек Нұрман атамызбен ғана мақтанбаймыз, сонымен қатар осы атамыз сияқты соғысқа қатысып, қаза тапқан аталарымызбен де мақтана аламыз.

«Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ер қолында» деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей ардагерлер Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымыз бен әкелерімізді сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан етеміз. Соғыс майдангерлері отанға деген сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл аз ғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету-бүгінгі ұрпақтың өтелмес парызы.

Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын!

Жұдырықтай жұмылғын, білектей біріккен кеңпейіл қазақ елі жасасын!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жемісті еңбегімен соғысқан еңбекшілердің ерен еңбектері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – отанын сүю, елінің, жерінің адал патриоты болып, достық пен бірлікте, отансүйгіштікте болу. Қазақ елін әр кезде де биіктерден көрсетейік жас достар!

Асылбекова Сымбат
5 сынып, № 13 мектебі
Арал қаласы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Досаханова Л. С.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Міне бір жылдан кейін Ұлы Жеңіске 70 жыл толады. Бұл жеңіске еңбек сіңірген батыр көп болған. Бірақ қазір санаулы ғана батырлар қалды. Батырлар қатары осы 2014 жылы Талғат Бигелдиновпен азайды. Тіпті 70 жылдыққа жете алмады. Ол кісі Ұлы Отан соғысында екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған қазақстандық ұшқыштардың бірі. Ол 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Ақкөл ауданы Майбалық ауылында дүниеге келді. Жалғыз Т.Бигелдинов емес, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұловада, Рақымжан Қошқарбаевта т.б көптеген батырлар еңбек сіңірген. Олардың ішінде Бауыржан Момышұлы елеусіз қалдыруға болмас. Ол 1924 жылы туылып, 1982 жылы дүниеден озған. Ол тіпті батыр ғана емес жазушыда болған. Ал батырларымызбен, Жеңісті жырлаған ақындар қаншама. Олардың бірі Сағи Жиенбаев, Ұлы той өлеңінде Жеңісті былай жырлайды.

Көк аспандай Тулардың,
Желбірейтін күні бұл.
«Елім» дейтін ұлдардың
Елжірейтін күні бұл.
Атамекен – ақ үйдің,
Азат болған күні бұл.
Құндақтағы сәбидің,
Жұпар шашқан гүлімнің
Жаңа ашылмаған күні бұл.
Менің ана тілімнің
Қазақ болған күні бұл.
Бағы ашылған күні бұл.
Алты алаштың баласы,
Қауымдасқан күні бұл.
Бір – бірімен жарасып,
Бауырласқан күні бұл
Дүбірлетсін өңірді,
Дүрілдетсін дүлділі...
Қазақ деген елімнің,
Құтты болсын бұл күні

Ал енді осы күнге жетіп отырғанымыз осы батырларымыздың арқасында. Осыны ескере отырып елбасымыз әр көшеге батырлардың есімдерін қойып жатыр. Мысалға біздің Аралда Мәншүк Мәмедоваға, Әлия Молдағұловаға арналған көшелер бар. Ал әрбір ауыл – аймақтардағы әскердегі жастар 9 мамыр күні мерекелік шеруге шығады. Және де өмірден өткен батырларымызды еске алып, тірі қалған батырларымызды құрметтеп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мерекелік концерт қояды. Әрбір қазақ баласы осы күнге қалай жетіп отырғанын ұмытпауы керек.

Әбдіқалық Әсел

10 сынып, №12 І.Қабылов атындағы орта мектебі

Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Нұрманова Ө. Е.

Мен атамды майдангер деп танимын

Осы шығарманы жазу барысында Ережеге назар аударсам, тылда еңбек еткен адамдар туралы жазуға болады деген бөлігі бар екен, соны басшылыққа алдым.

Атам дегенде, анамның нағашы атасы. Есімі – Суханов Маханбетияр Суханұлы. Бұл әңгімелердің барлығын, әрине, анамнан естігендерімді еске түсіре отырып, жазбақшы болып отырмын. Менің атам соғыста болмапты. Бірақ ерлік істерді, соғыста ерен ерлігімен танымал болған тұлғалардың ерлік істерін шежіре ғып айтып отыруда, өнегелі сөз өрнегінің барлығын жатық тілмен немересінің құлағына құйып отырыпты.

Соғысқа қатыспады деген мен үшін бекер сөз сияқты. Себебі не дейсіздер ғой,айтайын. Ол кісі ұзын бойлы, ат жақты, бұйра шашты, өте сымбатты жігіт болыпты. Қызылорда облысы, Қазалы қаласында сол кездегі үлкен абақтының бастығы болып қызмет атқарады. Сол кездің тілімен айтқанда, Совет Одағының батырлары Үрмаш Түктібаев, Шаляпиндермен дос болған, берік қарым-қатынаста болған екен. Ешқандай өсекке, артық әңгімеге, артық іске жоқ атам тәртіпке мейлінше берілген кісі еді дейді. Оны неден көруге болады десеңіз, Новосибирь деген жерде әскери борышын өтеп қайтады.

Содан зейнеткерлікке шыққанға дейін әскери қызмет атқарады. 25 жылдан аса көзі көрмей, суқараңғы ауруының құрсауынан шығы алмапты. Әскерилігі сол, ешқашан сағат 6-дан кейін ешқандай тамақты аузына татып алмайтын, әрбір қойған затын ұқыптап қоятын қасиетінің өзі мен үшін аңызға бергісіз. Қасында әжеміз болды, бірге тату-тәтті 50 жылдан аса ғұмыр кешті. Сөйте тұра, ешкімге салмақ салмайтын сол кісінің анам жазған естелік кітабынан білетінімдей, үкімет марапаттары да жетерлік екен. Осы Ұлы мерекеде атамның аруағы ырза болса екен деген балалық тілек бар менде, артында менің әжемнен басқа ұрпақ қалмаған атамды еске алып отыратын біздер боламыз ғой, енді. Осы жұмысым жазылып жатса, мен әжеме де, анама да үлкен сыйлық сыйлаған болар едім. Жеңісті күндерде жолыққанша!

70 жыл ұлы Жеңіс мерекеге!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әбдіқалық Бексейіт

11 сынып, №5 И. В. Панфилов атындағы мектеп-лицейі
Қызылорда қаласы

Бола ма соғыс? –
Біздікі – жеңіс
Бірақ та соғыс болмасын деңіз!
Соғыстың құны – кесілген тілек,
Соғыстың құны – тесілген жүрек!
Соғыстың құны – қираған жанбас,
Соғыстың құны – қуарған мың бас!
Соғыстың құны – лаулаған орман,
Соғыстың құны – уланған арман!
Бола ма соғыс? –
Біздікі – жеңіс
Бірақ та соғыс болмасын деңіз!

Внимание! Говорит Москва! Передаем важное правительственное сообщение. Граждане и гражданки Советского Союза! Сегодня в 4 часа утра без всякого объявления войны германские вооруженные силы атаковали границы Советского Союза. Началась Великая Отечественная война...

Осы бір дауыс, осы бір сөздер есіңізде болар, оқырманым? Қай жерде есіттіңіз, кімнің даусы? Иә, иә, дәл өзі. Юрий Левитанның даусы. Ендеше, мен әлі 17 жаста ғанамын. Бірақ соғыс басталған күн мен Жеңіс күні немесе арнайы әзірленген хабарларда осы бір ерекше дауысты естігенде, төбе шашым тік тұрардай, болмаса патриоттық сезімге сәуле шашқандай, тіпті болмағанда өне бойымнан тоқ жүріп өткендей әсер алатыным рас. Бұл-сөздің құдіреті, дауыстың құдіреті. Оның орыс тілінде таратылғанына қарамастан, жауынгерлер мен қарапайым халыққа соншалықты күш пен рух сыйлағаны үшін, өзіндік дауыс иесі болғандығы үшін, жеңісті жақындатуға жігерлі айтылған әр сөзі үшін, елді ұйыта алғандығы үшін басымды иіп, рахмет айтқым келеді. Бұл-аңыз адам. Керемет даусымен Сталинді таңғалдырып, Гитлердің «менің нөмірі бірінші жауым» деп қабылдаған, болмыс, бітімі бөлек тұлға. Тіпті, оны аңдуға арнайы неміс күші жұмылдырылғандығын, торуылдауға қатаң тапсырма берілгендін, оның басы үшін 100000 марка, кей деректе 200000 марка деп көрсетіледі, ақша тігілгендігін тарихтан оқып, білудемін.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да, қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес.

Содан бері 70 жыл. Біреуге аз, біреуге көп уақыт, әрине.

Осы жылдар туралы қаншама естелік, роман-дастандар жазылып, қаншама кино түсірілсе де, адамзат тарихында бұрын – сонды болып көрмеген бұл жойқын шайқастың тарихы түгел жазылып нүктесі қойылған жоқ. Ол мүмкін де емес. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?! Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып, елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау – кейінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған екен. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Соғыс жылдары майданға шамамен 1,2 млн. қазақстандық аттанды. Бұл республикадағы халықтың 19 пайызы болатын. Туған жеріне, үйіне соғыстан әрбір үшінші қазақстандық оралмады деген сөз.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты, соңғы демі қалғанша жау алқымына жармасып отырып, жан тапсырды..

Еңбек майданындағылардың да жеңіске қосқан үлесі зор болды. Өйткені Қазақстан территориясына 220 зауыт пен фабрика көшірілген болатын. Жер қойнауынан көмір, марганец, қорғасын, басқа металдардың да басым бөлігі өндірілетін. Еліміз майданды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, сондай-ақ қару-жарақ пен оқ-дәрі жіберген еді.

Соғыс халыққа қасіретпен қоса шығын әкелді, басқыншылық сипатта болды. Соғысты бастаушы ел Германия, жеңілген ел де Германия мен одақтастары.

Сондай-ақ өз халқымыздың ұлы перзенті, дара тұлға Жамбыл Жабаевтың өлеңдері де соғыс жылдарында қаншама рух пен патриоттық сезім сыйлады емес пе!? Менің есіме бір жерде оқыған мына мәлімет түсіп отыр.

Бұл құжат соғыс жылдарында ел Үкіметін басқарған, яғни, ең ауыр кезеңде Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болған Нұртас Ондасыновтың айтқан бір әңгімесін тірілтіп тұрды. Естелігінде ол былай депті: ...Неміс басқыншылары Ленинградты қоршап алды. Сыртпен байланыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үзіліп, 90 тәулік қала қоршауда тұрды. Ладога көлінен өтетін бір ғана соқпақ арқылы кең байтақ Кеңестер Одағынан жиналған азық-түлік, киім-кешекті бораған оқтың астынан амалдап өткізіліп, қала тұрғындарына жеткізілді. Содан бұл соқпақ-«өмір жолы» деп аталып кетті.

Қазақстан тез арада ленинградтықтарға ұзын саны 140 вагоннан тұратын, екі теміржол составын жасақтады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бұл сәлем-сауқатты оларға Жоғарғы Кеңестің Төрағасы Әбсемет Қазақбаевтың бастап баруын ұйғарды. Менің көкейімнен материалдық көмекпен қоса қоршауда қалған қала жұртшылығына моралдық күш беретін, рухын көтеретін бір сәлем сөз арнау кетпей қойды. Бұл ойымды Орталық Комитеттің отрысында айтып едім, көпшілік қолдады. «Сөз анасы – сәлем» демей ме қазақ, сол асыл сөзді кімге жаздыруды ойлаған кезде аузыма Жәкең-Жамбыл Жабаев түсті.

Содан Орталық Комитеттің тапсыруымен 1941 жылдың күзінде қасыма ақындар Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, тағы да біраз адамдарды ертіп Жәкеңнің аулына келдік. Бір топ адам сау етіп ертемен келгенге ауыл адамдары елендесіп қалды. Онсыз да соғыстың суық хабары жүректерін шайлықтырып қойған ғой. Жәкең ауыл сыртында ат үстінде жүр екен. Бәріміз сол кісіге қарай жүрдік. Амандық, саулықтан соң келген мақсатымызды айттық, жеткіздік. Жәкең біздің сөзімізді ат үстінде отырып тыңдады да, үнсіз қалды. Бір мезетте еңсесін көтеріңкіреп, қызылға түсер қырандай қомданып, қапталда жатқан ақ басты Алатауға қарап қойды да, ишарамен «үйге жүріңдер» дегенді білдіріп, өзі жол бастады. Міне, тарих. Ол өлең осылай туған екен ғой деп ойлап отырмын.

Ленинградцы, дети мои!
Ленинградцы, гордость моя!
Мне в струе степного ручья
Виден отблеск невской струи.
Если вдоль снеговых хребтов
Взором старческим я скользну, -
Вижу своды ваших мостов,
Зорь балтийских голубизну,
Фонарей вечерних рой,
Золоченых крыш остря...
Ленинградцы, дети мои!
Ленинградцы, гордость моя!

Қаншама ақын-жазушыларымыз да майдан даласын көзімен көріп, қиян-кескі шайқастың ортасында жүре отырып, келер ұрпаққа оның сипаты мен маңызын публицистикалық тұрғыда да, өлеңмен де, көркем мәтінде де, әнмен де қалдырып кетті, кейбірі кешегі күнге дейін ғибратқа толы өнегелі өмір

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жолынан ұмытылмас мұра, өшпес із тастап жатты. Олар: Әзілхан Нұршайықов, Қасым Қайсенов, Ілияс Есенберлин, Тахауи Ахтанов, Әбілда Тәжібаев, Бауыржан Момышұлы, Жұбан Молдағалиев, Қалижан Бекхожин, Қасым Аманжолов...

Внимание! Говорит Москва!...Работают все радиостанции Советского Союза!...Не верится! Хотя так ждали Польная капитуляция врага. Фашистская Германия повержена. Каждое слово как удар набата. Мир! Свобода! Справедливость!

Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін,

Халқымыз қуанышты тегіс бүгін.

Жауды жаншып, Отанды азат еткен,

Құрметтеп қарсы алды Жеңіс күнін -деп ақын жырлағандай, біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Ешқашан ешбір елде соғыс өрті тұтанбасын деп тілейтін жас ұрпақтың өкілімін мен! Осынау Ұлы мереке, 70 жылдық Жеңіс көктемі сіздерге де құтты болсын, оқырманым!

Әбдісадықова Меруерт

10 сынып, №19 орта мектебі Жақсықылыш кенті

Арал ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Көшекова Қ.

Ата даңқы – ұрпаққа үлгі

Өлмейді ісі мәңгілік

Өшпейді абзал есімдер.

Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Кетпейді естен асыл ер.

Ж. Молдағалиев

Ұлы Отан соғысы... Соғыс – барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал, күйретуші күш.

Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ оның қандай суық, қандай қорқынышты екендігін тек қана теледидардан берілетін кинофильмдер, радиотелехабарлар, Ұлы Отан соғысы туралы жазылған көркем әдебиеттер және аталарымыз айтқан естеліктер арқылы ғана білеміз.

Иә, сол Ұлы Отан соғысының аяқталып, халқымыздың бейбіт өмір сүріп жатқанына да, міне, 70 жылға таяу уақыт болды. Бірақ сол кезеңде өмір сүрген қай ұлттың, қай шаңырақтың болмасын әрқайсысында сұрапыл қанды соғыстан қалған жара мәңгілікке жазылмастай өзінің ізін қалдырды.

Ұлы жеңістің тойланғанына 70 жыл уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Бұл Ұлы Жеңіс сол кездегі түрлі ұлт өкілдерінің, кеңес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Ұлы Отан соғысы уақытында ауданнан соғысқа 11 мыңнан астам адам кетіп, оның 6038-і елге оралмай, майдан даласында қалды. 2005 жылы Арал боздақтарының рухына арналып аудан орталығының орталық алаңында Тағзым алаңы орнатылды. Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі, олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды. Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйген қыздары, үлкен-үлкен армандары бар еді. Бірақ олар елге қауіп төнген кезде барлығын да құрбан етті.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

-деп М.Мақатаев ағамыз айтқандай, сол келместің кемесіне мініп, өмірден өткен менің атам Ахметов Әбдісадық Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз еді.

Атам Әбдісадық туралы айтылған естеліктер, ол кісінің адамгершілік қасиеттері туралы айтылған әңгімелер мені көп толғандырды. Ең өкініштісі, атам мен дүниеге келмей тұрып өмірден өткен екен.

1922 жылдың қоңыр күзінде Қазалы қаласында колхозшылар отбасында өмірге келген атам 1941 жылы осындағы №17 Молотов атындағы орта мектепті үздік бітіріп шығады. 1942 жылдың қаңтарында Қызыл Армия

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

катарына алынады. Самарқан қаласында екі ай әскери дайындықтан өткен соң, көгілдір көктемнің алғашқы күндері осында жасақталған 103 – атқыштар полкі құрамында батысты бетке алып, қан майданға аттанды.

Ташкент-Мәскеу бағытымен тек шағын разъездерге ғана аздап аялдап, он күн бойы тоқтаусыз жүрген эшелон Ресейдің Ворошиловград облысындағы жүдеулеу стансаға кеп маңдай тірейді. Жолсоқты болып әбден шаршаған, үстерінде «Қорғаныс қорына» деп елден жинап алынған құранды киім, ал қолдарында қарулары жоқ олар баратын жерлеріне жаяулап тартады. Тек түн мезгілінде ғана жол жүретін жауынгерлер межелі жерге жақындаған сайын немістердің ұшақтары бомбаларды бірінен соң бірін тоғытып, пулеметтерінен оқ жаудырып, үрейлендіре түседі.

Сәуір айының он бірі күні әскери құрамалар бір қалың тоғайдың ойпандау алаңына келіп тоқтайды. Осы жерде оларға қару-жарақтар таратылады.

Түнімен тыныстап, таңертеңгі тамақтарын ішіп болған оларға екі шақырымдай жердегі елді мекенді жаудан тазартуға тапсырма беріліп жатқанда, немістер жағынан қып-қызыл атыс басталып кетті. Тіпті бұрын кейбіреулері қолдарына қару алып көрмеген жалынды жастар осылайша жан беріп, жан алысқан сұрапыл соғысқа алғаш рет қоян-қолдық араласып кете барады. Олар осы шайқаста Харьков қаласын екі рет алып, екі рет беріп қояды. Оққа ұшып, жараланғандарынан аман қалғандары қанша мәрте жау бекіністерін бұзып өтпекші болғанымен, оқсыз қару, снарядсыз артиллерия дәрменсіздік көрсетіп, әскерлер босқа қырылады. Осындай ауыр жағдай кезінде Оңтүстік – Батыс майданның басшылығы Харьковті қоршап алу әрекетін тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Ұлы Отан соғысының төрт жылдық ұзақ жолында Әбдісадық атам автоматшы, пулеметші, Балқан жерлерінде партизан отрядында, Броз Тито басқарған Югославия халық азаттық армиясында, одан әрі XI Македония бригадасының 3-батальонында взвод командирі болып неміс-фашист басқыншыларына қарсы ұрыстарға қатысты 1945 жылдың басында аман қалған жауынгерлерімен Венгрия жерін неміс басқыншыларынан тазарту жолындағы ұрыстардың бірінде ауыр жараланып, Астрахань қаласындағы соғыс госпиталына жеткізіледі. Сол госпитальда ұзақ емделіп, бір аяғынан айырылған атам Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі болып елге оралады.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында елімізді жаудан азат ету жолында көрсеткен ерлігі үшін Әбдісадық атам Отанымыздың жоғары дәрежелі ордендерімен және медальдарымен марапатталды.

Елге оралғаннан кейін арада бір ай өткесін-ақ атам өзінің соғыстан бұрынғы мұғалімдік қызметіне қайта оралады. Еңбек пен білімді ұштастыра білген ол математика мамандығы бойынша жоғары білім алады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жарты ғасыр бойы өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берген қарт майдангер атам зейнетке шыққанға дейін де ұстаздық жолында сіңірген белсенді еңбегі үшін құзырлы орындардан көптеген жоғары дәрежедегі марапаттауларға ие болады.

Атам Әбдісадық ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, өзі ұзақ жыл еңбек еткен ұжымы мен кент тұрғындарының арасында сыйлы, беделді болды. Ол 11 ұл-қыз тәрбиелеп, олардан немере-шөбере сүйген бақытты ата еді.

Осы бір мен үшін өте қымбат асыл адам жетпіс жасында дүние салыпты.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда, толарсақтан саз кешетін жауынгер халық емес пе? Сондай жауынгер, қайсар халықтың бір бөлшегі ретінде Ұлы Отан соғысында аянбай күрескен жандардың бірі менің аяулы атам Ахметов Әбдісадықтың өткен өмірі мен үшін де және мен сияқты қазақ жастары үшін де үлгі-өнеге болатыны анық. Біз ардагер аталарымыз бен апаларымыздан туған Отанымызды сүюді, оны құрметтеуді, қорғауды, қиыншылыққа төзе білуді үйренеміз.

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас,

– деп М.Жұмабаев айтқандай, біздің қазіргідей бейбіт өміріміз үшін күрескен және бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың ерлік істері ешқашан ұмытылмақ емес. Сол аталарымыз бен апаларымыздың қасиетті рухы біздің бүгінгі бейбіт өмірімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шаша берсе екен деп тілеймін.

Әбжапбар Ұлпан
10 сынып, №54 орта мектебі
Жаңақорған ауданы Қызылорда
облысы Жетекшісі: Шынтемирова Ж.

Ер есімі – ел есінде

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс күні – сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен жасампаздықтың, қайырымдылықтың, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің ата-бабаларымыздың батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғарғы адамгершілік негізі. Тылда жанкешті тірлік жасаған батырлар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранды ұлық етті.

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан, адамзат жүрегіне айықпас жара салған, отты жылдардың елесі әлі күнге дейін халық жүрегінен өшпегені анық. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян. Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи аласапыран кезеңде:

Қасиетім менің, адалдығым менен ақтығым,
Жаныма қуат жүрегімнің таза пәктігі.
Тәңірімнен күнде көз жасыммен тілеймін,
Өтсем екен деп тірі жанға болмай жаттығым,

-деп ақын Әбділда Тәжібаев жырлағандай, әр шаңыраққа парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанын қорғауға аттанды. «Адал адам Отанын сүйеді, адал, ақ анның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бжүрекке Отан анасындай. Отізде өлшеуге болмайды», -деп Баубек Бұлқышев айтқандай , жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойған, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білген.

«Балам, сенің бұл халқың – батыр халық, Батырлығын жауына татырды анық», -деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді. Жауынгер қаламнан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанын тебірентіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды. «Біз – Кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... Бідің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», -деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген , бүкіл әлемді шошытқан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кету мүмкін емес. Ел алдындағы биік бағасы, сіңірген еңбегі, өнегелі өмірі, катал да суық мінезі, алмас қылыштай қиып түсер өткірлігі, айта берсек таусылмайтын, қайта жыл өткен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сайын жаңарып отыратын жақсы қасиеттерді біртуар жанның басына бере салғаны қандай ғанибет! «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты», - деп Бауыржан Момышұлының өзі айтқандай оның есімі ел жүрегінде мәңгіге сақталады. Ендеше, Бауыржан батыр шын мәнінде бақытты ер. Майданда шайқасып жеңілістің ащы дәмін де, жеңістің қуанышын да татқан жерлестеріміздің бірі.

Отан соғысы майдандарында көрсеткен ерліктері мен қаһармандықтары үшін 20 қызылордалық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың ішінде Нағи Илиясов, Жақыпбек Махамбетов, Әнуар Әбутәліпов, Иван Журба, Николай Соморков Даңқ ордендерінің толық иегері болды.

Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзін таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен жетістік, зор мақтаныш. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл қасиетті мереке.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі». Бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры – тарих деп есептеймін. «Ел ерімен еңселі». «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат, халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. Бүкіл бір елдің қиетін өз бойына дарыта алған, туған ұлтын шексіз сүйіп, терең қадір тұтқан халқымыздың қаһарман ұлы – Бауыржан Момышұлы. 1932-1956 жылға дейін үзбей әскери қызметте болған Бауыржан атаның жолы өзінше бір ерлік дастан. Ол Ұлы Отан соғысының жан беріп, жан алысқан қиян-кескі майданында-ақ асқан ержүректілігімен, әділетсіздікке қаны қас, қиындыққа қайтпас қайсарлығымен, соғыс тактикасын жете меңгергені, дарынды қолбасшылығымен аңызға айналып, қаншама өнер туындыларының басты кейіпкеріне айналды. Елім деп соққан жүректер еш азаймайды, себебі, ол жүректер қазақ деген ұлы халықтың жылы алақанында қамқорлықта емес пе?! Ерте заманнан бүгінге дейінгі, яғни қазақтың дүниеге келгенінен қазіргі өміріне аяқ басуына дейінгі аралықтағы ел тірегі де сол қайран ерлер ғой. Тіпті кейініректе болған жалындаған жастардың көтерілісі мұзға от жағып, елі үшін болған дүниенің ұлы екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамыр – бұл мейрамды бүгінгі майдангерлер – соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде бейбіт еңбекке араласып жүрген Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен өздерінің тылдағы қажырлы еңбектерімен жеңісті шыңдаған шаруалар, әкелерін, ерлерін, ұлдарын көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыздар тойлайды. Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын құрбан еткен қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз. Осы күнде аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан жетпіс жыл бұрынғыдай сыздайды, жеңімпаздардың, олардың балалары мен немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады. Сол соғыста батырларымыздың жасаған еңбектері ешқашан да, еш уақытта да ұмытылмайды. Қазір Республикамыз дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы елімізде бейбітшілік пен ынтымақ өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатқаны үшін, біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Әнапия Назгүл

9 сынып, С.Әлжіков атындағы №144
орта мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Есіркепова Ләззат

Ерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды!

Жеңіс! Жеңіс! Қандай әдемі, құлаққа жағымды естілетін сөз! Осынау бар болғаны бес ғана әріптен тұратын сөздің мағынасы кең әрі тереңде жатыр. Өткенге көз жіберсек, кешегі күні Одақтың құрамында болған, ал бүгінде өз алдына жеке-дара отау тіккен бауырлас халықтардың тыныс-тіршілігі, тағдыры ортақ болғандығы тарихтан белгілі. Әсіресе, біздің баршамыз үшін фашистік Германиямен 1941-1945 жылдары болған сұрапыл соғыс орасан зор қайғы-қасірет әкелді. Ұлан-байтақ аймағымыз тұтастай майдан даласына айналды. Тіршілік атаулыны тажалдай жалмаған қаскөй жаумен айқасқан адамдарымыздың бүкіл күш-қуаты мен мүмкіндігін сарқа жұмылдыруға тура келді. Ел басына күн туған қатерлі шақта миллиондаған ержүрек ерлеріміз бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді жанқиярлықпен қорғады. Аштық пен азапты, зорлық пен қорлықты, зұлымдық пен жыртқыштықты қисапсыз бастан өткерсе де, қаһарман халықтарымыз әлемнің тең жартысын тізе бүктірген айбатты да қайратты дұшпанды тек өзара тығыз топтасу, ынтымақ пен бірлік, төзімділік пен қайсарлық таныту және достықтың арқасында ғана күйрете

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеңіп шықты. Ұлы жеңіске қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте біздің Сыр елінің де лайықты сыбағасы бар екенін мақтанышпен айта аламыз.

Алайда, жеңіс бізге оңай келген жоқ. Құрбандарымызға сан жетпейді. Сұм соғыс ойраңын салмаған, отына шарпымаған отбасы некен-саяқ. Ана сүйікті перзентінен, ару асыл жарынан, бала аяулы әкесінен мәңгілікке айрылып, қаншама отбасы қара жамылды. Еліміз бойынша бұл зұлмат соғыста 20 миллионнан астам адам опат болды. Оның ішінде қазақстандықтар жүз мыңдап саналса, ал біздің Қызылорда облысының өзінде ғана шейіт болған боздақтардың саны отыз мыңға жуықтайды екен. Ал Сыр жерінде ұрыс далаларында жарақат алған жауынгерлерді емдеген барлығы 10 әскери госпиталь болған.

Майданда ерлік істерімен айрықша көзге түскен, ерлік істеріне лайықты Кеңес Одағының Батыры атақ-құрметіне ие болған жерлестеріміздің болғаны бізге зор мәртебе. Ж.Махамбетов, Т.Көмекбаев, Ж.Нұрсейітов, Ә.Әбутәліпов, М.Балмағанбетов, И.Подольцев, Е.Нетқалиев, С.Ларионов, Н.Самороков, Ж.Қизатов, И.Махорин, В.Счастнов және тағы басқа соғыс батырлары бар. Облысымыздан Ұлы Отан соғысы кезінде 20 Кеңес Одағының Батыры шықты. Жалағаш ауданының боздағы Илияс Нұркенов Ұлы Отан соғысы басталған сәтте екі ағасын бірдей майданға аттандырып салды да, үшінші болып өзі сұранып батысқа сапар шекті. Польшаны азат ету шайқастарының бірінде ерлікпен қаза тапты. Батырдың майданнан жазған хатында:

Әбеке, сау болыңыз келгенімше,
Оралып, дидамыңды көргенімше,
Аман бол, Әбдіразақ, тетелесім,
Сәлемді қуанышпен бергенімше,
Тізіліп көз алдымнан кетпейсіңдер,
Көз жұмып, шам-шырағым сөнгенімше.
Қатардан қалмағаным жақсы емес пе,
Тылда тек баспаналап жүргенімше?!
Кіремін қан майданға төрт-бес күнде,
Қайтпаймын, жауды өлтіріп, жеңгенімше!

-деп туған жер алдындағы борышын ант бергендей өлең жолымен білдірген екен. Міне, осындай өлең жолдарынан-ақ азаматтарымыздың қайтпас қайсарлығы мен ержүректілігін аңғару қиын емес.

Туған жер төсін қасық қандары қалғанша қорғап, жер бетіндегі өмір үшін, тіршілігіміздің жалғасын табуы үшін, бейбітшілігіміз бен бостандығымыз үшін аяулы арыстар ақтық демдерін үзді. Қасіретті, қаралы жылдардың жаңғырығы әлі күнге жүректерді сыздатады. Тән жарасы жазылғанмен, жан жарасы жазылған жоқ. Ол қайғылы шежіре халықтың зердесінде қанмен жазылып, жадында сақталады. Ешкім де еш

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

уақытта ұмытылмайды. Майдангер аға-апаларымыздың ерлік істері бізге әр уақытта өшпес үлгі-өнеге, ұлағатты тәрбие. Біз олардан туған халқына ақырғы деміне дейін қалтқысыз қызмет жасауды үйренеміз. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті мен бағасы артып, тағлым-тәрбиесі мен мән-мағынасы мейлінше тереңдеп, даралана түспек. Күллі әлем зарыға күткен жеңіс сағатын жанқиярлық істерімен жақындата түскен майдангерлер, тылдағы еңбеккерлерге шексіз құрмет пен ыстық ықылас таныту кейінгі ұрпақтың міндеті. Бүгінгі болашақ ұрпақ азаматтық арды ту көтеріп, ең қымбаты-өз өмірлерін құрбандыққа шалып, Отаны үшін опат болған жандардың әруақтары алдында әрдайым терең сезіммен басымызды иіп, тағзым етеміз. Қан кешкен жауынгерлеріміздің бейнесі мен ерлік істерін ешқашан естен шығармаймыз.

Егеменді, тәуелсіз мемлекет атанып, еңсе көтеріп, бар-жоғымызды түгендеп жатқан ұлттық өрлеуіміздің қазіргі белесінде уақыт, тарих, ел мен жер, аға ұрпақ алдындағы парызымыз бен қарызымызды өтеу әрбір жастың қасиетті борышы.

Биыл, міне, ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. Бұл аз уақыт емес. Қаншама қиын кезеңді артқа тастап, ата-бабаларымыз қорғаған жерімізге ие болып, Тәуелсіздікке қол жеткізіп, бейбіт аспан астында өмір сүріп келеміз. Бұл біздің батырларымыздың арқасы. Олай болса, бабалар аруағына бас иіп, олардың өмір жолын, адалдығы мен ерлігін ғибрат тұтамыз. Күндердің күнінде ел басына қатер төне қалса, егемендігіміз бен бейбіт өмірімізді қорғауға әрқашан дайынбыз.

Байназарова Ақмарал

10 сынып, №28 орта мектебі, Ақжар ауылы

Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Шоқбарова С.

Жеңістің тойы – баршаның тойы

Әділетті соғыстың әрқашан рухы күшті болады. Өйткені оның төркінінде елді, жерді қорғау принциптері жатады.

Н.Ә.Назарбаев

70 жыл бейбіт көктем таң атқалы,
70 жыл – шуақты күн таратты әнін.
Есімде сонан бері 70 рет

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ашылды Жеңіс күннің парақтары
70 жыл үзілмеді құстар әні,
Кетті енді сұм соғыстың қайғылы әні
70 жыл жауымыздың ажал оғы,
Біздің елдің үстімен ұшпағалы.

1941 жылы 22 маусым күні таң шапағы жаңа ғана арайланып келе жатқан кезде елімізге қауіп төнді. Халқымыз адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңге душар болды. Фашистік Германия елімізге опасыздықпен басып кірді.

Ұлы Отан соғысы басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды. Суық хабар сол күні байтақ елімізге, жер-жердегі ауылдарға тарады. Ер-азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Кейбірі өздері сұранып аттанған болатын. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасықтай қаны, шыбындай жаны қалғанша шайқасты. Жауынгерлер батырлықтың, батылдықтың үлгісін көрсетті. Орасан зор майдан шебінде соғыс қатты жүріп жатты. Бұл жылдары жүрегі Отаным деп соққан әр азамат барынша күресе білді. әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты.

Соғыс қасіреті осылайша ананы баласынан, баланы әкеден, әкені баладан айырып, көздің жасын көл етті.

Олар Отанымыздың байтақ жерін қорғады.
Ақ сүт берген анасын қорғады.
Самал ескен даласын қорғады.
Пәк жүзі арай баласын қорғады.

Бейбіт жатқан елге Германия фашистері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде.

1417 күнге созылған Екінші дүниежүзілік соғысына Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам соғысқа аттанды. Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата-әкелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына басымызды иіп тағзым етейік. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,
Болса дағы қай ғасырдың қай жылы
Ұлы Отаным басын иіп бір минут,
Есіне алмақ сол бір апат қайғыны.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

XX ғасырдағы қанды қасірет II Дүниежүзілік соғыс еді. Оған әлем халықтарының 80 пайызы қатысты, майданға 61 мемлекет тартылды, 40 елдің жерін соғыс өрті шарпыды, 110 миллион адам қолына қару алды.

Тарихи деректерге қарағанда 1941-1945 соғыс жылдарында 1 миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған екен. Мұның елеулі бөлігі қыздар болғаны белгілі. Мәселен, оның бірден-бір дәлелі Ақтөбе облысынан 1941-1942 жылдары әскерге алынған 80226 адамның 950-і әйелдер мен қыздар болған. Атырау қаласынан 23, Доссор кентінен 4, Атырау облысы Теңіз ауданынан, Қызылорда облысы, Арал ауданынан бірнеше ондаған қыздар мен әйелдер майданға аттанғанын дәйекті деректер анықтайды. Әскерге алынған қыздар мен әйелдер соғыс техникалары мен құралдарын жетік меңгерді. Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында қазақ қыздарының Ұлы Отан соғысы жылдары көрсеткен ерлігін атап өтуді парызымыз деп санаймын.

М.Мәметова Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданында 1922 жылы туған. 1942 жылы өз өтініші бойынша Кеңес әскері қатарына алынған.

Абайлады сонда Мәншүк жан-жағын,
Көрді өзінің жапа-жалғыз қалғанын.
Көзге жанар, көкірекке кек толып,
Қинады қимай серік-саңлағын.
Қара көзі жарқ етті тек танадай,
Төңкерілді ашылып бір қарамай
Пулеметте ойнап тұрған он саусақ
Қалды қатып, бір серпуге жарамай.

1943 жылы қазан айының 7-сі күні Невель қаласының маңында орналасқан Изочка темір жол станциясын басып алу ұрысы болды. Осы ұрыста жанқиярлықпен соғысып, пулеметпен көптеген фашистердің көзін жойды. Бірақ өкініштісі – сол шайқаста өзі де ерлікпен қаза тапты. Шығыс халықтарының тарихында әйелдер арасында тұңғыш рет теңдесі жоқ ерлік көрсетіп, туған Отанын, халқымыздың ар-намысын қорғаған М.Мәметова есімін барлық уақытта да жастарға өшпес өнеге болмақ.

Кеңес Одағының батыры Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлова 1925 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданында туған. 1944 жылы 14-ші қаңтарда Казачиха деревнясы үшін кескілескен ұрыста алған ауыр жара Әлияның өмірін қиып түсті. Бұл 1944 жылдың қаңтары еді. Сол бір кескілескен шайқаста тірі қалса, Әлия 5 айдан соң 19 жасқа толар еді... оның қысқа өмірінің 2,5 жылы қанды майданда от кешумен өтті. Ару Әлия, қаһарман Әлия бізге «Отаным, елім» деп соққан аяулы жүрегін мирас етті...

... Жан емес пе махаббат пен бақыт үшін жаралған,
Гүл емес пе жаңа ғана тіршіліктен нәр алған!?
Күйер мекен от-жалынға жапырағындай жас талдың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлияның жүрегінде өркен жайған бар арман?!

Қазақтың батыр қызы Әлияның тіршіліктегі өмірі осындай қысқа. Ал, ерлігі мәңгілік!

Хиуаз Доспанова қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы, ержүрек батыры. Ол 1922 жылы қазіргі Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкин селосында өмірге келген. Хиуаз апа Берлинге дейінгі ұзақ жолында 300-ден астам аспанға көтеріліп, екі рет жаралы болыпты. Жау үстінде жасындай сорғалап гитлершілердің берекесін қашырған қазақтың ұшқыш қызы талай рет көзге түсіп, «Жауынгерлік Қызыл жұлдыз», Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Мәскеуде медицина институтында оқып жүрген кезінен майданға өз еркімен аттанып, Кеңес Одағының Батыры М.Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі барлаушы ұшқыштар полкінің құрамында Кеңес аэродромынан өзіне бекітілген ПО-2 самолетімен 300 рет ұшып шығып Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Германия жеріндегі жау бекіністерін жайратқан, дұшпандарына қара түнек орнатқан. Соғыстан соңғы жылдары Хиуаз бейбіт өмірге оралғаннан кейін халқының қалаулысы болды. Түрлі жоғары мәртебелі жұмыстар атқарды. Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Жоғары Кеңесінің жауапты хатшысы, Алматы қалалық комитетінің екінші хатшысы болды. Еліміз егемендік алғаннан кейін Хиуаз Доспанованың майдангерлік-жауынгерлік еңбегі әділ бағаланып, Халық Қаһарманы атағы берілді.

1945 жыл 30-шы сәуірдің кешінде, 6 сағат 30 минутта Жеңіс туы тігілді. Ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев болатын. 4 жылға созылған қантөгіс аяқталды. Бұл соғыс адамзат баласы үшін өте зор қырғын майдан болды. Бүгінгі деректерге сүйенсек: бұл соғыста қаза болғандар саны 56 миллион, оның ішінде біздің отандастарымыз 20 млн-нан астам құрбан болған. Соғыс тек қана қасірет әкелді. 1945 жылы Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды. Ал 9 мамыр күні 1000 зеңбіріктен бұрын-соңды 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді. Иә, Жеңіс! Жеңіс! Неткен қастерлі сөз еді! Қарғыс атқыр сұм соғыс, аяқталып түбіңе жеттің бе? Бұл күнді сан миллиондаған адамдар минуттап, сағаттап сарыла күтті. Жеңіс жолында миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің терең үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып, жесір атанды, бала әкесін жоғалтып, жетім болды. Ал тылда қалған қариялар, аналар, жас балалар соғыстың қайғы-қасіретін арқалай жүріп, аш құрсақпен тынбай жұмыс атқарды. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Ендеше, осы бүгінгі тамаша жеңістің 70 жылдық мерекесіне жеткізген, ер жігіт етігімен су кешіп, сұр шинелді төсек етіп, ақ қар көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан асыл әкелер мен өз ағаларымыздың, абзал азаматтарымыз бен есіл ерлеріміздің батырлығына тағзым етіп, үлкен алғысымды білдіремін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Иә, аспанымызда Жеңіс туы желбірегеніне, мінеки, биыл 70 жыл болады. Соғыс өрті өшіп, қайғы-мұңнан арылып, бейбітшілік орнағанына – 70 жыл. Ұлы Жеңіс – барша халықтың жеңісі. Сондықтан да кешегі жауынгер, бүгінгі ата-әжелеріміздің жеңіске жетер жолда тындырған ұлан-ғайыр істері біздің жадымызда мәңгі сақталатын дастандай жалғаса береді.

Қасиетті Жер-Ананың төсінде бейбіт өмір, бейбіт еңбек орнасын. Біз бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы елміз. Елімізде және жер бетінде тыныштық сақталсын!

Бақытбек Ақерке

6 сынып, №261 орта мектебі Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Арленкеева Бақыт

Біздің қазақтар Ұлы Отан соғысы болып жатқанында көп қиыншылықты аз көрген жоқ. Қазақтар өз елі үшін жері үшін көп тер төкті. Ертеректе қазақтарға жоңғарларда соғыс ашқан болатын. Гитлердің көздеген мақсаты бүкіл дүниежүзін өзіне бағындыру болды. Ал оған берілмеген қазақтар өз Отанын қорғады. Гитлердің ойы болса жүзеге аспады. Адамдар соғыспен арпалысып жатқанында сол жердегі солдаттарға оңай болған жоқ. Бауыржан Момышұлы батыр атамның арқасында жеңіске жеттік. Өз елін жаудан қорғаған апамыз Әлия мен Мәншүк апаларымыз өз еріктерімен соғысқа аттанып, жау әскерлеріне қарсы шапты.

Ер азаматтардың бәр армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жермен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Бақытбекова Мая

8 сынып, №28 орта мектебі, Ақжар ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Сарыбаева З. С.

Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік

Қазақ халқы – ежелден жерін, жаудан, елін езгіден қорғап жүрген ұлы халық. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио-телехабарлар, кинолар, аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жықпай, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдас аманатын арқалап, аман оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «Бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс – он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва сенің іргеңді
Ел, ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін.
Саған қауіп төнгенде,
Жау таянып келгенде
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Алпыс ұлттың адамы
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

-деп жазған Нұрпейіс Байғанин өлеңімен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ – ел басына күн туғанда, толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетті. Оған мысал-айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсаң да жетеді. Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз бес жылдық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мерейтойы, жеңістің жетпіс жылдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесінен бұрын ұрпақ мүддесін ойлаған, кара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Бақытжан Аружан

7 сынып, №123 орта мектебі

Жалағаш ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Қосжанова С. О.

Желбіре, Жеңіс жалауы!

Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы
мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық
күрес тарихының нәтижесі.

Н. Ә. Назарбаев

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес.

Әлем тарихы беттерінде өзінің сұрапыл зұлматтығымен өшпестей із қалдырған соғыс Жеңіспен аяқталып, айшықты мерекеге айналды. Сондықтан бұл мерекенің мәні мен маңызы ерекше.

1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында 1418 күнге созылған қанды қырғынның, күллі әлемге тажал сепкен соғыстың аяқталып, қауіп-қатерсіз өмір сүріп жатқанымызға жетпіс жыл толғалы отыр. Соғыс жылдарында Кеңес Одағы 27 миллион адамынан айырылды. Соғыс майдандарында 1млн. 360 мың қазақстандық шайқасты. Олардың 600 мыңы мерт болды. Оның ішінде 350 мың қазақ майданда қаза тапты. Сыр елінен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

майданға 70 мыңдай ер-азамат аттанып, оның 30 мыңнан астамы соғыста қаза тапты.

Адамзат баласына алапат қатер төндірген соғыс отының өшкеніне осынша уақыт өтсе де жері мен намысын жауға таптатпаған жеңімпаз аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Олар майдан мен тылда жанқиярлықтың, патриоттықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсетті. Майдангерлердің жеңіске деген ерік-жігері адамзат баласын фашизмнің қатерінен сақтап қалды.

1. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ, Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір село, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Сұрапыл соғыс ешкімді аямады. Ана жарынан айырылды, бала әкесінен айырылды. Бірақ үміт оты еш өшкен жоқ. Бала әкесін күте берді, күте берді.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

Ел басына күн туған шақта, майданда қазақстандық жауынгерлер кескілескен ұрыста батылдық пен батырлық танытса, елдегілер жанқиярлықпен тылда еңбек етті, отансүйгіштіктің керемет үлгісін көрсете білді. Соғыс барысында, Қазақстан жерінде 12-атқыштар дивизиясы, – атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық әртүрлі полктер мен батальондар құрылып, майданға аттанды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Иә, бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қ.Қайсенов, Т.Бигелдинов, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Б.Момышұлы, Р.Қошқарбаев сияқты аттары аңызға айналған кісілерді тарих бетінде «Батыр» деп жазып кетті.

Ағаларымыздың сол зұлмат соғыстағы жеңістері болмаса, бүгінгі таңда жарқын болашаққа қарай батыл адымдап келе жатқан Тәуелсіз Қазақстан болмас еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жаңғыртып ән мен аспан кеңістігін
Халқымыз қуанышта тегіс бүгін.
Жауды жаншып, Отанды азат еткен
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін,

- демекші, ауқымы жағынан алғанда бұл соғысқа адамзат тарихындағы бір де бір ұлы шайқас тең келе алмайды. Соғыс жылдары миллиондаған адамдар құрбан болды, сөйтіп, Ұлы Жеңіске бүкіл халықтың қайтпас та қайсар жауынгерлік ерлігі арқасында қол жетті.

Күркіреген күндей болып өткен сол соғыс қаһармандары арасынан аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлының қаһарман тұлғасы әрқашан оқшау көрінеді. Оның жауынгерлік жолы мен шығармашылық қызметі Қазақстанға ғана емес, басқа да шет елдерге жақсы мәлім. Әскери іс-қимылдарды шебер ұйымдастыра білген батыл да талантты командир ретінде ол шексіз жанқиярлық пен қайталанбас ерліктің үлгісін көрсетті.

2. Ең әуелі ардақты ардагерлерге рақмет айтқым келеді. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүруіміз, бейбіт өмірде алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттан күлгеніміз, жайраңдап жүргеніміз – бәрі-бәрі сіздердің арқаларыңыз. Елімізге жау тигенде ел үшін, кейінгі ұрпақ үшін деп қарсы тұрып күрестіңіздер. Сіздерге бас иіп, тағзым етеміз!

Менің өз аталарым да соғысқа қатысқан. Өкінішке қарай аталарымның өздерінен соғыс жайлы айтып беруді сұрай алмадым. Өйткені ол кісілер мен кішкене кезімде өмірден өтті. Алайда аталарымның ерлігін, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалуына үлесін қосқанын үнемі үлкен мақтанышпен айтып жүремін.

Жеңіс күні – 9 мамыр. Талай жылдар бойы бейбіт өміріміздің бастауы болған күн.

Адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыс аяқталған күн.

Фашизмді жеңген қаһарман Совет халқының мереке күні.

Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні.

Үйіне, отбасына, ата-анасына оралмаған аталарымыз бен ағаларымыз сарыла күткен сағыныш күні.

Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай қалған қыршын боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні.

Бұл күн – бүгінгі ұрпақтардың аталарымыз, апаларымыз сыйлаған даму жолын одан әрі жалғастырып жатқан күн.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толмақшы. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Жеңіс мерекесі – бейбітшілікті сүйген барша адамзат қауымының мерекесі. Біз соғысты көргеміз жоқ, көрмей-ақ, білмей-ақ қоялық! Бірақ өсіп келе жатқан елдің келешегі соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлерінің өмірі жайлы көп білетін болса, олардың жасаған ерлігін, Тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен келгенін түсінетін болады.

Жеңіс күні – достық пен бірлікті жырлайтын, халықтың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Міне, алдымыздағы жылы Жеңістің жетпісінші жылын тойлағалы отырмыз. Ешқашан елімізде соғыс өрті болмасын!

Ә.Нұршайықов атамыз айтқандай: «Тәуелсіздер тойын қуанышпен тойлайды, тәуелділер қалай азаттықты алуды ойлайды, тәуелсіздік тойын тойла, тойлай жүріп оны өркендетуді де ойла», демекші, Жеңістің үлкен зұлмат пен қиыншылықты жеңудің нәтижесінде келгенін, естен шығармауымыз керек. Біз сол майдангер аталарымыздың ерлігін ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Енді соғысты болдырмау үшін барлық жағдайды жасауымыз керек.

«Тек қан майданда ғана емес, тылда жұмыс істеп, ашаршылықты, ауыртпалықты бастан кешіп, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға көпшіліктің, анығырақ айтқанда, бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз», – деді Елбасы. Расында, елдің басына үлкен қауіп пен қатер, алапат қайғы мен қасірет төнген сол бір ауызбен айтып жеткізгісіз ауыр уақытта оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлердің көрсеткен өшпес ерлігін, қаһармандық өнегесін жас ұрпақ бойында қалыптастыру ең басты мақсатқа айналуға тиіс.

Ерлікке – мәңгі тағзым, біз мұны әрдайым есімізде сақтаймыз және уақыт өткен сайын майдангерлердің, яғни аталарымыздың жауынгерлік, қаһармандық ерліктерін жиі еске алатын боламыз.

3. Жеттік, міне, осы күнге көптен бері аңсаған,
Ата-баба ұрпақ үшін көп қуатын жұмсаған.
Осы күндер құрбан етті талай қазақ жандарын,
Бұл күн үшін неше тұлға аямады қандарын.

Иә, бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

9 мамыр – Жеңіс күні тойланғанымен, оның салмағы ауыр. Соғыс адамзат жүрегіне өшпес жара салды. Елімізге зор ауыртпалықтар әкелген соғыстың зардабы тимеген бірде-бір шаңырақ жоқ десе де болады. Қан майданда қазақ халқы талай боздақтарынан айырылды. Әкелеріміз бен ағаларымыз толарсақтан саз кешіп, жанкешті қаһармандығымен басқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұлттардың алдында өздерінің ерлігін көрсете білді. Ерлік ұмытылмайды. Жеңіс мерекесінде біз, бүгінгі ұрпақ өкілдері кешегі қан майданда қаза тапқан батырларымыздың рухына тағзым етеміз. Ешқашан елімізде соғыс өрті болмасын!

Бақытжанова Аяжан
8 сынып, №22 орта мектебі
Ақбасты ауылы, Арал ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Сералиев Ө.

Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Дана халқымыз қашаннан да ел қорғаған ерлерін, Отан үшін шыбын жанын да құрбандыққа шалар батырларын құрметтеген, әрдайым есінде сақтап, келер ұрпаққа үлгі етіп отырған. Халық даналығындағы «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Жалаңаш бар да, жауға шап ажалың жетпей өлмейсің», «Ер есімі ел есінде» секілді мақал-мәтелдер де қазақ жұртының ерлікті мұрат тұтқанын байқатады.

Соғыс – соры,
Сұмдығы жер үстінің
Сондықтан да, адамзат, аспан асты
Аман болсын, мәңгілік, кеңістігің.

Жеңіс! Ұлы Жеңіс! Сан миллиондаған адам осы күнді минуттап, сағаттап сарыла күтті. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталды. Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Атап айтқанда, Ұлы Отан соғысына барлығы 1 миллион 200 мың қазақстандық аттанған болса, оның 630 мыңы оралған жоқ. Қазақстандық жауынгерлердің 497-ісі Кеңес Одағының Батыры атанса, 98-і қазақ болатын. Кеңес Одағының Батыры атағын 2 рет алған 62 жауынгер болса, оның төртеуі Қазақстандық жауынгерлер еді. Олар: Талғат Бигелдинов, Иван Павлов, Леонид Беда, Сергей Луганский.

Бұл сұрапыл соғыс көп адамның өмірін жалмады. Ана жарын жоғалтып жесір, бала әкесінен айрылып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азапталып өлтіріліп жатты. Ал тылда қалған қарттар мен аналар, бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы-қасіретін жастайынан арқалай жүріп бірде аш, бірде тоқ тынбай жұмыс істеді. Олардың бойындағы отаншылдық сезім, қолына қару

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алып сапқа тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңіс сағатын жақындата түсті.

Сонымен, елдің елдігін, ердің ерлігін танытатын қаһарлы кезең біз үшін жеңіспен аяқталды. Осы бір ұлан-байтақ жерді қорғап қалу үшін Қазақстан азаматтары орны бөлек үлес қосты. Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Нүркен Әбдіров, Сұлтан Баймағанбетов, Сағадат Нұрмағанбетов – міне бұлар соғыс кезінде қаһармандықтарымен танылған қазақ батырлары болатын.

Қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова (шын аты Мәнсия) Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында дүниеге келген. Ерте жетім қалған Мәншүк 1942 жылы өзі сұранып майданға аттанды. Алғы шепте айқасқа түскен алғашқы күннен-ақ қаруластарын қайсарлығымен, табандылығымен, ержүрек батылдығымен қайран қалдырды. Невель қаласын қорғау кезінде Мәншүк ақырғы оғы таусылғанша жауды жер жастандырып, ерлікпен қаза тапты. Оның қасық қаны қаны қалғанша қарысып баққан қас батырлығы мен өмірдегі асқақ өлімі, соғыс даласында да, еңбек майданында да әрбір отаншыл азаматтың жүрегінде ерлік жыры боп жаңғырып, жеңіс жалауын тезірек желбіретуге жігерлендіре түсетіні хақ.

Сондай қаһарман қазақ қызының тағы бірі – Әлия Молдағұлова. 1942 жылы Әлия өз еркімен майданға аттанып, мергендер мектебін үздік бітіріп шықты. Бір хатында ол өз құрбылары мен достары үшін фашистерден кек алуды қалайтынын жазды. Ашық шайқасқа Әлия 1943 жылы маусымда 26-атқыштар дивизиясы құрамында түсті. Көп ұзамай Әлия барлық ірі-ірі айқастарға қатысып, құралайды көзге атқан мерген екенін дәлелдеді. Соғыстан кейін шығыстың қос шынары Әлия мен Мәншүкке арналып көптеген мектеп, көше аттары беріліп, ескерткіштер қойылып, роман-хикаяттар, поэма-дастандар жазылды. Ескеретін басты жағдай қос жұлдызды жастар жағы құрмет тұтады. Ұлы Отан соғысы туралы тебіренгенде Батыр Бауыржанды айтпай кету мүмкін емес.

Бауыржан – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастарда өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты, 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды, 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. 1956 жылы демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық қызметпен айналысты. Бауыржан Момышұлы ерліктерінің барлығын айтсақ да артық етпес еді. Ол атына заты сай қайтпас қайсар қазақтың батыр ұлы. Ол жауына қатал, халқына жомарт жан. Бауыржанның тұлғалық қасиетіне артына қалдырып кеткен сөздері дәлел бол алады.

Бауыржан Момышұлы: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтан етпеу – сатқындықтың белгісі. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

еткін. Опасызда Отан жоқ»- дейді. Қазақ батыры өз елі үшін отқа да, суға да түскен адам. Кейінгі жастар осы қағидаларды естен шығармуы тиіс. Сонымен, Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасы да бар жеңіспен аяқталды.

Мен Ұлы Отан соғысын көрмесем де, үлкендердің айтқанына құлақ сала отырып, тарихтан сыр шертетін қасіретті соғыс болғанын білемін. Мінекей, Екінші Дүниежүзілік соғыста фашистерді ойсырата талқандаған бір кездегі алып мемлекет – Кеңес Одағы халықтарының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Жеңісіне де 70 жыл толады.

Осы бір жеңіс күндері менің есіме көрнекті совет жазушысы Илья Эренбургтың 1942 жылы жазған «Қазақтар» деген мақаласы түседі. Туған жерін жаудан қорғаған ерлер есімін туған елі ешуақытта ұмытпақ емес. Кеңес Одағының фашистік Германияға қарсы соғысы – XX ғасыр тарихы мен шежіресінен өшпес орын алады. Отанға деген сүйіспеншілік, еліміздің келешегіне, оның келер ұрпағына аға ұрпақтың, аталарымыздың, аманат етер ең қасиетті өсиеті де осы.

Қазіргі қоғамда кейбіреулердің баспасөз беттерінде Ұлы Жеңісті басқаша түсіндірмек болған мақалаларын да көріп, оқып, біліп жүрміз. Бірақ қалай айтқанда да соғыс біздің бабаларымыздың жүріп өткен жолы, өткен тарихымыз, оны ешқашанда естен шығара алмаймыз. Еліміз тәуелсіздігін алып, өз тізгіні өз қолына тигенмен де бір кездері қазақ елінің алып империя Кеңес Одағының құрамында болғаны шындық. Сол уақыттағы алып державаның басынан өткерген тарихынан бүгінгі күні айлалып кете алмаймыз. Сондықтан жеңіс барша бұрынғы Кеңес Одағы халықтарына ортақ болып қалмақ. Сол себептен қазіргі жастар аталарымыздың ерлік істерін мақтан етуіміз керек. Ел болашағы, халықтың бақыты, келер ұрпақтың нұрлы ғұмыр кешуі үшін істелінген ерлік ешқашан ұмытылмайды.

Балатаева Ақерке

9 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова Майра

Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлік

Биыл елімізде соғыстың аяқталғанына 70жыл болады. Бұл Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Талай азаматтарымыз жау қолынан қаза тапты. Қираған қалалар, бейбіт тұрғындар кішкене сәбилер-соғыс жүріп жатқан жердің құрбандары. Сол кездегі Советтік Социалистік Республикалар Одағы атанған мемлекет құрамында әр түрлі ұлттар болды. Әрине, соның бірі – біздің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақ елі. Соғысқа барған жауынгерлеріміздің қаншасы опат болды, барлығы да ерлікпен көз жұмды.

Әсіресе, ерлермен бірге соғысқан қыздарымыз Әлия мен Мәншүкті қалай айтпасқа. Кітаптан оқып білгеніміздей – Мәншүк апамыз – бір өзі, жаудың 70 әскерін пулеметімен жайратқан, яғни, жеңіске қарай жол ашқан деуге болады.

Қаншама жауынгерлеріміз Совет Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл құрметті атақ-оларға оңай келген жоқ, әрқайсысы сұрапыл соғыста, аянбай ерлік көрсетті, бірі жау пулеметінің аузын кеудесімен жауып, кейінгі әскерлерге шабуыл жасауға мүмкіндік алып берген.

Бұл не деген ерлік десеңізші. Рахымжан Қошқарбаев атамыз жау ордасына қиындықпен барып, төбесіне өз туымызды қадаған.

Айтайын дегенім – сол соғысқа Қазақстандықтарың қосқан үлестері. Жауынгерлеріміз майдан даласында аянбай соғысып жүргенде, елдегі аналарымыз да өздерінің тылдағы ерліктерін жасады.

Ерлік демей не деуге болады, өздері аш құрсақ жүрсе де, ауыздарынан жырып, барлық тамақты майданға жіберіп отырған. Таң атқаннан кеш батқанға дейін, егін орып, майданға арнап, жылы киімдер тігіп, тоқып жөнелткен. Осының бәрін кәрі ата-әжелерімізден естіп білсек те, немесе кітаптан оқысақ та, бүгінгі Жеңістің 70-жылдығына орай, бұларды айтпасымызға болмайды. Жеңіс осындай жанқиярлықтың арқасында келді ғой.

Талай ақын жазушылар соғыс тақырыбын толық қамтып жазды. Ондағы неміс фашистерінің елге жасаған жан түршігерлік істерін оқып білудеміз. Қазіргі кезде, Жеңіс күніне сәйкес етіп, сол жылдар да туылған балалардың есімдерін «Жеңіс», Ерлік деп қойып жатады. Осының өзі де Жеңістің қалай келгендігінің ұмытылмағандығының белгісі. Жеңіс күніне сәйкес сыныптарда іс-шаралар өтеді. Қазіргі кездің жастары ерлік-рухын жалғастырушы ұрпақ екендерін біледі. Жеңіс күнін бүкіл ел-халық болып тойлайды. Ұлы Жеңіс барша адамзатқа тыныштық, береке сыйлады.

Жеңіс үшін сол кездегі аталарымыз жан аямай шайқасты, аштыққа да, суыққа да, ыстыққа да, тіпті өлімге де төзе білді. Сол үшін аталарымызға алғыс айтамыз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз уәде береміз.

Қалалар да, ауылдар да Жеңістің ардагерлерінің үйлеріне барып, алдымен алғысын жаудырып, сонан соң сыйлықтарын тапсырып, шын пейілмен алғыстарын айтып жататыны бәрімізге де аян.

Сол кезде соғыс зардабын тартқан мемлекеттер кең түрде атап өтпекші Ардагерлердің қатары сирегенмен, бірақ кейінгі ұрпақтар ол кісілердің ерен еңбектерін ешқашан да ұмытпайды. Біз қазіргі балалар соғыс зардаптарын көрмегенімізбен, ата-аналарымыздың айтуымен, тарихтан, өзге де кітаптардан оқып білудеміз. Ешқашан да соғыстың болмауын тілейміз! Біздің бір ғана мақсатымыз-бейбіт елде өмір сүріп, сабақты жақсы оқу. Ата-бабаларымыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алып берген Жеңісті құрметтейміз. Ол кісілерге тағзым етеміз. Ұлы Жеңіс күнінің салтанатты өтуіне өз үлесімізді қосамыз. Ешқашан да, еш уақытта соғыс болмасын, Ұлы Жеңістің мәңгі болуын тілейміз!

2-ші дүние жүзілік соғыс атанған бұл соғыс ешуақытта ұмытылмайды. Елімізде соғыс ардагерлері саны азайып келеді, яғни санаулы ғана аталарымыз қалды.

Бейбітшіліктің мәңгі болуын қалаймыз! Қазіргі кезде соғыс атауы түп тамырымен жойылмағанымен, біздің байтақ еліміз де соғыс ізі жоқ, бұл татулықтың, бейбіт тыныштықтың мәңгі жасауына біз сенеміз!

Арылтып жаудан жерінді,
Табанға жаншып өлімді.
Жеңіспен желпіп өмірді,
Оралды ерлер көңілді
Десендер бұл қай күні,
Ұлы Жеңіс күні!
Ұлы Жеңіс жасасын!

Балғабаева Нұрсая

10 сынып Жаңақорған ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Қансейтова Ш.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды

Сарғайса да тарихтың ақ парағағы,
Ол күндер менгі есте сақталады!

Соғыс, соғыс! Деректерге сүйенсек, жұмыр жер 14513 рет соғыс азабын тартыпты. Солардың ішіндегі ең қанқұйлысы, ең қасіреттісі – Ұлы Отан соғысы. Қырқыншы жылдардан басталған бұл топалаң жер шарының Европа, Азия тіпті Африка бөлшектеріндегі 40 елдің мекенінде, екі миллиардқа жуық адамды қатыстырып, 61 мемлекетті түгел қамтиды. Сөйтіп, екінші жер жүзілік атанған бұл соғыс күллі әлемді 1418 тәулік бойында үрйлендіре сілкіндіріп, елу миллион адамды жалмайды да, зорға тынады

Жеңіс оңайға түскен жоқ, неміс басқыншылары біздің екі мыңға жуық қалаларымызды, 32 өндірісімізді қиратты, жүзден аса селоларымызды өреді, обаға айналдырды. Беларусьыдағы «хатынь» мемориалы сол жойылған селоларымыздың зираты аталады. Әрбір 24 минут пен күмбірлеген қоңырау үнінен аза мен ыза үні естілді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ал аман оралғандардың арасындағы қолсыз, аяқсыздар керендер қаншама. Қаншама адамдар бақытсыздыққа ұшырады. Бейбітшілік оңайға түскен жоқ. Қанқұйлы ауыр соғыста 50 миллион адам құрбан болды. Елу миллион!

Егер де балаларын жоқтаған аналар жасын, ерлерін жоқтаған жесірлер жасын, әкелерін жоқтаған жетімдер жасын бір арнаға бұрсақ, қасіретті тамшылар теңізі пайда болар еді де, сол қасіретті теңіз толқыған сайын, мынандай ойлы да өжет талаптар қайталанар еді:

Көрсін де мынау қасіретті теңіз көз жасын,
Адамдар енді сұмдыққа қайтып бармасын.
Білмесін әлем әкесіз өскен жетімді,
Жылаулы ана, қаралы-мұңлы жесірді...

Соғыс... Қаншама адам қан төгіп ұрыста мерт болса, қаншама қала отқа оранып жанып, күл талқан болды. Соғыста отқа оранып, қан жұтып батыр атанған қайсар қалаларымыз Москва, Киев, Ленинград, Брест, Смоленск, Курск, Одесса, Севастополь, Тула, Керчь, Минскілердің аты тарихтың ақ парағында алтын әріппен жазылды. Бұл қалалар от пен өрттің құшағында қан кешті.

Көз саламын шағын ғана текті үйге,
Мызғымайтын граниттен де салмаған.
Шұрық-шұрық тесік қабырғасы оқ тиген,
Быт-шыт болған түрінен түк қалмаған,..

- деген Самат Шакирдің өлең жолдарын оқығанда, батыр Сталинградты, Мамаев қорғанын, оны қорғаған ерлердің ерлік ісін, қазіргі күнге дейін қала ортасында қирап, соғыстың нақ таңбасы, болып тұрған Повлов үйін көргендей боласың.

Гитілершілердің неге Сталинградқа ұмтылды, оның жоспары қандай болды десек, совет одағының Маршалы Г.К. Жуков гитірлік басқару жоспарын былай жазады: «Гитлердің саяси-әскери стратегиясының жалпы мақсаты жақын кезеңде 1942 жылы Оңтүстікте біздің армияны талқандап, Кавказ аудандарын алып, Волгадан өтіп Астрахань Сталинградты алып және ССРО-ны мемлекет есебінен жоюға жағдай жасау»

Совет одағы үшін алғашында Сталинградтағы ұрыс жағдайы өте қиын болады. Прибалтиканы, тіпті барлық Краснодар өлкесін басып алды. Соған қарамастан неміс-фашистерінің армиясы Москва түбінде өздері күтпеген үлкен тосқауылға тап болып, тойтарыс алды және «жедел» соғыс жоспары бұзылды. Гитлер совет-герман фронтында 6 миллионнан астам армия ұстады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қарсыласымыз совет әскерлерінің адам санынан 1,7 есе, артиллерия мен танкі бойынша 1,3 есе, сомолеттері екі еседен де көп болады.

Әлемде бірде бір мемлекет бұндай соғыста қарсы тұра алмас еді. Бірақ совет адамдары Сталинград түбінде ел тағдыры шешілетін білді «Өлімге қарсы тұр, бір адам шегінбе!» деген отан бұйрығы тұрды.

Әлемді оқ пен отқа ораған екінші дүние жүзілік соғыс адамзат жүрегіне жазылмас жара салды. Кескілескен айқаста ажалдан тайсалмай «Бәрі де майдан үшін!», «Бәрі де отан үшін», -деп жауға қарсы ұмтылған ерлер есімі, тылдағы ерен еңбектер тарих беттерінде мәңгі жазылып қалады.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан соғысқа Кеңес одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Майдан даласында ерлікпен шайқасқан жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес одағының Батыры, 100-ден астам адам-Даңқ орденінің иегері атанған.

Біз, бүгінгі ұрпақ, Қазақстандық жерлестеріміздің ерлік істерімен мақтана аламыз. Өйткені олар ешбір ұлт өкілі қайталай алмас ерлік пен батырлық иелері. Олардың тізімі Мәншүк Маметова, Алия Молдағұлова, Талғат Бегелдинов, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Қызылордалық Маханбетова Жақыпбек, Балмағанбетов Махаш, Әбдіқадров Кәкім, Ілиясов Нағи, Нұрсейтов Жаппасбай, Түктібаев Үрман, Қазатов Жәлел, Ниетқалиев Ерденбектер болып тізіле берді.

Теңіз тамшысынан танылатыны секілді ұлт мақтаныштарының ерлік істеріне содан бері 70 жыл өтсе де халық махаббатына, құрметіне бөленген, Сталин саясаты өз дегеніне бұрып, «ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген жалынды қағиданы теріске шығарғысы келгенмен, Бауыржан атамиздың күйіне қозғау салуымен, Германия журналисті Карл Кокошконың арнайы іздеп келуімен кеште болса әділдік орнап, 1999 жылдың 7 мамырында «халық қаһарманы» атағын алған бір ғана Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігінің өзі дәлел болуға жарарлық.

Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола өңірінде дүниеге келеді. Ата мен анадан ерте айырылады. Төрт жасында анадан айырылған оны әкесі Қошқарбай құшағында еркін өсірді ол кісі 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен қуғынға ұшырайды. Рақымжан атамиз балалар үйінде білім алып, оны Балқаш қаласындағы фабрика-зауыттық Училищеге жалғастырады. 1942 жылдың тамызында майданға аттанып, Бішкектегі әскери училищені кіші лейтенант дәрежесімен бітірген ол ұрысты І Беларусь майданынан бастайды.

1945 жылдың 30 сәуірінде Берлинге кірген Кеңес әскері Шпрее өзенінен өтіп, Рейхстагты басып алу үшін шабуылға кірісті. Лейтенант

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қошқарбаев пен қызыл әскер Булатов толассыз жауған оқтан қорғанып жүріп, 300 метр жерге жетті сағатта (күндізгі 11-ден кешкі 6-ға дейін) әрең жетті. Сөйтіп жау бекінген ғимаратқа алғаш жеңіс жалауын қадайды. 21 жасар Рахымжанның көзсіз ерлігі сол күні Берлинге жеткен. Кеңес жауынгерлерінің бәрінің аузында болған майдан газеттері де бұл ерлік жайында жарыса жазып, жас қазақтың фотосуретін жариялап жатты. Өйткені, фашистер ордасына тігілген алғашқы жеңіс туы шешуші шайқаста жауынгерлерге рух беріп, көңілдерін шарықтатқаны ақиқат болатын. Бұл-сол күнгі жетпей қыршынынан қиылған сан мыңдаған боздақтардың арманы еді. Бұл-бес жылға созылған соғыстың аяқталуын зорға күткен халық арманының орындалғаны, қанды қырғынның тоқтағанын білдіретін соңғы нүкте еді.

«Шындық әрқашан жеңеді, бірақ кешігіп жүреді» деп Б.Момышұлы айтқандай көзі тірісінде заң жүзінде батыр атағы бұйырмаған батыр есімін, ерлігін халқы ұмытпады. Мерейін асқақтатқан ұлының атын мерейлене атап, ұрпаққа өнеге етуден танбады.

Халқымыздың дар туған ерен батырлары туралы айтарымыз мол. Олар болашаққа жеткізіп, жалғастыру біздің борышымыз, Ештеңені ұмытуға, ешкімді ұмыт қалдыруға хақымыз жоқ.

Ерлерге құрмет – ерлікке тағзым. Алматы қаласындағы Ұлы Отан қан кешіп, жан тапсырған қазақтың қос қызына ескерткіш, соғыс құрбандарын мәңгі есте сақтау мақсатында қойылған «Мәңгілік алау», панфиловшы жауынгерлері бейнеленген «Даңқ мемориалы», Бауыржан, Панфилов ескерткіштері, Қазақстанның жер-жерлеріндегі тағзым алаңдары, ерен ерліктер арқау болған көркем шығармалар, өлең-жырлар соғыс ардагерлеріне жасалынып жатқан қамқорлықтар, сый-құрметтер – бәрі-бәрі жеңісті жақындатуға күш салған, бейбіт өмірді сыйлаған ерлерге жасалған құрмет.

Қорыта келгенде, ерлік-елге мұра, ұрпаққа- үлгі.

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ,
Ол кездері бола алды ма көңіл тоқ.
Естілді ме шат күлкісі сәбидің
Жалмап жұтып жатқанында зұлым оқ.
Боздағынан айырылып боз дала,
Қобыз үні күңіренді қоздана.
Жау табаны жаралаған жүрегін
Қасіретті бастан кешті Жер Ана.
Қанды майдан ер айқасып жатқанда,
Тылдағы ел жата алды ма жастана,
Отан үшін, майдан үшін тер төккен
Түсті салмақ әйел, тіпті, балаға.
Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ,
Өткен күнді ұмытуға хақың жоқ!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Елім деген ерен ерлер арқасы

Бұл күндері аспан – ашық, көңіл – тоқ, -дей келе, бүгінгі бақытты ұрпақ атынан: «Біз ешқашан ұмытпаймыз. Олардың ел үшін, жер үшін, Отан үшін, біз үшін жанын да аямаған ерліктерін мәңгі есте сақтаймыз, үлгі тұтамыз. Біз де өз мұңынан ел мұңын жоғары қояр, ел сенімін ақтар, кетігін тауып кірпіші болып қаланар жас болып өсеміз», - дегім келеді.

Балғынбай Мөлдір

10 сынып, №217 мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Қабылбаева М.Ө.

Ұлы Жеңіс қарсанында

Ұлы соғыс-төрт жыл адам төзгені
Дерт пен ыза-тірі дене сезгені.
Төрт жыл ұдай көздемеппіз, атпаппыз,
Екі аяқты есуастан өзгені.
-Жеңіс, жеңіс!
Бір сыбаға баршылық!-
Қуаныңдар қалды жуық, қарсы алып!
Осылайша отты салют берген-ді
Біздің елден жаңа тарих жар салып,
-деп асқақ ақынымыз жырлады.

Ұлы Отан соғысы-халық қаһармандарының отты шежіресі. Ұлы Отан соғысы қаһарман халық үшін тарихта бұрын-соңды болмаған сын болды. Халықаралық империализмнің ең басты да қанқұмар қара күші-герман фашизмін талқандау үшін совет адамдары қолдан келгеннің бәрін істеді. Олар тылда «бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен күні-түні бірдей қажымай -талмай еңбек етсе, ал майданда «Отан үшін, бейбіт өмір үшін» ұранмен теңдесі жоқ ерлік көрсетті.

Төрт жылғы соғыста тобықтан қан кешіп жүріп, мыңдаған километр жүрді, көзге түрткісіз қараңғы түндерді сансыз рет кірпік қақпастан бастарынан кешірді. Жырға арналған сұр шинель жастық та, сары қардың үстіне қисая кеткенде төсек те, сақылдаған аязда кеудесіне қорғаныш та

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болды. Мың жарым күнге дерлік созылған қиян-кескі жортуылда қаншама рет арыстанның аузынан, жолбарыстың жолынан қайтты-ау қайран ағаларымыз. Совет халқы оның айбынды Қарулы күштері фашистік Германияны күйрете жеңді. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалды. Европа халықтарына азаттық әкелді. Фашизмді талқандау, соғыстың жеңіспен аяқталуы бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар бетбұрысты оқиғаға айналды, ол аман қалған адамзаттың алдынан әлеуметтік прогрестің жаңа жолдарын, планетаға әділетті де баянды бейбітшіліктің перспективасын ашты. Біздің жеңісіміз өткен күнге айналып кеткен жоқ. Ол бүгінгі күнге және болашаққа бет бұрған жанды Жеңіс!

Біздің елдің өзінен ғана жиырма миллион адам қаза тапқан Ұлы Отан Соғысының аяқталғанына да қаншама жыл өтті. Бомбалар мен снарядтар қопарып, окоптар айғыздаған жер жарасы жазылғаны қашан содан бері жомарт табиғат жер бетіне қаншама рет жасыл кілемін жайната жауып, қаншама рет жинап алды. Жеңіс жылы туған баланың өзі жігіт ағасының жасына жетіп, самайын қырау шалды. Емші уақыт талай қаралы көңіл мен жаралы жүрек дертіне дәру болып, қайғы-қасірет ұмытылып бара ма қалай?

Елдің елдігі, ерлік ерлігі сынға түскен екі талай қиып кезде, көк темірмен құрсаңған қатыгез жаудан Отан мен халқының бостандығын, тәуелсіздігін сақтап қалған жау-жүрек батырлар жөніндегі аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар қашан, қай халықты мезі етіп еді. Тіпті ежелгі дәуірдің білте соқпақтарына бармай-ақ, ұлы орыс халқының басын қосуға ұйытқы болған жыр-дастан – «Игорь полкі туралы сөз», грузиндердің «Жолбарыс терлі жиһангезі», армяндардың «Давид Сасункиі», біздің Қобыланды батыр мен Ер Тарғынымыз, Қамбар батыр мен Алпамысымыз сөз болғанда, елең етіп, құлақ түре қалмайтын жан бар ма. Елдік, ерлік жайлы хикая ешқашанда ескіріп көрген емес. Өйткені, халық әрқашанда батыр ұл-қыздарын қастерлеп, өткен ғой.

Ал, біздің кешегі Ұлы Отан соғысын алсақ, ол адамзат тарихында тұңғыш рет тарих сахнасына шыққан социалистік мемлекеттің өміршеңдігі не, оның тәуелсіздігіне деген қияметтен қиын сынақ болды. Фашизмге қарсы күрес бүкіл совет халқына, оның лениндік партиясына қатал сын болды. Міне, осы ауыр сыннан совет халқы абыроймен өтті.

Ұлы Отан соғысы-халық қаһармандығының отты шежіресі. Оның ақыл-ойының, ар-намысының, сенім-нанымының шежіресі. Совет халқы осынау шежірені тудырған ерлікті қаһарман ұл-қыздарының қолымен жасап, міне, қаншама жылдан бері өзінің талантты өкілдерінің тілімен жырлап келеді, жырлай бермек.

Соғыс! Жан түршігерлік осы жалғыз ауыз сөз ел ішіне тез тарады да, төбеден төніп, бұрқасын боратып, бастырып салғалы тұрған қара бұлт секілді барша халқымызды сұрапыл ызғарымен тітіркендірді. Бірсыпыра тарихтан біліп, әңгімелерден естігендерім болмаса, мен де, менің замандастарым да ес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

біліп, Отан танығалы «соғыс» дегенді көрмегенбіз ғой. Көрмей-ақ қояйық, Алла оның бетін аулақ қылсын.

Адамзат тарихында алапат соғыс саналған Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің тәуелсіздігін, келер ұрпақтың бейбіт өмірін қаһармандықпен қорғап, жеңіске жеткен ардагерлерімізді мақтаныш етіп, сіздерді ерекше құрмет тұтамыз.

Сұм соғыс талай жұрттың іргесін шайқалтып, қабырғасын қаусатты. Ел халқы мыңдаған азаматтарын жоғалтып, бала-әкеден айрылды. Ажал оғынан аман қалған соғыс ардагерлерінің біразы бізбен бірге ХХІ ғасырда нық қадам басуда. Жеңіс күнін жанқиярлық ерлікпен жақындатуда Сіздердің қосқан үлестеріңіз ерекше. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлері сұрапыл соғыс пен одан туындаған қиындықтарға қажырлы жігермен қарсы тұрды. Оны бүгінгі ұрпақ ерлік пен жасампаздықтың айшықты нышаны ретінде бағалайды. Сіздер соғыстан кейінгі кезеңде бейбіт еңбекке белсене араласып, ел еңсесін тіктеу жолында да аянбай күш жұмсадыңыздар. Біз болашақ жолындағы жарқын істеріңіз үшін үлкен алғысымызды айтамыз. Сіздердің алдарыңызда әрдайым басымызды иеміз. Ұрыс даласын мәңгілік мекен етіп қалған боздақтар рухын әрқашан да қадірлеп, қастерлейміз.

Бүгінде, Қазақстан Республикасы тәуелсіздің алған тағдырлы кезеңде біз ержүрек майдангерлерімізді, тылдың ерлерін бірдей тең дәрежеде мақтан етеміз.

Ұлы Жеңіс-ардақты да аяулы ағаларымыздың ел басына күн туған қастерлі шақта ортақ Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолындағы теңдесі жоқ қаһармандық ерлігінің мәңгілік белгісі, айшықты нышаны. Ерлік дегеніміз – табиғат тарту етер сый емес, табанды ұзақ тәрбиенің нәтижесі. Адам бірден сақа азамат болып туа қалмайтыны секілді, ерлік те оқыстан пайда болмайды. Жас ұрпақты ерлік көрсетуге әрқашан дайын тұруға баулу керек.

Біздер, жастар сергек ойлы, намысшыл, салалы, салмақты мұрагер болуымыз керек. Шығарманың соңын мына өлең шумақтарымен түйіндегім келеді.

Көрдік қой соғыс дауылын,
Кештік қой от пен жалынын;
Жас ұрпақ сенбес өзгеге,
Өзгелер айтқан сөзге де,
Біздерге сенер тек қана!

Бегайдарова Нұрайым

9 сынып, №45 гимназиясы, Шиелі ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Дәулет Г.

Бақыт гүлін терген күн!

Сарғайса да, тарихтың ақ парағы,
Ұлы жеңіс мәңгі есте сақталады.

Күз. Бұлттар кішкентай балалардай қайта-қайта жылайды... Бұл жақта ұзын көше орналасқан. Көше – жағалай орындық. Бас жағындағысы бос емес секілді. Иә,біреу бар. Бұл-қария ғой! Қолында – қолшатыр. Бір жерге ұзақ карап тұр ма қалай өзі?! Бір кезде: «Еһ,»-деген дауыс естілді. Ішінде жатқан сыр бардай. Тоқта, көше аяғынан басына қарай біреу келеді. Өзі жас бала. Келді де:

-Ата, мұнда неге жалғыз отырсыз?-деді.

-Таза ауамен тыныстау үшін, балам,-деді әлгі қария.

-Солай деңіз. Медальдарыңыз бен ордендеріңіз көп қой!

-Е-е-е,мынау ма?-деді қария костюміндегі сылдырап тұрғандарды көрсетіп.

-Тоқтаңыз мынау... Сіз соғыс ардагерісіз бе?

-Иә,балам, -деп жымыды қария.

-Өзіңіз жас секілдісіз,ата.

Осы кезде қария күлді де:

-Қылшылдап тұрмын ба, соншалықты, -деді, - Мен жаңбыр жауғанда осы жаққа келемін,-деп қария сөзін жалғастырды. Себебі, бұл жер-соғысқа қатысқан майдангерлердің аллеасы еді. Өткен-кеткенді еске алып, жаңбыр басылса, үйіне қайтады.

-Адамдардың өз Отанына деген махаббатын ештеңе де тоқтата алмайды екен,-деп басын шайқап,қайтадан «Еһ»-деп,күрсініп алды...

Ерлік дегеніміз не осы? Соғыста маңызды хабарды жеткізу ме, әлде жауынгердің таусылған оқ-дәрілерін апарып беру ме, әлде бір партизанды құтқарып қалу ма немесе кез келген адамның қолынан келетін іс пе?! Әрине, бұлардың бәрі де ерлік емес пе?! Тіпті кішкене болсын жасалынған істің өзі үлкен жеңіске жетелейді.

«Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран,»-деп бекер айтылмаса керек.

Соғыс... Ол-күйретуші күш. Әрі атаулыадамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай. Соғыстың ерекше дейтіндей ережесі жоқ. Біз «соғыс» деген салқын сөзді естігенде, көз алдымызға қантөгіс, қырғын,ажал атты қорқынышты бейнелерді елестетеміз. Дәл солай! Сондағы барлығының ойлайтыны:«Не үшін сқғыс болады екен осы? Адамдар неге соғысады?». Олар ұрпақтарының,яғни мына біздің, жақсы, бейбітшілікте өмір сүруімізді, өз елін, жерін, Отанын қорғау үшін, аттың жалында, түйенің комында жүріп, еркіндікте қанатымызды жайып, самғауымыз үшін соғысқан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жоқпыз ба?! Б.Момышұлы айтқандай: «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткен жастарымыз аз болған жоқ».

Оттан да ыстық отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер», Ә.Нұрпейісовтің «Күткен күн», Ә.Шәріповтің «Партизан қызы», Қ.Қайсеновтің «Партизан хикаялары» тағы да басқа жазушылардың соғысқа арнап жазған әрбір шығармаларын оқи отыра, олардың қаһармандық күресті, айбарлы халықты, ең бастысы толқынды асау теңіз ерлерімізді қалай суреттегенін жан-жақты біліп, әлі де болса да, сол соғыс ызғарының қалғанын сезінеміз.

«Өмірдің алды – ыстық, арты – суық, Алды – ойын, артқы жағы мұңға жуық,»-демей ме Абай?!

«Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын,»-деген мақал бекер айтылмаса керек. Осындай ауқымды тақырыпты қоозғағанда, қазақтың қайсар да батыр ұл-қыздарын айтпай өту мүмкін емес секілді. Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов сияқты батырларымыз – соғыс заңы – қатал заңды сезінбей, жерге тер төгіп, халқына қан төгіп, қызмет етуден аянбаған әрі кеуделеріндегі жүректері соғып тұрғанда Отаны үшін шайқасқан адамдар. Олар біз үшін қадірлі де мақтан тұтар азамат ретінде қалады.

Жеңіс мерекесі-өскелең ұрпақтың бақыты үшін күрескен қастерлі күн.

«Адам өткенімен өмір сүреді. Өйткені, өз тарихын, рухани асыл қазынасын ұмытпаған ұлт қана өркендей бермек,»-деп үнді философы Бейдауа айтқандай, адам өзінің өткенін білмей жатып, болашаққа нық қадам баса алмайды емес пе?! Соғыста болған оқиғаларды ести отыра, арнайы киноларды көре отыра, әңгіме-шығармаларды оқи отыра, мен осы бір заманда досыммен ренжіскенімнің өзі, нашар баға алғанымның өзі, қиналып, ашуланғанымның өзі үлкен бақыт екенін сезінгендеймін. «Отаным маған не бересің?»-деп емес, «Отаным, мен саған не бере аламын?!»-деп өмір сүру керек қой!?

Қазір біз егеменді, тәуелсіз, демократиялы елде өмір сүреміз. Жеріміз байтақ, еліміз қуатты, аспанмен таласқан биік тауларымыз, ұшы-қиырсыз далаларымыз, тіпті теңіз деңгейінен төмен жатқан ойпаттарымыз бар мына біз-өте бақыттымыз. Осындай ел болып, мемлекет ретінде пайда болуымыз үшін, қаншама адам өмірін қиды десеңші?! Ал ары қарай қалыптасуымызға сол кездегі әрбір адамның жалынды жүрегі, жанқиярлық ерлігінің нышаны, ержүректілік пен төзімділіктің және қаһармандылықтың символы, абыройлы намысы, жеңіске деген үміті көмектесті емес пе?! Тіпті әлі де демеу береді десем, артық емес. Бақытжан Ертаев, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты, «Халық қаһарманы»:

«Елді сөзбен емес, жүреппен сүю керек. Елді сүйетін адам Отанның тарихын білуі керек. Райымбек, Наурызбай, Қабанбай бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен жауға шықты. Ұрпақтарым үшін жан беріп, қан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

төгемін. Мына елге ие болындар деген шығар. Аллаға шүкір, егеменді елге ие болдық,»-деген еді. Міне, ата-бабаларымыздың арқасында бүгінгі күні өз тәуелсіздігімізді алып, егеменді ел болып, әлемге танылып отырмыз. Өз әнұранымыз, өз елтаңбамыз, әрқашан биіктен көрінер туымыз бар.Елімізде бейбітшілік болсын! Аналарымыздың зарлаған, сәбилеріміздің жылаған дауысы естілмесін! Айбынды азаматтарымыз аман болсын!

Соғыс...Ауызға алман бұл сөзді,
Елестету мүлдем қиын ол кезді.
Бейбітшілік,егемендік,бостандық,
Алу үшін ата-бабам мың төзді.
Мына біздер болатұғын бақытты,
Әрқашан да сезінуіміз шаттықты,
Арқасы ғой қаншама көп адамның,
Ескермейміз сол кездегі уақытты.
Олар деген қаламады артықты,
Болса деді: «Тек осылар бақытты»
Н.Бегайдарова

Бегімсал Тоғжан

10 сынып, №104 мектебі

Өркендеу аулы, Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Өтеулі А. А.

Күтумен өткен ғұмыр

Жыл сайын Жеңіс күні тойланады. Бұл – ұрпақ үшін ұмытылмайтын ұлы жеңіс. Соғыс – қай қоғамда да аты жаман атжалман. Кешегі ортақ Отанымызды қорғауға Қазалы ауданынан алты мыңға жуық азамат соғысқа аттанса, екі мың сегіз жүзден астам азаматтардан қаралы қағаз келіп, қаншамасы хабар – ошарсыз кеткен. Мен туып өскен кішкентай ауылдың өзінен соғысқа кеткен азаматтардың жүз он бірінен қаралы қағаз келген. Әр жыл сайын Жеңіс күнін тойлағанда сынып жетекшімізбен «Тағзым алаңына» барамыз. Алаңға барғанда тізімдегі Пұшықаев А. Пұшықаев Е. Пұшықаев Ж. Пұшықаев Б. деген қатар есіме жылда жалықпай, әсерелеп айтатын әжемнің әңгімесін түсіреді. Бұл күнде сол әңгімемен бірге әжемді де сағынышпен еске аламын. Әжем самаурында қайнаған қою күрең шайды және өзінің сүйікті тәттісі «Қазалының ащы кәмпитін» алдына ұсақтап, қоңыр көздерін сәл-пәл қысыңқырап, бір күрсініп алып, әңгімесін бастап кететін.

Ол кемпірді ауылдың бәрі «Пұшықай әже» деп атайды. Бес баласы бірден әрмияға кетіп, келмей қалады. Даладан қыбырлан жан көрсе: «Қала

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жақтан не хабар бар? Әрмиядан балалар келді деп айтып жатқан жоқ па? »- деп сұрайды екен. Сұрап жүрген уақыты 1950-60 жылдар. Пұшықай әженің жеті – сегіз ешкісі бар. Сол ешкілердің мүйіздерінде байланған қызылды – жасылды шүберектері болатын. Бұл әженің салып қойған белгісі екен. «Ана ешкіні Ағыбайжан әрмиядан келгенде, мына ешкіні Бұғыбайжан келгенде соямын» - деп, «сен, олар келгенше жақсылап оңал, өрістен келмей қалма деп» ешкілерімен адамдарша сөйлесіп жүруші еді. Ол кезде қазіргідей дүние жетерлік емес, дүние тапшы болатын. Кейбір дастарханы жоқ үйлерде бар. Кенеп қапты тазалап жуып, ортасынан айырып дастархан қыламыз. Ал Пұшықай әженің әр баласының тойына жаямын деген дастархандары болатын. Күніне бір рет сол дастархандарының арасын ашып көріп қояды. Кейін сол қиялдың жетегімен дастарқандарды жайып қойып, «қайнаға шай іш, шешей неге үндемейсің, Ағыбайжан әрмиядан аман-есен келгенде ішіп - жеп отырсаңдаршы деп жападан жалғыз әңгіме айтып отыратынды шығарды. Кемпірдің жақын-жуықтары да болмады ма, әлде соғыстан кейінгі халықтың қарны тоймаған уақыт қой, ешкімнің колхоздың жұмысынан қолы тие бермейді ме, әйтеуір кемпір қараусыз қалды. Бір күні Пұшықай әженің өртеніп өлгенін көрдік.

Қазіргідей аузы жабық ошақ емес, қазақы ошақ деген болады аузы ашық, отты жағып күлін тапап қоясың. Сол ошақтан от шығып кетті ме, әлде өз қиялымен балаларына той жасап жүргенінде етегіне от тиіп кетті ме, әйтеуір есебін тауып дүниеден кетті- деп әжем әңгімесін аяқтайтын. Әдетегідей өлгендер туралы әңгіме қозғалса соңынан құранын оқитын. Бізде кетпей отырамыз. Сәлден кейін әжем самайына түсіп тұрған бір-жар ақшаштарын жаулығының ішіне тығып, құранын оқиды. Құран оқылып болғаннан кейін, әжемнің кім деп атап бағыштағанын аңғармаймын, өзім ішімнен «Пұшықай әжеге, соғыста қаза болғандарға тие берсін»- деймін. Әжем де бетін сипап, біразға дейін үнсіз отырады. Бізде әжемнің әңгімесінің әсерінен арыла алмай, соғыс деген қорқынышты үрейден енді болмаса екен, қандай жаман нәрсе деп, үрпейісіп әжемнің бетіне қараймыз. Әжемде сол ойымызды түсініп: «Ой, айналайындар, әке-шешелерің аман, елдерің тыныш болсын. Соғысы құрысын, жауыма да тілемеймін. Сендер аман болып, замандарың тыныш болса болды. Адамзатқа тыныш өмірден артық не керек?» - дейді.

Сол әжем айтқан әңгімені кішкентайлау кезімде естісем де әлі күнге дейін жадымда жатталып тұр. Адамзатқа соғыс салған лаң аз болды ма? Менің әжемнен естіген әңгімем – бір әулеттің жойылып кеткен тағдыры туралы. Көңілі зерек, көзі ашық әңгімешіл асыл әжем қайғы отына оранған басқа да отбасылар туралы айтып отыратын. Ол күнде сұм соғыстың зардабын тартпаған бірде-бір отбасы жоқ десек, артық айтқандық болмас.

Әжем айтқандай ана үшін баланың амандығынан артық еш нәрсенің керегі жоқ. Төрт бірдей арысын соғысқа аттандырып, оның біреуін де көрмеген, бар өмірін күтумен өткерген анаға не айтуға болады? Асыл

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

армандарымен, ұшы қиырсыз қиялдармен өмір сүрген сол кездегі аналарға басымды иіп тағзым етемін . Бейбіт өмірдегі болмашы қиындыққа шыдамай, өз-өздеріне қол жұмсауға дейін барып жатқан бүгінгі замандастарыма «Пұшықай әжелердің» өмірін, бейбіт күннің қадірін айтқым келді.

Соғыс деген сөз тіпті қолданыстан шығып қалсын.

Ана мен бала ажырамай, тәуелсіз елімнің бейбіт күні әрдайым шуағын шашып тұрсын.

Бекен Назгүл

11 сынып, Н. Ильясов атындағы
№9 мектеп-гимназиясы Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Күздеубаева Ә. С.

9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс , біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60-тан астам елі қатысқан болатын. Бұл соғыста қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды! Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам-жауды жеңіп, соғысты жеңіспен аяқтадық. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн! Отан үшін от кешкен ерлеріміздің ерлігі де, еңбегі де ұрпақтар жадында мәңгі сақталады. Сол кезеңде әр адамның не сезінгенін тек қасымызда аздап қана қалған ардагерлеріміз біледі. Бұл тарихымыздағы өте қиын да, қайғылы кезең. Жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтқымыз келеді. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз.

Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1945 жылдың 22 маусым айында болған еді. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

камал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық,

23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

4 жыл! 1418 күн мен түн. 34000 сағат. Осы уақыт аралығында қаншама қала қирап, қаншама село өртке шалдықты. Осы жылдары 20 миллионнан астам адамдардың өмір оты өшті. Соғыс жылдарында әрбір шақырымға

7 мыңнан астам адамдар жерленіпті. Сондықтан осыншама адамдардың өмірі – Жеңістің басты құны болды. Жеңістің тағы да бір құны – мәңгілікке кеткен жастық шақ деуге болады. Өйткені көптеген адамдардың ең албырт жастық шағы осы сұрапыл жылдарға келді. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Соғыстың алғашқы күндерінен-ақ Орал қаласынан 2000-ға тартқан жас комсомолдар өз еріктерімен сұранып, майданға аттанды. Бұл жігіттер мен қыздардың көбі өрімдей жас болатын, олардың жастық шағы еш уақытта қайта оралмайды. Олардың көпшілігі махаббат сезімін бастарынан кешіріп, отбасын құрып та үлгірмей мәңгіге жас күйінде өмірден өтті.

Солардың бірі шығыстың қос шынары атанған, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова. Алматы медициналық институтының екінші курсынан майданға аттанғанда ол небәрі 20 жастағы бойжеткен болатын. Сондай-ақ тағы да қазақтың мақтан тұтар, ерлігі мен елдігі үшін соғыста қаза тапқан қыздарымыздың бірі – Әлия Молдағұлова. Рейхстагқа жеңіс туын тіккендердің бірі – Рахымжан Қошқарбаев. Партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы 4жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4100 теміржол стансасы, 36 пошта – телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған. 1941-1945жылдардағы алапат от кешу туралы зерде-қасиетті ел-жұртымыздың жалпы тарихының бір бөлігі. Өйткені, аға ұрпақтың сол сұрапыл сындағы төзімділігі мен табандылығы, қайраты мен қаһармандығы болмаса бүгінгі жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстанда болмас еді.

Соғыс бітті... Ауыр да азапты жылдар артта қалды, біздің еліміз бейбітшілікті сүйеді. Ананы – баладан, баланы – анадан айырған сұм соғысқа жол жоқ... Енді соғыс болмасын деп, еліміздің, жеріміздің көркеюіне өз үлесімізді қосайық! Қазақстанның болашағы жастардың қолында. Міне, қазіргі кезде Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін алып, бейбітшілікте өмір сүруде. Қазақстанның әр түкпірінде соғыс ардагерлеріміз бар. Әр жыл сайын халқымыз оларды құттықтап, өз алғыстарын жаудыруға асығады. Себебі біз, қазіргі таңның жастары сол ата-бабаларымыздың арқасында бейбітшілік өмірге қол жеткізіп, бақытты өмір кешудеміз. «Қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысының әр ауылы мен қаласында Ұлы Отан соғысының

850 ардагері бар. Соның ішінде 27-сі Ленинград қоршауында Отан қорғаса, 36-сы ардагерлердің жесірлері, 500-і концлагер тұтқындары. Бұдан бөлек КСРО мемлекеттік төсбелгісімен марапатталған 2018 тыл ардагері бар. Жерлестеріміздің арқасында 106 Кеңес Одағы Батыры 24 Даңқ Орденінің толық кавалері бар. Солардың құрметіне Шығыс Қазақстан өңірінде

172 мемориалды кешен мен 233 ескерткіш орнатылды. Соғыс және еңбек ардагерлері атына 327 көше мен елді-мекендер аталған. Алайда аталмыш ескерткіш пен кешендердің көпшілігі жөндеуді қажет етеді», - делінген хабарламада. Міне, ардагерлерге көптеген игі істер жасалып, құрмет көрсетілуде. Соғыста қаза тапқандарға, сондай-ақ ардагерлерімізге мың алғыс! Сіздердің өмір, бейбітшілік және бостандық үшін істеген ерліктеріңізге рахмет. Мейрамдарыңызбен! Фашистердің басты жоспары жерді жаулап алып, адамдарды құлға айналдыру болатын. Бірақ, фашистердің алып жоспары жүзеге аспады. Біздің халық бұл соғысты

Ұлы Жеңіспен аяқтады. Жеңіс мерекесі бізге барлық мейрамдардан да қымбат. Ендеше соғыс болмасын, бейбітшілік жасасын деп тілейік. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Болатбек Меруерт

6 сынып, №105 орта мектебі Жосалы кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Ұлы Жеңіс – ұрпаққа аманат

Соғыс жаңғырығы жылдан – жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік соғыс болса, соның бір бөлшегі Кеңес Одағының тарихындағы Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға атсалысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын алғандар да бар. Кезінде аты аталмай қалса да қазір санамызға қайта оралып, жатқан тұлғалар аз емес. Мысалы, Бақтыораз Бейсекбаевты аға буын өкілдері білген жоқ қой. Қазір еліміздегі ең жоғарғы награда «Халық қаһарманы» атағының иегері. Отан соғысының ізінде әлі де ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?... Оны ашып анықтау белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, оларға қамқорлық жасау – бүгінгі ұрпақ, біздің, қасиетті парызымыз.

Бөгенбаев Мерей

10 сынып, №30 орта мектебі
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы – Қазақстан

Қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды! Осыдан 74 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО-ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел экономикасындағы маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532 506 адам көшірілді. Оған қоса, жаңа өнеркәсіптік нысандардың құрылыстары жеделдетілді. Соғыстың алғашқы 1,5 жылында Қазақстанда 25 кен орны пен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көмір шахтасы, 3 разрез, 4 жаңа мұнай кеніші мен Гурьевтегі мұнай өңдеу зауыты іске қосылды. Темір жол құрылысы жалғасты. 1942-1943 жылдары Мақат-Орск, Ақмола-Магнитогорск желілерінің құрылысы аяқталды. Соғыс жылдары Қазақстан жалпыодақтың мыс құймасының 30 пайызын, марганец кенінің 60 пайызын, мыс кенінің 50 пайызын, металл висмуттың 65 пайызын, полиметалл кендерінің 70 пайызын, мырыш өнімінің 85 пайызын берді. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті мыстың үштен бірі Қазақстанда өндірілді, сондықтан да соғыс жылдары әрбір 10 оқтың тоғызы Қазақстанда құйылды. Республикада танк және ұшақ жасауға ақша жинау қозғалысы жүрді. 1941 жылдың күзінде Бүкілодақтық лениндік коммунистік жастар одағы (ВЛКСМ) атындағы танк дивизиясын құруға қаржы жинала бастады да, бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. Кейінірек халық қаражатына тағы 10 танк колоннасы, бірнеше авиациялық эскадрилия, торпедо катерлер мен атаулы ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы жауынгерлік техникалар жасауға 480,3 миллион рубль жинап берді. Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда, еліміз 30,8 миллион пұт астық, 14,4 миллион пұт картоп және көкөніс, 15,8 миллион пұт ет, 3 194 мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Республиканың барлық экономикасы әскери «рельске» қойылды: бейбіт мақсаттағы шығыстар барынша қысқартылды, көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығаруға кірісті. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті. Еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық, 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті.

КСРО-ның батыс өңірлерінен көшірілген халықпен қоса, 1941 жылдың күзінде Қазақстанға Полвольжеден жүздеген мың немістер мен поляктар жер аударылды. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш, шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары күшпен жер аударылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам селодеревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

және басқа да байланыс бекеттері жермен-жермен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек

Демжанова Альмира

8 сынып, №44 орта мектебі

Қоғалыкөл ауылы, Сырдария ауданы

Иә, міне Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл болды. Бұл сол кездегі қазақ халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш еткен, тарихта қалатын күн. Сұм Гитлер қазақтарға 1941 жылдың 22 маусымында соғыс ашты. 1941 жылы Брест қамалын қорғау қолға алынды. 1941-1944 жылдары Ленинградты қорғау, 1941 жылдың 30 қыркүйек - 1942 жылдың 20 сәуірде Москва үшін шайқас болды. 1942 жылы 17 шілде, 1943 жылы 2 ақпанында Сталинград үшін соғыс болды. 1943 жылы 23 тамызында Курск шайқасы болды. 1943 жылы тамыз бен желтоқсан айларында Днепр үшін шайқас болды. 1945 жылы 8 мамырда Берлин операциясы болды. 1945 жылы 9 мамырды Жеңіс күні болды.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Арыға бармай-ақ 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Бұл соғыста көптеген жастар мен қарттар қыршыннан кетті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы, өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Жауға қарсы алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерең ерлік көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белорусияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Болгария. Германия жердеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған 100 қазақтың Кеңестер Одағының батыры атағын алған (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды). Бұны сол кездегі 2,5-3 млн.қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлы ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Екінші дүние жүзілік соғыстағы әйелдердің ерлігі ерекше. Олардың ішінде қазақ әйелдерінің ерлігі туралы «Арулар отты жылдарда», «Соғыстың қатігез бейнесі» деген атпен батыр қыздардың ерліктерін мойындаймыз. Мың жыда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты бүгінгі ұрпаққа өнеге, Олардың өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жан-жақты насихаттау таныстыру біздің парызымыз. Соғыс кезінде астық апару өте қиын болған.

Біздің отбасымыздан да адамдар кеткен. Менің атам Әмірхан Демжанов 1942 жылдың наурыз айынды Отанымыздың өмірне қиын-қыстау кезең туғанда Армия қатарына шақырылған екен. Қасымхан атам ол кезде небәрі 5-ақ жаста екен. Әмірхан атамның қайтыс болғанын соғыс біткеннен кейін Смоленск облысының Демидовск ауданына қарасты Пржевальск селосында Нина Цветкова хабарлады. 1972 жылдың тамыз айында Демидовск ауданына қарасты Пржевалск ауылына 1943 жылдың 28 наурыз күні қаза тапқан Әмірхан атамның басына ата-әжемдер барып қайтыпты. Ұлы Отан соғыс шайқастарының сұрапыл екендігін осы бір шағын ауыл үшін соғыс кезінде 5885 жауынгердің қаза тапқанын көруге болады. Бұлардың әрқайсысы менің атам сияқты біреудің етбауыр жақыны, туысы, бауыры не баласы, не жетім қалған балалардың әкесі екендігінде сөз жоқ. Қазір осы елдің қаза тапқан жерінде оларға құрмат көрсетеді. Қасымхан атам Пржевальск орта мектебіндегі қызыл ізшілердің ұйымдастырған музей үйін көріп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тамашалаған. Қазір Әмірхан атамның бізде не суреті, не болмаса документтері жоқ. Қасымхан атамның Әмірхан атама жазған өз өнер туындысы:

Әмірханға
Күнің бүгін қыршыннан қиылған,
Дәм мен тұзың бұл дүниеде тиылған.
Содан бері 63 жыл өтіпті,
Шемен болып жүрегімді қинаған.
Есіме алсам жиырмадағы жастайсың,
Сол тұлғаңмен болашаққа бастайсың.
Ел алдында борышыңды өтеп ап,
Шырылдатып мені қайда тастайсың.

Сырымов Әрміз – қатардағы жауынгер. Қызылжарма ауылдық кеңесі бұрынғы 18-ауылы, «Колос» жерінде туылған 1921 жылы. Сырдария АӘК арқылы 1941 жылы әскерге алынып, атқыш ретінде соғысқа қатысқан. 1942 жылы 7 қыркүйекте Халхута ауылында. Отанын қорғап ерлікпен қаза тапқан.

Ұлы отан соғысында ақыры біз жеңіске жеттік. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, станоктың қасынан, егін далсында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлады. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы 1945 жылдың 9 мамырында жеңіспен аяқталды.

Демжанова Гүлбану
10 сынып, №44 орта мектебі
Қоғалыкөл ауылы, Сырдария ауданы

Ер мен елдің жеңісі

Тарих бетіне үңілсек сонау 1939 жылы Германия мен КСРО арасында бейбіт келісім шарт жасалыпты. Келісім шартта екі ел бір-бірімен соғыспайтын, бейбіт ел болу керек болатын. Алайда Адольф Гитлер бұл келісім шартты бұзып, 1941 жылы 22 маусымда өзінің «Барборосса» жоспары бойынша КСРО-ға тұтқиылдан басып кіреді. Фашистер өздерінің қимыл-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әрекеті, мінсіз жоспары арқылы КСРО-ны бар-жоғы 2 айдың көлемінде басып аламыз деп жоспарлап келген. Таң сәріде фашисттер КСРО-ның Каунас, Киев, Минск, Одесса, Севастополь қалаларына әуеден соққы береді. Соғысқа дайын емес КСРО басшысы И.В.Сталин маусым айының жиырма бесінші жұлдызы күні жедел түрде Мемлекеттік Қорғаныс комитетін құрып, мемлекеттік бүкіл билікті өз қолына алады. И.В.Сталин өз сөзінде бұл соғысты Отан соғысы, кейінірек Ұлы Отан соғысы деп жариялады. Кеңес Одағының құрамындағы 15 одақтас республика жұмыла күш білдіріп әскерлерін майданға аттандырды. Соғыс қазақстандықтарды да айналып өтпеді. Қызу майданға 1 млн 200 мың өрімдей жас қыздарымыз, жігерлі ер жігіттеріміз аттанды. Елде қалған ана баладан, әке бауырдан айырылды. Сайын қырда төрт түлік малын бағып жүрген қазақтар қолындағы таяғын тастап, ойда дән егіп жүрген диханшыларымыз тракторларынан түсіп, елі жері деп соққан жүректер майданға аттанып кетті. Жау әскерінің екпінді шабуылына кеңес жауынгерлері, қоршауға түскен жауынгерлер сонымен қатар тұрғындар да айтарлықтар қарсылық көрсетті. Фашистердің жоспарлауы бойынша Брест қамалын 1941 жылдың 22 маусымы күні басып аламыз деп жоспарлаған. Алайда кескілескен қанды шайқас 30 маусымға дейін жалғасын тапты. Қамалды сақтап қалу үшін жауынгерлер жеті күні бойы қорғады. Бұл қамалды қорғап қалу үшін көпұлтты неміс халықтарының қаһармандығы аңызға айналды. Себебі қамалды 30-дан астам ұлт өкілдері қасық қандары қалғанша бекініс есіктерін жауып, өлгендерінше жау әскеріне берілмеген.

Кеңес Одағының әскерін тым әлсіз деп ойлаған фашистер қуатты қарсы соққыларға тап болды. Әскерлермен қатар тұрғындар да Отан үшін аянып қалмады. Неміс әскерінің қажырлы қайсарлығына қарамастан Берлин қаласы қоршауға алынды. Рейхстагқа алғаш қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаев ту тікті. Адольф Гитлердің ойлағаны болмады. Қулық, сұмдықтың жүзеге аспайтынына тағы да көзіміз жетті. Соғысты бастаушы Адольф Гитлер 1945 жылы 30 сәуірде өзін өлтірді. Соғыс КСРО-ның жеңісімен аяқталды. Бұл жеңіс КСРО-ның әлемдегі орнын айшықтай түсті. Міне, осы күннен бастап 9-мамыр жеңіс күні болып белгіленді.

9-мамыр мерекесі елімізде жыл сайын кең көлемде аталып өтіледі. Қаза тапқан ерлерімізге құран бағыштап, жеңіс тойын тойлаймыз.

Жеңіс! Осынау жалғыз ауыз сөзде қанша терең мағына жатыр. Кез келген істі, қандай күрестің де басты мақсаты жеңіске жету болғанымен, кешегі Ұлы Отан соғысындағы үлкен жеңістің орны айрықша бөлек. Оған жету үшін қаншама халық жан алып, жан беріскен шайқастарға толы ұзақ та ауыр жолдан өтіп келді. Зарықтырып, сағынтып жеткен ол жеңісті жақындата түсуге майданның алдыңғы шебінеде от пен оқтың ортасында болған майдангерлермен бірге тыл еңбеккерлері де, майдан даласынан шалғайдағы қарттар мен әйелдер де жас өрімдей жеткіншектер де үлес қосқан. Ол сонысымен де қастерлі, қасиетті саналады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ел басына күн туған кешегі соғыс кезінде ер-азаматтар қолдарына қару алып, ел қорғауға аттанған. Талай қанды қырғынды бастарынан кешіріп, жеңісті жақындатқан майдангер батыр аталарымыз «Елдің көркі ермен, Отан көркі жермен» дегендей, ел басына қатер төнген жылдары кеудедегі шыбын жаны шыққанша жаумен жаға жыртысқан батыр аталарымыз аз емес. Олар ең алдымен ұлты үшін, халқы үшін жанын құрбан еткен жандар. Жыл өткен сайын қатары азайып бара жатқан майдангер аталарымыздың есімдері ұмытылмай келем ұрпақтың есінде жатталып қалуы керек. Отан үшін жанын пида еткен батырлардың арасында біздің ауылымыздың жігерлі жауынгерлері де майданға аттанды. Елін қорғауда күрескен аталарымыз Күдебаев Назар, Әбенев Жұман, Әбласанов Шахаббадин аталарымыздың еңбегі шексіз. Отан қорғаушы ата-әжелеріміздің табандылығының арқасында осы күнге жетіп отырмыз. Отан қорғауға аттанғандардың арасында біздің отбасымыздан да жауынгерлер бар. Атам Әмірхан Демжанов Отанымызға қиын-қыстау шақта 1942 жылы наурыз айында әскер қатарына шақырылған. Соғыста аға сержант қызметін атқарған. Алайда атамыз елге оралмаған екен. Отанымызды қорғауда ерлікпен қаза тапқан. Соғыста қатардағы жауынгер болған атам – Сырымов Әрміз. Соғыста хабарсыз кеткен. Менің осындай Отанын қорғаған аталарымның ұрпағы болғанымға мақтанамын! Аталарымды шексіз құрметтеймін!

Алматыда жасақталған Генерал И.В.Панфилов қолбасшылық еткен 316-атқыштар дивизиясының 28 әскері – 5 неміс танкісі мен жаяу әскерлеріне табандылықпен қарсы тұрды. Отанды қорғауда Кеңес Одағының ержүрек батырлары Баубек Бұлқышев, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Нүркен Әбдіров, Ғани Сафиуллин, Сағадат Нұрмағанбетов, Қасым Қайсенов аталарымыздың еңбегі шексіз. Бұл кісілердің есімдері дүниежүзіне мәлім болды. Еліміз батырларымызды құрметтейді. Елін қорғаған батырларға Халық Қаһарманы деген атақ берілді. 500-ден астам жерлестеріміз Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Соғыс кезінде жауынгерлерге азық-түлік тасу да қиынға түсті. Көне көз қарияларымыздан соғыс жайлы сұрасақ «Қазір еліміз тыныш. Ешқашан да соғыс қаупі төнбесін», - деп айтып отырады. Расында да елімізде соғыс қаупі ешқашан да тумасын. Теледидардан көріп отырғанымыздай Сириядағы қан төгісті көріп, тағдырымызға шүкіршілік етеміз.

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама барысында еліміздің тыныштығы да қаралды. Елбасымыздың көрегелі саясатының басшылығымен керегесі кең, терезесі тең елге айналдық. Соғыс қаупі төніп тұрған жоқ. Бейбіт елде өмір сүріп жатырмыз. Бұл да елбасымыздың сүбелі саясатының бірден-бір көрінісі.

Алда Ұлы Жеңістің 70 жылдығы келе жатыр. Кеңес Одағын фашистерден азат еткеніне 70 жыл. Аталарымыздың, әжелеріміздің елді азат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

етудегі ерең еңбегі ешқашан да ұмытылмақ емес. Сұрапыл соғыстың қиямет-қайым ауыртпалықтары оқ пен оттың ортасында жүргенмайдангерлердің ғана емес, алыс тылдағы барша халықтың қабырғсына батқан сол жылдар санадан әлі ұмытылған жоқ. Елде қалған қарттар мен әйелдер де, тіпті буыны қатып, бұғанасы бекіменген жас балаларда көп бейнет көрді. Еңіреген етегі жасқа толған елді, әсіресе ойын балаларын нағыз қызық шағында бәрінен жұрдай болып, жұмысқа жегілді. Ел тілегі ақталып, ақ түйенің қарны жарылды. Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат қасиетті мереке. Бұл тек, сол соғысты жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғысты жеңісті жатындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан ораймай еліміздің берік қорғанынадай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

Ерғали Ақерке

10 сынып, № 131 орта мектебі Сырдария ауданы

Мәңгі өшпейтін ерлік

Ұлы Отан соғысы... Бұл – 1941 мен 1945 жылдардың арасындағы ... мемлекетті жалмалап, 40 миллионнан астам адамды өмірінен, 40 миллионнан астам отбасына жақынынан айырған, «Барды жоқ еткен, тауды жер еткен» күйретуші күш.

Ұлы Отан соғысы... Бұл – сол кездегі Кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді қанды қырғында қайсарлықпен шайқасып, аман оралған ата-бабаларымыз тойлайды.

Бұл күнді отан үшін от кешіп, дүниеден өткендер мен әлі де есімдерін қалың жұртшылық біле бермейтін, ел қорғаған жауангерлерімізді еске алып біз тойлаймыз.

Бұл күн – бейбіт өмірдің, бақытты балғын күндердің, жасампаздықтың, азаттықтың салтанатты мерекесі. Бұл мереке біздің халқымыз үшін де өте маңызды.

Қазақ елі – басына күн туғанда, толарсақтан саз кешетін жауынгер, қайтпас қайсар халық. Себебі, әлемді дүр сілкіндірген осы алапат қасіретке дейін де біздің қандастарымыз талай шапқыншылықты, қан кешкен шайқасты басынан өткізді. Соның бәрінде де намысты қолдан бермей, туған топырағы үшін жан берісіп, жан алысты. Жеңіске жетті, қасиетті жерін жауға таптатпады. Сондай ерліктің, қайсарлықтың үлгісін біздің аға-апаларымыз осы соғыста көрсетті. Фашистер аштықтан, суықтан қалжыраған қала халқы өздігінен беріледі деп қараулық ойлады. Алайда қазақстандық мергендерден жасақталған дивизия соғыс өртіне орана жүріп, елжандылықтың, патриоттықтың көрінісін дәлелдеді.

«Шығыстың қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүктің ерлігіне әлем халқы ізетпен, құрметпен бас иеді. Ленинград маңындағы елді мекенді азат

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

етуде алдыңғы шепте жүрген Әлия «Отан үшін алға!» деп, барлық жауынгерлерді соңынан ертіп, шабуылға шығады. Жаудың бораған оғына қарамай, қыстаққа бәрінен бұрын алдымен өзі кіріп, бірнеше жаудың көзін жояды.

Ал Невель қаласы үшін болған шайқаста қасындағы жолдастарынан айырылған Мәншүк, үш бірдей пулеметті қатарынан қойып, үш сағат бойы жауды жалғыз бөгеп, асқан қайсарлықпен беріспеді. Қала халқының бостандығы үшін жанын пида етті. Өздері өмірімен қоштасса да, артында аңыз болып ерлігі қалды. Отанға деген махаббатының белгісіндей өр кеудесіндегі жарқыраған «Алтын жұлдызы» қалды.

Дегенмен, ерлер мен тізе қосып жүріп, елін, жерін жаудан қорғаған талай ата-апаларымыздың есімі елге танылмай да қалғаны кейінгі ұрпақ үшін өкінішті! Соғыстың салған жүз жылдық жарасынан әлі де талай отбасының көкірегі қарс айырылып, көздерін жас шылайтыны айдан – анық, бірақ, біз жеңістің жарты ғасырдан астам уақыт тәтті дәмін татып, бейбіт өмір сүріп жатқанымызға өте қуанамыз. Сонда егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің өмірі ұзағынан болғай деп тілейміз.

Бұл соғыс кеңестік армияның сапында болған бірнеше ұлт өкілдерінің ерлігін паш етті.

Сондай ерлігі аңызға айналған, қазаққа тән өршіл мінезімен тағдыр дауылдарында сыналған Бауыржан атамыз жайлы айтпасам, менің қазақтығыма, сондай жандардың ұрпағы болғандығыма сын деп есептеймін. Біз үшін найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар, қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесінен халық мүддесін жоғары қойған, қара қылды қақ жарған, әділдіктен жаралған атамыздың ерлігі – мәңгі есте қалатын өнеге. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деген даналық сөзін әркез өзіне серік қылған атамыз майдан шебінде үнемі жеңіске жетіп отырды.

Тәртіп пен батылдықты қатар ала жүріп, талай ерліктердің куәсі болды. Жанына он ғана жігіт ертіп, бір пулемет, бір миномет, бір кішкене зеңбіректі шанаға тиеп алып, немістер жатқан қыстаққа шабуыл жасайды. Немістерді шошытып, опыр-топырын шығарып, он-ақ жігіт жүз жиырма немістің өлігін санап, әкеп береді. Бұл атамыздың батылдық, қайсарлық ісінің бір ғана мысалы. Ал атамыздың ұлтжандылығынан, елжандылығынан алар тәрбиеміз, тағылымымыз шексіз деп ойлаймын.

Бауыржанның ержүрек, тапқыр, ұлтшыл болғандығы туралы халық арасында көптеген әңгімелер тараған. Солардың бірі – ұлтшыл болғаны үшін Кеңес Одағы Батыры атағын кеш алған батыр-жазушының жауынгерлік ісі. Бірде Отан қорғаудағы ерліктері мен батырлығы үшін жауынгерлерді марапаттау рәсімі өтеді. Кезек Бауыржан Момышұлына да келеді. «Бауыржан Момышович» деп дауыстап шақырады. Ешкім шықпайды. «Бауыржан Момышович» дейді қайталап. Тағы да ешкім үндемейді. Осылай үш рет

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қайталағаннан кейін: «Бауыран Момышович емес», «Бауыржан Момышұлы» бар, - дейді дауыстап. Сонда сол жерде тұрғандардың барлығы таңғалады.

Оның «Ұлтшылдығынан» қорқып, бұл атақты бермей қояды. Солай ер қазақ оқ бораған майдан даласында жүріп те, «Бауыржан Момышұлы» деген қазақтың бар екенін көпке жария ете білді. Ақылымен көпшілікті аузына қаратып алған Бауыржандай атамыздың ерлігі ескерусіз қалған жоқ. Тәуелсіздік таңы атқанда өз елінің Халық қаһарманы аталды.

Бұл майданда ерлігі мен батырлығы көпке танылған тұлғалар да, батылдығы мен ержүректілігі кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай болса да, қазақ елінің мақтанышына айнала алмаған өрендер де болды. Сондай кісілердің бірі – өз ортасына ғана танымал, бірақ біздің өлкеміздің, жанқямыздың, ауылымыздың мақтаны, құрметті ардагері болған менің атам – Ерғали. Менің атам мерген болған. Ұлы майданда бір мезетте жаудың тоғыз пулеметшісін ажал құштырған.

Атамның жауды тәубесіне түсірген соңғы шайқасы 1945 жылы желтоқсан айында жаудың бірде-бір әскерін тірі қалдырмай, біздің батальонның сегіз-ақ жауынгері аман қалған шайқаста, атам үйге мүгедек болып оралған кезінде болды. Қатігез фашистердің тастаған бомбасының астында қалған атам бірнеше күн бойы оянбай, ес-түсін білмей жатқанда, оны ажал құшқандардың қатарына санап, госпитальға апарды.

Бірақ, құдай сақтап, есін жиғанымен, сойлей алмай, құлағы да естімей қалады. Осындай күймен ол 45-жылдың қысында өз отбасына оралды. Бірақ, сенесіз бе? Тәңірім Отан алдында жасаған шексіз еңбегі үшін деді ме екен, жоқ әлде отбасына мұндай адамды масыл қылып қойғысы келмеді ме екен, әйтеуір атамның құлағы бір-ақ күннің ішінде ашылады. Бірнеше ай бойы дүниедегі қыбырлаған нәрсенің даусын естіп көрмеген құлағына сол күні айналадағы неше түрлі дыбыстар келіп, дүние астан-кестен болғандай күй кешеді. Көзі шарасына шығып, қатты шошыған Ерғали атам артына жалт қараса, жеңгесі келе жатыр екен. Бұрын-соңды қайнысының бұндай түрін көрмеген ол абдырап тұрып қалады. Сөйлемейді деген атам сол мезетте жеңгесінің атын атай бергенде, байғұс жеңгесі есінен танып қалады. Не керек, сол күннен бастап менің атам айналадағы тіршіліктің кереметтей даусын естіп, туған-туыстарымен, бауырларымен сөйлесе алатын қасиетке қайтадан ие болды. Дүние есігін жаңа ашқандай болған, соғыстың ащы кермек дәмін татқан атам бейбіт өмірдің шуақты күндерінің де қаһарманы болды. Шымкенттің шаруашылық техникумын бітіргеннен кейін ол енді ауылында осы мамандығы бойынша бригадир болып жұмыс жасайды. Балаларын байлығындай бағалаған атам алты ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Балалармен өткізген әрбір күнін бақытты өмірдің жарқыраған шамшырағы деп масаттанды. Сондай атаның ізін жалғастырушы ұрпағы болғаным үшін мен де мақтанамын.

Отан қорғаудағы дауылды жылдардан кейінгі жарты ғасырдан астам уақыт бойы көпке танылмаған атам жайлы сыр шертетін уақытқа қол

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеткіздім. Бұл да – бейбіт өмірдің, бақытты заманның жемісі. Енді бүгін мен ешқандай газет, журнал беттерінде есімі де жазылмаған, бірақ ерлігі мен жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан осы бір қаһарманды шығармама арқау еттім. Ол бүкіл еліміздің болмаса да, біздің отбасының, әулеттің мәңгі жүрегінде.

Ержанова Аружан

5 сынып, № 13 мектебі Арал қаласы

Қызылорда облысы

Жетекшісі: Досаханова Л. С.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап қазақ халқы фашизмге қарсы аттанып, соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық күш – жігерін жұмсады, асқан ерліктер көрсетті. Ерлік көрсеткен біздің батыр аға, апаларымызды елемеу мүмкін емес. Олар өздерін барынша, Ұлы Отан соғысында көрсетті Қазақ елін қорғады. Сол аға – апаларымызды атап өтсек: Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин.

Осы айтылған аға-апаларымыз туралы қысқаша мәлімет айтсам. Әлия Молдағұлова – 1924 жылы Ақтөбе облысы, Қобда ауданы Бұлақ ауданында дүниеге келген. Қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыр 1944 жылы дүниеден озған.

Мәншүк Мәметова (шын есімі – Мәнсия) Жиенғалиқызы. 1922 жылы Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында туған. Қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры 1943 жылы дүниеден озған.

Бауыржан Момышұлы – жазушы, даңқты жауынгері, гвардия полковнигі панфиловшы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы. 1910 жылы дүниеге келген. 1982 жылы дүниеден озған.

Рақымжан Қошқарбаев – Берлинде Рейхстаг қабырғасына алғашқылардың бірі болып жеңіс туын тіккен қаһарман қазақ жауынгері. 1924 жылы 19 қазанда Ақмола қаласы Ақмола ауданында туылған. 1988 жылы дүниеден озған. Талғат Бигелдинов – Ұлы Отан соғысында екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық ұшқыштардың бірі. Ол 1992 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Ақкөл ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген. 2014 жылы дүниеден озған. Осы аға-әпкелеріміз туралы айтатын болсақ, мәліметтер өте көп. Мен бұл аға-әпкелеріміз туралы қысқаша жаздым. Соғыс 1945 жылы соғыс бітті. Жеңіс күні деп 9 мамыр белгіленді. Биыл соғыстың аяқталғанына 70 жыл болады. Енді елімізде бұндай соғыс болмасын. Қайрат Жұмағалиевтың «Мен соғыстың жек көрем» деген өлең жолдар оқып көрейік.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мен соғысты жек көрем!
Мен соғысты Жек көрем
Көкем айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген!
Талай өткен ғасырлар
Еш соғыссыз өтпеген!
Мен соғысты жек көрем!
Күні ертең –ақ ержетем!
Қиялымды өрлетем!
Туған жерді Әлпештеп,
Кірпік ілмей Тербетем!
Жету үшін мұратқа
Сапар шегем жыраққа!
Ғұмыр бойы соғысам
Асу бермес белдермен!
Асау өзен, көлдермен!
Құлазыған шөлдермен!
Мен соғысты Жек көрем!
Адамзатты Жеткізем,
Арманына Жетпеген!

Мен осы өлеңнің алдын да, енді осындай соғыс болмасын дедім. Себебі мына өлеңде соғыс қандай халқымыз азап, қасірет шеккен. Тағыда қайталап айтамын елімізде бұндай соғыс болмасын. Тек бейбітшілік пен тыныштық болсын. Еліміз аман болсын деп тілеймін.

Есбергенова Әзиза

9 сынып, №121 орта мектебі
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Жеңіс, естелік, отансүйгіштік

Қайсарлық пен батырлық, Отанға деген
сүйіспеншілік аса қатыгез сұрапыл
соғыста жеңіске жол ашты.

Н.Ә.Назарбаев

Кеңес одағының Ұлы Отан соғысы Кеңес одағының нацистік Алманияға және оның еуропалық одақтарына қарсы жүргізген соғысы. Ұлы Отан соғысы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұғымы 1941 жылы шілденің 3-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды. Сталин өз сөзінде «ұлы» және отан деген сөздерді бөлек-бөлек, бір-бірімен байланыстырмай қолданды. «Ұлы Отан соғысы» сөз тіркесі көптеген басқа тілдердеде қолданылады, кейбір авторлар «Екінші дүние жүзілік соғыстың шығыс майданы» деген сөз тіркесі қолданады. Ұлы Отан соғысы қарсаңында Германияның өзінде және жаулап алынған елдер мен одақтас елдерге жылына 439 млн тонна көмір, 31,8 млн тонна болат өндіріліп, 11 мың зеңбірек пен миномет, 11 мың ұшақ шығарылатын, ал 1941 жылдың 1-ші жартысында 1621 танк пен өздігінен қозғалатын артиллерия қондырғысы шығарылды. Бұл деректерден Германияның өнеркәсіп қуаты жағынан КСРО-ның үстінен басымдылыққа ие болғандығы анық көрінеді. Бірақ қару-жарак шығару жағынан Германия дәл сондай басымдылыққа ие болған жоқ. КСРО болашақта болатын жойқын соғысқа 30-шы жылдардың басынан бастап дайындала бастаған болатын. Тек ауыр өнеркәсіп қана емес, өмірдің түллі-түрлі жақтары, идеология, бұқаралық ақпарат құралдары, тіпті орта білім беру салаларыда милитаризацияланды.

Бұл соғыс жылдары халыққа өте ауыр тиді. Ешкімде ешқашанда ұмыта алмайтындай ерекше өз орны бар. Осы соғыс кезіндегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Әр ақындар бұл соғыс зардабын өз өлеңдеріне қосып та жатады. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?

Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін, туған жердің топырағын таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін, қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл ұлы мереке, оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол әрине – бірлік. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Солардың бірі – Ғ.Жұматов, В.Фурсов, Қ.Тұрдиев, Ш.Шолтырев, Қ.Иманқұловтар болды. Осындай қан майданға қазақ топырағынан бір миллионнан астам ержүрек жауынгерлер аттанған. Олардың көбісі сол алапат соғысы алаңында қаза тапты. Сонымен қатар, аттары аңызға айналған жаңа тұлғалар тарих бетінде өздерінің ерліктерімен аттарын алтын әріппен жазып қалдырды. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

батыры атағын алды. Олар – Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және т.б. Осы апа-аталарымыз алпат қырғын соғысты жеңіспен аяқтады. Жеңіс елімізге күш-қайрат, сенім, рух берді. Міне, содан бері 70 жыл артта қалды. Халық болып қорғаған Совет одағы ыдырап, біздің Қазақстан өз алдына жеке мемлекет болды. Бұл тарихи оқиға 1991 жылы 16 желтоқсанында болған еді. Содан бері еліміз Ұлы жеңісті жалғастырып, жаңа жетістіктермен өркендетіп келеді.

Ұлы Отан соғысы жайлы бірсыпыра айтып өту мүмкін емес. Қаншама ата-бабаларымыз осы жеңіс үшін аянбай соғысып, жндарын қиды. Бұл соғыс адамзат тарихында ең сұрапыл әлемді дүр сілкіндірген жан түршігерлік қанды қырғын болды. Ұлы жеңіске еліміздің барлық халықтың жеңіске күштарлығының арқасында, береке-бірлігінің арқасында елімізді, жерімізді, Отанымызды сақтаймыз деп жан аямай соғысып, жан аямай еңбек еткеніміздің арқасында қол жеткіздік. Сондақтан да бұл мереке адамзатқа, олардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш, ортақ жеңіс күні.

Есенгелді Айжан

11 сынып, № 3 мектеп-лицейі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Мулдағалиева А. С.

Желбіре, жеңіс жалауы!

9 мамыр – бүгінгі бейбіт өмірдің бастауы болған күн, адамзат тарихындағы ең ауыр қантөгіс соғыстың аяқталған күні, фашизмді жеңген қаһарман халықтың мереке күні, отының басына оралмаған аталарымызды сарыла күткен сағыныш күні, осынау қуаныш үшін өмірлерін қиған боздақтарды еске алу күні. Бұл күн – сол бір қанды қырғыннан қайтпай, қыршынынан қиылған боздақтардың асқақ рухтарының аспандайтын күні.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап келеді. Бұл туралы көнекөз қариялардан естіп, кино, деректі фильмдерден көріп жүрміз. Әйтсе де, өткенге көз жүгіртпей, балғын болашаққа бағдар жасау мүмкін емес...

1941 жыл. 22 маусым. Қанқұйлы фашизмнің қара бұлттай қаптаған қолы тажалдай төніп, тұтқиылдан тап берді. Бейғам, мамыражай тірлік кілт үзілді. Қазақстанның 1 миллион 200 мыңға жуық ұлы мен қызы Кеңес армиясы қатарына соғысуға аттанды. Қанды қырғынға аттануға ондаған атқыштар, атты әскер дивизиялары мен бригадалары, авиация полктарымен қатар арнаулы батальондар жасақталды. Тарихта теңдесі жоқ қаһармандық пен табандылықтың үлгісін көрсеткен жауынгерлер қатарында үш мыңдай қазақстандық шайқасты. Қазақ батырларының майдандағы ерлігі мен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тапқырлығы, жаудан тайсалмайтындығы мен сұстылығы достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді, қазақтар шын мәнінде жаратылысынан батыр, ерлік дәстүрі қалыптасқан ержүрек халық екенін дәлелдей білді.

Біз үшін фашистік Германиямен болған соғыс орасан зор қайғы-қасірет әкелді. Ұшса құс қанаты талатын ұлан байтақ аймағымыз тұтастай майдан даласына айналды. Жеңіс оңай келмеді. Құрбандығымызға сан жетпейді. Сұм соғыс ойранын салмаған, отына шарпымаған отбасы некен-саяк, ана перзентінен, ару асыл жарынан, бала ардақты әкесінен мәңгілікке айырылып, қанаттары қайырылып, қара жамылып қалды. Бүгінгі ұрпақ осынау ержүрек ерлердің алдында мәңгілікке қарыздар.

Қаралы жылдардың жаңғырығы әлі күнге жүректерді сыздатады. Біз азаматтық арды ту көтеріп, төл істерінің ақ та адал екеніне имандай сеніп, дүниедегі бар асылы мен ең қымбаты – өз өмірлерін құрбандыққа шалған ерлердің әруақтары алдында терең ілтипат сезіммен бас иеміз.

Сұрапыл майданда қар жамылып, мұз жастынып, етігімен қан кешкен жауынгерлерімізді қажеттінің бәрімен қамтамасыз етіп, материалдық және рухани демеу беріп, күллі әлем зарыға күткен жеңіс сағатын жанқиярлық істеріменен жақындата түскен тылдағы еңбеккерлер де шексіз құрмет, сүйіспеншілік пен ыстық ықыласқа әбден лайық. Майдан мен тылды азық-түлік өнімдерімен жабдықтауда колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының еңбектері орасан. Нағашы атам Бекенов Шамет те тыл ардагері. Ол кісі әрдайым: «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Отан үшін! Жеңіс үшін!» деген ұранмен тылда да еңбек қайнап жатты деп айтып отырады. Бұл да біз үшін бір үлкен өнеге деп білемін. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктерінің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті мен бағасы артып, тағлым-тәрбиесі мен мән-мағынасы мейлінше тереңдеп, даралана түспек.

Соғыста жанқиярлықпен күрескен әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы Бауыржан Момышұлы: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деп жазып, Отан үшін шайқаста жауынгерлерге рух берді.

Шыдамдылық пен төзімділіктің, қайсарлықтың сынағынан өткен қазақ жауынгерлері жөнінде журналдар жаза бастады. Бұған дәлел – соғыс жылдары майданда болып, ондағы жағдайды өз көзімен көрген ағылшын журналисі Александр Вердтің «Россия в войне 1941-1945 годов» атты ғұмырнамалық кітабында: «Ең мықты солдаттар қазақтар болды, олар соғыстың өне бойында өздерін толығымен жақсы жағынан көрсетті» деп жазуы. Осылайша жеңіске жету жолында жауына кектене ұмтылған қазақ батырларының ерліктері өзгеге үлгі бола бастады.

1945 жылы 30 сәуір кешінде, 6 сағат 30 минутта 1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысында Рейхстаг қабырғасына Рақымжан Қошқарбаев жеңіс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

туын тікті. Күйзелген көңілдер мен қайғы-мұңға толған жанарлар ұлы Жеңістен жұбаныш тапты. 1945 жылдың 9 мамыры күні Ұлы Жеңіске қолымыз жетті. Жеңіс! Қандай құдіретті сөз еді бұл! Осы бір сөзге төрт жыл теңселген дүниенің қайғы-қасіреті, ащы азабы, тәтті арманы, ой-қиялы сыйып жатыр. Содан бері біз Жеңісті тойлап келеміз.

Халықтарды езіп-жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды, дүниежүзілік өркениетті қорғап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпақ емес. Соғыс жалынының басылғанына 70 жыл өтсе де, оның отты лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге, ең алдымен, бейбітшіліктің бағасын ұқтырады. Қасіретті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысып, қанын төккен аяулы аға-әпкелеріміздің есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Қолымыздан келгенше есімдерін, істеген ерліктерін жадымызда сақтап, өмірді жалғастырап келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға тырысып келеміз.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев ардагерлердің көрсеткен ерліктері жайлы әңгімелеп, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуді жалғастыруға шақырады. Осы орайда 2015 жылды ТМД елдерінде «Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жылы» деп жариялау және Жеңістің 70 жылдығына қарай достастық аумағында бірыңғай мерейтойлық награда бекіту жөнінде қабылданған шешімге қолдау білдірді.

«Ардагерлер, майдангерлер, тыл еңбеккерлері, партизан қозғалыстарының мүшелері және жазықсыз қуғын-сүргін көрген, соның ауыртпалығын тартып, жер аударылған, зұлым соғыстан кейін елді қалпына келтіруге үлес қосқан азаматтардың бәріне басымды иемін» деп мемлекет көшбасшысының айтқан әрбір сөзі біз секілді жас буын үшін әрдайым үлгі.

Отанға деген парызын адал атқарып, өшпес өнеге қалдырған, адами болмысымен бірге әдебиетке үлесін қосқан Бауыржан Момышұлы, Отан үшін жанын қатерге тігіп, әуеде әуелеген Талған Бигелдинов, ұлт пен намысты жанынан жоғары қойып ерен еңбек еткен офицер Рақымжан Қошқарбаев, шайқаста жауып тұрған оққа қарамастан жаудың бірнеше атыс ұясын гранатамен талқандап, ерлікпен қаза тапқан Боран Нысанбаев, батылдық пен ерлік көрсеткен қатардағы жауынгер Нағи Ілиясов, жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған батальон снайпері Әлия Молдағұлова, аға сержант, ұрыстарда өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түскен, ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапқан Мәншүк Мәметова сынды майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр қаһармандарымыздың рухына мәңгілік бас ие тағзым етеміз! «Ер есімі – ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге мәңгі шуағын шашпақ.

Біз – бейбітшілікті жақтаушы, дастықты жырлап, тыныштықты сақтаушы елміз. Біз ұлы елдің мәпелеген ұланымыз. Сондықтан осы елге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

лайық болу – ұранымыз! Жер-Ананың төсінде мәңгі бейбіт өмір орнасын!
Жеңістің 70 жылдығы құтты болсын! Туымыз көктен, әуелеген ән ұранымыз
биіктен түспесін!

Есқали Меруерт

7сынып, №33 орта мектебі Бұқарбай батыр аулы
Жалағаш ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Айділдаева Г. А.

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін.
Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды
кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе
радио, телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә,
содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ
Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен
төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн

Біз – бейбіт елдің ұланымыз Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған,
аранын ашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат – екінші
дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он
бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті.
Себебі, соғыс-уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға
берілмейтін азап.

Соғыс туралы емес, елдегі жағдайды айтсам да , аз емес ау көргені
аналардың...

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың
орнына шексіз қиындықта, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен
балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы
майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге
тура келді.. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегеніңді істеуге
тиістісің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс
істетулерге қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым
көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Лампшкем стеклосы жанар ма екен,
Бұл бейнет біздің бастан қалар ма екен
Жақсылық болды деген хабар келсе
Жан шықпай кеудемізде қалар ма екен.
Налымаймын қиындықты осынау іске,
Жүректі еркек ісі түсті бізге.
Отанды қорғаушыдан артық па жан
Тек қана сыймай кетеді жалын ішке, -
деп ыңылдап ән салған әжелер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

даусы құлағыма келгендей болады.
Ер елім, көрсет тағы еңбек күшін,
Еңбекпен қас дұшпанның өрте ішін.
Түр білек, түс еңбекке ту астында
Бәрі де майдан үшін, жеңіс үшін,

- деп халық ақыны Нұрпейіс Байғанин елді майдан үшін еңбек етуге үндегендей, тылдағы жұмысшылар

Республикамыздың ауыр өнеркәсіп саласында да адам айтқысыз жетістіктерге қол жеткізді.

Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтпады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себепшісі.

Балам, сенің бұл халқың-батыр халық,

Батырлығын жауына татырды анық, - деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді.

Шынымен де, елін, жерін тебірене сүйген адам ғана батырға айналады!

Көңілге көп тоқыған Кәрі-құртаң ашынды.

Қара қағаз оқудан сауатымыз ашылды, - деп Қадыр Мырзалиев жырлағандай, Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгін, 9 мамыр күні, осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, тамыр-таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз. 9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні жүрегіміз осыдан 70 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың ұрпақтарының жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады! Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жемісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, XXI ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім!

Жақсыбаев Еламан

№99 орта мектебі Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Ерліктері елдің есінде

Бір кезде алып берген елге Жеңіс,
Сабаздар бірте-бірте келмей тегіс,
Жыл санап сирек тартып бара жатты,
Сарқылып сабасынан бейнетеніз.
Ғафу Қайырбеков

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күн соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер ерлігі. Бұл атаның қанымен, ананың жасымен келген жеңіс. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш, әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Неменеңжетістің бала батыр,
Қарияларазайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да, бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

Москва, сенің іргенді,
Ел, ер болып сақтаймыз.
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде,
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз.
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Ерен ерлігімен халық арасында ерлігі ұранға айналған, Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың биыл жүз бес жылдық мерейтойы Жеңістің жетпіс жылдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған, отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де, қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді.

Жеңіс – қасиетімен ауыр.
Халықтарды нығайтады, көмектеседі және бізге дейін жетеді.
Жеңіс – біздің ата-бабаларымыздың батырлығы.
Жетістік, салтанат, мейрам.
Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!
Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай!

Барды жоқ ететін, тауды жер ететінжер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелейді. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Жақсылықова Айдана
9 сынып, №57 Е.Көшербаев мектебі
Арал ауданы, Қызылорда облысы
Жетекшісі: Абатырова Г.

Ер есімі ел есінде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тарихымызда өшпес із қалдырған ең сұмдық соғыстың, яғни екінші дүниежүзілік соғыстың болып өткеніне де биыл 70 жыл. Қаншама адамзаттың өмірін жалмаған, қаншама елдің жағдайын құлдилатқан зұлмат соғыста жеңіске жеттік. Бірақ төрт жылға созылған майдан біз үшін де оңай болмады, өз қиындықтарын ала келді.

Жауға қарсы соғыстар тек майданда ғана емес, алыстағы ауылдар мен далаларда да жүріп жатты. Мұндағы тірлік те жеңісті бір табан жақындатты. Тылда ауылда қалған әйелдер мен балалар, шамасы келгенше қарт кісілер өз ерен еңбектерін көрсетті. Күні-түні мал бағып, егіс даласында тынымсыз жұмыс жасап жеңісті шыңдады. Қазіргі кезде тылдағы жұмыскерлерді тыл ардагерлері деп атаймыз. Соғыс ардагерімен қатар қойып, ардақ тұтамыз.

1941 жылдың 22 маусымының таңы КСРО үшін қаралы күн болды. Германия әскерлері бір түнде тыныш жатқан кең байтақ даланы оққа борады. Суық хабар лезде жан-жаққа тарады. Қаралы хабарды есіткен бойда, қазақ даласынан сан мыңдаған азаматтар мен азаматшалар өз еріктерімен соғысқа аттанды. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ барлық майдан далаларында фашистерге қарсы ұрыстар жүргізілді.

Майдан даласында ұрыс салған мыңдаған жауынгерлер отаншылдық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде тоқсан алты қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы да басқалар. Олар бізге яғни, кейінгі ұрпаққа үлгі бола білді. Тарихта есімдері алтын әріппен жазылды. Бұлардың әрқайсысы ұлы тұлғалар. Осы кісілер туралы айта кетсек:

Талғат Бигелдинов – авиация генерал-майоры, «Барыс» орденінің иегері. Ол 1944 жылы қазан айында Знаменка және Кировоград қаласын азат ету үшін болған соғыста ерлік көрсетіп, жаудың төрт ұшағын атып түсіргені үшін Кеңес Одағының батыры атағын алды. 1945 жылдың маусымында Талғат ағамызға екінші рет Кеңес Одағының батыры атағы бұйырды.

Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Кеңес Одағының батыры атағына ие болған қазақ қыздары 100-қазақ ұлттық атқыштар бригадасының пулеметшісі М. Мәметова мен 54-атқыштар бригадасының мергені Әлия Молдағұлова болды. Олардың екеуі де жүзден астам жауды жойып, шайқас үстінде қаза болды.

Мәншүк Мәметова – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының батыры.

Мәншүк майданнан анасына: «Апа! Отаным маған қару берді. Сол сенімді ақтағым келеді. Көптен ойлаған ой мақсаттарыма енді жетемін. Соғысқа барғанда фашистерден кек аламын. Мақсатым осы, хош, менің сүйіктім. Қатты қысып сүйемін. Қызың Мәншүк» - деп Алматыдан майданға жүрер алдында хатында жазған.

Невель қаласы үшін болған шайқаста Мәншүк Мәметова табандылық, батырлық көрсетіп, ерлікпен қаза тапты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлия Молдағұлова – қаһарман қыз Кеңес Одағының батыры, мерген.

Әлия 1943 жылы маусым айында 2-Прибалтика майданының 26-атқыштар дивизия құрамында үлкен шайқастарға қатысты. 1944 жылы Новосokolьники станциясы маңындағы шайқаста қазақтың батыр қызы Әлия қаза тапты. Отан үшін көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін Кеңес Одағы батыры атағы берілді.

Соғыс жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына баса білді. Қазақ халқы өз жағдайларына қарамастан, қонақжайлылық көрсетіп, тағдырластарымен бір нанды бөлісе білді. Оларды еш кемсітпеді. Және де Қазақ даласы шикізат көзіне айналды. Мұнда керекті оқ-дәрі, киім-кешек алынып, майданға жеткізілді. Тіпті комсомол жастары аз да болса, қаражат жинап, өз қамқорлықтарын көрсетті.

Сол сұрапыл соғыстарды еске ала отырып, Кеңес Одағының батыры, жазушы Б.Момышұлы былай деп жазды: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік». Иә, расында да патриотизм, фашистерге деген кек оты жауынгерлеріміздің соңғы демі қалғанша күресуіне жол ашты. Олар Отан үшін, елде қалған отбасы, ата-атасы үшін кеудесін отқа тосты. Еш мойымады, жасымады. Шаршап қалжыраған, аш солдаттарымызды бір белгісіз күш алға, жеңіске талпындырғандай. Сол уақыттағы әр адам бар жеткен жетістігін алдағы жарқын болашаққа, жеңіске арнады. Бәрі жеңіс үшін деп ұрандатты. Және олар өз мақсаттарына жетті. Алда бізді, яғни Кеңестер Одағын жеңістің ақ таңы күтіп тұрған еді. Қаншама ата-баба, аға-әпкелеріміздің еңбегімен, ерлігімен келген жеңіс! Қаншама жасты қыршынынан қиған соғыстың жеңісі! Бұл жеңіс кімге де болса қымбат, ыстық естілді.

Иә, төрт жылға созылған зұлмат соғыс неміс фашистерінің тізе бұгуімен аяқталды. Майдандағы жауынгерлер өз туған жерлеріне асыға оралып жатты. Бірақ та мұндай бақыт бұйырмағандары қаншама. Көптен күткен жеңістің ақ таңы тоғызыншы мамырда атты.

Тоғызыншы мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Бұл күн тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді ұрыс даласында кеудесін оққа тосқан жауынгерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы еңбектерімен жеңісті жақындатқан тыл ардагерлері тойлайды. Бұл мейрамды даңқты да аяулы аналарымыз, әпкелеріміз тойлайды. Себебі олар соғысқа кеткен ерлерінің орнын жоқтатпады. Оларды асыға күтті, төзімділік танытты. Бұл мейрамда Отанына, туған-туыстарына жете алмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Кейінгі ұрпақтарына жеңісті ауыр жолмен әкелген ардагерлерді сыйлау – біздің азаматтық парызымыз. Олар бейбітшіліктің ақ таңын сыйлады. Сол үшін де оларға алғыс айтқымыз келеді. Қазіргі тыныш өміріміздің тұнығын лайламауға сөз береміз!

Жақсылықова Жадыра

9 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Батырлар қалмас беймәлім

Тәуелсіз елім-арайлы таңым, асқағым,
Ұлы Жеңіс күніне жырымды арнадым.
Ес білген күннен өзінді көрдім биіктен.
Қазақты сүйіп тұрғандай болды аспаным.

Тәуелсіздік алған жылы дүниеге келген сәбилер қазіргі жігерлі 23 жасқа толды. Елімізді қорғаған Бауыржан Момышұлы атамыз бір сөзінде

«Жиырма үш жас-тарихи ерліктер жасайтын жас» деген. Міне, тәуелсіздіктің құрдастары ерлік жасайтын шақта болса, тіліміз әлі құрсақтағы сәби қалпында қалып отыр. Бүгін – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл, қазақстандықтардың майдан даласындағы ерліктері мен тылдағы табандылықтары ешқашан да ұмытылмайды! 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрған. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан.

Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендерімен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам жас қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар: Талғат Бегелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Блда, т.б. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы мерген Әлия Молдағұлова апамыз бен пулеметші апамыз Мәншүк Мәметова да бар. Менің кейде арманым Әлия, Мәншүк апаларым сияқты елімді, жерімді қорғағым келеді.

Сонымен қатар рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында қазақстандықтар да шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы атамызды, Волоколоск тас жолын қорғаған 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер – солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес. Бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрлеуінің жоғарғы адамгершілік негізі.

Жеңіс күні-абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Көрнекті қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазып қалдырған. «Ленинградтың өренім, Мақтанышым сен едің! Нева өзенің сүйкімді, Бұлағымдай көремін». Ақынның бұл өлеңі Ленинградты қорғаушыларға үлкен рух беріп, ірі әріптермен плакаттарға жазылып, Ленинград көшелеріне ілінді. 9 мамыр-бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді есте сақтау. Бүгін шығарма жазып отырып, есіме өзімнің ағам түсіп отыр.

Мен Жақсылықова Жадыра №111 орта мектептің 9-сынып оқушысымын.

Ағам жайлы айтар болсам. Ағам 1993 жылы 9 мамырда Алдашбай Ахун ауылында дүние есігін ашқан. Ағамның атын 9-мамырда дүние есігін ашқан ағамның Азан шақырып қойған аты – Жеңіс. Жеңіс сөзінің мағынасын ашар болсам. Ұлы Жеңіс құрметіне қойылған есім. Біз Жеңіс мерекесінде Жеңіс ағамызды дүние есігін ашқан күнімен және жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жеңіс күнімен ағамды құттықтап, өз өлеңімді ағама арнасам.

Ұлы Жеңіс Құрметіне атын қойған,
Әулетімде бар менің Жеңіс ағам.
Ағамның ізіне ерген ізбасары,
Жадыра болар есімім қандай жақсы.

Кеңес Одағының Батыры, талантты журналист Баубек Бұлқышев майданда жүріп жазған «Өмір мен өлім туралы» очеркінде:

«Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын. Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз. Өмір үшін күресте біз өлім дегеннен сескенуден жиіркенеміз.

Адам бір-ақ рет туады, бірақ-рет өледі. Өлім әр түрлі болады: біреуі суықтан өледі, біреу қыз үшін қырқысып өледі, енді біреулер аурудан өледі. Мұндай өлімдерді естігенде құр ғана ренжисің де қоясың. Ал істегенінді үлкен құрметтеп, бас иетін өлім де бар. Ол майданда ерлерше өлу»-деп жазды.

Отан жерін жау табанына бастырмау үшін қасық қанын аямай ерлікпен қаза тапқан Төлеген Тоқтаровтың:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Өлімге тіке қадала қара, сонда өлім сенен қашады, сен жеңесің», - деген жалынды, жүрек жарды сөздері де ауыздан ауызға ауысып, сол қалпында өзгермей бізге жетті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ. Біздің ардагерлеріміз кемде-кем қалды. Күннен күнге азайып бара жатырған соғыс ардагерлерін лайықты сый – құрметке әрқашан бөлеп жүрейік. Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы құтты болсын дегім келеді. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды! Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз-болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Қазақ елі мәңгілік жасап, өркенін жая берсін!

Жақсымбетова Ұлпан

10 сынып, №185 орта мектебі Т. Көмекбаев ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Қайыркүлов А. Ш.

2015 жылдың 9 мамырында Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толады.

22 маусым – барлық посткеңестік елдердің тарихындағы ең қайғылы күннің бірі.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Бұл зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қ.Қайсенов. Соғыс тек майдан даласында емес, тылда жүргені мәлім.

Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

1941 жыл 22 маусым. Таңғы сағат 4. Фашистік Германия бейбіт жатқан Кеңес еліне опасыздықпен шабуыл жасады. Таңғы ұйқыны зұлым жаудың зеңбіректері мен пулеметтерінің гүрсілі оятты.

Гитлершілер бүкіл елімізді жойып жіберуді, миллиондаған адамдарымызды құртуды, құлға айналдыруды көздеді. Бірақ сүйікті Отанға қауіп төнген кезде елін, жерін, бостандығын, тәуелсіздігін қорғау үшін бүкіл ел үлкен демей, кіші демей қолдарына қару алып, теңдесі жоқ ерлік жасады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан үшін майданға бүкіл Кеңес елі жұдырықтай жұмылып аттанды. Бүкіл ел мен бірге майданға қазақ халқының ұл-қыздарыда аттанды.

Соғысқа Қазақстаннан 1млн 200 мың адам қатысты. Олардың 400 мыңы әйелдер еді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың». Адам ешқашан да анадан батыр болып тумайды. Айбындылық, батырлық, ерлік аспаннан түспейді. «Табандылықтың атасы татымды тәрбиеден бастау алады» деген халық қаһарманы, даңқты батыр Б.Момышұлы.

«Жігіттер, қазақ қазақ болғалы талай-талай қамаудан өткен.Талай жортуыл-шабуылдарды басынан кешірген.Халық өз ойлаған мақсатына жеткен. Сонау кездегі Исатай, Абай мен Шоқандар халыққа қызмет етумен есімдерін мәңгі қалдырды. Олар-тарихи адамдар. Халық басына күн туғанда қалың қауымды бастайтын ері болмаса, ел не болмақ? Халқымыз бізді мұнда қонаққа жіберген жоқ. Майданға, халық бақытын қорғауға жіберді. Жігіттер, істеріңе адал болыңдар. Отан үшін отқа түс, күймейсің. Өлсек, шейітпіз, халық үшін қазамыз. Ал біріміз осалдық істесек - опасыздық жасағанымыз. Қорқақтық жасасақ халық алдында абыройымыз жоқ. Халықтың ар-намысына қара күйе жағушы боламыз. Мұндай жағдайдан аулақ болайық, жігіттер. Өлсекте ел намысы дегенді ұмытпайық», -деген болатын Б.Момышұлы.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтірер» деген халықтың данышпандық сөзін естен шығармай батыр ағалар мен апалар жауға тайсалмай қарсы тұрды.

Соғысқа қатысқан азаматтар ерліктерін көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлес қосты. Олардың арасында «Шығыстың қос шынары» аталып жүрген Мәншүк пен Әлия бар.

Осынау сұрапыл соғыста майдан даласында жанкешті ғұмыр кешкен батыр жүректі қазақ қызы болды. Небары жиырма жасар қазақ қызы – Мәншүк. Еркін далада еркін өскен қазақ қызының ғұмыры сонау алапат соғыс жылдарында қыршындай үзіліп кете берді. Бірақ ұлы даласы үшін асқан ерлік көрсетті, батырлық танытты.

Қара көз қазақ қызы Мәншүк батыр,
Орнатқан дұшпанына заманақыр.
Сұлатқан сан фашисті баудай турап,
Өнегең отаншылдық сайрап жатыр.

Әлия мен Мәншүкті ардақтау-иісі қазақты ардақтау. Әлия мен Мәншүк – халық үшін егіз есім, бір ұғым. Мәншүк те, Әлия да жас еді.

Тверьдің орманы- жас,жері – кәрі,
Ата-қоныс санайды жұрттың бәрі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сол жерге Әлияның қаны сіңген,
Соғып тұр мерген қыздың жүрегі әлі.
Шаттансаң қыз тудым деп қазақ шаттан,
Әлия Отанына болған мақтан.
Казачиха маңында тұлғасы тұр
Дегендей «Ерлікке аттан, жеңіске аттан!»
Сол жермен сонау заман Пушкин өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп
Қазақтың Әлия қызы қанын төккен.

Батырдың ғұмыры қысқа, даңқы ұзақ деген сөз бар. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасап, артына аңыз қалдырды. Бұл аңыз міне, ХХІ ғасырға да жетті. Тәуелсіздік туын көтеріп, күллі әлеммен бірге замана көшіне ілескен еліміз ертеңіне де Әлия ерлігі аңыз болады. Оның ғұмыры жалғаса береді. Әлия – жыр, Әлия – бейне.

Шығыстың қос жұлдызы атанған қазақтың қаракөз қыздары, Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Өмірлері қысқа болса да, мазмұнды болды. Кейінгі ұрпағына айтып жүрерлік ерлік қалдырды. Әлияға арнап ақындар жырларын, жазушылар кітаптарын, әншілер әнін арнады. Есімдері көшелерге, мектептерге берілді. Әлия мен Мәншүктей болсын деп қанша ана қызға Әлия мен Мәншүк есімін берді. Әлия мен Мәншүк намысы – тәуелсіздік туының тұғыры.

Батырлар дәстүрі Ұлы Отан соғысы жылдарында одан әрі жалғасты. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы шайқастарда ерлікпен соғысқан 11 мың 600-дей жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 104 жауынгер осы атаққа екі рет ие болды. Олардың арасында Т.Бигелдинов, С.Луганский, Л. Беда, П.Павлов секілді төрт қазақстандық қаһарман бар.

Тамаша ұшқыш-атқыштар Иван Никитович Кожедуб пен Александр Иванович Покрышкин үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың әрқайсысы омырауларына үш-үштен «Алтын Жұлдыз» қадады. Кожедуб 120 әуе шайқасына қатысып, фашистердің 62 ұшағын атып түсірді. Ал Покрышкин 156 әуе ұрысында жаудың 59 ұшағын жер қаптырды.

Кеңес Одағының Маршалы С.М.Буденный да үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, ал Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков осы жоғары атаққа 4 рет ие болды.

Кеңес Одағының Батыры атағына ие болғандардың арасында көптеген барлаушылар, астыртын ұйым мүшелері, партизандар да бар.

Қазақ халқының ержүрек екі қызы – Әлия Молдағұлова мен Мәршүк Мәметова шығыс әйелдері арасында осы жоғары атаққа тұңғыш рет ие болып, өздерінің есімдерін мәңгілік даңққа бөледі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Ол әке, апаларымыздың қанымен, білегінің күшімен жетті. Қаншама боздақтар хабарсыз, қаншамасы оққа ұшты. Елге оралғандардың көбі мүгедек болып, аяқ-қолдарынан айырылды.

Елімізді, жерімізді қорғауға өз ауылымыздан аттанған аталарымыз да бар. Олар: Жүсіпов Қ, Үкішев Ж, Құлшығаев Б, Сәрсенбаев Д, Қойшыбаев Т және т.б. Осы кісілер соғыстан аман-есен оралып, елдің көркеюіне, гүлденуіне өз үлестерін қосты. Мен де өз атамның Отан қорғауға өз үлесін қосқанын мақтан тұтамын.

Жойылсын жалғыз сөз «Соғыс» деген,
Оқ даусы мәңгіге жойылсын
Бомбаның орынын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын.

Елімізде ешқашан соғыс өрті болмасын. 9 мамыр Жеңіс күні жасасын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Еліміздің көк байрағы төбемізде желбірей берсін деп тілеймін!

Жалғасбекова Лаззат

10 сынып, №269 орта мектебі Төретам кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Тлеуова Г.

Желбіре, жеңіс жалауы!

Ұландарым, қағып түсер қырандай,
Дұшпанына оқша атылып құлардай.
Жау ордасын опат қылып ойрандап,
Сонда ғана құмарынан шығардай

Адамзат баласына алапат қатер төндірген соғыс отының өшкеніне осынша уақыт өтсе де жері мен намысын жауға таптатпаған жеңімпаз аға ұрпақтың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Олар майдан мен тылда жанқиярлықтың, патриоттықтың, қайсарлықтың өнегесін көрсетті. Майдангерлердің жеңіске деген ерік-жігері адамзат баласын фашизмнің қатерінен сақтап қалды.

Ол қандай сұрапыл соғыс? Соғыстың басталу себебі неде? деген сұрақтар туындайды.

Ұлы Отан Соғысы, кеңес- герман соғысы, Екінші дүниежүзілік соғыстағы шығыс майдан-Германия мен оның одақтастарының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

басқыншылығына қарсы Кеңес Одағының соғысы. 1941 жылы 22 маусымда Германия мен оның одақтастары, Италия, Венгрия, Финляндия, Румыния кеңес-герман шартын бұзып, Кеңес Одағына соғыс ашады. Германияның негізгі мақсаты Кеңес Одағын жою еді. Жоспарда қосымша соққы ретінде Финляндия, Румыния, Италия мен Венгрияның тарапынан да соғыс қимылдарын жүргізу қарастырылған болатын. Құрлықтағы әскерлердің шабуылы әуе және әскери - теңіз күштерімен күшейтіліп, Кеңес Одағының шығысындағы өнеркәсіп орталықтарына, ең әуелі Орал өнеркәсіп орталығына әуеден соққы беру, Балтық теңізінде үстемдікке жету көзделді. Гитлершіл Германия Кеңес Одағының ұлттық мемлекеттерін жойып, төрт рейхстік комиссариатқа бөлуді ойластырды. Кеңес Одағына соғыс бастар алдында Германия өзінің әскери-экономикалық қуатын нығайтып, мыс, мырыш, қорғасын, бокситті аса көп мөлшерде жинап алды және Еуропадағы жеңілген елдердің көптеген қару-жарақ, оқ-дәрі, көлік-транспорттарын пайдалануға мүмкіндігі болды. Германияның қарулы күштері құрамында 1941 жылы маусым айында барлығы 7,3 миллион адам қызмет атқарады. Басқыншыларға алғаш кеңес шекарашылары қарсы тұрды. Аса қиын жағдайда қалғандарына қарамастан кеңес жауынгерлері алғашқы күннен бастап ерлікпен шайқасты. Ұлы Отан соғысы бүкіл кеңес еліне қиындық туғызды.

Ұлы Отан соғысы бірнеше кезеңнен өтті. Соғыстың 1-кезеңі 1941 жылдың 22 маусымы 1942 жылдың қарашасы аралығы өте ауыр болды. Қызыл Әскер өте қолайсыз жағдайда қалды, адамдары, техника мен қару-жарақ көп шығынға ұшырайды. Фашистер кеңес жерінің соның ішінде Латвияны, Литваны, Белоруссияны, Украина мен Молдавия жерлерін басып алады. Кеңес әскері ерлікпен қарсыласқанымен көп ұзамай аталған қалалар жау қолында қалады.

Соғыстың екінші кезеңіндегі 1942 жылдың қарашасы мен 1943 жылдың аяғында Сталинград шайқасы жаудың таңдаулы әскерлерін талқандап қана қоймай, Ұлы Отан соғысы мен 2-дүниежүзілік соғыс барысында түбегейлі бетбұрыстың басталуына жағдай жасады.

Соғыстың үшінші кезеңі 1944 жылдың қаңтары мен 1945 жыл аралығында Ленинград шайқасы нәтижесінде Ленинград қаласы мен облысы тегіс жаудан азат етіледі. Қазақстан халқы ленинградтықтарға азық-түліктер жібереді. Жамбыл Жабаеттың «Ленинградтық өренім!» атты жалынды жыры жауынгерлерді жігерлендірді. 9 мамыр күні Жеңіс күні болып жарияланады. Берлин операциясында көрсеткен асқан ерліктері үшін 26 қазақстандыққа Кеңес одағының Батыры атағы беріледі. Фашистік Германияны жеңудің құрметіне Москвада Қызыл Алаңда 1945 жылы жеңіс шеруі өткізіледі. Сөйтіп жеңіс туы желбірейді.

Жер-дүниені дүр сілкінткен сұрапыл соғыс өртінің сөнгеніне де биыл 70 жыл толып отыр. 9-мамыр – Жеңіс күні тойланғанымен, оның салмағы ауыр. Соғыс адамзат жүрегіне өшпес жара салды. Елімізге зор ауыртпалықтар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

әжелген соғыстың зардабы тимеген бірде-бір шаңырақ жоқ десе де болады. Қан майданда қазақ халқы талай боздақтарынан айрылды. Әкелеріміз бен ағаларымыз толарсақтан қан кешіп, жанкешті қаһармандығымен басқа ұлттардың алдында өздерінің ерлігін көрсете білді. Ерлік ұмытылмайды.

Біз соғысты көргеміз жоқ, көрмей-ақ, білмей-ақ қоялық! Бірақ өсіп келе жатқан елдің келешегі соғыс ардагерлерінің өмірі жайлы көп білетін болса, олардың жасаған ерлігін, Тәуелсіздіктің қандай қиыншылықпен келгенін түсінетін болады. Ата-бабаларымыз сыйға тартқан бақытты өмірімізді қорғау- әрбір азаматтың борышы, елі үшін аянбай еңбек етіп, ел азаматы болу бұлжымас абыройлы міндет екенін білетін болады.

Жеңіс күні – достық пен бірлікті жырлайтын, халықтың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Міне, осы жылы Жеңістің жетпісінші жылын тойлағалы отырмыз. Ешқашан елімізде соғыс өрті болмасын дегім келеді.

Ең әуелі ардақты ардагерлерге рахмет айтқым келеді. Біздің өз қалауымызбен еркін өмір сүруіміз, бейбіт өмірде алаңсыз білім алып жатқанымыз, шаттана күлгеніміз, жайрандап жүргеніміз бәрі-бәрі ардагерлеріміздің арқасында. Елімізге жау тигенде елі үшін, кейінгі ұрпақ үшін деп қарсы тұрып күрескен де ардагерлеріміз. Біз оларға бас иіп тағзым етеміз.

Жарекеева Ақерке

9 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай Ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытлмайды

Өмір сүрем тек қана өз елімде,
Туған тілім – қорегім өзегімде.
Тәуелсіздік Қазақстан ұланымын,
Еліме қызмет етем кезегімде.
Көлеңкемді түсірмей қазағыма,
Арашаға жараймын азабына.
Менің ұлтым өз елі, өз жерінде,
Айналмайды өзгелер мазағына.

Біз, қазақ, иен даланы мекен еткен құдды қыран құспыз. Туғаннан еркін, туғаннан кең, құдай несібеімізді молынан берген ерекше халықпыз. Біз бодан болуға жарамағанбыз. Ал құлдық санадан арыла алмай, өз тілін ардақтай алмай, өз тілін ардақтай алмай жүргендерді кімге теңесем екен? Біреулердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

есігінде жүруге көкіп кеткен ойсыз құлға ма? Өжеттік пен ерлікке бару кездейсоқтық емес, Отан алдындағы жауынгерлік борышты өтеуде болаттай берік тәртіпке бойұсыну еді, Кеңес Одағының Батыры атағын алған Т.Бигелдинов, Л.Беда, С.Луганский, И.Павлов. Кеңес Одағының батырлары Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, И.Панфилов, М.Сенгірбаев, Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Н.Әбдіров т.б есімі мәңгі сақталады. Отан жерін жау табанына бастырмау үшін қасық қанын аянбай ерлікпен қаза тапқан.Төлеген Тоқтаровтың «Өлімге тіке қадала қара, сонда өлім сенен қашады, сен жеңесің», - деген жалынды жүрек жарды сөздері де ауыздан-ауызға ауысып, сол қалпында өзгермей бізге жеткен. Зұлым жаумен шайқаста әке, аға, бауырларымыз қанын төгіп, қолымыз жеткен Жеңіс шапағы кейінгі ұрпақтарға жетпек. Ұлы Отан соғысында коммунистер «ұран-жеңіс, не өлім», - деп ұран етті. Өз басын кейінгі ұрпақ алдында қарыздар санаған ардақты ақын атамыз Асан Қайғы елі үшін мәңгілік мекен-жақсы жайды желмаямен желіп іздеген. Талмай кезіп, ерінбей шарлап, таппай тынбай, таңдап тоқтап, түйесін шөктірген жері-осы күнгі Кеңестік Қазақстан аталды. Қысқы аязы мен жазғы ыстығына ұлы-қызым бірдей шынықсын дегендей, еліне арнаған жердің бір шетін солтүстіктегі аязға апарып тіресе, бір шетін күннің көзі найзадай қадалатын оң бүйірге теңеген. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Менің өзімнің нағашы атам – Бекмырзаев Жөкебай 1921 жылы қаңтар айында Алдашбай Ахун ауылында дүниеге келген. Ол кісі ауыл мектептерінде мұғалім болып жұмыс атқарған. Сөйтіп жүріп соғысқа қатысқан. Соғысқа 1941 жылы кеткен. Оның жұбайы – Ажар. Ол кісінің 8 баласы болған. 1998 жылы дүниеден өткен. Мен осы кезде нағашы атамды еске алып отырмын. Мен атамның жолын қуғым келеді. Себебі ол кісі елін, жерін қорғаған – батыр.

Қазіргі таңда 70 жыл толуда. Жеңіс күні-барша қазақтар үшін үлкен мереке. Бұл күнді есте сақтау біздің парызымыз. Ұлы Жеңіс ұмытылмайтын сияқты, бірақ соғыста ұмытылмастай із қалдырды. Жеңіс мерекесі – қайырымдылық пен жасампаздықтың белгісі.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Ә.Молдағұлова мен пулеметші – М.Мәметова бар. Ата-бабаларымыз армандағандай, бүкіл қазақ жұртын дархан дала төсінде, бір таудың астында, бір тілде-ана тілінде сайрайтын күн туса ғой деп күтудеміз.

Күткен Жеңіс жарқ етті сәуле шашып,
Жеңіс келді қуандық көңіл тойып.
Жауды жойып батырлар елге оралып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ата-анамен қуанышты құшақ жайып.

ССРО-Германия соғысы... Ол біздің ақ шашты аталарымыз бен әкелеріміздің ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын күллі әлемге танытқан сындарлылық рәмізі болса, 9 мамыр – жеңіс күні аға ұрпақтың сол жанқиярлық ісін ел жадында мәңгіге сақтауға арналған қастерлі мереке. Біз Отанымыздың болашағы мен тәуелсіздігі жолында құрбан болған әкелеріміз бен аталарымыздың ерлігіне, бас иеміз.

Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,
Жігер менен құштарлықтың құралы,
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Араға азғантай уақыт салып, адамзат өз тарихындағы қаһарлы соғыстағы Жеңістің 70жылдық мерекесін тойламақ. Ұлы Жеңіс Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері үшін ғана емес, сонымен қатар әлем халықтары үшін де үлкен оқиға. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарының теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр қайратының, бірлігінің дәлелі.

Жеңіс мерекесі – бейбітшілік сүйгіш бүкіл адамзат қауымының мерекесі. Жеңіс мерекесі – жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі.

Жарқынбекова Перизат

7 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі : Шаймерденова А.

Жеңіс – ерлік жемісі

Қанды майдан, қызыл өрт борандаған ...
Талай боздақ сол өрттен оралмаған.
Мен бүгінде бақытты болып жүрсем,
Бұл солардың қызығы көре алмаған
Уақыт тұлпар күндерді ала қашып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңістен соң жетпіс жыл ара қашық,
Қашқан сайын уақыт олар жақын,
Ұлы істерге бізбен жүр араласып.

Ұлы Жеңістің 60 жылдығын күні кеше ғана тойлаған едік. Енді міне тағы да 10 жылды артқа тастадық, сынаптай сырғыған уақыт қанша жүйрік болса да оны көпшіліктің ұмытуы мүмкін емес. Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді қиратты. Сөйтіп соғыс әр үйге, отбасының өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Бұл соғыс Кеңес Одағы тарихындағы қасіретті бет қана емес, сонымен қатар халқымыздың теңдесі жоқ ерлігі мен қажыр – қайраты және бірлігінің дәлелі.

1941 жылы ССРО территориясына неміс – фашист басқыншылары опасыздықпен басып кірді. Қауіп төнген шақта жерлестеріміз ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсетті. Қанды майданда кеудесін оққа тосып Отан үшін жанын пайда етті. Бұл соғысқа Қазақстаннан 1 млн 196 164 адам қатысты, 12-атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық полк пен батальон құрылып майданға аттанды. Тарихта теңдесі жоқ қаһармандық көрсеткен Брест қорғаушыларының қатарында 3 мыңдай қазақстандық шайқасты.

«Соғыс» деген суық сөз аға ұрпақтың жан – жүрегін тітіркендіріп, сыз окопта, оқ пен оттың арасында, жетім мен жесір жылаған қаралы күндерде өткен жастық шағын еске түсіреді. Бұл зұламатты санадан сызып тастау мүмкін емес. Кеңестер одағы дейтін ортақ үйіміз болғаны да, сол ортақ шаңырақтан миллиондаған боздақтың қан майданға аттанғаны да тарихи ақиқат.

«Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де ұмытылмақ емес». Бұл сөздің астарындағы мағына өткенге емес, болашаққа арналған. Халқы үшін құрбан болған қаһармандарымыздың асқақ рухы елімізде мәңгі сақталады. Атап айтсақ: Қасым Қайсенов (партизан), Бауыржан Момышұлы (қолбасшы), Рахымжан Қошқарбаев (Рейхстагқа ту тіккен), Төлеген Тоқтаров (барлаушы), Әди Шәріпов (саяси нұсқаушы), Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Талған Бигелдинов (ұшқыш), Мәншүк Мәметова атанды.

Қанша ғасыр өтсе де адамзат тарихында елі мен жерін қорғаған батырлардың ерлігі мәңгі есте сақталады. Кешегі өткен от ауызды, орақ тілді шешен билеріміздің, етігімен су кешкен ерлеріміздің айбынды іс-әрекетімен аман сақталып, бүгін Тәуелсіз Қазақстан аталып, жаңа ғасырға иек артқан атамекенімізді мәңгі қастерлеу – бәріміздің қасиетті борышымыз. Қанша ғасыр өтсе де адамзат тарихында елі мен жерін қорғаған батырлардың ерлігі мәңгі есте сақталады.

Жеңіс күні біздер үшін ерекше мейрам болып саналады. Осыдан жетпіс жыл бұрын фашисті тас – талқан қылып қиратпағанда осындай бейбіт өмірде тәуелсіз күн кешуіміз екіталай болатын. Сол тыныштықты күзетіп ұрпақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тағдырын ойлаған, алтынның сынығындай болып арамызда жеңіс күнін тойлауға ерекше ықыласты соғыс ардагерлеріне мәңгі бас иеміз

Ұлы Отан соғысы елге де, ерге де сын болды. Отан алдындағы сертін адал орындаған сарбаздар неміс фашист басқышылары мен жапон империалистеріне қарсы соғыста жанқиярлық ерліктерімен жеңіс күнін жақындатты. Осы қырғын соғысқа біздің облысымыздан 150 мыңдай азаматтарымыз аттанып, Отан үшін қан төгіп, жан беріп аяусыз күресті. Содан 30 мыңнан астам арыстарымыз елге қайтып оралмай, майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Олардың есімі ұмытылмақ емес. Туған халқының жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ерліктері аңыздай айтылып, тарих бетінде есімдері қашалып қала бермек, Отан соғысы жеңісі ерліктері мен қаһармандықтары үшін кеңес Одағының Батыры атағына ие болған 21 қызылордалықтардың данқын шырқау биікке көтерді. Кімде кім оларға құрмет көрсетіп, басын жерге иеді. Ерлік пен жасампаздықтың үлгісін көрсеткен соғыс батырларын мәңгі есте сақтап қастерлейді. Олардың жауынгерлік пен еңбек жолдары халқының жадында. Батыр бабаларының рухы туған жерінің түлектеріне жігер беріп, егеменді еліне адал еңбек етуге баулып, патриоттық сезімін оятып, Отансүйгіштікке тәрбиелейді. Қазір біз өз алдына тәуелсіз мемлекетпіз. Осы тәуелсіздікке жетіп отырғанымыз – ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан бабалар мен батыл батыл апаларымыздың арқасы. Олар бұл соғыста: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!» - деп алға ұмтылды. Соның ішінде «жаным – арымның садағасы» және «халқым үшін қасықтай қаным пида», «Біздің жүрегіміз темір емес, Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқының тарихында ержүрек, батыр, патриот ретінде баршаға мәлім. Бауыржандай батыр бабамыз бар біз бақытты ұрпақпыз. Еліміздің намысы мен батырлығын паш еткен Ұлы Жеңіске биыл 70 жыл! Осы бір даңқты Жеңіс күні – 9 мамыр тарихымызға неғұрлым тереңдей еніп, алыстаған сайын оның ұлылығы мен мән – мағынасы дараланып, маңызы арта береді. Қан майданда ажалмен арпалысып жүріп, ғажайып ерлік жасаған аға ұрпаққа деген құрмет сезіміміз еселене түседі. Елдігіміз бен ерлігімізді, Отансүйгіштігімізді паш етті. Олар жасаған Ұлы ерлік ешқашан да ұмытылмайды, ол мәңгілік есте қалады.

Біз үшін бұл күн тарих бетінде алтын әріптермен жазылған, қазақ батырларының ерлігін еске алатын күн.

Жұмабекова Ақерке

8 сынып, №99 орта мектебі Ақай ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Садықова Л. С.

Ұлы Жеңіске мың тағзым

70 жыл – біздің Ұлы Жеңіске,
Оқ пен отты бағындырған ер іске!
Майдангерлер, ардагерлер – батырлар,
Жеңіс – солар, мәңгі өлмес періште!
Қ.Әбілдәқызы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін күткен аяулы да даңқты әйелдеріміз, қыздарымыз тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен туған-туысқандарын, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Бүгінгі тәуелсіздігіміз, бейбіт өмір – осының барлығы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің арқасы. Біз басымызды тік ұстап, кеудемізді көтеріп жүретін еңселі елге айналдық. Бұл ата-баба ерлігінің, сұрапыл соғыста қаза болған азаматтарымыздың аруағының шапағаты.

Бұл мереке халқымыздың батырлығы мен батылдығының, ерлік-жігері мен рухының символына айналды. Сұрапыл соғыс майданында өз Отаны, отбасы мен болашақ ұрпағы үшін аянбай айқасқан Әке мен Ата асқақ ерліктер жасады. Бауыржан батырдың «Отан үшін отқа түс - күймейсің» деген сөзі соғыс жылдарында жауынгерлердің ұранына айналды. Өмір мен өлім арпалысқан майдан даласында әр түрлі ұлт пен діннің өкілдерінен тұратын Отан қорғаушылар иық тіресе жаумен жағаласты, жарты құмыра су мен жарты жапырақ нанды бөлісіп, көзсіз ерліктер жасады.

Рухани бірліктің арқасында ардагерлер болашақ ұрпаққа Ұлы Жеңісті сыйлады. Олар майдан даласында жанқиярлық ерлік жасап, туған жерге, Отанға адалдықтың озық үлгісін көрсетті.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорусь, қазақ пен украин алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан Берлинге дейін барды. Ұлы Отан соғысында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір шайқас болмады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тарихи деректерге сүйенсек, соғыс жылдары Қазақстан жерінде 12 атқыштар дивизиясы, 4 ұлттық атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық әр түрлі полктер, батальондар құрылып, майданға аттанған.

3,5 мыңдай қазақстандық партизан отрядының құрамында болған. Жан киярлық ерлігі мен батырлығы үшін 96638 қазақстандық жауынгер бірнеше дүркін орден-медалдармен марапатталды. 497 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Олардың 97-сі қазақ болатын. 142 жауынгер «Даңқ» орденінің иегері болды.

Қазақстан еңбекшілері майданға 25 миллион дана жылы киім, Отан қорғау қорына 4 миллиард сомнан астам қаражат берді.

Ұлы Отан соғысына барлығы 35 миллион адам қатынасты. Орта Азия республикаларынан 3 миллионға жуық адам қатысса, соның 1 миллион 366 мыңы – қазақстандықтар.

Бұл Жеңіс оңайлықпен келмеді. КСРО-ның 1710 қаласы күл-талқан болды, 70 мыңнан астам село мен деревняны өртеп жіберді. Қаншама ана баласыз, қаншама бала әкесіз қалды. Соғыс даласынан 20 миллионнан астам адам қайтқан жоқ, ал оның ішінде 350 мыңы қазақ болатын.

Бұл – соғыстың қысқаша ғана тарихы. Адамзат тарихындағы ірі де ең қасіретті соғыс ретінде тарихқа өшпес ізін қалдырды. Соғыс оты шарпымаған бірде-бір отбасы, соғыс қасіретін тартпаған бірде-бір бала болмады. Қаншама жас қыршынынан қиылды. Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең, дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен...

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының қанды қырғынында қазақтардың қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыста ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – өз Отанымызды сүю, туған еліміздің адал патриоты болу, Тәуелсіз Қазақстанның бір кірпіші болып қалану.

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қуаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабиттердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұрпаққы өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін ұлықтау, жан-жақты насихаттау, біздің міндетіміз. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран болып қалады.

Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Алысқа бармай-ақ, 50 миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Фашистік Германия тізе бүкті... Бірақ, сол соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті.

Адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 70 жыл бұрынғы жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа тыныштық әкелгені үшін қасиетті.

Ардагерлердің ерліктері жас ұрпақтар жүрегінде мәңгі сақталады, Төлеген мен Талғат, Әлия мен Мәншүк, Рақымжан мен Қасым, Нүркен мен Бауыржан т.б. батырлардың ерліктері мен өшпес даңқы жас ұрпаққа шуағын шашып келеді. Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран болып қалады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «Біз – Жеңіске жеткен аға толқынның ұрпағымыз. Отан үшін өмірін қиған әрбір азаматтың, қазіргі уақытта арамызда жүрген ардагерлердің Даңқы арта берсін!».

Жыл өткен сайын сұрапыл соғыстың куәгерлері – ардагерлеріміздің қатары сиреп барады. Бүгін біз жойқын соғыста жеңіске жеткен Жауынгерлерімізге басымызды иіп, тағзым етеміз, үлкен алғыс білдіреміз.

Ерлік ешқашан ұмытылмайды, соғыс ерлерінің аты мәңгі жасап, даңқы мәңгі арта береді.

Жеткізіп ұрпағыңа Жеңіс күнін,
Әкелдің кең далама шаттық үнін.
Қорғаған ел мен жерді сұм апаттан,
Алдында қарыздармыз біздер бүгін.

Жұмажанова Дильназ

6 сынып, Б.Мергенбаев атындағы №226 гимназиясы Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Пірманова Ш.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні – адамзат аңсап өткен, жеңістің туын тіккен күн. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941 жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі мен достығының арқасында 1945 жылы 9 мамырда бұл оқиға Ұлы Жеңіспен аяқталды. Сұрапыл соғыс қанша үйдің адамын ұрлады, қанша үйде оттар сөнді, қанша аналар ұрыс даласынан келген қаралы қағазға сенбей ұлдарын күтумен өмірден өтті, қаншама арулар жесір қалып, сәбилер жетімдіктің зарын тартты. Міне, содан бері 70 жыл мерзім уақыт өтті.

Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан тәнімен Отанын қорғады. Әрбір село, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Осы соғыста Кеңес Одағының басқа республикаларымен бірге біздің Қазақстан Республикасы да жан аямай шайқасты. Даңқты қарулы күштердің және еңбек армиясының құрамына миллиондаған қазақ болды. Ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен сұрапыл соғыста ерлермен бірге қолдарына қару алып, Отанын қорғауға біздің батыр апаларымыз шығыс жұлдыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ерлік көрсетіп, батырлықпен қаза тапты. Қасым Қайсенов, Талғат Бигельдинов, Нүркен Әбдіров, Мәлік Ғабдуллин, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Рақымжан Қошқарбаев сияқты аты аңызға айналған ағаларымыз бен апаларымызды тарих бетінде «Батыр» деп жазды. Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иеміз! Ұлы Отан соғысында еліміздің тәуелсіздігі мен халқымыздың бақыты үшін ерлікпен қаза тапқан жауынгерлер рухына тағзым етіп отыру біз үшін міндет. Жеңіс бізге атылған оқпен ғана келген жоқ, әнмен де келді. Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды демей ме, дана халқымыз. Қан майданда қол бастап, елінің намысын жауға таптатпаған батырларға қазірде арналатын әнде көп. Жауынгерлерді ән алға жетеледі, жігерлендірді. Жаңа ерліктерге көтеріп, үлкен ұрыстарға жеңіс дабылын қаққан. Ұлы Жеңістің 60 жылдығында 6 мың боздақтың, 2 мың кеңес Одағының Батыры, 16 Еңбек Ерінің есімдері алтын әріппен жазылды.

Осыдан бес жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаев Аралға келгенде «Тағзым» алаңын ашып, алғаш гүл шоғын қойды. Жеңістің 61 жылдығында «Алып анаға» арналған ескерткіш тұғырына «Ұлы Жеңістің 100 жылдығында болашақ ұрпақ ашып оқысын» деген мақсатта хат жазып қалдырылған. Осының бәрі жеңіске деген көрсетіліп жатқан құрмет. Осындай бақытты күнді елі мен жері үшін арыстандай алысқан жеңімпаз жауынгерлер біз үшін, келер ұрпақ үшін сыйлады. Сондықтан да барлығымыз Отан үшін мерт болған қаһармандардың ерлік рухына бас иіп, көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсеткеніміз жөн. Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Отан алдындағы борышын ақтап, қанды қырған соғысты тұншықтырып, ұрпағына бақыт әкелген ардагерлерімізге мың алғыс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ананы баласынан, ағаны бауырынан айырып, мыңдаған боздақтарды жер жастандырып, бөтен елдің топырағын бұйыртқан зұлмат соғыстың өлшемі адам өмірімен, тағдырымен бағаланып, өте қымбатқа түскен жеңістің аяқталғанына 70 жыл. Отан үшін мерт болған қаһармандардың ерлік рухына бас иіп, көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсетуіміз керек. Бақытты күнді аңсап, елі мен жері үшін арыстандай алысқан жеңімпаз ардагерлерімізге көрсетілер құрметіміз шексіз. Төнген қауіп-қатерді сейілтіп, жау атаулыны жеңуде басты күш халық бірлігінде еді.

Ата-бабаларымыз жауды жеңуде халықты бірлікке шақырып, басын қосты. Ол соғысқа тартылмаған жан, отбасы жоқ. Соғыстың от жалынынан өтіп, өліммен бетпе-бет кездесіп, адамзат қасіретін көзімен көріп елге аман оралған майдангер аталарымыздың еңбегі зор. Тарих парағы үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның ішінде Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан да ұмытпақ емес. Бүгінгі жастардың болашағы, бақыты үшін қан төккен әскер мен апалардың даңқы еш уақытта өшпейді.

Ұлы Отан үшін жанын қиған ержүрек батырлардың қаһарман ісі еш уақытта ұмыт болмайды, мәңгі есте сақталады. Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты. Қасиетті де қастерлі Отан үшін жан беріп, жанын пидә еткен шейіттерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету – біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты парызы. Егер де ойлап қарасақ, халқымыздың басына түскен 30-шы жылдардағы зұлматтан кейінгі қазақтың басына түскен екінші бір сұрапыл қырғын Ұлы Отан соғысы болғандығы ақиқат. Бұл соғыста біздің азаматтарымыз ерлік пен қаһармандықтың ең жоғары деңгейдегі үлгісін көрсетті. Сондықтан да оларға басымызды иеміз. Мұның өзі, әсіресе, биылғы жылы өз тәуелсіздігінің жиырма үш жылдығын атап өтетін жас мемлекетіміз үшін өте маңызды. Бір құптарлығы, аға ұрпақтың ұланғайыр жеңісі мен еліміздің бүгінгі жеңісі бір-бірімен тығыз байланысты. Егер де жеңімпаз әкелеріміздің ерлігі болмағанда, біз мұндай мемлекетті құра алмас едік.

Туған Отанының бостандығы мен азаттығы үшін ауызбен айтып жеткізгісіз қиындыққа төзіп, Ұлы Жеңіске қол жеткізген майдангерлерден қалыспай, тылда қажырлылықпен еңбек еткен, сөйтіп, Жеңісті жақындатуға өз үлестерін қоса білді. Тек қан майданда ғана емес, тылда жұмыс істеп, ашаршылықты, ауыртпалықты бастан кешіп, таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға көпшіліктің, анығырақ айтқанда, бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз, – деп Елбасымыз айтқандай соғыс жылдары елдің мерейі, біздің халқымыздың беделі үстем болды. Жасыратыны жоқ, қазіргі кезеңде әлемде қолайсыз жағдайлар орын алғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін бейбіт аспан астында, бейбітшілікті көзіміздің қарашығындай сақтап келеміз. Ең

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бастысы, көп ұлтты халқымыздың арасындағы достықтың нәтижесінде тату-тәтті тіршілік жалғасуда.

Қазақстанның бүгінгі жетістігі, әлемдік деңгейдегі абырой-беделі халқымызбен қоса ардагерлерді де қуантады деп ойлаймыз. Тәуелсіздік алғанына небәрі жиырма үш жыл ғана толатын жас мемлекеттің аз ғана мерзім ішінде экономикасының қарыштап дамып, әлемде танымал мемлекетке айналуы осы уақыт ішінде атқарылған орасан еңбектің нәтижесі. Халықтың әлеуметтік ахуалы айтарлықтай жақсарды. Қасиетті Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады. Елдің басына үлкен қауіп пен қатер, алапат қайғы мен қасірет төнген сол бір ауызбен айтып жеткізгісіз ауыр уақытта оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлердің көрсеткен өшпес ерлігін, қаһармандық өнегесін жас ұрпақ бойында қалыптастыру ең басты мақсатқа айналып отыр. Біз бүгін Қазақстанда мақтаныш етіп отырған экономика да ардагерлеріміздің көмектеріменбен, тікелей ықпалдарымен жүзеге асырылды. Жас қазақстандықтардың аға ұрпаққа деген құрметі мен терең түсіністігі, туыстық рухы қаншалықты күшті екендігін көрініп-ақ тұр.

Бір құптарлығы, біздің елімізде бейбітшілік, тыныштық, тұрақтылық салтанат құрған, әрине, онда сонымен қоса соғыс ардагерлерінің де үлесі зор. Өз еңбектерімен, өз сөздерімен жас ұрпаққа бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін қажетті патриоттық рухта тәрбиелеудің, баулу мен өзара құрметтің үлгі-өнегесін көрсете берсін, өйткені бұл күллі әлемге қажет құндылықтардың бірі болып табылады. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі. Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек. Жыл сайын мәңгілік алауы жанына Отан қорғаушыларын, батырларды еске алып, гүл шоқтарымен рахметін айта келгендер жиналады. Біздер де қадірлі ардагерлерге бейбіт өміріміз бен бақытты болашағымыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Отан қорғаушылар жасаған ерліктер мәңгілік және уақыт ағысымен жоғалып кетпейді. Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Сондықтан да халық ұзақ күткен Ұлы Жеңісті жақындатуда майданда да, тылда да жанқиярлықпен күреске түскендердің барлығы айрықша құрметке ие, қаза тапқандардың рухына тағзым етеміз. Аға ұрпақ алып берген Жеңіс бүгінгі күні де бізді жетістіктерге жігерлендіреді, жанымызға қуат береді, қиындықтарды жеңіп, алға ұмтылуымызға көмектеседі. Біздің парызымыз – бұл алапат соғыстағы Жеңістің бізге қалай келгендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Бүгінгі буын Жеңіс ардагерлерінің алдында мәңгілік қарыздар. Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздердің әкелеріміз бен аналарымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Бұл – аға буынның жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жеңісі. Қаһарман қайсарлықтың хас үлгісін көрсеткен қайтпас рух пен жалынды жігерлерінің жемісі. Өзінің қайғы қасіреті мен зардаптары жөнінен бұл соғыс күллі адамзат тарихындағы ең бір қанқұйлы соғыс болды.

Осы Жеңіс жолында миллиондаған адам құрбан болып, біз бұл жеңісті кимас боздақтарымыздың, әкелеріміз бен аталарымыздың өмірімен өтедік. Қайсарлық пен қаһармандық, Отанға деген сүйіспеншілік аса қатыгез сұрапыл соғыста жеңіске жол ашты. Егер ардагерлеріміздің сол зұлмат соғыстағы жеңістері болмаса, бүгінгі таңда жарқын болашаққа қарай батыл адамдап келе жатқан Тәуелсіз Қазақстан болмас еді. Биылғы Ұлы Жеңіс мерекесі тәуелсіздіктің жиырма үш жылдық белесімен орайлас келіп отыр. Жеңіс пен жетістік ұғымдары еліміздің даму қарқынымен қашанда қанаттас келеді. Осынау бейбіт өмірге жеткізген ардагерлеріміз аман болғай! Біз олар сияқты жеңген, жеңімпаз әкелердің ұрпағы екенімізді әрдайым мақтан етеміз. Біз халықтар арасындағы достық пен бірлікті қастерлеген аға ұрпақтың жалғасы екеніміздің мақтан етеміз. Біз соғыс ардагерлеріміздің сол сұрапыл соғыстан аман шығып, бүгінгі ұрпақты береке-бірлікте, тату-тәтті тірлікке тәрбиелеу ісіне ат салысып жүргендеріңізді мақтан етеміз. Біз бүгінгі ұрпақ өкілдері олардың өлмес рухына әрқашан да бас иеміз. Жыл өткен сайын біздің ардагерлеріміз жасаған ерліктің даңқы сөнбейді. Уақыт бізден бұл оқиғаны алыстатқан сайын, жарқын болашақ үшін қасқайып тұра білген Жеңіс солдаттары атқарған тарихи оқиғаның мән-маңызы да соғұрлым жарқырай бермек. Біз жеңімпаз қаһармандарға сөзбен ғана емес, нақты іспен де құрмет көрсетуге, соғысқа қатысушылар мен тыл еңбеккерлерін қамқорлыққа бөлеуге, оларға көңіл бөліп, жайлы тұрмыс жағдайларын жасауға шақырамыз.

Кейінгі ұрпақ ағалары мен аталарының, апаларының ерлік отансүйгіштік дәстүрін лайықты жалғастыруда. Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз. Соғыс ардагерлерінің теңдессіз ерліктері – біздің жүрегімізде мәңгі сақталады, фашизмді жеңген батырлардың өшпес даңқы мәңгі шуақ шашатын болады. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің, жастарды ерлік пен патриот тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз, бұл күнді қазақтардың әлі талай буыны мерекелейтін болады. Қан майданда парыз бен намысты алға қойған, елі мен жерінің бостандығы үшін жан аямай, қара ниет жауға төтеп берген, табанды да қайсар мінезді жауынгерлеріміздің және тылда тынымсыз еңбек еткен ағаларымыз бен апаларымыздың ерен ерлігінің, биік рухының мерекесі.

Олар бейбіт өмір үшін, ұрпақтың бақытты болашағы үшін отқа түсті, қайғы-қасірет шекті, адам төзбес ауыртпалық көрді. Бірақ, бәрін де жеңді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Олардың осы жанкешті еңбектері ұрпақтан-ұрпаққа өшпес үлгі-өнеге болып қала бермек. Сондықтан да, қан майданнан оралмаған батыр қандастарымыздың есімі мәңгі ел есінде, ал, осы күнге жеткен қазыналы қарттарымыз, ардагерлеріміз әрқашанда мемлекеттің ерекше қамқорлығында. Осындай айтулы күні біздер құрметті ардагерлеріміздің алдында ерекше бас иеміз. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Ел басына күн туып, ер басына мұң ұялаған жылдарда ардагерлеріміздің Отан мен туған жердің намысын ойлап, майданда қан кешкен ерліктері ел жүрегінде мәңгілікке қалады. Сұрапыл соғыстағы аға буынның жан аямас жаужүректігі, ерен еңбегі, туған елге, жерге деген патриоттық ыстық ықыласы келешек ұрпақ санасында жаңғырып тұрары даусыз. Ардагерлеріміздің ерен ерліктері арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты ғұмыр кешудеміз. Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан қасіретті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Ұлы Жеңісіміздің тарих сахнасында мәңгі қалары хақ.

Жүгінісова Мөлдір

10 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова Майра

Ерлік мәңгі ұмытылмайды

Бейбітшілік тек қана тілегенім.
Бақ өсіріп, өлкеге гүл егемін.
Тілеймін мен баршаның бағы жанып,
Дүниенің құлпырып, түлегенін!

- деп ақындар жырға қосқандай барлық адамзаттың тілегі әрине, бейбіт күн. Осы бейбіт күнге біз небір қиын кезеңдермен, ата-бабаларымыздың қан төгуімен яғни қасық қандары қалғанша жаумен арпалысқан сәттерімен жеттік. Яғни бейбіт күн бізге онай жеткен жоқ.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толмақ. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптамай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын көтеріп, Жеңістің таңбасын басқан – Жеңіс күні. Сондықтан бұл ұлы мереке оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталардың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қаймығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Сол соғыста қанша мың қазақстандық жауынгер халқы үшін еңбек сіңіріп осы жеңіске биыл жетпіс жыл сыйлап отыр. Сол жеңісті бізге сыйлаған аталарымыздың бірі де бірегейі найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі. Ол 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысы Жуалы қонысында дүниеге келген. Мектеп бітіріп біраз уақыт мұғалім болған. 1932 жылы әскер қатарына алынып мергендік өнерін игерді. Аулына оралған соң қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 жылы қайтадан әскерге шақырылып түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. Бауыржан Момышұлы – әскери педогогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Бауыржан Момышұлының шығармалары бірнеше шет тілдерінде аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Кеңес әскери академиясын бітірді. Совет армиясына әскери педогогикалық сабақ берді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың бірі де бірегейі: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Баубек Бұлқышев, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Тоқтаров, Қасым Қайсенов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Ананы жесір, сәбиді жетім еткен қанды шайқастарға толы соғыстың төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал, айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 миллион қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол сұрапыл соғыс жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық намысын дәлелдеді. Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді... Жер бетіндегі барша адам баласын қатты алаңдатқан өткен ғасырдың ең қайғылы оқиғасы ретінде тарихқа кірген Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толғалы отыр.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын!

Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кеңпейіл Қазақ елі жасасын!

Ешқашан жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – Отанымызды, туған жерімізді қорғау. «Елім» деп жүрегі мәңгі соғатын патриот жастар көп болса нұр үстіне нұр болар еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жүнісов Дәуіржан

8 сынып, №131 орта мектебі
Сырдария ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Майханова Л. Т.

Сұрапыл соғыс

Соғысқа төзе білген майдангерім,
Сенің арқаң, тыныш қой мынау жерім.
Қанша солдат өлсе де сұм соғыста,
Ешқашан өшпес Ұлы ерліктерің.

1941 жылы Гитлер бастаған неміс әскері КСРО жеріне басып кірді. Әскері тұрақты емес бұл ел немістер шабуылына елдің түпкір-түпкірінен қарапайым халықтардан әскер жинай бастады. Бұл соғысқа отбасының тізгінін ұстаған әкелер, ер жігіттер аттанып кетті. Кеңес одағын абдырытқан бұл соғыс тарихта «Ұлы Отан соғысы» деген атпен енді. Ұлы Отан соғысы деген ұғым Сталиннің радиоға берген сұхбатынан кейін қалыптасқан. Ол өз сөзінде бұл сөздерді бір-бірімен байланыстырмай, бөлек-бөлек қолданды. Содан соң бұл ұғым басқа тілдерде жарық көре бастады.

Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан бір миллион жүз тоқсан алты мың адам қару асынып, қанды майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды. Бұл нәтиже майдан даласында ең көп солдаттардан айырылған біздің ел екенін көрсетеді. Майдан даласында қантөгіс шайқас болса, ал тылда еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін еңбек етіп жатты. Бұл маңдай тер соғыс алаңында жүрген сарбаздар үшін екені айдан анық.

Немістерге соғыста басымдылық алып берген Гитлердің «Барбаросса» атты жоспары. Ол бұл соғыс КСРО-мен болатынын 1930 жылы айтты. Бұл соғысқа Германияның одақтас елдерінен соғысқа қажет заттар келіп жатты. Техника жағынан әрине бұл ел КСРО-дан басым түсіп тұр еді. Бірақ қару-жарақ жөнінен КСРО басымдылық танытты.

Ұлы Отан соғысына қазақтар үлкен ерлік көрсеткен деседі. Біздің сарбаздардың ойында сатылу деген мүлде болмаған. Себебі біздің солдаттардың жігерін көтерген өлеңдер. Тағы айта кететіні олар өз отбасына күн сайын хат жазып отырды. Олардың басты мақсаты Отан алдындағы борышын өтеу. Осы жайында оларға отбасы хат жазып отырды және де өзінің еліне адал болуды жазып отырды. Мындаған Қазақстандықтар соғыста көрсеткен ерлігі үшін медаль-ордендермен марапатталды, 500-ге жуық адам Кеңес Одағының Батыры деген атақ алды. Соғыс кезінде қазақтар сатынан мылтық асынған қыздар да болды. Сол батыр қыздарға тоқталып өтсем - Әлия Молдағұлова (1925-1944) – Ақтөбе облысы Қобда ауданында дүниеге келген.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кішкентайынан жетім қалған батыр қыз нағашы ағасының қолында өскен. Сондықтан болуы керек ол анасының фамилиясымен жазылған. Жетім өскен бұл қыз адалдық, шыншылдық, батылдық қасиеттерді бойына сіңіріп өседі. 1942-43 жылдары Москвадағы мерген қыздарды даярлайтын мектептің курсанткасы болған. Оқуды жақсы ұға алған Әлия соғыста мергендігімен көзге түседі. 1944 жылы Псков облысын азат ету үшін болған соғыста ерлікпен қаза табады. Осы жылы батыр қызға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Әлияның өмірі қысқа болғанымен ерлікке толы. Батыр қыз ерлігі жазушылардың шығармаларында сипатталды. Қазіргі кезде Әлия Молдағұлова атындағы мектептер, көше, ескерткіш бар.

Мәншүк Мәметова (1922-1943) – Орал облысы Орда ауданында дүниеге келген. Бала кезінен жетім қалған бұл қызды оның тәтесі асырап алған. 1942 жылы майдан даласына аттанды. Соғыста мергенділікпен, табандылықпен көзге түсті. 1943 жылы Невель қаласы үшін кескілескен шешуші шайқаста ерлікпен қаза тапқан. 1944 жылы Кеңес Одағының Батыры деген атақ беріледі. Батыр қыздың құрметіне бірнеше жерлерге аты берілген. Бұл екі батыр қызды «Қазақтың шоқ жылдыздары» деп атайды. Тағы айта кетер бір жай батыр қыздарға арналған Алматыда «Шығыстың қос жұлдызы» мемориалдық кешені бар.

Хиуаз Доспанова (1922-2008) – Атырау облысы Ганюшкин селосында дүниеге келген. Мәншүк Мәметовамен бір көшеде тұрған. Бұл қыздың бала кезінен арманы ұшқыш болу еді. Арманына жетудің бір сатысы болар деген үмітпен Мәскеудегі ұшқыштар Академиясына қабылданбай қалса да үмітін үзбеді. Кейін ұшқыштар училищесіне түсіп, көзге түседі. 300-ден астам әуе шайқастарына қатысады. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «қанатты қыз» атанады. Бомбылау кезінде 14 мәрте құлап, арасында ауыр жарақат алса да ұрыс алаңына қайта оралып отырды. Соғыс аяқталған кезде бірінші болып елге қайтқан, отбасыларымен қауышқан осы ұшқыш қыздар еді. Хиуаз соғысты 2-топтағы мүгедек болып аяқтайды. Майдандағы ерлігі үшін бірнеше медаль-ордендермен марапатталады. Еліміздегі бірнеше құрылыс орындарының бой көтеруіне ат салысқан батыр қызға Елбасының жарлығымен «Халық Қаһарманы» атағы беріледі.

Қазақ елі қатарынан соғысқа аттанған ер азаматтарының ішінде бірі де бірегейлері бар. Соның ішіндегі ең үздігі – Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы (1910-1982) – Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. 1932 жылы әскер қатарына алынады. Міндетін өтеп запастағы командир атағын алады. 1936 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, рота, взвод командирі болады. 1941 жылы генерал-майор И.В.Панфиловтың басқаруымен 316-атқыштар дивизиясының қатарында майданға аттанады. Соғыс кезінде батальон, полк, дивизияны басқарады. Майданда өз әскерімен бірнеше мәрте ерлік көрсетеді. Соғыстағы ерлігі ескерілмей қалады. Өзінің тактикасы, идеясы жақсы болса да оны отставкаға

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жіберіледі. Бұдан соң Бауыржан Момышұлы әдебиет саласына өз үлесін қосады. Даңқты қолбасшы бірнеше медаль-ордендермен марапатталады. Өмірден өткеннен кейін 1990 жылы Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Талғат Бигелдинов (1922-2014) – Ақмола облысы, Ақмола ауданы Майлыбалақ ауылында дүниеге келген. Бала кезінен ұшқыш болсам деп армандаған. Балалық шағы қазіргі Бішкек қаласында өткен. Осы қаладағы аэроклубқа үзбей барып жүреді. Он алты жасында алғаш рет парашютпен секіреді. Ұшқыш болуға ынтасы артқан жігіт Орынборға авиациялық училищесіне оқуға түседі. Сұрапыл соғыс жұртқа үрей туғызса, жас ұшқышқа өзінің Отанын қорғауға, көзге түсуге үлкен мүмкіндік еді. 1943 жылы 144-авиациялық гвардияға қабылданады. Майдан шебінде жүріп өзінің жүрек жұтқан батыр екенін бірнеше рет дәлелдейді. Тіпті бір өзі соғысқан кезі де болған. Әскерлерді Берлинге кіргізу мақсатында жолды ашып береді. Тіпті жолда карта сызып та үлгереді. Осындай ерен ерліктері үшін 1945 жылы Кеңес Одағының батыры атағын алады. Бұл батыр ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы өзінің жолдауында келесі жыл Ұлы Отан соғысына 70 жыл. Соған орай еліміздегі ардагерлерге құрмет көрсетуіміз керек екенін айтты. Еліміздегі Жеңіс парктерін жөндеуге тапсырма берді. Бұның бәрі ардагерлерге деген үлкен құрмет. Біздің осы күнге жетуіміз сол кісілердің арқасы. Сондықтан біз ол кісілерге қарыздармыз. Ардагер, батырларға арналған өз шығармашылығымнан өлең шумақтары:

Отан үшін отқа түсті сарбаздар,
Жүректе намыс оты болған соң.
Қиындыққа қарсы тұрды сарбаздар,
Құдайдың көзі түзу болған соң.
Қазақтың қос жұлдызы Әлия, Мәншүк,
Сұм соғыс өмірлерін кетті кесіп.
Қазақтың бетке ұстары ер Бауыржан,
Бас болды әскерлерге мылтық асқан.

Жүсіп Әлішер

9 сынып, №66 орта мектебі
Арал ауданы, Қызылорда облысы
Жетекшісі: Анапияева Г.

Әңгімені менің түп нағашыларым Әлім Ардана, Ардананың төлесі осы айтып отырған Омар нағашымның немересі Жүгінісов Амандық ағамнан естіген едім. Ескі суреттің жарқын тарихы мен баблардың өшірілмес өткен күндері мені толғандырады да жүреді. Ойлаймын Бауыржан атамен дәмдес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

болған бірге жүрген талай адамдардың үйінде осындай суреттер бар шығар ау деп. Сонымен Амандық ағамыздың айтуынша сурет тарихынан сыр шертейік.

Марқұм менің көкем Омар қасиетті адам еді. Өмірден көрген мен түйгені мол, әңгімешіл тыңдаушыны елітіп әкететін. Балаларына түрлі қисса-дастандарды, роман, повестерді оқытып, өзі құмарта тыңдайтын. Адамдармен тіл табысқыш, кішіпейіл адам болды.

Мен Сарыағаштағы санаторийда (1969 ж. көктемде болу керек) Бауыржан Момышұлымен кездестім, бір дастарханнан дәм татып әңгімелестім,-деп айтып отыратын. Момышұлының «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» кітабын оқи отырып, біраз жайға қаныққанмын. Жүзбе-жүз кездесем деген кімнің ойында бар. Осы санаторийде Момышұлы демалып жатырды естіген соң, іздеп барып сәлемдесуді жөн көрдім. Өзімді-өзім қамшылап, батыр жатқан бөлменің есігін қақтым. Іштен «да» деген дауыс естілді. Жаймен ішке кірдім.

– Ассалаумағалейкум,батыр!

Ойлана төмен қарап отырған Баукең өткір көздерін маған қадады да:

– Аманбысың?-деді

– Бауке,сізді осында дегенді естіп,сәлемдескелі келіп едім,-дедім

– Оның жөн болған екен.

Көзін бос тұрған орындыққа қадады. Отыр дегені шығар деп қипақтай барып, сол орындыққа жайғастым.

– Денсаулығыңыз қалай?

– Онша емес, -деді жұлып алғандай. Барлық қарудың түрінен мені нысанаға алып, атқылап жатқан сияқты – Түсіндің бе? Дауысы өктемірек шықты.

Менде үн жоқ. Кетіп қалудың есебін тағы таппадым. Үнсіздікті батырдың өзі бұзды.

– Қай жақтың қазағысың?

– Қызылордадағы Арал өңіріненмін, Бәуке.

– Е-е, балықшы екенсің ғой.

– Иә, балықшымын.

– Дұрыс. Мүштегін алып темекі тұтатып, будақтатып тарта бастады.

Елің аман ба? – деді бір кезде. Мен де өзімді сабырға шақырып:

Аманбыз, батыр, - дедім. Баукеңнің жүзі жылыған сияқты.

Ныспың кім?

Омар, әкемнің аты – Жүгініс. Балық аулауды кәсіп етеміз. Осында келгеніме он шақты күн болды. Сіздің және сіз туралы жазылған кітаптарды түгелге жуық оқып шықтым. Өте жақсы екен.

Солай ма, - деді батыр жайбарақаттау.

Несі ұнады?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Айта жөнелдім. Байқаймын, тыңдап отырған сияқты, сөзімді бөлген жоқ. Түсі жылып, тіпті, күлімсірегендей де болды. Кейде басын изеп қалып та отырды. Бір кезде:

– Жақсы екен,-деді.

Мен түсінбей қалдым. Кітап па жақсы, әлде менің әңгімем бе? Батыр соны ұққандай.

– Түсініпсің, сосын жақсы әңгімелейді екенсің. Қуанып қалдым.

– Бауке, қай жылы туғансыз?-дедім.

– Оныншы жылы,- деді жай ғана.

– Е, батыр менің сізден екі жас үлкендігім бар екен.

– Батырдың мұрты жыбыр ете қалды. Маған шаншыла қарап:

– Мен пәлен жыл армия қатарында болдым. Соғыста пәлен рет қоршауда қалдым. Түген рет жауға қарсы атақаға шықтым, пәлен рет жарақат алдым, соның бәрін қосқанда сенен пәлен жас үлкенмін.

– Понятно!-деді зілденіп. Тіктелгенде бет шыдатпайды екен.

– Түсіндім Бауке, мен қателесіппін,-дедім ығына жығылып.

– Түсінсең шайға кел. Стол үстінде тұрған шәйнекке қол созды.

– Иә, қатысып жарақаттанып қайттым. Аманжол бабамның ұрпағынан үш адам барғанбыз. Үлкені – мен, екі інім – Ықылас пен Ахмет қаза тапты,- дедім. Батыр м-м-м, деп ыңыранғандай болды. Сосын тағы оқыған кітаптарым туралы сұрады. Біраз әңгімелескен соң мен өз бөлмеме баруға жиналдым.

– Рахмет!-деді батыр.-Сау бол!

Күндер өтіп жатыр. Өткендегіден кейін кездесудің де, сөйлесудің де ретін таппадым. Елге қайтатын уақытта жақындады. Қасымдағы дем алушылармен бірге Момышұлымен қалай суретке түссек екен деген ой мазалайды. Батырдың мінезі белгілі. Суретке түсейік деуге ешкімнің батылы бармайды. «Омеке, сен бір жөнін тап» -дейді қасындағылар мені қолқалап. Сонымен не керек, батыр Бауыржанмен асханада келе жатып тағы жүздестім. Бұл жолғы кездесуім ұзақ болмады.

– Бауке, бір-екі күнде ауылға қайтамын. Елге барған соң «сіздей адаммен кездестім,әңгімелестім, бір дастарханнан дәм таттым» десем сендіре алам ба? Рұқсат болса, сізбен ескерткіш ретінде суретке түссем деп едім. Балаларыма да үлкен сыйлық болар еді.

– Үндеген жоқ, бұрылды да кете берді. Ұнатпады-ау деп ойладым.

Келесі күн. Ертең қайтамыз. Бірінше күн бірге болған азаматтармен тал саясындағы орындықта әңгімелесіп отырғанбыз. «Бауыржан келе жатыр» деген сөздер естілді. Қарасам, шынымен Момышұлы тура біз отырған жерге қарай келе жатыр екен. Үстінде ақ көйлек, кара костюм-шалбар, үлкен бір жиынға баратындай киініпті. Жақындап келіп: «Әй. Омар, жүр суретке түсейік»-деді-де, кейін бұрылып жүре берді. Аң-таң болған біз соңынан ердік. Суретке түсуіміз қызық болды. Баукең орындыққа жайғаса беріп «Омар, қасыма отыр»-деді. Отырдым. Бірақ менен екі-үш жас үлкендігі бар еткенді

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кісі болып еді, маған «кішкене жылжы»-деді де, батыр екеуміздің ортамызға сығылысып отыра кетті. Батыр жақтырмады білем, тұрып кетпек болып жатқанда суретші түсіріп үлгеріпті. Орнынан тез тұрып жүре берген батыр кілт тоқтады. Маған қарап «Еліңе сәлем айт,»-деді де кете берді,-деп көкем марқұм күліп айтып отыратын. Сол сурет үйде әлі сақталулы.

Калажова Мадина

6-сынып, №107 орта мектебі Жаңажол аулы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Нұрымова М. С.

Өтеген Ерқожаұлы – ақын, басшы, майдангер

Ел басына күн туса,
Ер етікпен су кешер.

1941 жыл 22-маусым...Бұл күнде тарих бетіндегі ең қаһарлы, жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныш тіршіліктің шырқын бұзған күн. Осы күннен басталған соғыс Қазақстан халқына қисапсыз қайғы-қасірет әкелді. Ел басына күн туған қатерлі шақта кеуделерін оқ пен отқа төсеген ер жүрек ерлеріміз ортақ Отанымыз болған Кеңес елінің бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғады. Қаншама азаматтар жандарын пида етті. Қаншама бала әкенің аялы алақан жылуын сезінбей, қаншама ана тағдыр тауқыметін жалғыз көтерді.

Ұлы Жеңіс қаншама құрбандықтарды талап етті. Осы Ұлы Жеңіске Қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте Сыр елінің лайықты сыбағасы бар екені белгілі. Сыр елінің әрбір төртінші адамы қару асынып майданға аттанса, тылдағылардың көрген азабы майдандағылардың ерлігінен жеңіл болған жоқ.

Адамзат тарихында теңдесі жоқ 1418 күн мен түнге созылған соғысқа менің туған ауылым – Жаңажол ауылынан 286 азамат аттанды. Ел басына күн туған қатерлі шақта кеудесін оқ пен отқа тосқан қанша ерлеріміз туған жерге оралмады. Солардың бірі – азамат, басшы, майдангер – Өтеген Ерқожаұлы.

Көрнекті Кеңес жазушысы Илья Эренбург «Қазақтар» деген очеркінде қазақтарды алған бетінен қайтара алмайтын батыр халық екенін айтқан. Ал батыр ер Тарғын алты кез алдаспанын қолына алып, алты мың жауға жалғыз өзі қарсы шабуылға шығып тұрып: «Маған бәрінен де арым қымбат»-деп айғай салған екен. Ер тарғынның арды ту еткен батыр бейнесі дем берген болар, жаңажолдық жауынгерлер Ұлы Отан соғысында ерліктің үлгісін көрсетті.

Өтеген Ерқожаұлы 1941 жылы майданға аттанады. Қанқұйлы жаумен шайқаса жүріп, ол алғашқы шегініс зардабын тартқанмен ауылға Жеңіске деген сенімі мол жігерлі хаттар жазып, елді қарқынды еңбек етуге үндейді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әсіресе, сүйікті жары Тынымшаға жазған хаттары елге деген сағыныш, туған жерге деген ыстық ықылас, бесікте қалған кішкентай сәбиі Зинаға деген әкелік махабатқа толы.

1942 жылы 15-қарашадағы жазған хатында ол Тынымшаға:

Қарғаның қара түнек бұлтын құрап,
Қайғырма, қапаланба елден жырақ.
Өткен іс жүз мәртебе өкінгенмен
Орнына өркен жайып келмейді бірақ
Жақсылап анамды күт, жақсы сыйла
Керегесін үй-ішінің теріп жина.
Әйтеуір екі жарты бір бүтін боп,
Күн көріп, күнелтіңдер етіп ала.
Анамның ол-пұл сөзін бөтен көрме.
Адасып ақылыңнан ашуға ерме
Мұншама неге хатты жылайсың деп,
Шапаттап ақ Зинамды ұрып жүрме,

- деп жазады. Бұл сөзден жарға деген қамқорлық, анаға деген асыл сезім, сәбиге деген жылы жүрек төгіліп тұрған жоқ па?

Тағы бір хатында былай дейді.

– Кел, Тыным, тәуекел деп белді байла

Толықсып толқығанмен болмайды айлы.

Қайғыға қарсы тұрып күресе біл

Сыр бермей ағайынға гүлдей жайна,

Бұл бүкіл ауылдағы жары жауға аттанған жас әйелдерге қуат беретін жыр-хат еді. Соғыста жүрген Өтеген Мәдірәйім әулиенің рухына сиынып, одан медет тілеген екен. Оны мына өлең жолдарынан білеміз.

Еліме хат

Қош, сау бол, туған елім, аға-інім,
Кездесіп көрісерміз туса күнім.
Сіздерден көп өтініш кешіріңдер,
Өрескел өте бұзық болса мінім.
Ғажайып бір сапарға қадам бастым,
Белгісіз не болары мүшкіл бастың.
Ой менен ақылымды егестіріп,
Қайғыға қарсы тұрып қайнап тастым.
Таихтың ақтарсақ та құпиясын.
Көрмеген ешкім мұндай қан ұясын
Білмейді ешқандай жан не боларын
Кезсең де тау, даланың не қиясын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Өтеген Ерқожаұлының 1943 жылы 28 шілдеде жазған соңғы хаты елге «Полевая почта №30763» деген дерекпен келген. Содан кейін одан хат болмаған. Есіл азамат майдан даласында Отанын жаудан қорғап жүріп қаза болды.

Міне, азамат, басшы, майдангер Ө.Ерқожаұлының қысқа өмірі осындай қажырлы күрес, қызу еңбекпен өткен. Оны ауыр жұмыс па, от жалынға оранған майдан өмірі де жасыта алмады. Оның өмірі 31 жасында қиылды.

– 9-мамыр – Ұлы Жеңіс күні.

– Бұл күн – ерліктің сан үлгісін көрсеткен соғыс ардагерлерінің мерекесі.

– Бұл күн – тылдағы қажырлы еңбегімен жеңіске үлес қосқан еңбекшілер мерекесі.

– Бұл күн – бейбітшілік орнаған елде өмір сүріп жатқан жас ұрпақ мерекесі.

– Бұл Жеңіс – халқымыздың ерлігі мен даңқы.

Кенжебекова Алтынай

9 сынып, № 109 орта мектебі Ақтөбе ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Қаниева Б.

Бізге қымбат, туған елдің бағасы
Шыққан жерім Қармақшының қаласы.
Отан үшін, халық үшін қисақ жан,
Жоян болар, сұм дұшпанның қарасы
А.Қожахметұлы

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңісіміз достықты шыңдаған, бірлікті жырлаған, ер намысы болып атылған, ел дауысы болып шақырған жеңіс. Арын жалау етіп жауға аттанған ел ұрандары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, пәк күлкі шашақан баласын қорғады. Олардың өздері де жас еді, көпшілігі тіптен жар құша алмай қиырдағы қара жерді жастанды. Олар өмірден қартаймай өтті. Өздері тындыра алмаған жұмыстары мен армандарын артындағы ұрпаққа мирас етіп қалдырды.

Сол бір қанды соғыстың өрті шарпыған сұрапыл жылдарда Сыр бойынан аттанған ер-азаматтар қас дұшпанмен қаһармандықпен шайқасты. Олардың көпшілігі қан майданнан қайтпады. Тіпті, хабар-ошаршыз кетіп, кейінгі тағдырлары беймәлім күйде қалғандары да аз емес еді. Болашақ үшін қасық қандары қалғанша күресіп, жандарын пиде еткен боздақтардың қатарында Ақтөбе ауылынан 322 адам аттанып, оның 210-ы қан майданнан оралмады, өзінің туып-өскен жерінен әкесі мен анасынан, баласы мен жарынан, апасы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ман қарындасынан, ағасы мен інісінен мәңгілікке айырылды.112-сі елге оралып,шаруашылықтың әр саласында еңбек етті.Сол кісілердің ішінен соғысқа қатысқан Бисенбай Қасқырбайұлына тоқталып өтпекпін.

От ауызды, орақ тілді, суырып салма, төкпе ақын, сыр сүлейлерінің бірі Бисенбай Қасқырбайұлы атамыз 1904жылы бұрынғы Қазалы уезі, Қармақшы ауданындағы қазіргі Ақтөбе ауылында дүниеге келген.Әкесі Қасқырбай баласы Бисенбайдың алғыр, зеректігінен үміт күтіп, оны ауыл молдасына оқуға береді. Оқуда алғыр шәкірт атанып білімге құмарта бастаған Бисенбайдың 12 жасында әкесі қайтыс болады да, ол оқуын тастап, күн көріс үшін жалшылық ғұмыр кешті.14 жасында Қармақшығы келіп, бұрынғы қазақша-орысша түземдік мектепке оқуға қабылданады. Тұрмыстың қиыншылығынан жүк тасушы,теміржолшының көмекшісі болып жұмыс істеген.

1919 жылы Қармақшыда құрылған комсомолдар ұйымына мүше болған кезінде Ғани Мұратбаев Бисенбайдың қабілетін танып, оны Ташкенттегі №14 балалар үйіне орналастырып,оқуға кіргізеді. 1922жылы Ғани Мұратбаевтың ұсынысы бойынша Москвадағы Шығыс университетіне жіберіліп,онда 1925жылдың ақпанына дейін оқиды да,ол кезде сауатты мамандардың аздығынан Қазалы уезінің басшысы Университет ректорына өтініш жазып,шақыртуына байланысты Бисенбай атамыз елге оралып,Қазалы уездік халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болады.Одан 1928 жылы Қарақалпақ автономиялық облысының оқу комииссарның орынбасары,1930-36 жылдары Қармақшы ауданында мектеп директоры,оқу инспекторы,1936-41 жылдары Шымкент қаласында,Тереңөзек ауданында ағартушылық қызметтер атқарады.

1941жылы Бисенбай Қасқырбайұлы Ұлы Отан соғысына аттанады. Соғыс даласында жүріп «Майданнан хат» деген өлеңінде былай деп жырлаған:

Мен бірақ жебірлерді жексен етіп,
Сермедім ақ алмастың салып дағын.
Ант үшінбірнеше рет жорық шегіп,
Ағыздым жаудың қанын судай ағын.
Мер болдым антым үшін арпалысып,
Қиратып қылышымның ұстап сабын.
Ант түгіл қаруымды қолдан бермей,
Болмадым қол кессе де жауға бағым.
Алданбан,алданбадым арым үшін,
Шындықтың адал ұстап ақ балдағын.
Уа, тәңірі қай мүскінге азап беріп,
Дүние үшін жалған сөйлеп кімді алдадым.

1943 жылы Белгородты қорғау шайқасында ауыр жараланпы, оң қолынан айырылды. Сол кезде жазған өлеңі «Қош бол, қолым»

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қош бол, қолым, сүйегім,
Жасымнан тәнді сүйедім.
Алтын топшы оң қанат,
Өмірге жеміс тиедім.
Епсекті сұлу бес саусақ,
Қимайды көзім күйемін.
Сестраға асылып,
Басымды тасқа сүйедім.
Қапысын тауып зұлым жау,
Оң қолым сенен айырды.
Ең сенімді тірегім.
Ол кетіп денем,қансырап,
Дірілдеп барып жығылды,
Иекке тимей иегім.
Бірақ фашист масайрап,
Мұқаттым деме Советтің,
Жауынгер туған бір ерім.
Әлі-ақ менде жазылып,
Ойрандауға шебіңді,
Бел будымқайта тиермін.
Қош бол қолым,саламат,
Ұмытпан сені әр уақыт,
Жалғанның бассам жиегін,
Алмасамда автомат,
Қаламмен жауды мен соғып,
Алармын қолдың бір кегін.
Қосылармын қатарға,
Есен-аман сау болса,
Партия меннен өз елім.

Жауынгер, ақын, әйгілі ұстаз, халқымыздың нағыз азаматы 1958 жылы мәңгілік ұйқығы көз жұмды.

Жырлары бар емес пе қолымызда,
Жігер берер әлі де жанымызға,
Жағаласып ажалмен туған дүние,
Жасай бермек өлшем боп арымызға

—деп Ұлы Отан соғысында қан майдан мен тылда ерен ерліктің үлгісін көрсеткен, жүрегімен жыр жырлаған майдангер ұстаз Бисенбай Қасқырбайұлының есімі біздің есімізде мәңгі сақталмақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Кеңесова Айдана

7 сынып, № 99 орта мектебі Ақай ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Аяғанова Г. А.

Еңсесі биік – ұлы Жеңіс

Мінеки, «Ұлы Жеңістің 70 жылдығы» да таяп келеді. Бұл сұрапыл соғыс әсіресе ардагерлердің есінде өшпес із болар?! Ұлы Жеңіс! Қаншама боздақтар өмірін қиған, талай шаңырақты ортасына түсірген соғыс өртінің өшкеніне жетпіс жыл толмақ. Бірақ, оның жарасы жазылды ма екен? Әрине, жоқ. Өйткені, осы күнге шейін соғыстан хабар-ошарсыз кеткен әкесін, атасын іздеген ұрпақ қаншама? Немесе майдан даласынан «қара қағазы» ғана жеткен жауынгерлердің қазіргі үрім-бұтақтары енді олардың қайда жерленгенін білгісі келеді, басына туған жердің бір уыс топырағын апарып тәу етуді армандайды.

Бұл сұрапыл соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссиариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Біздің жерлестерімізде майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам, Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам адам-«Даңқ» орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар-Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев. Жаздың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі-Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы мен 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүргені мәлім. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 млн-нан астам Кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4100 теміржол стансасы, 36 мың пошта, телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғарғы оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойылып жіберілген, тоналған. Бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында «Даңқ» монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Әр соғыс өз батырын тудырады деп жатады. Ал батырлық-ол халыққа ортақ қазына. Ондай атақ-даңқ елдің, ұлттың мақтанышы ретінде ғасырларға қызмет жасайды.

Елбасымыз өзінің Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен болған кездесуінде: «Біз-жауын жеңген жеңімпаз әкелердің ұрпағымыз. Осыны қазақтардың бүгінгі және болашақ буыны ешқашан естен шығармай, әрдайым мақтан етуі керек», - деген еді. Біз де адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғысқа қатысып, елін жаудан қаһармандықпен қорғаған ардагер ағалардың алдында басымызды иіп, олардың мәңгі өлмес биік рухына тағзым етеміз.

Қазби Айзат

8 сынып, №99 орта мектебі Ақай ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Садыкова Л. С.

Бұл күн ешқашан да ұмытылмайды

Бабалардың ерлігін, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз.

Н.Назарбаев

Әрбір адам «соғыс» деген сөзді естігенде, әрине, ойына ең бірінші Ұлы Отан соғысы түседі. Өйткені азамат тарихындағы небір сұрапыл соғыстардың ішіндегі қаншама адамның өмірін жалмаған, қаншама үйдің түтінін өшірген бұл соғыс ең қанқұйлы соғыс, ең қасіретті соғыс ретінде тарихта қалған.

Ұлы Отан соғысына біздің кішкентай ғана ауылымыздан 60-70-ке жуық адам барыпты. Аман-сау елге келген ардагерлеріміз жылдан-жылға азайып барады. Мемлекет тарапынан ардагерлерімізге үлкен құрмет, көмек жасалуда. Олар мұндай құрметке лайық.

Қазіргі таңда ардагерлерден ауылымызда жалғыз Жарманов Қалмырза атаның көзі тірі. Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығын қарсы алғалы отыр. Біз жыл сайын мектебімізде Қалмырза атамен кездесу өткіземіз. Ол кісі бізге соғыс туралы басынан кешкен оқиғаларды әңгімелеп береді. Кейінгі ұрпағының сұм соғысты көрмеуін тілейді. Атаның жастық шағының сұм соғыспен қатар келіп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ерте есейгенін, келер ұрпақ үшін өз жанын шүберекке түйіп жаумен шайқасқанын естігенде, ақын Қайрат Жұмағалиевтің мына өлең жолдары еріксіз ойға оралады:

Мен соғысты жек көрем!
Көкем айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген.
Талай өткен ғасырлар,
Еш соғыссыз өтпеген...

Міне, адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне де 70 жыл толып отыр. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлығы мен жанқиярлығы, өз Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі оларды көзсіз ерлікке ұмтылдырды, Жеңіске жеткізді.

Елде арулар, қарт аналар, қариялар, сәбилер мен жас балалар қалды. Олар өмірдің барлық қиынына көнді, өйткені ел қорғаны болған ерлерге сенді. Сондықтан бірлікті ұран етіп, терді төгіп еңбек етті.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың қазақ халқы туралы нақыл сөздеріне жүгінсек, құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, асты-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген.

Өліге де тіріге де бар жанымен беріліп, қызмет көрсететін мұндай халық: ер мінезді, ақ көңілді, қолы ашық халық дүние жүзінен табыла қояр ма екен?!

Қазақ халқы жиырмасыншы ғасырдың бүкіл өн бойында өзге халықтар түсінде көрсе шошып оянатындай қасіретті оқиғаларды бастан кешірді. Мен халқымның қажыр-қайратынан қуат аламын.

Өзін-өзі сақтап қалған халық – өте талантты халық.

Біз қашанда өткенге салауат айтып, жарқын болашақтан жақсы үміт күткен халықпыз.

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ешқашан да жауынгерлер ерлігі ұмытылмайды.

Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи кезеңде:

Қасиетім менің,
Адалдығым менен ақтығым.
Жаныма қуат
Жүрегімнің таза пәктігі.
Тәңірімнен күнде
Көз жасыммен тілеймін,
Өтсем екен деп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тірі жанға болмай жаттығым,

- деп ақын Әбділдә Тәжібаев жырлаған еді. Парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақты сол кезеңде де жеңе білді. Соның арқасында елге Жеңіспен оралды.

Ұлы күндер тарихтың тізбегінде,
Жарық ізі кез келер іздегенде.
Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
Ұлы жеңіс мәңгі есте сақталады.

Жер шарындағы адамзаттың басты тілегі – әр күнін соғыссыз өткізу, елімізде бейбіт, тату-тәтті өмір сүру. Біз – бақытты халықтың ұрпағымыз. Осы өмірді ата-бабаларымыз бізге аманат етіп қалдырып кетті. Ендігі біздің мақсатымыз – бейбіт күннің қадірін біліп, елге адал қызмет ету, ардагерлерді мәңгілік құрметтеп өту.

Жас ұрпақ ерлікті шырқайды ән қылып,
Ерлердің бейнесі жасайды мәңгілік!

Қазиев Жеңіс

11 сынып, №80 мектеп-гимназиясы Төретам кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Файзуллаева К. Ж.

Қандарын сарқып берген бабаларым,
Улаудан қорғап ұрпақ саналарын.
70 жыл демде зулап өтсе – дағы,
Ұмытпас өздеріңді балаларың!

Соғыс пен Жеңіс! Не еткен бір – бірімен тығыз байланысты сөздер десеңізші?! Мағыналары бір – біріне қаншалықты кереғар болса, соншалықты халық санасына егіз ұғымдай сіңіп қалған сөздер. Бірін айтуға аузың бармай, атын естігенде, көкірегіңе қорқыныш ұялап, денең дірілдесе, екінші «Жеңіс!» сөзі жүрегіңе қуаныш сезімін ұялатып, үнемі әнге қосып айқайлап айтып жүргің келетін ұлы сөз десем, артық айтқандық емес. Бұл сөз – бізге майдандағы аталарымыздың қанымен, ауылдағы әжелеріміздің мандай терімен келген қасиетті сөз. Иә, расында да осы сөздің артында майдан даласында шейіт болған қаншама аға-апаларымыздың қыршынынан қиылған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

өмірлерін шертіп беретін тарихтың ізі жатыр емес пе?! Сол тарихтың мәні мен мағынасын сезіне білу мен ұлы жеңістің қадір – қасиетін, баға жетпес құнын қадірлей білу – біздің, кейінгі жас ұрпақтың, басты міндеті. Осындай тәуелсіз де егемен күнге жеткізіп отырған ата-бабаларымыздың мұң мен зарға толы тарихынан бастау алған бейбіт күннің біз үшін маңызы зор. Соғыстың ащы да кермек дәмінен соң, жеңістің таңдайдан кетпес тәтті дәмін татқызған қайсар да қайтпас батырларымыздың ұлы ерлігі болатын. Осы күні аталған ерлеріміздің ерлік істерін бағалай білуіміз бен оларға ерекше құрмет көрсетуіміз де тегіннен – тегін емес. Бұл – еңбегі ерен, ерліктері ешкіммен тең келмейтін аға-апаларымыздың қадір-қасиетін терең сезінуден туып отырған әрекет.

Иә, олар қай кезде де, қай жерде де құрмет пен қадірлеуге лайықты. Біз ардагерлерімізбен мақтанамыз. Қалай десек те, бізге жеңіс туын алып берген ұлы тұлғалар мақтануға да, мақтауға да тұрарлық. Өйткені олардың ерлігі – ешкімнің қолынан келе бермейтін, қайталанбас ерлік. Әрине, бұл – менің пікірім. Менің бұл ойыммен қатар – құрбыларымыздың да ойларының дөп келетініне сенімім мол.

Біз – бақыттымыз! Балалықтың бал дәмін тата отырып, бейбіт күнде еркін өмір сүрудеміз. Қажеттіліктеріміз де – қол жетімді. Ал, бізге осындай бақытты да, бейбіт күнді сыйлай білген аға-апаларымыз үшін мұндай күн арман ғана болатын. Олардың балалық шағы тұрмақ, нағыз бақытты кезеңдерін бастан кешетін жастық кезеңдерінің өзі де болмаған. Ел басына күн туып, ат ауыздығымен су ішіп, азаматтарымыз етігімен су кешкен уақытта ауылдағы ауыр жұмыстың бел ортасында жүріп балалық шақтарының қалай өтіп кеткенін де аңғармай қалған емес пе?! Өз өмірлерінде бір-ақ мәрте берілетін нағыз қызықты жастық шақтарында қолдарына қару алып, Отан үшін жандарын шүберекке түйіп, майдан даласына аттанды. Сол бір – ақ ауыз сөз соғыстың кесірінен қаншама бала әкесіз қалып, жетім атанса, қаншама ана сүйгендерінен айырылып, жесір атанды. Қаншама қандастарымыз бауырларынан айырылды. Міне, ол кезең осындай ауыр да қайғылы кезең болатын. Майданға кеткен мыңдаған адамнан елге аман-сау оралғандары саусақпен санарлықтай ғана еді. Міне, менің елімнің батырлары осындай қиын – қыстау кезеңдерді де бастан өткерген болатын.

Біз ше? Бейбіт күнде өмір сүріп жатырмыз деп мақтанамыз. Алайда, осындай еңбек пен бейнет нәтижесінде келген Жеңістің құнын бағалай алып жүрміз бе деген сұрақ мені көп мазалайды. Бейбіт күннің бағасын білу үшін дәл сондай күнді бастан кешіру қажет емес шығар деп те ойлаймын. Біз де Отан алдында борыштармыз. Бірақ та, біздің борышымыз – қарумен емес, қаламмен, ерінбей-жалықпай оқу нәтижесінде ғана өтелетін борыш. Осыны менің достарым жақсы түсінсе деп ойлаймын. Кейбір я қоғамға, я қара басына пайдасы жоқ босқа жүрген адамдарды кездестірsem, бала жүрегім мұздап қоя береді. Сол жандар өз өмірлерінің бостан – босқа өтіп жатқанын түсіне ме екен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

деген ойға қаламын. Тіпті қастарына барып, өмірге босқа келіп, босқа кетіп бара жатқандықтарын айқайлап айтып, саналарын оятқым келеді. Алайда, менің бұл сөзімді тыңдар құлақ жоқ екенін білемін де, амалсыз алға қарай кете беремін.

Мен – 11-сынып оқушысымын. Алдымда қаншама сынақтар мен алынуға тиіс биік белестер тұр. Ол белестерді бағындыра алатыныма сенімдімін. Қандай қиындықтар болса да жеңе білуге тиіспін. Өйткені мен – қайсар да батыр Қазақ деген елдің білімді ұрпағымын. Сонда ғана бейбіт күнді алып берген аталарымның алдындағы борышым өтелмек. Мен де өз тандаған мамандығым бойынша жоғары білім алып, өз елімнің нағыз азаматы болып өскім келеді. Себебі, менің есімімнің де Жеңіс деп қойылуының өзі де тектен – тек емес. Мен өз елімнің дұшпандарын тізе бүктіріп, жеңіске жеткен күнін тойлайтын 9 Мамырда дүниеге келгенмін. Сондықтан да мен алға қойған бар мақсатыма қол жеткізуге тиістімін. Өзім Жеңіс атала отырып, осындай ұлан – асыр мерекеде үнсіз қалмай, қолыма қалам алуды міндетім деп білдім.

Бүгінгі күні Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесін ел болып тойлағалы отырмыз. Мен үшін, менің елім үшін бұл – өте үлкен қуаныш.

Жеңіс! Қандай керемет әсерлі сөз! Менің ойымша, менің тәуелсіз елімнің Тұңғыш Президентіне де қаншама жеңістерге жету жолында дем беріп келе жатқан осы сөз шығар. Өзінің бейбіт күндегі бейбіт түрдегі жеңістерімен бақытқа алып баратын Нұрлы жолды да біздерге анық етіп көрсетіп берді. Мен Елбасы салған Нұрлы жолдың нағыз жеңістерге бастайтын жол екенін білемін. Және де сол жолмен жүруге тырысамын,- дей отырып, өзімнің достарымды, Қазақстанның бүкіл жастарын, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесімен құттықтай отырып: «Жеңіске бастар жолымыздан адаспайық, достар!»- дегім келеді.

Қайназар Аружан

11 сынып, № 201 орта мектебі

Жалағаш ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Қанбаева Ш. К.

Отты күні кеудесін оққа тосқан Ерлерім...

Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
Ол күндер мәңгі есте сақталады.

Ертеден әлемді аузына қаратқан, төрткүл дүниені тамсандырған, дәулеті мен сәулеті тасқан, халқы бір-бірімен тату тұратын, қаласы көркем, даласы дарқан, аққуы ұшып қазы қонған, ел бастаған көсемі, сөз бастаған

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шешені бар, жаны таза, жүрегі адал, ешкімге ұқсамайтын дара болмысты халқы бар ел бүгінге дейін әлем жұртының назарын аударып келе жатыр. Бақыт деген құстан: «Қайда барып тұрақтайсың?» деп сұрағанда, «Ынтымағы жарасқан елге» деп жауап берсе, ал Қабан жырау:

– Бақыт қайда барасың?

– Көршімен болған бірлігі,

Тағат, ғибадат, тірлігі

Ұйымшыл елге барамын, - деп жырлапты.

Қай ұлт, қай ел болса да бейбіт күн мен ашық аспанды, бақытты елдер қатарында болуды аңсайды. Татулық пен бейбітшілік ұғымын бірлігі жарасқан ұлтымыз ежелден – ақ ардақтап, ынтымақты биік көріп, алауыздыққа ешқашан жол бермеген.

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз,

- деген, баба биіміз Қазыбек бидің аталы сөзі осыған дәлел болса керек.

Ал осы күнгі бейбіт күн бізге оңайлықпен келген жоқ, аталарымыздың қанымен, жанқилы ерлігімен, соғыспен келді.

Соғыс... Қаншама адам қан төгіп ұрыста мерт болса, қаншама қала отқа оранып жанып, ойран топай болды. Ал, құрсауда тұрып зар жылаған ана, шырқыраған бала, белі бүгіліп шыбын жанын шүберекке түйген қаусаған қарттардың төгілген қандары, өлшеусіз өлімдер мен қасіреттері...

Жұмыр Жер ана 14513 рет соғыс азабын тартса керек. Солардың ішіндегі ең қанқұйлысы – соңғы шайқас. Қырқыншы жылдардан басталатын бұл топалаң жер шарының Европа, Азия тіпті Африка бөлшектеріндегі 40 елді мекенінде, екі миллиардқа жуық адамдарды қатыстырып, 61 мемлекетті түгел қамтыған. Сөйтіп, екінші жер жүзілік атанған бұл соғыс күллі әлемде 1418 тәулік бойынша үрейлендіре сілкіндіріп, елу миллион адамды жалмапты. 50 миллион адам! Егер де балаларын жоқтаған аналар жасын, ерлерін жоқтаған жесірлер жасын, әкелерін жоқтаған жетімдер жасын бір арнаға бұрсақ, қасіретті тамшылар теңізі пайда болар еді де, сол қасіретті теңіз күрсіне толқыған сайын, мынадай ойлы да, өжет талаптар қайталанар еді. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес!» Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Біз ол тажалды көргеніміз жоқ (Құдай көрсетпесін де). Тек ол қанды соғыс туралы естеліктер мен кинофильмдерден, аталарымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

естеліктерінен ғана білеміз.Әрине, ол бізге ертегі секілді көрінгенімен, ащы шындық, тарих.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, еш нәрсе де ұмытылған жоқ, ұмытылмайды да. Ол – аталарымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс – он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ- ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Оның ішінде Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы атамызды ерекше мақтанышпен айта аламыз. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғиық, кимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты...» қазақ елінің жастары барда ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт, тәуелсіз тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашсын!

Көрсін де мынау қасіретті теңіз көз жасын,
Адамдар енді сұмдыққа қайтып бармасын.
Білмесін әлем әкесіз өскен жетімді,
Жылаулы ана, қаралы – мұңлы жесірді...
Ұмытпаңдар, ұмытпаңдар елу миллион қазаны,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

Өртенген мектеп, оқ қиратқан қаланы!

Қайырбек Аружан

9 сынып, №45 мектеп-гимназиясы, Шиелі ауданы
Қызылорда облысы
Жетекшісі: Әбішбаева М.

Уа, халқым!
Күн туды сенің басыңа,
Жау кірді сенің жеріңе,
Сұм фашистен қорғауға,
Аттан, халқым майданға!

Кешегі неміс-фашист басқыншыларымен болған қырғын соғыстағы жеңіс оңайлықпен келмеді. Талай ардақты азамат елі, жері үшін жанын қиды. Соның бірі, бірі емес бірегейі – қазақтың Бауыржан батыры. Бауыржан Момышұлы деген есімді естігенде ең бірінші патриот, еліне адал адамның бейнесін елестетесің. Батыр ағамыз соғыстан оралғаннан кейін батырдың қаруын қаламға айырбастағанын білеміз. Ол майданда бір ерлік етсе, сөз майданында екінші ерлік көрсете білді.

Бұл сұрапыл соғыстың қазақ еліне, жеріне тигізген зардабы өте көп. Қанша азамат еліне оралмады.

Қазіргі кезде майданға қатысқан қариялар саусақпен санарлықтай.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық бұл соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Осынау күн – бейбітшілік сүйгіш адамдар үшін асыға күтетін қасиетті күн. Біз майдангерлер алдында және соғыстың ауыр жылдарында тылда жан алмай еңбек етіп, өздерінің үлестерін қосқан аға-апаларымызға басымызды иеміз.

Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі – Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деп айтқан болатын.

Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Ашу мен кек оятты ел намысын,
Отан үшін жан пида болды үлкен сын.
Ер азаат ел үшін арпалыста,
Әйелдер терін төкті майдан үшін.
Аналар қоштасқанда асылымен,
Арулар қош айтысты ғашығымен.
Балалықтың базарын ерте жауып,
Талай жұмыс істеді бала-өркен.
Үдетіп соғыс оты қайғы-мұңды,
Төрт жыл өтті, соғыс әлі бітпей қойды.
Кемпір-шал, әйел бала ауылдағы
Сеніммен күтуші еді Жеңіс тойды.

Міне, осы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы орындалды.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

Барлық халықтарды Ұлы Жеңістің – 70 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Мұндай соғыс болмасын, тек қана бейбітшілікте, ауызбіршілікте, достықта, ынтымақтастықта өмір сүрейік!

Қанағатова Дильяра

4 сынып, №199 орта мектебі Төребай би ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Шегебаева А. Б.

Ерліктің дастаны болған батырлар

«Жеңіс» сөзі – қастерлі, қасиетті ұғым. Сонау 1941-1945 жылы болған сұрапыл соғыс әлемге ажал төндірді. Бұл бұрын болмаған апат еді. Гитлер бастаған фашистік Германия жаздың мамыражай күндерінің бірі 22 маусымда тұтқылдан соғыс ашты.

1940 жылы желтоқсанда қабылданған Гитлердің «Барбаросса» жоспарының мәні – КСРО-ны талқандап, шығыста «өмір кеңістігін»

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

камтамасыз ету болды. Москва - Ресей Федерациясының астанасы, сол кезде Москва қаласы Отанымыздың жүрегі саналды. Москва – Ресейдің еуропа бөлігінің орталығында, Москва өзенінің жағасында орналасқан.

Жау екі айдан кейін жеңіс тойын Москвада тойлаймыз деп ойлады. Бірақ астана қорғаушыларына көмекке Сібірден, Уралдан, Қазақстаннан, Орта Азиядан, Қиыр Шығыстан әскерлер келді. 1941 жылы 14 шілдеде Алматыда 316-атқыштар дивизиясы құрылды. Генерал Иван Васильевич Панфилов осы дивизияның командирі болған. Төрт айдан кейін осы дивизия Мәскеуге апаратын Волоколам тас жолы бойында жауға өліспей-беріспей қарсы тістесіп жатты.

Дубосеково... Біздің елімізде осы жер атын естігенде селт етпейтін бірде-бір пенде жоқ екен. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін 28 гвардияшылардың ерлігін әлі ұмытпай келеді. Соғыстың 115-ші күнінен бастасақ, 1941 жылғы қазанда жау жаяу әскерлерінің - 42, танктерінің - 75, зеңбірек пен минометтерінің – 45, авиациясының - 31 пайызын Мәскеуді басып алуға жұмсапты. 14-16 қазан аралығында панфиловшы жауынгерлер алғаш рет шайқасқа кіреді. Панфиловшылар 28 күн бойы дамыл таппады. Осы уақыт аралығында жау небәрі 25 шақырым ғана алға жылжи алыпты. Жаудың бұл жүрісі тым қымбатқа түсіпті. Немістердің Мәскеуге жасаған бірінші шабуылы жеңіліспен аяқталыпты. 15 қараша күні фашистер 13 танк, 31 жаяу әскер, 7 моторлы дивизиясымен Мәскеуге екінші рет жойқын шабуылға шықты. Енді олар Мәскеуге қарсы жалпы саны 51 дивизиясын жұмсағанда адам баласының жаны түршікті.

Бұл күн 1941 жылы қарашаның 16-сы еді. Неміс фашистері Волоколам жолымен Москваға қарай беттеді. Немістің генералы Бектің, танктер құдайы Гудерманның машиналары жылыстап келе жатты. Тіпті жау генералдары алысты көретін дүрбімен Москва көшелерін көріп тұрды. Сол кезде Алматыдан жасақталған генерал И.В. Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы Москва түбіндегі Дубосеково темір жол разъезінің жанындағы қорғаныс шебінде жауды күтіп жатты. Алдымен гитлершілердің жаяу әскерлері лек-легімен парадқа шыққандай алда келе жатты. Артынан жаудың 20 танкісі келеді. Олар тұп-тура 28панфиловшылардың бекініс шебіне қарай қаптап келе жатты. Алда алапат ауыр шайқас күтіп тұрғаны белгілі болды. Жауынгерлер кенет: «Амансындар ма, батырлар!?!», -деген таныс дауысты естіді. Бұл саяси жетекші В.Г.Клочков екен. Ол батальонның бақылау пунктінен жау танкілерінің бет алысын байқап, шұғыл түрде жеткен еді. Кескілескен ұрыс басталып та кетті. Ержүрек жауынгерлер жау машиналарын танк ататын мылтықтармен, гранаттармен жайратты, жанармай қоспасы құйылған бөтелкелермен өртеді. Алайда қорғаныс шебіндегілердің қатары азайып қалған еді. Осы кезде саяси жетекші Василий Клочков «Россия кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ – артымызда Москва»-деп ұрандады. Клочковтың бұл сөзі майдан даласын шарлап кетті. Тағы да будақ-будақ кара

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кошқыл түтіннің арасынан екінші танктердің эшелоны көрінеді. Бұл жолы Клочков 30 машинаны санап шықты. Жауынгерлер өлімнен тайсалмай, күші басым жаумен тағы да шайқасқа шықты. Жаудың 50 танкісіне қарсы қаһармандықпен күрескен 28 батырдың көбі қаза тапты. Бұл дәл сол кезде басқа әскери күштердің келіп жетуіне қажетті баға жетпес уақыт ұтқан асқан ерлік болды. Көп кешікпей неміс фашист әскерлері Москва түбінде талқандалды. 28 панфиловшылардың бәріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 28 батырдың 22-сі қазақстандықтар болды. Осыдан кейін 316-атқыштар дивизиясы 8-гвардиялық дивизия деп аталды және Қызыл Ту орденімен марапатталды. 18 қараша күні осы дивизияның командирі Иван Васильевич Панфилов қаза тапты. Панфиловшылар дивизиясында 18 мың адам болыпты. Бірақ, бәрінің бірдей ерлігі ел есінде қалған жоқ.

28 панфиловшы-батырлар қаһармандық көрсеткен жерге ескерткіш орнатылды. «Біз өз өмірімізді Отан үшін пида еттік. Біздің жансыз денеміздің жанында тұрып көз жасын төкпеңдер. Тістеніп, тас түйін табанды болыңдар. Біз не үшін өлгенімізді білеміз, біз өзіміздің жауынгерлік борышымызды өтедік, жаудың жолын бөгедік. Фашистерге қарсы шайқасқа шығыңдар, өліспей беріспеу керек екенін есте ұстаңдар. Бізде таңдайтын басқа жол болған жоқ. Біз қаза таптық, бірақ жеңіп шықтық!», -деп тас мүсіндер бізге тіл қатып тұрғандай.

Алматыда 28 гвардияшы-панфиловшылар паркі бар. Онда панфиловшылардың құрметіне «Даңқ мемориалы» орнатылған. 1975 жылы 7 мамыр күні Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қаза болған қаһармандардың құрметіне салтанатты жағдайда ашылды. Алаңда қысы-жазы «Мәңгілік алау» жанып тұрады. Орталық көшенің бірі И.В.Панфилов атымен аталады. Көшенің бойында батыр генералға ескерткіш орнатылған. Республикамызда панфиловшы-батырлардың есімімен аталатын мектеп, аудан, ауылдар және көшелер бар. Олардың есімдері жазылған кемелер мұхиттар мен теңіздерде жүзіп жүр. Олардың ерлігі тасқа қашалып, суреттерде бейнеленіп, кітаптарда жазылып мәңгілік есте қалды. Жауға деген шексіз өшпенділік олардың жүрегін ажалдан да тайындырмады. Тіпті өз өмірін қиса да, жеңіп шығуға деген қайтпас қайсарлық туғызды. Олар өз қадір-қасиетін, тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау үшін семсерін суырған ұлы халықтың қаһармандарына айналды.

Мен Москваға ұмтылған дұшпан атаулының ойранын шығарған жандарға әр уақытта басымды иіп тағзым етемін, топырақтарың торқа болсын деймін. Сіздердің алып берген жеңістеріңізді біз кейінгі ұрпақ, қадірін түсініп, тәуелсіз еліміздің бейбітшілігін сақтауға атсалысамыз. Ол үшін тәрбиелі де, тәртіпті болып өсіп, білімді оқушы қатарында болуымыз қажет.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қараева Нұрсәуле

10 сынып, №68 орта мектебі Арал
ауданы Қызылорда облысы Жетекші:
Алданышбаев Ж. Е.

Жеңіс – ерлік жемісі

Жеңіс күні – халқымыз үшін ерекше мейрам. Бұл күн неміс фашистерін тізе бүктіріп, өз азаттығымызға қолымыз жеткен ғажап күн. Бірақ көптеген батыр аға-әпкелеріміз қаза тапты, дегенмен де, олардың ерліктері ешқашан ұмытылмайды. Ұлы Отан соғысына өз жерімізден миллиондаған батыр ағаларымыз бен нәзік жанды аруларымыз қатысты. Кітаптан оқып, кинодан көргеніміздей соғыстың әр сағаты, әр минуты, әр секунды аса ауыр, әрі қорқынышты, әрі қасіретті болған. Осындай ауыртпалық кезеңдерде батыр жауынгерлеріміз кірпік қақпай, шыбын жаны қалғанша жан аямай күресіп бақты.

Соғыс деген сөздің өзі қорқынышты. Жазықсыз халықтың көрген қиыншылығын сөзбен жеткізу одан да қиын. Бұл соғыс атаулы ешқашан жақсылық әкелмейтін қасіреті мол, азабы да көп, өте ауыр кезең. Осыған қарамастан, еліміздің нағыз патриот ұл-қыздары туған жерінің бейбітшілігі үшін өз еріктерімен соғысқа аттанды. Бір қолына – қару, екінші қолына – қалам алып, зұлмат соғыстың ауыр кезеңдерін және ерлік көрсеткен батырларымызды жазып қалдырды. Бұның бәрі біз үшін өте құнды деректер. Осы арқылы біз аға-әпкелеріміздің ерен еңбегіне, көзсіз ерлігіне тәнті боламыз. Сондай-ақ рухты өлеңдерімен жастарға дем беріп отырған ақындарымыздың да еңбегі орасан зор.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының тарихта алар орны өте үлкен. Осы соғыста қазақ деген ұлы халықтың даңқы жер жарды. Олай дейтінім, біздің даңқты, ержүрек батырларымыз бар әлемді таңқалдырды. Сөзбен айтып жеткізуге келмейтін асқан ерліктер көрсетті. Қазақ халқының даңқты ұлы Нұркен Әбдіровтың есімі өшпейді. Ержүрек ұшқыш ұшағына оқ тигенде, отқа оранған ұшағын жаудың шоғырланған тұсына бағыттады. Үлкен жарылыс болды... Нұркен Әбдіров қаза тапты. Бірақ елімізге билік жүргізуді қалаған жау да жер жастанды. Осы соғыста мыңдаған қазақтар ерлік көрсетті. Ұшқыш Талғат Бигелдинов фашистерге қырғидай тиді. Ол «Ил-2» ұшағымен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

көптеген фашистермен олардың соғыс техникасын жойды. Мерген қыздар Әлия мен Мәншүк те ерлікпен қаза тапты. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің арасында Рақымжан Қошқарбаев та болды. Бұл да ұлы ерлік. Сонымен қатар, Б.Бұлқышев, Б.Момышұлы, Ә.Нұршайықов, Қ.Қайсеновтей батырлар жазған естеліктер, әңгімелер, бабаларымыздың батыр болғанын дәлелдей түседі. Ақыр соңында, 1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, 9 мамыр – Жеңіс күні болып жарияланды. Соғыс жылдары 500-ге жуық қазақстандық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Бұл біздің еліміз үшін үлкен мәртебе. Міне, осындай ержүрек батырларымыздың арқасында бейбіт заманда еш қиындықсыз өмір сүрудеміз.

Сондай батырларымызға арналып қойылған ескерткіштер біздің рухымызды әркез биіктетіп, кімнің ұрпағы екенімізді түсіндіріп тұрғандай. Адам өмірінің ұзақтығымен емес, оның еліне, жұртына жасаған үлгі етер игі істерімен есте қалады. Ұлан - ғайыр даламызды ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап өткен. Ұлы Отан соғысына қатынасқан батырларымыз да сондай, елін сүйетін, қорғай білетін нағыз азаматтар болды. Соғыс кезінде қыршын кеткен батыр ұл-қыздарымыздың ерліктері тарихта алтын әріппен жазыларлық ұлы істер болды. Біз оларды әркез дәріптеп, мақтан тұтамыз. Қай халық болмасын, бәрі өзінің батырларын қастерлеп, аттарын асқақтатқан. Біз де сондай халықпыз. Қазақ халқы «Жақсының аты өшпейді, ғалымның хаты өшпейді» деген нақыл сөзді бекер айтпаса керек-ті. Өйткені, жақсы адамның игі ісі ешқашан да естен кетпейді, сондай-ақ ғалымның қомақты еңбегі де әрқашан сақтаулы болады. Сол сияқты батырларымыздың да елі үшін қылған ұмытылмас істері тарих бетінен өшпейді. Олар естен кетпес ержүрек тұлғалар.

Биыл міне, Ұлы Жеңісімізге – 70 жыл! Осы мейрам сайын боздақтарымызға әркез тағзым етіп, Жеңіс күнін тойлаймыз. Бұл мереке елімізде ерекше аталып өтіледі. Ардагер батырларымызға, тыл ардагерлеріне үлкен құрмет көрсетіліп, сый-сыяпат жасалады. Олардың құрметіне концерттік бағдарламалар ұйымдастырылып, қуанышқа бөлейді. Біз үшін олардың әңгімелері өте қызық. Ардагер батырларымыздың әңгімелерін тыңдай отырып, өз көмегімізді де тигіземіз. Күн санап ардагерлеріміз де өмірден озып барады. Сондықтан осы аталарымызға зор құрмет көрсетіп қалуға тиістіміз. Себебі, солардың арқасында сайран салып, бақытты өмір сүрудеміз! Біздің тыныштығымызды қорғап, шат-шадыман өмір сыйлаған – осы кісілер ғой. Ғажап күннің тууына себеп болған ардагер – асыл жандар азаймаса екен...

Мен де өз елімнің нағыз шынайы Әлия мен Мәншүктей батыр болсам деймін. Әрине, ешқандай қан-төгіссіз, соғыссыз. Мен өз біліміммен ерік-жігерім арқылы «батыр қыз» болғым келеді. Өзім сүйген мамандық бойынша қызмет жасап, елімнің көркеюіне, одан әрі дамуына үлесімді қосып, «Қазақстан» деген мемлекетті әлемге танытатындай дәрежеге жетіп, нағыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

елін жанындай сүйетін ұлтжанды қыз боламын. Қазақта «Жақсы сөз-жарым ырыс» деген сөз бар. Мен де жақсы нәрселерде айта берейін. Бұның бәрі мен армандаған ғажайыптар. Армансыз адам болмайды. Сондай-ақ оның орындалатынына сену керек. Сонда ғана ойлаған ісің жақсы нәтижесін береді. Оған бар күш-жігеріңді салып, көп ізденіп, талпынуың керек. Сонда біз арман болған белестерді бағындырамыз. Мен осылай елімнің «қазіргі заманғы батыр қызы» болғым келеді. Еліміздің жарқын болашағы – білімдінің қолында!

Мен барша қазақстандықтарды және соғыс ардагерлерін алдағы Ұлы Жеңісіміздің 70 жылдығымен шын жүрегіммен құттықтаймын! Әрқашан бейбітшілік заманда ғұмыр кешейік! Біздей жастарды ерлік, патриоттық, адамгершілік рух мәңгі тербелей береді. Ұлы Отан соғысы жылдарында бейбіт өмір үшін кеудесін от пен оққа тосқан майдангерлерімізге зор тағзым етеміз! Олардың қайтпас қайсар өр мінездері мен ерлік істері – бізге үлгі! Осы батырларымыздың алдында өмір бойы қарыздармыз. Бүкіл әлемде бейбітшілік заман болсын! Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болғай! Әрбіріміздің арайлап атқан таңымыз күлкі мен шаттыққа, өміріміз күн нұрындай жылылыққа толы болсын! Соғыссыз-ақ ерлік істеріміз көп болғай.

Қартабекова Айгерім

10 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай Ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Ұрпаққа ұран болған ұлы ерлікке мың тағзым

Соғыс десе қатуланам, қиналам,
Рас, оны көрдік біздер кинодан.
Оққа оранып от кешкен арыстардың
Арқасында аман қалды бұл ғалам.
Баубек Бұлқышев

Соғыс! Ия, Соғыс десе қай жанның болмасын жүрегі зірк ете қалары анық. Себебі әлемді дүр сілкіндірген 2-дүниежүзілік соғыстың қасіретін ешкім ешқашан да ұмытпақ емес! Бұл оқиға бейбіт, тыныш жатқан елді 1941 жылы жаздың жайма шуақ күні маусымның 22-інде дүр сілкіндіргені шындық. Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсіреді... Жер бетіндегі барша адам баласын қатты алаңдатқан өткен ғасырдың ең қайғылы оқиғасы ретінде тарихқа кірген. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл жуықтапты.

Бұл жеңіссіз жер жүзінде қазіргі бейбіт заман болмас па еді? Бүгін егемен еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізе алмай қалар ма еді? Жасы үлкен жақсы ағалар,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

соғыс пен тыл ардагерлері, бұрынғы Одақ кезінде туып, есейген ұрпақ ол Жеңістің қадірін, Жеңіс мейрамының басқа күндерден ерекше екенін жан жүрегімен сезінері анық. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Кеңес халқы жан-тәнімен Отанды қорғады. Біздің республикамыздан 1млн.700 мыңдай адам қару асынып майданға аттанды. Қаншама адам еңбек армиясында, тылда қызмет етті десеңізші?! Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Шаңырағымыз құламасын деп, сәбиіміз жыламасын деп, қызыл гүл солмасын деп, енді сұм соғыс болмасын деп өмір мен өлімнің арасында шыбын жандарын шүберекке түйіп қайсарлықпен шайқасқан бір туар Бауыржан, Рейхстахқа ту тіккен ержүрек Рахымжан, кер маралдай көркем шығыстың қос шынарлары Әлия мен Мәншүк, қанатты қыз Хиуаз Доспанова, қаруымен де қаламымен де шайқасқан Баубек Бұлқышев сынды арда туған алтын десе алтындай жарқыраған жарық жұлдыздарымыздың ерліктері мені биік мақсатқа жетелеп, бойыма үлкен күш қуат себеді. Өйткені бұндай шешен десең – шешен, көсем десең – көсем атына лайық хас батырлар қай адамды болмасын таң қалдырары сөзсіз.

Бұлт түнеріп аспаннан,
Талай көзден жас тамған.
Тұтқиылдан жау тиіп,
Қырғын соғыс басталған
Отаным, еркелеймін енді кімге
Өзіңмен нені болса көрем бірге
Қалайша қабырғама батпас менің,

Басыңа қатер бұлты төнген кезде,

-деп талай қазақ баласының көзінен жас тамғаны тарих беттерінен анық көрінеді.

Жеңіс... Оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Осы қан майданда мерт балған асқар таудай аталарымыз бен апаларымыздың рухын құрметтеп, қадір тұту болашақ біздердің азаматтық парызымыз деп ойлаймын.

Бүкіл әлемге қауіп қатер төндірген сұрапыл соғыс отының өшкеніне де көзді ашып-жұмғанша 70 жылдай уақыт өтсе де, жерін жауға таптатпаған жеңімпаз аға-апалардың қаһармандық ерліктері ешқашан ұмытылмақ емес. Соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлеріне сүйіспеншілік пен құрмет бүгінгі және келер ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Майдан батырлары сол бір қаһарлы жылдары туған елі мен жері, Отаны үшін жанқиярлықпен қан төксе,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тылда еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін, ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектер күн-түн демей еңбек майданында тер төкті. Олардың қайсар рухы мен қажымас қайраты – біздің баршамыз үшін елжандылықтың, отансүйгіштік пен патриотизмнің мәңгілік өнегесі және сарқылмас қайнары.

Осындай тыныш та бейбіт күнді сыйлаған ардагерлеріміздің алдында басымызды иіп, ұрыс даласында және еңбек майданында жеңіске теңдесі жоқ үлес қосқан барша азаматтарды зор құрметпен еске аламыз!

Тарих қойнауында ерлік пен елдіктің қайсар рухын паш еткен Жеңіс ешқашанда ұмытылмайды.

Мен осындай жасыл желегі жарқыраған, көк майсасы бұрқыраған тәуелсіз, дербес, ғажап ордада туғаныма шүкіршілік етемін. Себебі мың өліп, мың тірілген азап пен қасіреттің талай тарам жолдарында еркіндік үшін күрескен қайсар қазақ ұрпағы болғаным, ертеңгі таңда сол елдің отын маздатар тұлға болғаным үшін дер едім.

Соғыс бүкіл әлемнің жүрегіне өшпестей қара дақ салғаны баршамызға мәлім. Ендеше сол соғыста қазақ ұлты алыптай арыстары мен қылықты қыздарынан айырылып, тар жол тайғақ кешіп, ұлы соғыста жеңістің туын тіккен сәттен естіген сәттен жүректері қуаныштан жарылардай болып естен кетпейтін отты жылдар болып тарих сахнасында батырлардың қанымен жазылып қала берді. Сондықтанда әр қазақ бабасын қадірлеп, біз үшін жеңіске ұмтылып, болашағымызға сенім артып біз үшін бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып соғысқан асыл текті баһадүр батырларымыздың дара да дана есімдерін ешқашан ұмытпай, қастерлеп, болашақ қазақ жас балғындарынан үлкен үміт күтейік және де қашанда қай кездеде Мәңгілік еліміз Қазақстанның гүлденуіне, дамуына үлес қосар бейбіт еліміздің болашақ батыр ұл-қыздарымызды нағыз жанашыр ретінде сенім артайық! Қазақ еліне Жеңістің туын тіккенімізге 70 жылға жуықтаған үлкен той қарсаңында бауырымыз бүтін, бай қуатты болайық деп бала жүрегімізден жарып шыққан үлкен тілегімді арнаймын!

Қартаңбаева Гүлнаурыз

№107 орта мектебі Дүр Оңғар ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Біз Ұлы Отан соғысына қатысқан елдердің біріміз. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына міне 70 жыл болды. Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 992-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Сонымен қатар соғысқа Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов және тағы басқа көптеген боздақтар қатысқан. Қызылорда жерінен шыққан атамыз Тәйімбет Көмекбаев та осы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Осы батырлар жан аямай жерін қорғаған. Бауыржан атамыз – әскери жазушы, дивизия мүшесі болған. Әлия Молдағұлова-54 атқыштар бригадасының мергені, Мәншүк Мәметова-пулеметші болған. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Рақымжан Қошқарбаев-1945 жылы 30 сәуір күні сағат 6:30да Берлинге жеңіс туын тіккен. Жерлесіміз Тәйімбет Көмекбаев атамыз туралы айтатын болсақ-барлаушы, бригада командирі болған. Бауыржан Момышұлы атамызға-Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31 850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы, 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен-жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да емдеу мекемелері, 74 мың мектеп, техникум, жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған. Соғыстың алғашқы күнінен бастап қазақ халқы да фашизмге қарсы аттанып, соғысты жеңіспен аяқтау үшін барлық жігерін тұмсады, асқан ерліктер көрсетті. Бұл соғысқа көптеген ата-бабаларымыз қатысқан. Енді елімізде және дүние жүзінде де еш уақытта соғыс болмасын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қуаныш Жансая

11 сынып, №172 орта мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Досмаханова Б.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады

«Жеңіс» деген – жақсылықтың сынары,
Жігер менен құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы

70 жыл. Сонау сұрапыл соғыс басталған шақта дүниеге келген сәбилер бұл күндері жетпісті еңсерген ел ағалары. Әйтсе де сол қасіретті жылдар жыл сайын қайта жаңғырап өткенді еске салады. Сол жаңғырақ бүгінгі жеткіншек ұрпақты бейбітшілікке, патриотизмге үндейді.

Ұлы жеңістің тарихтан алатын орны ерекше. Бүкіл Кеңес халқының 20-25 миллиондаған әйелдер жесір, балалар әкесіз қалды, аналар ұлдарынан айырылды, соғыстың қайғысы өртамеген, оның құрбандығына шалынбаған отбасы қалмады.

Отан соғысың алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мындаған қазақстандықтар шайқасқан Кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескеліскен ұрыс жүргізді. Мәскеу түбінде генерал-майор И.В.Панфилов қолбасшылық еткен даңқты 316-атқыштар дивизиясы ерлікпен шайқасқан.

Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы Б.Момышұлы былай деп жазған: «Біздің жүрегіміз темір емес, бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін қаруымыз бар, ол-Отанға деген сүйіспеншілік»

Ленинград үшін шайқастың ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл Ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім» деген жырын арнады.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш-өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сыпырылған көк теңіз,
Шомылдырып, кемерін,
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға тұтып алыста,
Айбыным деп ойлаған.

Теңдесі жоқ ерлігі үшін 500 қазақстандық жауынгер Кеңес одағының батыры атағын алды. Олар-екі рет батыр атағын алған Т.Бигелдинов, Н.Әбдіров, Шығыстың қос жұлдызы, бүгінде жырға қосып жүрген «Ерліктің қос қанаты деп біліемін Әлия менен Мәншүгімді» деген батыр апайларымыз және Қасым Қайсенов, Бауыржан Момышұлы сынды ерекше батыр ағаларымыз еді.

Ұлы Жеңіске ат салысуда тылдағы еңбекте апаларымыз бен аналарымыз әкелеріміздкен кем түскен жоқ. Уақытпен санаспай, ыстыққа күйіп, суыққа тоңа жүріп Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосқан еді. Жауға атылған үш оқтың екеуі Қазақстанда жасалғанды. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 1418 күнге созылған бұл қатерлі айқастағы халқымыздың жанқияр ерлігі мен жеңіс тарихын ешкім де, ешқашан да ұмытпақ емес. Соғыс өрті қашан да халық есінде.

Фашистік Германия қарақшылықпен Кеңес Одағының шекарасын бұзып кірді. Неміс фашистері күшті армия жинақтап, халықты құлға айналдыру үшін майдан ашты.

Қара түнек серпілді,
Ұйқысынан ел тұрды.
Аңсаған атты алтың таң,
Майданға, майданға.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан-тәнімен Отанын қорғады. Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескеліскен ұрыс болды.

Тас-талқын ғып фашисті,
Қиратқан біздің ер күшті.
Москва, Ленин қаласын,
Ағы мен көздің қарасын,
Отанын, гүлді даласын.
Қорғап жатқан ерлерім,
Жауға қарсы аттанды,
Борасан қардай оқтарын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан Қазақстаннан 1 миллион 700 мыңнан астам жауынгер қастысты. Олардың басым көпшілігі ұрыс даласында қаза тауып, хабар-ошарсыз кетті.

Қазақстаннан құрылған әскери дивизия ең қауіпті жерлерде соғысты. Генерал Панфилов бастаған 24-дивизия жауынгерлерінің аттары Ұлы Отан соғысының тарихына алтын әріппен жазылды.

Өршеленіп соқты боран,
Орман шулап тартты қобыз.
Қарды қуып құйындаған,
Келе жатыр жиырма сегіз.
Жиырма сегіз жау тобырын,
Алға адым жер бастырмады.
Сақтамаққа ел өмірін,
Қорғап жатты Москваны.

Ленинград, Волгоград, Новороссийск, Тула, Керчь, Одесса, Севастополь, Брест қалаларына «Батыр Қала» атағы берілді. Отанымызды қорғау жолында халық қаны қалғанша шайқастан Кеңес Одағы батырларына басымды иемін.

Жанымдай сүйем халықты,
Ерлері мәңгі даңқты.
Өнеге тұтып өсемін,
Әлия, Мәншүк, Мәлікті.
Олар Отанымыздың байтақ жерін қорғады,
Ақ сүт берген анасын қорғады.
Ақ самал ескен даласын қорғады,
Пәк жүзді баласын қорғады.

Соғыс-қиратушы күш. Барды жоқ ететін апат. Қасіретті соғыста 70 миллион адам құрбан болды, соның 20 миллионы Кеңес Одағының азаматтары, ал оның ішінде 350 мыңы қазақ болатын.

Мыңдаған қазақстандықтар Кеңес үкіметінің орден, медальдарымен марапатталды. Фашистік Германияны жеңген күн тарихтағы ең әсерлі күндердің бірі ретінде адамзаттың есінде сақталып келеді.

Міне, осынау елімізге лаң салған апаттың аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Қасым Аманжоловтың: «Күркіреп күндей өтті ғой соғыс» дегендей содан бері 70 бейбіт жыл артта қалды.

Ұлы соғыс-төрт жыл адам төзгені,
Дерт пен ыза тірі дене сезгені.
Төрт жыл ұдай көздемеппіз, атпаппыз,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Екі аяқты елдестен өзгені.
Ет қызыуы енді бір сәт басылған,
Бақсаң егер,ажалына бас ұрған.
Ел зұлматы жер астында өртеніп,
Күн көзімен,күн сүйегін жасырған.
-Жеңіс!Жеңіс!

Бір сыбаға баршылық!
Қуаныңдап қалды жуық алып!
Осылайша отты салют берген-ді,
Біздің еліміз жаңа тарих жыр салып.

Біз бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы,тыныштықты сақтаушы елміз. Елімізде және жер бетінде мәңгілік тыныштық сақталсын. Қазақстанның көк туы аспанымызда мәңгілікке желбіресін!

Мақсұт Жазира

9 сынып, №103 орта мектебі «Жалаңтөс батыр» ауылы
Қазалы ауданы Қызылорда облысы,
Жетекшісі: Оралова З.

Қаһармандық ерлікпен келген Ұлы Жеңіс

Сұрапыл соғыс жылдары,
Оралып қайта соқпасын.
Шырқалып жеңіс жырлары,
Кернесін шаттық отбасын.
Сондықтан бейбіт өмірдің,
Қорғайық ашық аспанын
Күйлерін шертіп көңілдің,
Шырқайық бақыт дастанын.
3. Шілдебайұлы

Бізден бұрын қаншама ұрпақ ауыспады, нелер қилы кезенді халқымыз басынан кешпеді? Ал енді, осынау іңкәр еткен заманды, мына еркіндікті Жасағанның дәл біздің маңдайымызға жазуы неткен бақыт, тірліктің неткен ғажайып сыйы! Осы бейбіт заманға жеткізген арыстарымызды ұмытпау, ерліктеріне тағзым ету – осы күндерді көзбен көру бақытына ие болып отырған біздердің, бақытты ұрпақтың, борышымыз.

Соғыс. Бұл – жойқын, қырғын, алапат, апат әкелетін жан түршігерлік оқиғалар жиыны. Қасиетті жұмыр жер-ана қаншама рет соғыс азабын тартты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлем тарихы беттерінде өзінің сұрапыл зұлматтылығымен өшпестей із қалдырған ең қанқұйлы соғыс – Ұлы Отан соғысы.

Бұл соғыс күллі әлемде 1418 тәулік бойына үрейлендіре сілкіндіріп, жиырма жеті миллион адамның өмірін жалмады да, зорға тынды.

Міне, Рейхстаг күмбезіне қаһармандарымыздың қандары түстес Жеңіс туы тігілді. «Соғыстың да өзіне тән рахаты бар»-деп ұлы Пушкин айтпақшы, сол сәттегі сарбаз қуанышында, жалпы кеңес халқының қуанышында өлшем болды дейсіз бе? Бұл қуанышты өзгеден гөрі Рейхстаг шатырына бұрын көтерілген Рақымжан Қошқарбаевтардың молырақ сезінгені даусыз.

Әрине, біз қанды соғысты көрген жоқпыз, көрмей-ақ, білмей-ақ қоялық. Соғыс қаншама адамдарды бақытсыздыққа ұшыратты. Баланы жетім, ананы жесір етті, баласынан айырды, жастарды қыршынынан қиды. Соғыстан аман қалғандарының өзін қол-аяқтарынан, көз жанарынан айырып, мүгедектікке ұшыратты

Соғыстың салған лаңын әкелеріміз бен аталарымыздың кешегі қан майданда жасаған ерлігін көркем шежіредей баян еткен халқымыздың сүйікті перзенті, батыл да шыншыл жауынгер Бауыржан, партизан жазушы Қасым мен Әли аталарымыздың шығармаларынан оқып, қанды қырғын соғысты бейнелеген кинофильмдерден көріп, аталар естелігінен естіп, есте бекітіп, санамызға сіңірдік. Сұрапыл жылдарда қар жастанып, мұз төсеніп, белуардан қан кешіп, жеңістің жарық күнін сыйлап кеткен аталарымыздың ерлік ісі біздің де ерік-жігерімізді әрдайым жанып, елді сүюге, халқымызды қадірлеуге, тәуелсіздігімізді қорғауға борышты екенімізді сезіндіріп, санамызды сілкі түседі.

Бұл күнде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары сиреп барады. Ақырын- ақырын жылжыған жылдар легі кешегі 1941-1945 жылдары он сегізінде от кешкен өрімдей жастарды бүгінде сексеннің сеңгірі мен тоқсанның тақымына іліктірді. Міне, биыл осындай қаһармандықпен қол жеткізген Ұлы Жеңіске – 70 жыл. Ғажайып ерлік жасаған Талғат пен Бауыржан, шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүктер ерліктің ерен үлгісін көрсетсе, Рақымжан ата батылдық пен батырлықтың өрнегін жасап, Рейхстагқа ту тікті. Ал, Мәлік Ғабдуллин батырлықтың серкесі атанды. Міне, бұлар – нағыз қамал бұзған батырлар.

9 мамыр – Жеңіс күні. Аға ұрпақтың жанқиярлық ісін ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке

Адамзат тарихында жеңістер көп. Солардың ішінен мән-маңызы жөнінен шоқтығы биігі – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Ол – біздің аталарымыз бен апаларымыздың ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын күллі әлемге танытқан отансүйгіштік символы.

Иә, 1941-1945 жылдардағы алапат отқа оранып, қан кешу, тылдағы еңбеккерлердің жанқиярлық еңбегі – қасиетті ел-жұртымыздың, жалпы тарихымыздың бір бөлігі. Өйткені аталарымыздың сол сұрапыл сынға түскен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шақтағы төзімділігі мен табандылығы, қайраты мен қаһармандығы болмаса, бүгінгі жарқын болашаққа қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан Ұлы жеңісті жақындатқан, ұрыс даласында мерт болған ата-апаларымыздың аруағы мен елге жеңіспен оралған ардагерлер алдында бас июге тиіспіз.

Ұлы Отан соғысындағы ерлікпен қоса, ізіне ондаған, жүздеген жылдар жетектеген ғасырлар көшіне қарап отырсам, қазақ халқының мың өліп, мың тірілген тірлігінің келбетін көргендей боламын. Сонау XVIII ғасырда табандары ақ жем болып, босқындықтың күйін де тартты. Сонда да халқымыз жауынгерлік, қаһармандық ерліктің арқасында қай қиындыққа да шыдап, жүнжіп кетпеді. Бабаларымыз Шыңғыстың тепкісіне де, Темірдің тегеурініне де, жоңғардың жаугершілігіне де, орыстың ойранына да төтеп беріп келген. Ендеше, менің халқым – батыр да қайсар халық. Кіндік кесіп, қаны тамған жерін жан-тәнімен сүйетін жігерлі халық.

Біз елін, жерін сүйетін патриот болуды өз ұлтымыздан, қанға сіңген қасиетімізден ұғынып, қастерлеуіміз қажет. Мен – қазақпын деген әрбір адамның жүрегінің түбінде еліне, Отанына деген махаббат, сүйіспеншілік болуы керек. Құр сөзбен мен – мықтымын, батырмын, елімді сүйемін деп мақтанып, мардымситын адам өз қара басын ойлайтын жан. Елдің сыншысы – қашанда елі, халқы. Халқының сынынан өту, халқының ардақты азаматы болу – ерліктің белгісі.

Егемен еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар жас ұрпағы, біздің, бүгінгі таңда үлкен де асқаралы міндеттер атқаруымыз – қасиетті борыш. Ол борыш – шыр етіп жарық дүниеге келген әрбір адам баласының ата-анасын, ел-халқын, Отанын шексіз сүйіп, қасиетті туындай қастерлеп өтуі.

Мен, бүгінгі мектеп шәкірті, егеменді ел тұтқасы, келешектің арқа сүйер өскелең азаматымын. Нарық заманында дүниеге келіп, өмір кешіп отырған ғасыр перзентімін. Қазір ерлік көрсетер шақтамын.

Бүгінгі күнде елімізде ерлік көрсетер істер саласы өте көп. Мәселен, ғарышқа ұшу – теңдесі жоқ ерлік. Шөл далада канал қазу, қала орнату, тың даланың төсін жаңарту - еңбек адамының ерлік ісі болып табылады. Әлі де ғылымның сан саласы ашпаған жаңалықтарды біз, жастар, ғылымның жас өрендері ашуымыз керек. Қазақ елін қорғайтын, елді бірлікке, елдікке бастайтын ел болашағы біз боламыз деп нық сеніммен айта аламын.

Қорыта келгенде, бүгінгі ұрпақ Отан алдында, әкелер алдында қарыздар. Олардың күресі мен тауқыметі, жігері мен қажыры арқылы жеткен жеңісті ойдағыдай бағалай білсе ғана, бүгінгі ұрпақ ертеңгі ұрпақтың алдындағы парызын өтей алады. Ешкім де батыр болып тумайды. Бастауында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді өнегелі ата-ананың тәлімінен сусындап адалдық, еңбексүйгіштік, бауырмалдық рухта ер жетсең, еліңді, халқыңды, бауырларыңды қорғауға әзірсің деп есептеймін. Батырлықтың негізі – бауырмалдықтан, Отанды сүйуден тұрады. Ал Отанды сүйу – үй-ішіңнен,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отбасыңнан басталады. Халқын қадірлеген сын сағаттан сүрінбей өтеді. Елін сүйген ер атанады.

Міне, биыл жер дүниені дүр сілкіндірген соғыс өртінің өшкеніне де 70 жыл толғалы отыр. Биылғы жылдың ерекшелігі де осында. Жеңіс мерекесі – бейбітшілікті сүйген барша адамзат қауымының мерекесі.

Жеңіс күні – достық пен бірлікті жырлайтын халықтың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Жеңіс мерекесінде біз, бүгінгі ұрпақ өкілдері, кешегі қан майданда қаза тапқан батырларымыздың рухына тағзым етеміз. Бұл айнымас дәстүрге айналған.

Беріспей батыр бабам армандаған,
Арман күн,
Ел-жұртына жалғанды аман.
Қаншама құрбандықпен қолым жеткен
Әлдиле, Тыныштықты орман-далам!

- деп Марфуға Айтқожа апамыз жырлағандай, қай кезде де халқымыз бастан кешкен қиындықтар мен оның бүгінгі Тәуелсіздігі үшін жанын пида еткен арыстарымызды ұмытпау, ұлықтау – біздің борышымыз.

Аға ұрпақ сыйлаған бақытты жоғалтпай, Тәуелсіз еліміздің көркеюіне бар күш-жігерімізді, біліміміз бен санамызды салайық, жас қауым!

Махмутова Аружан

9 сынып, №172 орта мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Түрсеекева Н.

Соғыстың заңы – өте қатал заң.

Б. Момышұлы

1941 жылы 22-маусым күні сағат 4-те таң шапағы жаңа атып, арайлап келе жатқан сәтінде фашистік Германия ССРО-ға опасыздықпен басып кірді. Сол бір отты жылдар жас ұрпақ жадынан ұмытылмайды. «Соғыс» сөзін естіген жанның өзі үрке қарайтын болса, ал оның болған сәттерінде қалай қиын болған десеңізші. Еш нәрсе оңайлықпен келмеді. Қаншама қан төгілді, қаншама адам қыршыннан қиылды. Талайы жақын жанынан айырылды. Тыныш жатқан жеріміз қара қанмен, сасық өліксемен толды. Ертеңгі күнге ешкімнің сенімі қалмады. Бәрі Отан үшін жанын аямай арпалысты. Ата-ана жүрегі шайылды, көздері жаспен толды. Бауыр еті баласын жастайынан ұрпақсыз, қыршынан қиылғаның қаламады. Бірақ амалы болмады, елі үшін жаумен айқасуға дайынмен деп тұрған ұландар сапарға аттанды. Отан атты ұлы ұғымға дақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түсірмеу керек және ол үшін қолдан келгенді аямау керек екенің жақсы түсінді. Оны қорғауға жасы да, егде жастағы да күш қосты. Бірлік болмай тірлік қайдан болсын. Сондай патриоттық ұлы сезім қанды қызу қайнатып, тіпті ер жүрек ұлдардан бұрымды қыздар да қалыс қалмады. Бәрінің қалауы бір, ол – Отанды қорғау еді. Ерлеріміз ерлігін көрсетті. Ал бұрымды қыздарымыз өліспей беріспеді. Сондай соғысқа 3,5 млн адам қатысты, оның ішінде 1,5 млн Қазақстандықтар екен. Бұл азапты соғыс халқымыздың басына кара бұлт әкелді. Төрт жыл сол бұлт басымыздан айырылмай, жауып ақыры таусылды. Сөйтіп, Жеңіс туы 1945 жылы 9 мамыр күні тігіліп, көкте желбіреді. Үздіксіз болған соғыс зардабы талайға тиді. Бәрін біразға дейін есеңгіретіп тастады.

Мәскеу үшін болған шайқаста И.В.Карпов қолбасшылық еткен атқыштар полкі мен аға лейтенант Б.Момышұлы басқарған батальонның жауынгерлері ерекше табандылық пен қаһармандық көрсетті. Дивизия жаудың төрт есе басым күшіне қарсы кескілескен ұрыстар жүргізген. Ондағы шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушы Б.Момышұлы былай деп жазыпты: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады...біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

Қазақстанда құрылған әскер бөлімшелерінің үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. Балтық флотындағы қызыл тулы «Киров» крейсерінде ғана 156 қазақстандық жауынгерлік сапта тұрды. Соғыстың сол отты жылдары мен ауыр күндерінде қазақтың халық ақыны Жамбыл атамыз ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» деген жырын арнап, онда көпұлтты еліміздің бүкіл еңбекшілерінің сезімі мен алаңдаушылығын білдірді.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін.
Өркеш – өркеш жарасқан,
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл жырда Ленинградтың ауыр тағдыры туралы сөз қозғап, ой тудырмақ ретте жазған болатын.

Жеңіс! Осы бір сөз қадір-құның түсіне білу бәріміздің борышымыз деп білемін. Себебі ол біздің өткен тарихымыздың өшпес ізі, яғни тарих парағында қалатын, ерекше орын алатын дүние. Ұлы Отан соғысы бір кездері естен кетпестей жалындап, лаулап тұтанған еді. Сол бір сәттер талайдың арманы мен қиялын әп-сәтте ғайып қылған еді. Жеңіс жайдан жай келмеді. Бүкіл ел жұдырықтай жұмылып, бір жеңнен бас, бір жеңнен қол шығарып әрең дегенде алған қамалы мен жеңіс туы еді. Ер азаматтар майдан даласында жүріп, су кешті. Ата жаумен аянбай арыстандай айқасты, жеңіс үшін шайқасты. «Сен тұр мен атайын» деген қаһармандарымыз жауларын жағадан алып, оларға өліспей-беріспейтінің көрсетті. Ал үйде қалған қарт адамдар, аяулы аналар мен жас балалар ер-азамат орнын басып, күн-түн демей еңбек етті. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды. Ол өткеніміздің шежіресі.

Адамзат тарихында осы соғыс атаулының өзі сұмдық атау. Отты жылдар өзегімізді өртеді, жерімізді жау басты, елімізді біраз есеңгіретіп тастады. Енді ол өткеннің еншісінде қалды. Міне, бүгінде 70 жыл толып, сол кезеңдер ендігі еске алынбақшы. Алайда Ұлы Жеңіс ұмытылмайтын сияқты, Ұлы Отан соғысы да ұмытылмайды. Себебі ол ұмытылмастай ізін қалдырды. 9 мамыр жеңіс күні – бұл сан мыңдаған жас қауым мен ұрпақ үшін ортақ жеңіс мерекесі. Сол күндері бейбітшілік пен қайырымдылықтың, мәңгі жасампаздық пен Отаның қорғаған жауынгерлер, офицерлер мен солдаттар, Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігінің бір дәлелі болып табылады. Оларды біз, жастар және барша халық болып еске аламыз. Біздің ата-бабаларымыздың жеңісі баршамыз үшін ғұмыр сыйлады. Осы күнде тәуелсіз ел болуымыздың барлық жеткен жетістіктеріміз солардың арқасы. Қазақстан азаматтары мен жау жүрек жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі және қоғамның дамуының, ұлттық намыс пен жігердің болуының бір айғағы мен дәлелі десек те болады. Жеңіс күні, жасампаздықтың жаңа жақтарының көрінісі. Кең батақ жердің ендігі иегері мына біздер. Отан деген ұран біздің де жадымызда бар. Мұның бәрі өткеннің құны мен түсінгеннің белгісі. Табандылық, ерлік, Отанға деген сүйспеншілік осының бәрі-бәрі соғыста жеңіске себеп болатын дүние. Сол арқылы жеңіске жетесің. Сонымен қатар арада сенімділік пен ауызбірлік те болу шарт. Онсыз жауға өз өзінді ұстап бересің.

Сол сұрапыл соғыс болған жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелді. Еліміз жеңіспен оралды. Бұның өзі көптен күткен ұлы күн еді. Бәрінің жүздерін күлкі үйіріліп, енді мұндай соғыс болмаса екен деген сенім болды. Ендігі күндері шаттыққа және бейбітшілік пен тыныштыққа толы болғаның тіледі. Бір сенім мен бір мүдде және бір арман осы жеңістің болуына себеп бола білді. Қайсар, батыр, ер жүрек қазақтың ұлдары мен қыздары сол кезеңдерде бұрын сонды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жасамаған ерлікті жасап, Отан үшін отқа түсті. Ол от – Ұлы Отан соғысының жалынды лаулап тұрған оты еді. Талайды шарпыды, жандырды, күйдірді. Себебі соғыс – күйретуші күш. Оның талабы мен заңы қатал. Ер азаматтың сыналар шағы және ерлігін көрсететін тұс. Біздің ерлеріміз өз күштерін дәлелдеді. Бар жауды ойсырата жеңіп, жоқ етті, алынбайтын қамалды, таудай биік болса да қара күшпен жер етті. Жер бетіндегі тіршілік атаулына зияны мен зардабын тигізетін осы бір тажал – соғыс. Ұлы Отан соғысы болған жылдар тарихта қалды. Оны біз тарихымызды оқып, қиын кезеңдерді көз алдымызға елестетіп, сол болған оқиғаларды санамызға сіңіре отырып, осы күнде тәуелсіз ел болып отырғанымыздың ата – бабаларымыздың арқасында екенің түсінеміз. Ұрпағы үшін осындай еңбекке, жан берерлік ерлікке барғаны үшін оларға айтар алғысымыз шексіз. Ардагер аталарымыз бен елеңсіз еңбек еткен аналарымыз біздің мақтанышымыз.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнекей, жағада тұр,

- деп Мұқағали атамыз өлеңінде мұндана жырланады. Сондай саны азайған қарияларымыз Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Солардың жанымен, қанымен, терімен, ерлік күшімен, туған жерді жауға таптатпай, жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. «Жаһаншыл ұлдан Отаншыл ұл артық» деп М.Шаханов атамыз айтпақшы отанмен мақтанған ерден бірдене шығады. Оның іргесін бекітіп, еңсесің көтеретін еліміздің бүгінгі мен ертеңі біз жастар. Соғыс жылдары қаһармандық пен ерліктің өшпес үлгісін көрсеткен майдангер аталарымыздың өмір жолын үлгі ету керек және келешек ұрпақты соған баулу мен патриоттық рухтағы тәрбие ендігі алған қойған басты мақсат.

Махсутова Айбану

11 сынып, №57 Е.Көшербаев мектебі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Арал ауданы, Қызылорда облысы
Жетекшісі: Байдеуова С.

Ерлікке мың тағзым!

Ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе.
Б.Момышұлы

Соғыс... Отан үшін от кешкен қаһармандар... От пен оқтың арасында өткен бақандай бес жыл...

...Жеңіс! Бейбіт халық! Жарқын болашақ! Нұрлы Отан! Тәуелсіз Қазақстан!

Тәуелсіз Қазақстан! Осы бір ауыз сөзді маңдайымызға жарқырата тағу үшін бойымыздан қаншама күш-қуат, қайрат-жігер, қан мен тер шықты десеңізші! Ал Отан дегенде жан жүрегі жалынға, көкірегі ізгі махаббатқа толы әрбір азаматтың аянбай төккен терін санамалап айтып тауыса да алмаспыз, сірә! Десе де, сұм соғыста туып-өсіп, кіндік кескен Отаны үшін, келешекке қанат қағып, тұқым жаяр ұрпағы үшін қолдағы барын беріп, бары түгіл бойдағы нәрін беріп, тіпті, одан қалса, шүберекке түйген жанын беріп қып-қызыл шайқас алаңында сан мыңдаған күн-түн талмай күрескен ата-баба алдындағы кішкентай да болса өтелген парызым деп осы шығармаға қалам тербеп жазып отырмын.

Олар сұрапыл сұм соғыста толарсағынан қан кешіп, батпандай ауыр, мұздай суық қаруды серігі ете жүріп талай жазықсыз адамның қанын ішіп, қарғысын алған, атының өзін естігенде жан түршігіп, құлақ тұнған фашистерге жан ұшыра қарсы тұрып, еркіндікке, егемендікке ұмтылған хас батырлар.

...«Бомба гүрс етті де, күш екпінімен Горькинді лақтырып жіберіп, көпірдің жақтауына апарып соқты. Горькин қатты ышқынып қалды да, үрейленіп, кимелеп бара жатқан біреуге: -Кейін! -деді. Даусы ышқынып, ащырақ шығып кетті. Қауіп-қатер өткеннен кейін сұрасатын әдетіміз бойынша: - Жолдас лейтенант, жараланған жоқсыз ба? - деп сұрадым. Горькин қолын бір сілтеді де, азғана жарықшақтанып қалған дауыспен әмір беріп, өз жұмысын басқара берді. Сонан Горькин даусы түн ортасына дейін естіліп тұрды, ақыры, машинаның қанатына асылып құлап түсті. Мен құшақтап сүйей бергенде, көйлегінен өтіп кеткен желімдей жабысқақ, жылы қан жауып кеткен екен. Горькин ауыр бір ыңыранып алды да:

-Команданы сен ал, сержант Сарталиев!-деді.»

Міне, осы шағын ғана Ғабит Мүсірепов шығармасынан алынған үзіндіде көптеген мағына жатыр: қажырлылық, табандылық, адалдық, төзімділік, қиыншылық, тағысын тағылар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осы сияқты қасиеттердің жиынтығы қазіргі таңда есімдері аңызға айналып отырған ержүрек қаһармандардың бойынан табылды. Олар осы қасиеттерін жүрегіне тұмар етіп тағып, жауға қарсы еш мұқалмайтын, майырылмайтын қару қылып қолданды.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің елу пайызын ержүрек жауынгерлер арқылы алсақ, елу пайызы Қазақстанның табиғи байлығы мен тыл жұмысшыларының қажырлы еңбегінің арқасында келді. Осы сөзімнің айқын да анық дәлелі-майдан даласында атылған он оқтың тоғызы біздің Қазақстанның қорғасыны, мысы мен жезінен жасалды.

Мен Арал өңірінің перзентімін. Туған жерім Аралда күні кешеге дейін Арал кеме жөндеу зауыты жұмыс істеді. Міне, осы зауыт жұмысшылары екінші Дүниежүзілік соғыс жылдары (1941-1945жж) әскери қажеттілікке бейімделіп, «Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен жұмыс істеді. Арал балықшылары В.И. Ленинге хат жолдап, өздерінің Отан қорғаушыларға арнап 14 вагон балықты жібергенін мақтанышпен жазды.

Тыл. Бұл сөз – соншама ауыр, соншама азапты. Бұл сөзді ауылдағы тылда болған Махатов Иса ата көзіне жас ала отырып, қинала әңгімелейтін еді. Тылда тек ерлер ғана емес, сонымен қатар апаларымыз да болған. Апаларымыздың айтуынша олар соғысқа керекті заттарды дайындады. Апа, әжелеріміз қалың қолғап, шұлықтарды тоқып майдангер ұлдарына жібергенін әңгімелеп отырады.

Қазақ қыздары қашан да батыр, әрі батыл келеді. Өздері қаншалықты нәзік те сымбатты, сұлу да сыпайы келсе, соншалықты бар жаһанның өжеттілігі мен қажыр-қайратын өн бойына жиып алған. Ел басына күн туғанда, ел ерге, ер елге қараған шақта әйел затымын деп сызылып отырмай, ерлермен бірге тізе қосып, ызғарлы далада аппақ қарлардан төсек төсеніп, ақ бұлттардан жамылғы жамылған, Тұмар ханымның соңынан еріп, ізін жалғаушы қазақтың дара қыздары қандай мадаққа болса да лайықты. Тұмар ханым өркөкірек Кирді өз қанына өзін тұншықтырса, қазақтың езге бітпеген ер мінезді өжет қыздары

Бүлігімді салармын,
Жеріңді тартып алармын.
Партизанның сүйегінен,
Сарайымды қалармын.

-деп, өзімен бірге қасірет ала келген ешқашан қанға тоймаған қанды қол қарақшы сұмырай Гитлершілерді өз қанын өзіне беріп тойғызды. Қайсар жандар емшектегі сәбиімен еңбектеген баласының тәрбиесі мен қоса майдан тірлігіне де араласты. Тіпті, кейбір арқа сүйер айбыны жау қолынан өлгенде, қол қусырып қарап отыруға намыс пен кек ие бермей, еріксіз екі қолға қару

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алды. Осылай жүріп, әскер ісіне машықтанып, команда немесе взвод басқарғандары да жетіп артылады.

Сонымен қоса біз майдан даласынан аттанған әрбір жауынгердің артында боздап анасы, еңіреп баласы, сағыныштан сарғайып бауыры мен жары қалғанын ұмытпауымыз керек. Жарты жанын беріп дүниеге әкелген баласын сұм ажал алдына сап айдап әкеткенде еш шарасыз шашын жұлып, жер тырналаған ана, өмірдің ащысы мен тұщысын бір өткерем деген аяулы жардың жесірлігі, әкесінен ерте айрылған, махаббатқа толы ыстық алақанымен тағы бір маңдайымнан сипаса деп армандаған бала тілек. Осы қайғыға толы көріністердің барлығын бастан өткізген миллиондаған халық:

...Бас сауғаламай, тығылмайтын жыраға,
Ажал оғы тимесе шөлмек сынама.
Кеудеде шырақ сөнбесе, қауышармыз жеңіспен,
Қайғыланба, қан жұтпа, жылыма ана, жылама...

М. Жарылқағанов

Иә, бізді осы күнге, бейбіт заманға табанымызды тигізген ата-бабаға мың алғыс айтсақ та, мың тағзым етсек те борышымызды өтей алмаспыз. Менің қайсар қазағым жаужүректілігімен, төрткүл дүниені аузына қаратты. Дана қазағымның, батыр қазағымның ешкімнен қаймығып тайсалмайтын мінезін қас жауы фашистердің өзі мойындаған.

Бір неміс офицері: «Қорқыныш дегенді білмейтін ер жүрек солдаттар бізге қарсы шабуылға шықты. Олар бораған оқты елеместен, бізді басып-жаншып өтетіндей атой салып келе жатты. Олардың қазақтар екенін кейін естідім. Әлемде мұндай халық бар екенін бұрын білмеуші едім»-деп жазғанын «Боздақтар» атты естелік кітабынан оқып білдім. Менің қазағым – әрқашан жауынан мысы жоғары, рухы биік, өр тұлғалы. Өзінің мықты екенін досы түгіл дұшпанына да мойындатқан.

Міне, биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы да келіп жетті. Қанқұмар фашистке қарсы қару асынып, оққа кеудесін төсеген әр майдангер жауынгер өз ұрпағына өшпес із қалдырды. Қазіргі кезеңнің жалынды жастары ата-баба ерлігін санасынан мәңгі өшірмек емес. Қайта отансүйгіш патриоттарымыз қайсар ата-әжелеріміздің ұмытылмас істерін жаңғыртып, бейбіт заманда да «Халық қаһарманы» деген атқа ие болған ағаларымызды мақтан тұтамыз.

Мәңгілік ел – қазақ елінің батырлары-бүгінгі ұрпақ мақтанышы.

«Батырлықтың негізгі бауырмалдылықтан туады» деген Бауыржан ата сөзімен аяқтағым келеді.

Мәдіхан Мереке

11 сынып, №167 орта мектебі Жаңарық ауылы,
Жаңақорған ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Көккөзова А.

Ешкім де ешқашан да ұмытылмайды

Туады ерлер ел үшін,
Өлмейді ісі мәңгілік.
Өшпейді абзал есімдер,
Ұрпаққа жетіп мәңгілік,

- деп ақын Жұбан Молдағалиев жырлағандай Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, соғысқа қатысқан аға-апаларымыздың есімдері, ерліктері жас ұрпақтың санасында мәңгі сақталады. Адам баласы үшін соғыстан асқан кесепат жоқ. Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты. Соғыс дегеніміз – қайғы, қасірет, қантөгіс, өлім, жетім сөздерімен ұштасып жатыр. Дүниежүзілік соғыс әуілі Финляндия шекарасынан басталғаны белгілі. Сол соғысқа қатысқан жауынгерлердің ішінде – Бауыржан Момышұлы, соғыстың басталғанынан аяғына дейін қатысқан азамат.

Жылжып уақыт, жылдар өтсе де, қазақ халқының тарихында Ұлы Отан соғысының ізі мәңгі өшпейді. Жеңіс үшін қанша адам отбасын тастап, соғысқа аттанды. Ағаларымыз ел басына күн туған, ауыр кезде от пен оқтың ортасында жүріп, Отан үшін отқа түсті. Қанша азап тартса да, келер күннен үміт үзбей, жеңіске, азаттыққа ұмтылды.

Міне, Жеңістің ұлы күні! Осындай бейбіт күнді сыйлаған аталарымызға мың алғыс! Егер аталарымыз болашақ үшін ерлік көрсетпегенде, біз де осындай өмір сүрмес едік...олар жері, елі үшін шайқасқа түсіп, кеудесін оққа жайды. Отан соғысында ерлік көрсеткен көптеген қазақ азаматтары кеңес Одағының батыры атағын алды. Әлия мен Мәншүктей апаларымыз қазақ қыздарының қайсарлығын көрсетті.

Соғыс... Соғыс... Қандай қорқынышты сөз. Бұл сөзді айтпақ түгіл, естігеннің өзінде денең тітіркеніп, көз алдыға небір сұм оқиғалар келеді десеңші! Бұл соғыс адамзат баласы үшін өте зор қырғын майдан болды. 1945 жылдың 9 мамырында бүкіл адамзат аңсаған 1418 күнге созылған соғыс жеңіспен бітті. Сұрапыл соғыс адамдардың жүрегіне жазылмас жара салды. Қаншама ошақтың отын өшірді, қаншама адам қаза тапты, қаншама орман өртеніп, қаншама қала күлге айналды. Қаншама әйел «қара қағаз» алып жесір атанса, қаншама бала әкелерінен айрылып жетім атанды.

Кеңес адамдары мылтықпен де, мылтықсыз да соғысып, ақырында жеңіп шықты. Қүйзелген көңілдер, жүдеген жандар Жеңістен жұбаныш тапты.

Жетпіс жыл шуақ шашып күніміз,
Қайта оралды қасиетті дініміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Боздандықтың бұғауынан босады,
Бабалардан мұра болған тіліміз.

Соғыс жалыны басылғанша 70 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырады. Қасиетті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысып қанын төккен аяулы ата-әжелеріміздің есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Олар бізге соншалықты қымбатқа түскен жеңістің қадірін ұғындырады. Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерін соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабаларымыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта қалады. Соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының сан қилы ерліктері-жас жүректерді шыңдайтын тәрбие мектебі. Қан майданның төрінде жаумен айқасқан батырларымыздың рухына мәңгі тағызым етеміз.

Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ұлы оқиға, оның қасиеті де, қасіреті де адам жанын түршіктіреді. Әр ерлігі бас игізіп, таң қалдырады. Ел басына қара бұлт төніп, күн туғанда рух пен намыстың қайсарлығы сыналды. Ерлеріміз қанға боялған даласы, жетім қалған баласы, аңыраған анасы үшін кектенді. Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы тұсындағы талай ақын-жыршылардың шығармашылығына, шабытына арқау болды. Мұның ішінде ел мен жерде жүріп, Жеңіске тілектес болған қаламгерлер де, аласапыран майданда қан кешіп жүріп, Отанын, халқын, қариясын жырлаған ақындар да болды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқаны, әсіресе, олардың арасында Ұлы Отан соғысынан оралған аталарымыздың қарасы азайып бара жатқаны өкінішті. Солардың қан майданда төккен қанымен, жанымен, көз жасымен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін, туған жеріміздің қара топырағын дұшпанға табалатып таптатпай, еңіреп жүріп жауын жеңіп, Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жаудың тас-талқанын шығарып, жеңіске жету жолында қазақтар да біраз үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткеліндегі Мәскеу мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктерін көрсетті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысында болған ардагерлер ұмыт болса да, оларды тарих ұмытпайды. Келер ұрпақ сол кісілердің патриоттық сезімдерін бойларына ұялата білсе, аталарымыздың бекер соғыспағаны.

Бүгінгі ұрпақ – елдің ертеңі. Біз – еліміздің төл перзентіміз. Біз бірінші сыныптан бастап бейбітшілік, тыныштық, тәуелсіз ел, еркінел, бостандық дегенді сезініп өстік, көрдік, білдік. Ұстаздарымыз бен өмір көрген әкешелеріміз үнемі ұқтырып, үйретіп келеді. Барлық әніміз де, жырымыз да Отан үшін, туған жер үшін арналып келеді.

Кез-келген халық өзінің батырларын қастерлеп, аттарын асқақтатқан. «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» демекші, біздің ғасырдың ерен ер, жұлдызды батырлары, халқымыздың мәңгілік мақтанышы, жастарымыздың даңқы арта берсін демекпін. Осынау тыныш өмірді, бейбіт кезеңді бізге сыйлаған ерлер есімі ешқашан ұмытылмайды, біз ұмытқанмен де тарих ұмыт болуға жол бермес.

Қазіргі ұрпақ, біздер, бақытты ұрпақпыз. Ерлікті, елдікті ту еткен қазақ халқы ерлерін ешқашан ұмытпайды, ер есімі – ел есінде.

Бейбіт аспан астында татулығы жарасқан ел бірлігі бұзылмасын!

Отан үшін от кешкен ардақты әкелерді ешқашан да, ешкім де ұмытпайды. Олардың рухына тізе бүгіп бас иеміз!

Мәжит Шынар

9 сынып, №235 орта мектебі Қызылорда қаласы
Жетекші: Жүсіпова Д.Қ.

Ер есімі – ел есінде

Ұлы тойын жеңістің,
Мәңгі тойлай береміз.
Дүние халқы қолдаған
Күшімізге сенеміз.
Төлеубай Үркімбаев

Күркіреп күндей, өтгі ғой дауыл
Сапырды дауыл, тебіреңді теңіз
Тулады толқын, шайқалды шың – құз
Қып-қызыл өрттің, ішінде жүрміз,

-деп ақын Қасым атамыз жырлағандай, кешегі соғыстың күркіреп өткеніне де 70 жыл толыпты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біздің аядай ауылда отанын қорғау үшін аттанған 300 боздақтан 21 ер аман оралыпты, бүгінде көзі тірі ешқайсысы жоқ, -деп атам айтып отырады. Атамның балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келіпті. Жылда 9мамыр жақындаған кезде соғысқа кеткен ауыл тұрғындарының орнына жұмыс істеп өткізген ауыр күндерін еске алады. Мұның өзі отанымызды қорғауға деген үлесіміз, қан майданда жүрген жауынгерлерге көмегіміз ғой, -дейді.

Атамның осы әңгімесін тыңдап отырып өзім әдебиет сабағында оқыған Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары», Шерхан Мұртазаның «Жүз жылдық жара» шығармаларындағы ауыл адамдарының ауыр халі есіме түсті. Жетім қалып, туған жерлерінен жыраққа келген балаларға Ахмет ақсақал тәрізді көп ағайын қазақ халқының қонақжай мейірімділігін көрсетеді. Мыңбұлақ аулындағы «Бақтияр» бауының сып-сидаң қалып, ызғарлы жылдары отынға айналғаны «Жүз жылдық жара» әңгімесінде адамның жүрегін сыздататындай ерекше сипатталған.

Атамның балалық шағындағы өмірі тәрізді бұл шығарамаларды жай қалыпта оқу мүмкін емес. Тарихи деректерге қарағанда 1941-1945 соғыс жылдарында 1 миллион 196 мың 164 қазақстандық әскерге алынған екен.

Мұның елеулі бөлігі қыздар болғаны белгілі.

Біз тарихтан Кенес Одағының батырлары Әлия, Мәншүкті білеміз. Ұшқыш қыз Хиуаз Оспанова жайлы ақпарат беттерінен оқыдым.

«Жалағашым, жасыл бағым» атты кітапта партизан қыз Тұрғаш Жұмабаева туралы да деректер бар. Белоруссиядағы партизан қозғалысына қатысқан 1500 қазақстандықтардың ішінде Тұрғаш Жұмабайқызы да болған екен.

Белоруссияның көптеген жерлерін азат етуге қатысқан қыз II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы партизаны» медалімен наградталады.

Аядай ғана өзіміздің Бұқарбай батыр ауылында да ерлікпен елге танылған азаматтарымызды айтпасақ тарих беттерін аттап кеткен болар едік. Бүгінде бақилық болған екі мәрте «Отан соғысы» орденінің кавалері, Шығыс Еуропа елдерін азат етуге қатысқан жауынгер Бохан Сүлейменов әкеміздің есімін ардақ тұта еске аламыз. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен мадақталады. Ұлы Отан соғысы ардагері өзінің мазмұнды әңгімелерімен кейінгі ұрпақты тәнті еткен майдангер әке, бүгін арамызда жоқ. Кеудесінде медальдары сылдырлап, ордендері жарқырап, өзінің қарапайымдылығымен әр кез жақсы істердің ортасында жүретін әкеміздің жарқын бейнесін білеміз. Қарапайым қазақ жауынгеріне майдан журналистері назар аударып, оның аты-жөнін сұраса керек. Жауынгерге тән ширақтылықпен тез жауап беріп, өжеттігімен көзге түскен Бохан әке «қазақтың Қайрошының» жиынтық образы еді. «Будапешті алғаны үшін», «Венаны алғаны үшін» медальдары сол қаһарлы күндердің өтеуіндей. Изденіс барысында К.Симоновтың «Разные дни войны» атты кітабында Бохан әке туралы жазылған деректерді таптық.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тағы бір майданға аттанып ауылымызға оралмаған жерлесіміз-Айтуаров Сражадин Дүйсенбайұлы туралы да деректер былай дейді.

Сражадин Айтуаров – 1923 жылы туған, білімі орта, студент, БЛКЖО мүшесі. АӘК арқылы 1942 жылы майданға аттанып, 89 АП, 23 АД құрамында аға лейтенант-минометшілер ротасының командирі шенінде соғысқа қатысқан. 1945 жылғы 10 ақпанда ауыр жарақаттанып қайтыс болған. Польшаның Кольмар қаласындағы зиратта жерленген.

Біз жыл сайын Жеңіс күнін қарсы алып, оралмаған боздақтарға гүл шоқтарын қоямыз. Мәдениет үйінің жанында жауынгер солдат ескерткіші бар. Батысқа көз тігіп, келмегендерді күтіп тұрғандай. Ескерткіш ауыл тұрғындарының қаражатымен салынды.

Иә, қазақ даласы кімдердің мекені болмады, қарашай, балқарлар, шешендер де қаһарлы соғыс кезінде еріксіз қоныстаныпты.

Біздің ауыл достығы жарасқан елді мекен. Ауылда орыс та, кәріс те, украин да жемісті еңбек етіп өмір сүруде.

Ұлы Жеңіске қазақстандықтар қосқан қомақты үлесте біздің Сыр елінің де, соның ішінде өзімнің Бұқарбай батыр ауыл азаматтарының бар екендігіне қуанамын.

Майдангер аға-апаларымыздың ерлік-істері бізге әр уақытта өшпес үлгі-өнеге, ұлағатты тәрбие мектебі. Біз олардан туған халқына ақырғы деміне дейін қалтқысыз қызмет жасауды үйренеміз. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиетімен бағасы артып, тағлым-тәрбиесі мен мән-мағынасы тереңдеп, даралана береді.

Мен шығармамды өз өлеңіммен аяқтағым келеді:

Жеңіс деген – жылап тұрып, шаттану,
Жеңіс деген – елің, жерің сақталу.
Орындалып Әлия мен Мәншүктің,
Ақ арманы, үміттері ақталу.

Мұқанова Әсем

7 сынып, № 99 орта мектебі, Ақай ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жиенқұлова Ш. Б.

Жеңістің рухы – мәңгілік

Екінші дүниежүзілік соғыс туралы айтсақ, алдымен елін, жерін қасықтай қаны қалғанша қорғаған 1 миллионнан астам отандастарымыз еске түседі. Соғыс оты әрбір отбасын шарпып өтті. Ана баласынан, сүйген жар азаматынан айырылды. Елін жаудан қорғауда өшпестей ерлік көрсеткен, ерлігі бүгінде аңызға айналған батыр аталарымыздың есімі мәңгілік тарихта жазылып қалды. Әлемді дүр сілкіндірген бұл соғыстың қасіретін және төрт жылға созылған осы соғыстың жеңіспен аяқталған сәтін ешкім де ешқашан ұмытпайды. Қанша адам оққа ұшты, қанша қыршынның ғұмыры мезгілінен ерте солып, қаншама ошақтың түтіні өшті. Бұл ешқашан ұмытылмақ емес.

Жер теңселтіп Жеңістің айбынды үні,
Толқып тұрды тоғызыншы мамыр күні.
Дауыл қуып төгілген қара бұлттай,
Көңілдердің серпілді қайғы-мұңы.

Бүгін, міне, көңілдерден қайғы-мұңды серпілткен Ұлы жеңістің 70-көктемі жақындап келеді, санаулы айлар қалды. Бұдан 70 жыл бұрын соғысқа аттанған өрімдей жас бүгінде 90-нан асып, 100-ге таяған. Соғыс ардагерлерінің қатары күнен- күнге азайып бара жатыр. Ал олардың құрметі, абыройы жыл өткен сайын асқақтай бермек. Қатары сиреген соғыс ардагерлеріне құрмет көрсету, олардың ерлігін еске алу – болашақ ұрпақ, біздердің, парызымыз.

Менің атам да сол ардагерлердің қатарында. Отанын жаудан қорғауға, азат етуге қатысқан соғыс ардагері. Есімі – Талдиев Мұқаш. 1926 жылы туылған. Жасын бір жасқа үлкейтіп, 1925 жылы туылған болып, өз еркімен Отан қорғау жолында соғысқа баруға тізілген. 1943 жылы Ақмола қаласында алты ай әскери дайындықтан өтіп, 2-ші Прибалтика атқыштар дивизиясының сапында соғысқа араласады. Жаумен шайқаста талай барлауда болған атам өзінің ерлігі мен ширақтылығының арқасында орден, медальдармен марапатталған. Көп ұзамай сержант дәрежесін алып, 14 жауынгерге командир болған. Атамның ұлты орыс, жауынгер досымен түскен суреті үйде әлі сақтаулы.

Сұрапыл соғыстың қиын күндерінде Мұқаш атама снаряд жарқыншағы тиіп, төрт жерден жарақат алады. 1945 жылғы 9 мамыр Жеңіс күнін әскери ауруханада қарсы алған.

Әскери дәрігер берген «мүгедек книжкасын» өзіне ар көріп алмай кеткенін кейінгі балалары мен ұрпақтарына айтып жүреді екен.

Елге оралғаннан кейін Қызылорда педагогикалық училищесін бітіріп, еңбек жолын ұстаздықтан бастаған. Қырық жыл мұғалімдік қызмет атқарып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1988 жылы құрметті еңбек демалысына шығады. Атам тәрбиелеген шәкірттер бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде, қайнаған еңбектің ортасында жүргені анық. Әрине, бірі – дәрігер, бірі – атам сияқты ұстаз, бірі – қарапайым жұмысшы екені сөзсіз.

Атам мен әжем 11 ұл мен қыз тәрбиелеп өсірген. Мен 44-ші немересімін, соғыс ардагерінің 44-ші ұрпағымын. Мен атамды көрген жоқпын. Ол кісі 1992 жылы дүниеден озған.

Өз Отанын неміс басқыншыларынан азат етіп, Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан атамның да соғыс ардагері болғаны мен үшін үлкен құрмет, әрі мақтаныш.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Біз бақытты ұрпақпыз. Ынтымағы жарасқан, бірлігі мығым, тату- тәтті елде өмір сүреміз. Лайым солай болғай.

Осынау ұлы күнді, Ұлы жеңісті, сыйға тартқан аға ұрпақ алдында біз мәңгі қарыздармыз.

Мұрат Арайлым

11 сынып(орыс бөлімі), №112 орта мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Рысбаева Р. Е.

Жеңістің жетпісінші көктемі

Болмысы берен, ерлігі ерен – тұлғалар

1941жыл. 22 маусым. Дәл осы бір жаздың шуақты күнінде фашистік германия Кеңестік Социалистік Республикалар одағына шабуыл жасады. Қаншама жас төгілді. Қаншама қазақтың ұлдары мен қыздары елін, жерін қорғау үшін өз еріктерімен соғысқа аттанды. Аналар – балаларын, жас қыздарымыз – сүйген жандарын, ақ жаулықты әжелеріміз – арыстай ұлдарын соғыс майданына жіберді. Тіпті қыршындай әпкелеріміз бен әлі өмірдің қызықшылығын көріп үлгірмеген жас қыздарымыз жастық шақтарын құрбан етіп, туған жерін қорғап, жауға тойтарыс беруге соғысқа аттанды. Әрине, осындай кездерде елдің басына қара бұлт үйірілді. Кеңестік Социалистік Республикалар одағының құрамында болған біздің қазақ жұртшылығы да аз жапа шеккен жоқ. Екінші дүниежүзілік соғыс барлығымыздың есімізде. Бұл – адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасиеті мен қасіреті жаныңды түршіктіреді. Әрі ерліктерге басыңды идіріп таң қалдырады. Ел басына күн туған кезеңдерде рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді. 5 жыл көлемінде созылған соғыс қазақ балаларының өмірін қыршындай алды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақтың Гомері атанған Жамбыл атамыз да осы сұрапыл соғыстың ащы дәмін сезініп, қазақ жауынгерлерін жүректен шыққан өлеңдерімен қайрап, қолдап жүрді. Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерлік көрсеткен өрендеріне келесі шумақ өлеңдерін арнаған болатын:

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін
Уа, қаһарман, өренім,
Мақтанышым, беделім!
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран, өренім!

Бәлкім, осындай ақын-жазушыларымыздың шығармалары – елі, жері үшін күрескен жандарды қайрай түскен болар. Елдің басына қара бұлт үйірілгенде жауынгерлер қатарына қосылып, неміс әскерін жою үшін күрескен Ұлы отан соғысы батырларының арасында қазақтың ұл-қыздары да болды. Барлығымыздың есімізде болар, Ұлы отан соғысы кезінде 500 жуық қазақстандықтар Кеңес одағының батыры атағына ие болды. Осындай атаққа екі мәрте ие болған ұшқыштар: Т.Бегельдинов, Л. Беда, И. Павлов және С.Луганский. Бородино селосында неміс бөлімінің штабына басып кіріп, 5 неміс офицерінің көзін жойған Төлеген Тоқтаровтың сіңірген еңбегі ерең. Осындай батыр аталарымыздың ішінде, Мәскеу үшін болған ұрыстарда ерлік көрсеткен батыр атамыз әрі жазушы Бауыржан Момышұлыны еске алмасқа болмас. Нұркен Әбдіров, Сұлтан Баймағанбетов – бұл кісілер Ұлы отан соғысы кезінде жауға төтеп беруге атсалысып, жандарын құрбан етуге де дайын еді. Рейхстахқа ту тігіп, еліміздің жеңісін мойындатқан Рақымбек Қошқарбаевтың есімі ел тарихында алтын әріптермен жазылып, сақталып қалды. Соғыс кезеңінде ерлік көрсеткен, фашистік Германияға қарсы шабуыл жасаған ата-бабаларымыздың ішінде, қазақтың батыр қыздары, ел мақтаныштары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованы құрметпен еске аламыз. Қыршындай жастарында өмір қызықшылығын көрместен, соғыс майданына аттанып, ештенкеден қорықпастан жауға қарсы төтеп берді. Батыр апаларымыздың құрметіне өлең шумақтары арналды. Қазіргі таңда белгілі әнше, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп жүрген Роза Қуанышқызының орындауындағы «Әлия» әні сол сұрапыл соғысты, қазақтың батыр қызы – Әлияны еске алады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Саған белгі орнаттық мәрмәр тастан
Саған күнде қызыққан мөлдір аспан
Саған күнде жазылған көркем дастан
Саған күнде құшағын көктем ашқан
Шолпан жұлдыз – өзіңсің шоқтай жарық
Көз алмаймыз көркіннен тоқтай қалып
Туған жердің төсінде мәңгілікке
Тұр ғой сенің жүрегің оттай жанып.

Шығыс әйелдерінің ішінен ең алғаш болып «Алтын жұлдыз» медальдарына ие болған қазақ қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұова еді. Осы әпкелеріміздің ерең еңбегі мен ерлігі әр қазақстандықтың есінде. Сұрапыл соғыс жылдарында жауға қарсы төтеп беріп, елін қорғау үшін күрескен батырлар біздің есімізде. Ешкім де ешнәрсе де ұмытылмайды.

Әрбір сөзі жас ұрпаққа – тағылым,
Бойға жиған ақылы мен сабырын,
Өмір бойы шындық үшін күресіп,
Жалғандықтың тіліп түскен тамырын!
Жауынгерді айналдырып құрышқа,
Тайсалмастан кірген талай ұрысқа.
Ұрпағына үлгі болған ғұмырын

Ұқсатамын жарқылдаған қылышқа – деп ақын ағамыз жырлағандай, халық қаһармандары, елін қорғау үшін жауға тойтарыс берген батыр ата-бабаларымызды ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, осы кісілер болмағанда, бүгінгі таңда біз – шуақты күннің астында бейбітшілікте өмір сүрмес едік. «Ердің атын еңбек шығарады»- деп дана халқымыз бекер айтпаған болар. Осындай батыр ұлдары мен қыздары елдің гүлденуіне, дербес ел атануына үлкен үлес қосты.

Биыл Ұлы Отан соғысына 70 жыл. Айтулы мереке. Міне, біз жетпіс жылдың көлемінде тату-тәтті, бейбіт ғұмыр кешудеміз. Алайда, бұның барлығы қандай қанмен, термен келгенін ұмытпағанымыз жөн. Алдымыздағы жылдың 9 мамыры ерекше айтулы мереке ретінде аталып өтіледі. Себебі, биыл фашистік Германия әскерін жойып, жеңіске қол жеткізген күнді жетпісінші рет еске аламыз. 9 мамыр жеңіс күні. Тек қана қазақ жұртшылығы емес, Кеңестік Социалистік Республикалар одағының мүшесі болған мемлекеттердің жеңіске қол жеткізген күні.

Мен соғысты көрген жоқпын, сол жылдары халықтың қандай қиыншылықтарға тап болғанын сезінген емеспін. Алайда, Ұлы Отан соғысы деген сөздерді естігенде көзіме жас үйіріліп, денем тітіркеніп кетеді. Себебі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бұл жеңістің қалай келгенін жақсы білемін. Кішкене кезімде атам мен әжемнің соғыс жылдарындағы оқиғалары әлі көз алдымда. Ұлы отан соғысы ардагерлерінің ерең еңбегі де менің есімде мәңгі сақталары анық.

Дарқан мінез, дария ой, дара шындар,
Жарқын жүзді, жүрегі ақ, жаны асылдар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Майдангерлер азайып барасындар.

Қазіргі таңда ескеретін жағдай – ардагерлеріміздің күннен күнге азаюы. Оларға деген құрмет ретінде, біз бұл кісілерді ешқашанда жадымыздан шығармай, құрметтеп өтуіміз қажет. Бүгінгі біздің тату елде тұрып жатырғанымыз – ардагер аталарымыз бен әжелеріміздің арқасы. Сол себепті елін, жерін қорғау үшін соғыс майданына кетіп, жауға қарсы төтеп беруге атсалысқан жандарды есімізден шығармай, әр мейрам сайын құттықтап, жүздерін жадыраңқы етіп, өмірге деген сүйіспеншіліктерін ояту – бүгінгі таңдағы жастардың басты мақсаты. Бұл кісілер – біздерге сенім артады. Себебі жастар елдің болашағы, тәуелсіз мемлекетіміздің сенім артар ұлдары мен қыздары. Сондықтан да бізге сенім артып отырған ардагерлеріміздің үмітін ақтауға тырысуымыз қажет. Сол сұрапыл соғыстың қайта болмауы, әлем мемлекеттері бейбітшілікте өмір сүруі – әр адамның тілегі. 9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Ардагерлерімізге лайықты кәрілікті қамтамасыз етіп, көмек көрсетуіміз қажет. Жеңістің жетпісінші көктемі құтты болсын!

Жасқанбаған жауынан жаракты ер,
Ерлігінді аңыз ғып таратты ел.
Қаһармандық дегенді кейінгі ұрпақ,
Жүздеріңе сендердің қарап білер.

Мұханбетқали Аружан
11 сынып, №210 орта мектебі
Сырдария ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Тәжібаева А.Ә.

Мәртебелі ерлікке мәңгілік тағзым

Ежелден ер тілегі – ел тілегі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
Б.Момышұлы

Отан... Атамекен... Атажұрт... Тарих... Бұл қай құлаққа да асқақ естілер асыл ұғымдар. Адам өмірге келіп, ес жиып, етек жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды...

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелендер көп болған. Өткен-кеткен тарих беттеріне көз жүгіртсем, арып-ашып, қаншама қиын-қыстау сәттерде толарсақтан саз кешкен халық екеу болса, бірі – қазақ елі, жалғыз болса, сол жалғызы – дархан көңілді қазақ халқы шығар деген ой түйемін. Сондай ер басына күн туған оқиғаның бірі, бүгінгі егемендігіміздің бастауы іспеттес 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Соғыс – нағыз күйретуші күш. Барды жоқ ететеін, тауды жер ететін, жер бетіндегі тіршілік атаулыны жалмап жұтатын тажал. Сол кездерде ата-бабаларымыз не үшін қасық қаны қалғанша жан аямай текетіреті? Бүгінгінің қамы, болашақ мүддесі, ұлтарактай жер, Отанға деген ыстық патриоттық сезім оларға ең далада қару да, жігер де, күш те болды. «Мен үшін Отаныма адал солдат болудан артық бақыт жоқ», - деген ұранды жалау етіп, Отан қорғау жолында ең көп қырылған қазақ солдаттары еді. Бұл соғысқа қазақ даласынан бір миллион жүз тоқсан алты мың адам қару асынып аттанса, солардың тек төрт жүз он мыңы ғана елге оралған.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халықтарының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Халық басына осындай заман зары туған шақта, қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды. Олар – атамекенін, туған елін жан аямай қорғап, ата-бабаларының ерлік дәстүрін сақтау арқылы өздерінің өшпес даңқын шығарғандар. «Отан-оттан да ыстық», «Ер ел үшін туады, ел үшін өледі», - деп түйген халықтың қаһарманы Бауыржан батыр: «Отаның үшін отқа түс, күймейсің», - дейді. Қазақ елінің есімі аңызға айналып, дастандарға арқау болған батыр ұл-қыздары толып жатыр. Тарих жылнамасында бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған алапат майданда көруге көз тоймас небір сұлтан жігіттеріміз бен ай сәулелі қыздарымыздың, балалықтың бал дәмін сезе алмаған талай бозбалаларымыздың өмірі қыршынынан қиылды. Үміт артқан ата-ананы зарлатып кеткен жер бетінде, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған қанды қырғынның нәтижесінде жеткен Ұлы Жеңіс мерекесі биыл жетпісінші рет аталып өтілуде. Бұл қасиетті де, киелі күн-қан майданда, тылда патриоттық парыздарына адал болған, кеуделерін отқа да, оққа да тосып, ерліктің үлгісін көрсеткен батырларымызды ардақтайтын, ортақ Отанымыздың бостандығына құрмет көрсетумен ерекшеленетін күн, Ұлы мереке. Ел үшін шыбын жанын пида еткен әрбір қызғалдақ ғұмырдың ерен есімі мәңгі құрметтеледі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жалпы, қарасақ, Қазақ елі басына күн туғанда жанын аяп қалатын халық емес. Еркіндік туының желбіреуін өз жанынан артық деп білген өр рухты ел. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған дәлел ретінде айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүздей қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алғанын айтсақ та жеткілікті. Ал, олардың әрқайсысының ерлігін тізбектеп айтып шығу мүмкін емес. Солардың ішінде біздің Сырдария ауданынан екі жауынгер атамыз Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Бұл Сыр елінің ғана емес, бүкіл қазақтың мақтанышы. Олар – Ж.Нұрсейітов пен Н.Ілиясов.

Ж.Нұрсейітов 1942 жылы Ұлы Отан соғысына алынып, шайқас даласында винтовка мен автоматты пайдаланудың шебері болған. Жауынгерге Днепрдегі ерлігі үшін 1944 жылы Батыр атағы берілген.

Ал, Н.Ілиясов атамыз жайлы бір үзік сыр шертіп өтетін болсақ, ол кісі бала тәрбиелеу ісінде еңбек сіңіріп, ұстаздық еткен. Қанды шайқаста Будапештті азат етудегі ерлігі үшін Совет Одағы Батыры атағын алады.

Деректер мен дәйектер осылай сөйлейді. Елінің қорғаны болған батыр ұлдарының есімі мен ерлігін ардақтау мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізілген. Мысалы, ауыл, көшелерге аты беріліп, бюстілер орнатылған. Еліміздің халық болып қалыптасу жолында өмір мен өлім арасында арпалысқан жандарға қандай құрмет білдіріп, игі істер атқарсақ та көптік етпесі сөзсіз.

Батыр, ержүрек, намысшыл халықтың ерлері ел басына қиын-қыстау күн туғанда намыс отын жағып, туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих, кешегі сұрапыл заман куә. Міне, осы батырлардың ерлігі мен елдігінің арқасында, қаншама рет туы тігіліп, қаншама рет туы қайта қисайған, қаншама мемлекеттің құрамында болып, қаншама рет мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресті.

Аллаға шүкір, биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Ұлы Жеңіс мерекесі жүрегі «Отан» деп соққан әрбір азаматтың үлкен қуанышы. Бүгінгі жас ұрпақ Жеңіс күнін аға ұрпақтың Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігінің үлгісіндей әрқашан есте сақтайды. Ұлы Жеңістің тарихи маңызын бағалап, қадір-қасиетін дәріптеп, халқымыздың өшпес ерлігіне құрмет көрсету – азаматтық парызымыз!

Бейбіт заман үшін күрескен ұрпақтың ерлік жолын, отанға деген сүйіспеншілігін дәріптеу, отанды қорғау деген ұғымдардың жай ғана құрғақ сөз еместігін және ол түсініктерді көздің қарашығындай сақтап, қастерлеу қажеттігін жастарға түсіндіру – әрбір көзі ашық, көкірегі ояу, саналы азаматтың міндеті. «Немене жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр» деп Мұқағали ақын жырлағандай, өмірі өнегеге толы ардагерлеріміз жыл санап азаюда. Сұрапыл соғысқа қанша жыл толса да, уақыт өткен сайын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

құны арта келе жатқан батырлар өмірі мен ерлігін мақтан етіп, бағалауымыз керек. Сондықтан «келместің кемесіне» мініп кеткен бабалар мен арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін ұмытпай, үлгі етіп, құрмет тұтамыз.

Паш етумен Жеңістің қасиетін,
Бабалардың бейбітшілік өсиетін,
Аман жеткен бүгінгі ардагерлер
Өздеріңіз-қасиетті бас иетін,

-деген өлең жолдарымен ойымды түйіндей келе, енді соғыс болмасын деп тілеймін. Қуә болып отырған Жеңістің жетпісінші көктемі құтты болсын! Бейбітшілік таңында көгімізде қыран құс шарықтап, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Тәуелсіз елім берідегі жүз жылдық пен әрідегі мың жылдықтарда баянды ғұмыр кешкей демекпін!

Мұхтар Арыстанбек
9 сынып, №269 орта мектебі Төретам кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Асылбекова А.

Ақ түйенің қарны жарылған күн

Ешкім де ұмытылмайды,
ешнәрсе де ұмылытмақ емес

Иә, бұл сөздің астарындағы мағына өткенге емес, болашаққа арналған.

Адамзаттың бейбіт дамуының, бақытты тұрмыс тіршіліктің, рақатына кеңелуінің бақыты үшін қаншама жандар өмірлерін пиде етті.

Қазақ халқы небір нәубат жылдарды басынан өткерді десеңізші. Тарих қойнауына үңілетін болсақ XIV-XV ғасырларда қазақ халқының қалыптасуы басталғаннан бастап-ақ, небір зорлық-зомбылық, жаугершілік замандарды өткерді. Ата-бабаларымыз келешек ұрпағының амандығы үшін, елінің біртұтастығы үшін қаншама қан төкті, тер төкті. Соның бірі Екінші дүниежүзілік соғыс болатын. 1941 жылдың жиырма бірінен, жиырма екісіне қараған маусым күні ел тыныштығын бұзған суық хабар елді дүр еткізді. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жүздеген қала мен елді мекендерді қиратты. Сөйтіп, соғыс әр үйге, отбасы өміріне жазылмас жараның ізін қалдырды. Қаншама ағаларымыз артына ұрпақ қалдыра алмай, қыршын жасынан қиылды. Қаншама абзал аналарымыз балаларынан айырылып, жүрегі езілді. Жасөспірім балалар күн-түн демей, кірпік ілмей жұмыс жасады. Тылдағы еңбек жау шебіндегі соғыспен бірдей қатарласып отырды. «Жұт егіз келеді» демекші, соғыс уағында елді ашаршылық та құрсауына алды. Қаншама аналардың бесіктері құр тербелді, қаншама елдер ерсіз қалды. Иә, соғыс ешкімге де оша бермеген, бермейді де.

Қазақстаннан майданға бір млн. үш жүз жауынгер аталарымыз аттанды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденімен марапатталды. Брест қорғанын Қ.Әбдірахманов, Қ.Иманқұлов, Ұ.Жұматов тағы басқа сынды жауынгер ағаларымыз қорғады. Мәскеу үшін шайқаста қазақстандықтар даңққа бөленді. Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясы 28-панфиловшы гвардияшылар болып құрылды. Мұнда да қазақтың ер жүрек, өр жүрек батыр ұлы Б.Момышұлы басқарған, батальон ерекше көзге түсті. Сондай-ақ осында Кеңес Одағының батырлары Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин тағы басқа жауынгерлер соғысты. Сонымен қатар Ленинград, Сталинград, Курс түбегі, Белорусь, Украинадағы шайқастарда ерлік көрсетті. Онан басқа да ерлігі көрінбей, жазылмай қалған қандастырымыз қаншама.

Бұл сұрапыл соғысқа кім қатыспады дейсіз. Бұрымдары тілерсегіне түскен бойжеткен қыздарымыз да, ақ жаулықты аналарымыз да нәзік жанды болса да аянбай соғысты. Соның бірегейі шығыстың қос шынары атанған Ә.Молдағұлова мен М.Мәметова апаларымыз болатын. Соғыста жасаған ерліктері мен қызға тән өжеттілігінің арқасында Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Майданда көрсеткен ерлігі үшін тағы бір қазақ қызы Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов.

Иә, миллиондаған адамның өмірін жалмаған әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмытылған жоқ. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен» ауыр сын кезеңде біздің ондаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың келешегі, бостандығы мен тәуелсіздігі, жер бетіндегі бейбіт өмір орын алу үшін кеуделерін оққа тосты. Олардың көпшілігі қан майданнан оралмады. Тіпті, хабар-ошарсыз кетіп, кейінгі тағдырлары беймәлім күйде қалғандары да аз емес. Соғыс қасіреті қанша жылды артқа тастаса да жазылар емес. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

азаматтарының өмірін қиды. 1 710 қала және 70 мыңнан астам село-деревнялар, 31850 өнеркәсіптік кәсіпорын, 65 мың шақырым темір жол, 4 100 теміржол стансасы 36 мың пошта-телеграф мекемесі, телефон стансасы және басқа да байланыс бекеттері жермен жексен болған немесе жартылай қираған. 40 мыңдай аурухана немесе басқа да ғылыми зерттеу институттары, 42 мың кітапхана және басқа да көптеген нысандар жойып жіберілген, тоналған.

Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтерінде, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкімде ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Мырзағали Құралай

11 сынып, №4 дарынды балаларға арналған

мектеп-интернаты Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Алпысова А. Қ.

Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені,
Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп.
Бірақ, мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені
Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені.

Еуразия жүрегіне нық орныққан бір ел бар. Дархан даланың кең төсінде асыр салып, дөңгелек дүниенің еркесі іспетті бұл елге Жаратқан Алла бар несібесін төккен секілді. Жүзінен жайдары күлкінің сыңғыры төгіліп тұратын халқы бар. Қонақжайлығы ұлы даланың кеңдігіндей, кеңпейілділігі бесіктегі періште сәбидің пәк күлкісіндей, ұйымшылдығы бірлікпен ұштасқан, жұрты ынтымақпен қол ұстасқан халық бұл. «Тілі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» ұлт пен ұлыс өкілдері үшін шуақты күннің нұрын шашқан бейбіт мекен бұл. Кең байтақ ұлы далаға тыныштық дәнін сепкен, ұлы мұратқа жету жолында ұлы істерге ұйытқы болған, сындарлы саясатымен ел сеніміне селкеу түсірмеген халық ұлы Нұрсұлтандай басшысы бар қазақ елі бұл.

Міне, дәл осындай жұмыр жердің иен бөлігін иемденіп жатқан қазақ елінің тарихына көз жіберсек, еркіндік үшін күрескен бабаларымыздың, еліміздің елдігін, жеріміздің тұтастығын сақтап қалу жолында көрген қиыншылықтарын, ерліктерін көре отырып, шежірелі тарихымызды сезбеуіміз мүмкін емес.

Иә, «Өткен күнде белгі жоқ» ,- деп халқымыз қалай дәл сипаттаған десеңізші?! Кеше ғана жүгіріп жүрген қара домалақтар едік, бүгін елді, жерді, қасиетті ата-бабаны жүрекпен сезіне алатын, оларды қолдан келгенше дәріптеп, құрмет тұтатын шақтамыз. Себебі, өткір тілді, тапқыр да ұшқыр ойлы бабаларымыздың айтқан сөзін, Отан үшін жасаған игі істерін қайыра-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қайыра оқисың. Толғанасың. Тәубеге келесің. Сәт сайын әсер дариясында жүзіп, шын мәнінде адами тұлғаға енгендей сезінесің. Сондай сәттің сәтті бір күнінде екі құрлық тоғысындағы жаһанды жаулап алар сұм соғыс пен сол кезеңдегі кеңес халқының төзімділігі мен ержүректілігін паш ететін жеңіс күні жайлы ақ паракпен тілдесуді жөн санадым.

Әлі есімде... Балалық шағым... Атам мені қасына отырғызып, түрлі ертегілер, хикаяттарды баян ететін. Менің атам соғыс ардагері болды. Аяғы ақсақ, таяқпен жүретін. Тәй-тәй басып мойнына асылған мені «әуп» деп көтеріп алар қауқары қалмаған кезінде мен дүниеге келіппін. Ес біле байқағаным, атам қар төсеніп, мұз жастанған соғыстың ауыр күндерін еске алуға құштар емес еді. Кейбіреулер сияқты майдандағы ерліктерін өсіріп айтып, әсіре мақтанбайтын. Оның есесіне ата-бабаларының тарихын әңгімелеуден еш жалықпайтын. Балалардың құлағына сіңе берсін дей ме, қайта-қайта айтып отырушы еді. Ескі әңгімелерді көп білетін. Бірде атамнан: «Соғыс деген не?» -деп сұрағанымда, атам: «Соғыс – мұң, мазасыз күндер, көз жас...» - деп ауыр күрсінген болатын. «Соғысы құрысын», - деуші еді атам сонда. Мен үшін атамның өмірі аңыз, ертегідей көрінетін.

Омырауына таққан орден, медалдарын ұстап көріп, мән-мағынасына түсінбесем де, олардың атам үшін қымбат, қаншалықты қадірлі екенін іштей сезінетінмін. Атам әр жылы тоғызыншы мамырда ерекше күй кешетін. Үйге келген аға-апалар гүл сыйлап, теледидарға түсіргенде мен атамның жанында отырып, өзімді де, атамды да ең бақытты жандармыз деп ойлайтынмын. Атам үшін сол күннің ерекше екенін енді ғана ұққандаймын. Атам қазір бұл фәниде жоқ, бірақ менің бала жүрегімде атам ержүрек, отан ананы қорғаған батыр ретінде мәңгі сақталып қалды.

Мен бақытты өмір перзентімін. Мен сонау Керей мен Жәнібек іргесін қалаған «Қазақ» атты өр рухты, дербес, зайырлы елде шат-шадыман ғұмыр кешудемін. Мен сұм соғысты көрмедім...

Алда бейбіт те мерекелі өмірдің жетпісінші көктемі келеді. Алда – жеңіс тойы! Жер әлемді дүр сілкінткен соғыс өртінің жеңіспен тұншықтырылғанына 70 жыл! Алапат, дүлей соғыстың салған жарасын да сеземін, «Жеңіс» деген сөздің ең күдіретті сөз екенін ұғамын, түйсінемін.

Ұлы Отан соғысы... Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Соғыс – мамыражай тіршілік жасап жатқан ауылды зар жылатты. Соғыс - аға-іні бауырды жалмады, ананы жалғзынан, баланы әкесінен айырды. Кітаптан оқып, теледидардан көріп отырған кезде сұм соғыстың дүлейін, қайғысын, үрейін сезбеуің мүмкін емес. Қаншама қасірет әкелген бұл сұм соғыс!...

Қара түнек тор тұрғанда Отанға,
Қару алып сапқа тұрды қатарға.
Бақыт күнін біздер үшін әкелген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бас иемін аруағыңа қашан да!

- деп соғыс жылдарында батырлығымен қатар, батылдықты танытып, өз өлеңдері арқылы жауынгерлерге жігер сыйлаған ақындарымыз бен батыр ағаларымыздың аруағына бас ие отырып, олар жайлы ой қозғамау мүмкін емес.

Ат ауыздығымен су ішіп, ер етегімен су кешкен сұрапыл соғысқа қатысқан аға- ұрпақ ақын- жазушылар шығармаларының бірден-бір тақырыбы - кешегі алапат соғыстың адамзатқа әкелген қасіреті мен қайғысын жеңіп шығуға ұмтылған ұлы адамдық күні туралы болуы заңды құбылыс. Тілімен темір қорытып, ат тағалаған асыл ақын-жазушыларымыз қан майданда апат болған қаруластары алдында борыштымын деп сезініп, өздері көрген соғыс ауыртпалығын кейінгі ұрпаққа жеткізуді де мойнына міндеттеп алғандай болатын.

Солардың бірегейлері - ұлттық әдебиетімізде өзіндік орындары бар көрнекті ақын - жазушыларымыз Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Бауыржан Момышұлы, Қасым Аманжолов, Баубек Бұлқышев, Жамбыл Жабаевтар.

Ұлы отан соғысы жылдарындағы қаламгерлер шығармалары барлық халыққа, жасөспірімдерге рухани азық болары анық. «Біз жастығымызды сендердің бақыттарының жолына құрбан еттік. Сендер бейбіт өмірде бақытты боласыңдар!»- деген еді батыр Баубек Бұлқышев атамыз. Бұл- елін, жерін жаудан қорғаған батыр бабаларымыздың жалынды ұрпағының жігерлі сөзі.

Соғыс сұрапылында қайнап шыққан ақынның бірі-Сырбай Мәуленов. Сезімтал да сергек ақын сұрапұл соғысқа көзқарасын, болмысты қалай ұғынып-түйгенің «Тыңда, дүние, тыныштық үні» өлеңінен көре аламыз.

Ақын: Мен қолымды көміп кеттім майданда,
Мен аяқты беріп кеттім майданда.
Мен күнімді беріп кеттім майданда,
Мен тілімді беріп кеттім майданда.
Әй, дүние,
Зағиптарды тыңда сен,
Әй, дүние, алыптарды тыңда сен.
Әй, дүние,
Олар қолын, аяқтарын бермесе,
Әй, дүние,
Сен түрегеп тұрмас ең,

-деген жолдарда бейбіт күннің орнығуы қандай құрбандықтардың нәтижесінде келгенін деталь-образдар арқылы айқын бедерлеген. Әрине, ақын өлеңі бізді нұрлы өмірдің патриоты болуға шақырады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қарша бораған оқ астында жүрген әрбір қазақ баласының жүрегiнiң түбiне ұялаған отаншылдық сезiм оларды жеңiске жетеледi, әдiлетсiздiктiң ойранын шығарып, әдiлеттi өмiр орнатуға ұмтылдырды. Олар батыр боламын деп емес, отанды қорғау азаматтық, адамдық парызым деп соғысқа аттанды. Олар бiрiн-бiрi туыс, достай көрдi, қайғы мен мұнды, қуаныштыда бiрге бөлiстi, өйткенi олар «қазақ» деген қайсар елдiң ұрпағы болатын.

Қайран бiздiң аталар-ай! Сұм соғыс сендердiң жастықтарыңды жалмап, зiл-батпан қайғы арқалатты-ау, жолдасын жауға тастамайтын қайсар ұлдың барлық арман- мақсатын күл талқан еттi-ау...

Мiне, байтақ та берекелi көктемнiң жетпiсiншi таңы да жақындап қалды. Мен соғысты жек көремiн, соғыс деген сөзден қорқамын, бiрақ елiме, жерiме көз алартқан кiм-кiмге де Бауыржан атамдай батыл түрде атқа қонарым анық. Өйткенi, мен рухы биiк, өр кеуделi, қайсар халықтың бiр ұланымын. Жүрегiнде қан майданнан қалған жарасы, қайғысы мен наласы бар, дархан мiнездi, ойы дария, жарқын жүздi соғыс ардагерлерлерiне қандай сый жасаса да артық болмас. Ең бастысы, аға ұрпақтың бүкiл адамзат алдындағы абыройын асқақтатқан ерлiгiн ұмытпау – бiздiң, жалынды жастардың перзенттiк парызы.

Тәуелсiз Қазақстан халқы да ерлерiн еш уақытта естен шығармайды. Жырларымен жiгiрлендiрген ақындар өлеңiн арнаса, бiздер, жас өркендер, аталар салған iзгi жолды жалғастырамыз деп ант етсек, бүкiл дүйiм жұрт бiрлiк үшiн, бейбiт өмiр үшiн тiзе қосса, алынбас қамал болмас.

Жеңiстiң арқасында шат-шадыман өмiр кешiп жүргенiмiзге дән ризамыз. Тәуелсiз Қазақстанның болашағына зор сенiммен қарайтын мен ата-әжелерiмнен бойыма сiңген елдi сүйу, жердi қастерлей бiлу, ынтымақ-бiрлiк, үлкендi сыйлау, кiшiге iзет ете бiлу сияқты адами қасиеттердi қадiрлеймiн.

Ел мүддесi дегенде перзенттiк парызын еселеп өтеген мықты қазақтардың талайынан көз жазып қалдық, бiрақ артында өмiр-дарияны жалғастыратын ұрпағы бар. Iзеттi пейiл болса, көзi тiрi ардагерлерге тұлпар мiндiрiп, зәулiм сарай тұрғызсақ та артықтық етпесi анық, өйткенi «жеңiс солдаттары» аз-ақ қалды -ау...

Бақыттымыз, ол жеңiстiң арқасы,
Бiзге аманат ұлы елiмнiң әр тасы.
Жасамайық аманатқа қиянат,
Жеңiс туы қыран құстай самғашы,

- деп жұдырықтай жүрегiмнен шыққан жыр шумақтарым арқылы аталар сыйлаған бейбiт өмiрде тарихтың тағылым берер әрбiр сәтiн естен шығармай, жеңiс күнiн ұлан-ғайыр үлкен мереке ретiнде жасампаздық салтанатты түрде тойлау-санаға сiңген әдет, үлгiге айналған үрдiс.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жетпісінші жыл толды Ұлы жеңіске,
Елім тыныш, ілгерілеу төл істе.
Тәуелсіздік туын көкке көтердім,
Тұман, түнек баспасын деп жер бетін,

- деген ақын өлеңі барша жұрттың тілегі екені күмәнсіз, менің де жүрегім «Жеңіс» деген сөзден жылу алады, көңілім аталар ісіне, ерлігіне деген мақтаныш сезімімен нұрлана түскендей болады. Жеңіс – ата-бабамыздың аңсаған бейбіт өмірі, үміттерді жалғаған ұрпақтар ұраны, аталар аманаты. Ендеше, жер жүзі халықтарына бейбітшілік әкелген жеңіс күнінің мерейі үстем болып, ұрпақтан- ұрпаққа аманат болып тарала бергей!

Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауында болашағымыздың айқын бағыттары мен бағдарын анықтап берді. Бұл әрине, нұрлы өміріміздің, бейбітшіліктің кепілі десек артық болмас. Нұрлы жолға үлес қосушы қазақ перзенті ретінде ұлттық мүддені ұлықтау жолында ісіміз елеулі, ортақ Отанды гүлдендіру жолында еңбегіміз өнімді, жеңістеріміз молынан болғай! Текті тұлғаларымыздың рухымен келген егемендігіміз мәңгі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Мырзағалиұлы Қайсар

6 сынып, №29 мектеп, Тұрмағамбет ауылы,
Қармақшы ауданы, Қызылорда облысы
Жетекшісі: Бектасова Р.

Өмірі ұрпағына ұлағат

Келер көктемде Кеңес әскерлерінің неміс фашистерін жеңгендеріне жетпіс жыл толады. Миллиондаған адамның өмірін жалмаған сол сұрапыл соғыстан елге аман-есен оралғандардың қатары да күн санап азайып барады.

Менің атам да осы соғыс майдангері. Он сегіз жасында осынау қасіретті қырғынға қатысып, қарша бораған оқ пен оттың ортасынан аман оралған. Ол қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылынан аттанған. Атамның толық аты-жөні Әлиев Нұрғали. Мен атам жөнінде тек әжемнің айтуынан білемін. Әжем Жалиева Шахар қазір 84 жаста. Менің дүниеге келген және тұсау кесу тойымда атам болған.

Менің атам – Әлиев Нұрғали 1924 жылы №10 ауылдық кеңесіне қарасты «Өндіріс» ұжымшарының жерінде кедей шаруа жанұясында дүниеге келген. 7 сыныптық мектепті 1942 жылы бітірген. Соғысқа аттанарда 18 жаста болған. 1942 жылы наурыз айында әске қатарына алынып, Аягөз қаласына барып, соғыс өнерін үйренген. Сол Аягөз қаласынан Смолекск қаласына барып,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бірден соғысқа қатысқан. Ол жаяу әскер сапында болған. 1943 жылдың маусымына дейін Смоленск майданында ұрыстарға қатысып, сол жерде жараланған. Бір айдай госпитальда жатып емделген. Госпитальдан шыққан бойдан оны №94 дивизия қарамағына жібереді. Майдан қолбасшысы сол кезде армия генералы Малиновский болған. Сол дивизияның №3 батальонының 8 ротасының қатарында соғысқан. 1945 жылдың 3 тамызында шығыс шекараға барып, Жапонияға қарсы ұрысқа қатысқан. Мукиеден, Цицикар, Жэкэ, Дайран, Порт –Артур қалаларын жапон басқыншыларынан азат еткен. 1945 жылы Жапониямен бітім шартын жасасқаннан кейін сол жерде 1947 жылдың наурыз айының аяғына дейін болып, ауылға оралған.

Соғыс кезінде «Ерлігі үшін» медалін алған. Бұл медаль оған Смоленскіде барлауға барып, тапсырманы ойдағыдай орындағаны үшін берілген. Соғыс аяқталған соң «Германияны жеңген соң», «Жапонияны жеңген соң» медальдарымен наградталған.

Ауылға келгеннен кейін «Өндіріс» колхозында есепші, шаруашылық меңгерушісі, 1965-1984 жылдары кеңшарда бригада есепшісі болған. 1984 жылы зейнет демалысына шыққан.

Әжемнің айтуынша атам соғыстан қайтып келе жатқанда поезда балгер оған 25 жасында ауырасың, одан аман қалсаң 80 жас жасайсың депті. Соғыстан оралған соң 1949 жылы қатты науқастаныпты, бірақ аман-есен жазылыпты.

80 жасында 2004 жылы дүниеден өтті.

Мен өз атаммен мақтанғым келеді. Майдангер атамның өмірі, жеңіске жету үшін көрсеткен ерлігі – мен үшін өнеге. Ұлы Жеңіс күні – бәрімізге ортақ мұра болғандықтан, атамды еске алу – менің парызым деп есептеймін.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні, сол сұрапылда ерлік көрсеткен ерлер есімі мәңгілік аталып өтілуі, жылма-жыл естеліктермен жаңартылып отырылуы кейінгі ұрпаққа парыз.

Нұрланова Сәния

11 сынып, №29 мектебі Тұрмағамбет ауылы

Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Алдамұратова Р.

Жүрекпен жазылған хаттар

Адамзат тарихында теңдесі жоқ, 1418 күн мен түнге созылған ең қаһарлы қанды қырғын болған екінші дүниежүзілік соғыс бүкіл әлемге қисапсыз қайғы-қасірет әкелді. Жер бетіндегі бейбіт өмір мен тыныш тіршіліктің тағдыры қыл үстінде тұрды. Ел басына күн туған қатерлі шақта кеуделерін от пен оққа тосқан миллиондаған ержүрек ерлеріміз ортақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қаһармандықпен қорғады. Сол бір соғыс кезеңі әдебиетке де өз талабын қойды, өз тақырыбын әкелді. Сол кездегі әдебиет тақырыбы – соғыс туралы болатын. Сол үлкен алапат соғыс әдебиеттің де көркемдік болмысына әсер еткені даусыз. Проза, драма, публицистика, баллада т.б. көптеген жанрлар дамып, өз арнасының бет-бұрыстары өзгерді.

Сол қиын кезеңдердегі дамыған, маңызы күшейген сала – хат жазысу еді. Ол – соғыс алаңындағы жауынгерлер мен ауылда қалған жандардың жалғыз байланыс құралы. Соғыс жылдарындағы хаттың өз сағынышын, қайғымұңын, хал-ахуалын, қуанышын, жаңалықтарын бөлісетін ең маңызды, рөлі жоғары, мәні өте үлкен болатын. Сол арқылы аға-апаларымыз бір – бірімен тілдесіп отырған. Ол кісілердің хат алғандағы қуанышын айтсаңшы!.. Олар үшін ол – керемет сезім еді. Кеңес кезінде хат-хабар үлкен роль атқарды. Қыз жігітінен, жігіт қызынан, ана баласынан, бала әке-шешесінен дегендей... Ол уақытта хат – шаттық пен мұңды, қуаныш пен қайғыны бөлісуде үлкен мәні бар жанр еді. Әрине, хатты тек сауаты бар азаматтар ғана жаза алатын. Білмейтіндері сауаты барларға жаздыратын. Әрбір жауынгерден хат алған ауыл қуанып, оның тірі екеніне де қуанатын. Хат келмей қалса, көңіл күйлері түсіп, үлкен үмітпен күтіп жүретін. Ол кезеңде хат арқылы естірту де, көңіл айту да, қуану да болған еді. Сол хаттар легін бір шолып өтер болсақ, өз ауылым, туған жерім – Тұрмағамбет ауылынан шыққан жауынгер Нұрмағамбет Жаңаевты көзге ілмей кету мүмкін емес. Ол соғыста аянбай жаумен айқасып, қалайда ұрпағыма, Отаныма жеңіс әкелемін деген мақсатпен күрескен, даңқты командир. Халық үшін, ел үшін, ұрпағы үшін өз өмірін жауға қиған жауынгер Нұрмағамбет 1944 жылы ерлікпен қаза тапқан болатын. Сол Нұрмағамбеттің қанды көйлек майдандас достарының бірі Жезқазғандық Ертай Бабасов 1986 жылы 13 наурызда Іздібаев Шәрибекке хат жазып, майдандас досын еске алған еді.

Амандық хабар! 13.03.1986 жыл

«Шәке! Сіздің 22.02.1986 жылғы хатыңызды алдым. Аман сау жүргеніңізбен және балалар ер жетті деген сөзіңізді оқығанда өте қуанып қалдым. Маратыңыз ғұмырлы болсын. Екі жыл екі күндей емес пе? Тек ашық аспанды тілейік. Мен өз басым армияға 5 бала жібергем. Төртеуі келді, біреуі биыл келеді. Біреуін дайындап отырмын. Майдандас деген сөзіңізді оқығанда, сіздің 1944.08 Қарпат түбінде жараланып кеткеніңіз есіме оралды. Туыстан да гөрі сол кездегі үзім нанды бөле жеу, сіз бен біздің есімізден кете қоймас. Хаттағы сәлеміңізді отбасы мүшелеріне түгел жеткіздім.

«Рахметімді жеткіз» - деп келініңіз жанымда отыр. Біз де аманбыз. Хатыңызға жауап аздап кешеуілдеп қалды, науқастанып кеше ғана басымды көтердім. «Көз көруге, құлақ естуге, көңіл сұлуды сүюге тоймас» дегендей хатта да жаза алмадым. Жеңгеміздің ныспысы кім еді? Мұнан соң: Тілеген қайда, денсаулығы жақсы ма, сіз арқылы адресін ала алар ма екем?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қаймақпайдың кенжесі деген досым бар еді, ол қайда? Нұрмағамбеттің Нұриы қайда, аман ба?

Шәке? Сізден тілек: Өткенді есімізден шығармас үшін, кешегі соғыс кезіндегі өзіңіздің, Нұрмағамбеттің, Тілегеннің бір – бірлеріңізге өлеңмен жазылған хаттарыңыз болса жазып жіберіп отырсаңыз. Бұл менің де ендігі жерде балаларыма қалдыруға арнап жүрген қызыл дәптерімде қалар еді. Өзіңіз пенсияда шығарсыз. Дегенмен ермек бар ма? Сіз мені 23.02 мен құттықтасаңыз, мен сізді алдыңыз ба, алмасаңыз алатын орденіңізбен құттықтауға ұлықсат етіңіз. Ізгілік тілектестікпен майдандас інің Ертай Бабасұлы»

Жезқазған облысы

Жезді ауданы, Қарсақбай ауылы, Осровский көшесі №13-7

Іздібаев Шәрибектен сұратып отырған хатының мәтіні

«Қармақшы таңы» газетінің 1994 жылы 2 шілдедегі санында жарияланды.

Майдандас ініме

(Майдандас інім Ертай Бабасовқа)
Ертайжан, келді өлеңің ағалаған,
Ағанды тас бауыр деп бағалаған.
Нүрекең ойына алмайды деп айтыпсың
Бұл сөзің артығырақ болар маған.
Қол тимейді күн – түн занатиден
Баруға рұқсат жоқ және маған,
Солдатқа самоволный үлкен қылмыс,
Сондықтан өкпелеме дана маған
Күнара сәлем беріп тұрғанымда,
Бұл түрлі жабылмас еді жала маған.
Үлкендік ойымда жоқ шынымды айтсам,
Пәлденің ісім еді қаламаған.
Өзіңмен анда – санда бір сөйлесем
Ауылдай көрінеді дала маған.
Әскерлік өкімдікті міндет қылып
Жас жөнін Ертай ақын санамаған.
Шәрибек күнде барып тұрғандай – ақ
Айрықша айтып мені алалаған.
Күлкі үшін жай отырып жаза салдым,
Деп жүрме ағайды қамалаған.
Екінші хат туралы қапаланба,
Алды артын жазар достар шамалаған
Дұшпандар бізге сәлем неге жазсын,
Келмейді деп қол шапаттап табалаған...

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Майдан жыры – сол сұрапыл кездің шындығы. Ол – от оранған солдаттың жүрек лүпілі, жан дірілі. Бұл жауынгерлердің қарбаласта, жөпелдемеде жазған жырлары. Әрине, шығармашылық асығыстықты сүймейді. Алайда, соғыс уақытының қатал заңы осындай. Біз үшін Отан деп соққан әр жүректің отты лүпілі, әр тәулігі жеңісті жақындатқан майданның тынысын бейнелейтін рухани қазынаның бәрі де қымбат. Өйткені, ол жырлардың қалқасында елін сүйген азаматтың ерлік бейнесі тұр. Әр өлеңде кеңес жауынгеріне тән қаһарандық, патриоттық рух бар. Демек, майданда туған жырлардың өзіндік тарихы, тағдыры бар екен.

Нұрмағанбет ақынның 1943 жылы «Ауыл ақсақалдарына» деген өлеңінің өзіндік тарихы бар. Майдандас досы Шәрибек Іздібаевтың анасы қайтыс болғанда, жары Үбіштің сіңлісі хат арқылы майданда жүрген Шәрибекке анасының қайтыс болғандығын хабарлайды. Тосын келген қаралы хабардан жауынгердің жаны жасып, жүрегі езіледі. Жан жолдасының жай – күйін түсінген Нұрмағанбет ақын «Ауыл ақсақалдарына» деген арнау өлеңінде «қаралы хабарды өзінің жол – жоралғысымен естіртпедіңіздер» деп назын өлеңмен білдіріпті.

Ауыл ақсақалдарына
Райкүл, Үбекең, Жылқыбай аға, Тынжібек
Ақсақалдары құлыстың
Зияны бар қаншалық амандық, жағдай білістің
Тәуірбаев Нұрпейіс елге еге болып ең,
Себебіменен жұмыстың.
Өліге айтпай салауат, тіріге жазбай сәлем хат
Мәнісі қалай тұрыстың.
Ерлері едің ізгілік, жыласа жетіп жұбатқан,
Айтуға өкпе кірістім.
Өлді деп шешең Шәрибекке елеусіз
Балдар жазады,
Ренжиміз еріксіз есебін таппай күлістің,
Кеуіл айту өлгенге емес пе сауап Үбеке,
Атқарып ең басыңнан талайын мұндай ірі істің.
Қораш па сонша Шәрибек кеуіл айтса болмайтын
Шеше алмадым шешуін ойлап қанша бұл істің.
Суық хабар сөлекет естідік және ауылдан,
Жеті жігіт сотталып мәнісі қалай құрыстың?
Обалы жоқ өлсе де, Отанға қастық етсе олар
Басында тұрып бір істің.
Сотталған жоқ па бір күнде қамқоршы әділ табылмай
Ашылмаса арасы дұрыс пенен бұрыстың.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ер көтерер назынды дейтін ең өзің, Үбеке
Нақылына сүйіндім, демендер бізге ұрыстың.

Мен осы соғыс жылдарындағы ең бір ерекше есімде қалатыны – ағамыз Баубек Бұлқышевтың отты сөздері, болашақ ұрпаққа арнау сөздері, жасөспірім буынға хаты десемде болады. «Менің жастығым адам баласының қызметіне берілді. Мүмкін, мен жастығымды қайтара алмаспын. Бірақ ол босқа кетпейді, менен кіші інілерімнің еншісіне тиеді. Кейінгі жастар, жас інілерім, сендер бақытты жандарсыңдар. Сендер соғыс дегенді білмей өтетін боласыңдар. Біз жастығымызды сендердің бақыттарыңның жолына құрбан еттік. Сендер тыныш өмірде бақытты жасайтын боласыңдар». Бұл жолдар – Баубектің 1942 жылғы сәуірдегі толғанысы еді. Қарап отырсақ, бұл отты сөздердің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Осы сөздердің мән-мағынасын ұққанда жүрегің елжіреп, сұрапыл соғыста біз үшін, ел үшін өз жандарын қиған азаматтарға еріксіз бас иіп, үлкен рахметіңді айтасың!

Әлі де сол кездегі соғыстан оралмаған жандардың жақындарының кеудесінде үлкен сағыныш бар. Үлкен мағына ие хаттар, естеліктер бар. «Қазына халықта, жинап теріп анықта» деген аталы сөз бар. Майдангердің қойын дәптері, хаттары сақталған үйлер де аз болмаса керек. Олардың өлеңін де, жай сөзін де көшіріп алып, мектептің мұражайына тапсыру керек. Бізге баянды бейбітшілік, тыныш өмір сыйлаған адамдардың шығармашылығы – бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпаққа арналған өсиет, өткенді болашақпен жалғастыратын дәнекер. Сондықтан оларды тірнектеп жинап, қастерлеп сақтау – қасиетті борыш. Бұл игілікті істі жүзеге асыру – біздің жұмысымыз. Ол естеліктер, хаттар, отты өлеңдер ешқашан да ұмытылмайды. Әкеден не бауырдан, ұлынан қалған үлкен мұра іспеттес үлкен қазынадай сақтаулы екені айдан анық.

Оқ пен жыр. Екеуі де фашизммен тізе қоса шайқасты. Жеңіске бірге жетті. Оқ жоғалды. Жыр қалды. Оқ құрысын, жыр жасай берсін!

Нұрлыбекқызы Мөлдір

5 сынып, №112 орта мектеп, Қызылорда қаласы

Жетекші: Нұржанова А. З.

Сұрапыл соғыс жалмады қанша жаранды,
Бала жетім, ана жесір атанды
Фашистердің құрсауында қамалып,
Талай марқұм жермен – жексен тапалды.
Жоғалып кетті қаншама ата – бабамыз,
Ұрпақсыздарды тарихтан ғана табамыз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан үшін қарсы тұрып ажалға
Қару ұстап майданға түсті анамыз.

Ұлы Жеңіске – 70 жыл. Иә, кешегі 20 жастағы жас бала бүгін 90 жаста. Аяқ астынан басталған сұм соғыс жастарды ерте есейтіп, соғыс майданына жетелеп әкетті. Қорықпай өжеттілікпен қан майданға аттанған жас баланың көкірегінде бір-ақ жігер Отанын, жерін қорғап елге аман-есен оралу еді. Талай таңды ұйқысыз атқарып, ыстық пен суыққа төзіп, кеудесін оққа тосқан біздің ержүрек ата-апаларымыз бүгінгі бейбіт күннің ақсақалдары. Солар сыйлаған бұл күн – бейбіт күн.

Соғыс. Қандай қорқынышты. Әйтсе де, бүгінгі ұрпақты бейбіт күнге жеткізген осы соғыс. Міне, бұл Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толмақ.

9 мамыр 1945 жыл. Ол Отан үшін отқа түскен ата – әжелеріміздің ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін яғни, тарихта мәңгі қалатын күн. Жеңіс күнін соғыс ардагерлері, тылда еңбек еткендер, соғыс кезінде тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Сол батырларымыздың әңгімелерінен бүгінгі күн ұрпақтары осы бейбіт күн үшін қалай қанша қан төгіліп, қаншама мың адамның опат болғанын біліп, еске түсіреді. Бұл күнді біздің бұрынғы одақтас республика халқы тойлайды. Өйкені Ұлы Отан соғысы еліміздің басына төнген ең ауыр күн болды. Төрт жыл бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақтың бейбіт күні үшін жан қилы соғыс жүрді. Орыс пен тәжік, грузин мен болгар, қазақ пен украин бәрі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып фашистерге табандылықпен қарсы тұрды. Біздің кинодан көріп, тарихтан түсінгеніміздей, ержүрек жауынгерлермен қатар еңбек ерлері, иығына ауыр жүк түскен еңбек даласында жұмыс істеген миллиондаған әйелдерсіз жасөспірімдер мен қарттарсыз жеңіс күнін елестету мүмкін емес екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Осы бір зұлматтың салдарынан елі мен жері үшін жан қиып, туған жері мен отбасына оралмаған қаншама қаһармандарды айтсаңшы. Олардың ішінде белгісіз кеткендері де жетерлік. Олар сол сұрапыл соғыста өздерінің Отанына, жеріне деген сүйіспеншіліктерін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Тіпті Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сынды аналарымыз да жауға қарсы алдыңғы шепте соғысқан. Оның бәрін бізге көрсеткен тарих беттері куә. Осынау жүрегіміздің төрінен орын алған қос анамыздың бірі қаламыздағы педагогикалық колледж атымен аталса, Әлия анамыздың құрметіне біз білім алатын Қызылорда қаласындағы №112 мектеп алдына Әлия Молдағұлованың ескерткіші қойылған.

Бұл қос қарлығаштың есімдері аталған сайын әр қазақ баласын патриоттыққа, өжеттілікке шақырғандай болады. Ал, бізге танымал жазушы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бауыржан Момышұлы атамыз Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшысы емес пе? Әйтсе де, ол қолбасшылықпен бірге қаламын да тастамаған. Оның қаламынан туған «Артымызда Москва», «Офицер жазбалары» т.б. туындыларынан соғыс шындықтарын оқып, Москваны қорғау үшін аянбай тер төгіп, ажалға қарсы тұрғанын байқауға болады. Ел басына күн туған заманда қу жанын шүберекке түйіп, Ұлан байтақ даласының біртұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен алып тастаған ол батырларымыз бізге бейбіт жолды ашып берген еді. Тіпті бейбіт күннің қуанышын тамашалаған Бауыржан атамыз Кеңестер Одағының батыры болған. Ал соғыста шейіт болған қаншама ержүректер батыр атанғанын білмей де кеткен еді. Дегенмен, тарих беттері сарғайса да, жаужүрек батырларымыз ұмытылмайды. Себебі, тарихқа үңіле отырып, соғыс алаңына еніп кеткендей болып, сол кезгі ашаршылық пен қиыншылықты түсінесің. Олардың Отанына деген патриоттық сезімін, отансүйгіштігін дәлелдегенін білесің. Біз үшін олардың ісі мақтан тұтарлық өнеге болып қалмақ.

Оған себеп, көзі тірі соғыс, тыл ардагерлеріне деген құрмет. Бүгінгі таңда Елбасымыздың өзі бас болып құрметтеп жатқан ардагерлеріміз бүгінгі күнге үлкен сеніммен қарайды. Ешқандай қиыншылыққа мұқтаж емес, жағдайлары жақсы жасалған. Тіпті ұрпақтарына дейін аталарының, әжелерінің құрметін бірге көруде. Менің де үлкен атам Сатлабаев Әбдірәуік соғыс ардагері. Бір баладан екі немере, екі шөбере сүйіп отырған атамыз балашағаларының ортасында әжемізбен бірге Елбасы сыйлаған қала орталығындағы 3 бөлмелі үйде аман-есен тұрып жатыр. Бірнеше жыл статистика мекемесін басқарған, елге танымал атамыз 90 жаста. Әйтсе де әлі тың. Көзі дұрыс көрмейтін атамыз өткен соғыс зұлматтарын қинала еске алады. Мемлекет көрсетіп жатқан көмектің бәрін пайдаланып, бүгінгі күнге шүкіршілік етуде. Сірә, ол кісі балаларының басына қонған бақ па, дерсің. Ол кісінің небір әңгімелерін, өсиеттерін ести отыра, өз-өзімен соғысып жатқан бүгінгі күннің кейбір ұрпақтарының өмірге деген құштарлықтарының жоқтығын түсінуге болады.

Күнделікті жаңалықтардан жер-жерлерде, әсіресе шет мемлекеттерде өз-өзімен қақтығысып жатқан соғысты көріп жанымыз түршігеді. Тіпті қырылған халық санында шек жоқ. Әсіресе, аяусыз тағдырдың жазықсыз құрбаны болған балалар. Олардың не үшін соғысып жатқаны белгісіз. Оларға қарағанда Қазақстанның жағдайы шүкіршілік. Әйткенмен, сол соғыстарға алдап-арбаумен кетіп жатқан Қазақстан азаматтары да баршылық екен. Соған қарағанда бүгінгі заман адамдарының сана-сезімін түсініксіз деуге болады. Әйтпесе кешегі ауған соғысында да қаншама азаматтарымыз опат болды емес пе? Олардың ешқайсысы ұмытылмақ емес.

Қазіргі таңда ел арасына іріткі салып әртүрлі бағыттағы діндерге шақырушылар көп. Олар өздерінің адасып жүргендерін сезбей басқаларды да адастырып болмашы нәрселерге әр жерлерде қақтығыстар жасауда. Солардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

кесірінен жастарымыз аяушылық сезімнен жұрдай болып, өз жандарын қиналмай қия салуда. Ұлы Отан соғысы фашизмге қарсы соғыс болса, бүгінгі күн соғысы еріккеннің ермегі десе де болады. Әйтпесе өз алдымызға мемлекет болғалы Елбасы барлық жағдайды жасап қойды. Ешкімге тәуелді емеспіз. Кешегі желтоқсан жеңісі егемендікке жеткізді. Сол көтерілісте ел үшін еңіреген ерлер қаза болды. Біз олардың есімдерін тебірене отырып еске аламыз. Тіпті дәріптеп тарих беттеріне де енгізіп қойдық. Ал бүгінгі күннің соғыс құрбандары халық қарғысын арқалап ардан безгендер.

Аллаға шүкір, тәуелсіз ел болдық. Өткен-кеткен тарихымызды таразылап, жоғалтқан, ұмытқан қазынамызды түгендеудеміз. 70 жыл деп жар салып, елдің абыройын, даңқын аспандатуға себепші болған Ұлы Жеңіс тарландарын дәріптеп, ардақтаудамыз. Тоқсаннан асып, жүзге жол тартқан көзі тірі ардагерлеріміздің сау – саламат болып, ортамызда әлі де жүре беруін тілейміз. Олар өмір бойы Отанының, туған халқының ыстық ықыласына бөленері сөзсіз. Сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ жеңіс мерекесі әр жыл сайын елімізге қуаныш, несібе алып келуде. Біз бәріміз бұл күнді бірге тойлаймыз. Өйткені бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасайтынын, ерен еңбектердің өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Омар Айша

5 сынып, №258 мектебі Байқожа елді мекені
Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Абдрахманова Б.

Атамның жеңіске қосқан үлесі

70 жыл – бейбіт көктем таң атқалы,
70 жыл – шуақты күндер таратқалы
Есімде сонан бері 70 рет,
Ашылды Жеңіс күннің парақтары.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біз бүгінде ортамызда жоқ, кезінде Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында елінің қамы үшін жанқиярлықпен шайқасқан, көзі тірісінде ел-жұрт құрметіне бөленген, ерліктің айбарын, елдіктің айғағын танытқан абзал азамат жайлы сыр шертпекпіз. Сөз еткелі отырған ардагер азамат, яғни, менің атам – Абдрахманов Омар Әбдірейұлы туралы болмақ.

Атам Абдрахманов Омар 1924 жылы 15 маусымда Майлыбас ауылдық округіне қарасты, Байқожа елді мекенінде дүниеге келген. Майлыбас ауылында 1937 жылы 7 жылдық мектепті тәмамдайды. 1942 жылдың күзінде 18 жасында сұрапыл соғысқа аттанған. Әуелі 281-ші атқыштар полкінде қатардағы жауынгер болған. 1942 жылдың желтоқсан айында 281-ші атқыштар полкінде жүріп, бірінші рет бас сүйегінен жарақат алады. Әскери госпитальда ұзақ емделіп, қайтадан неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге, Қызыл Армия қатарына қайтып оралады. 1943 жылы 373-ші полкте, 1944 жылы 298-шы полкте әскери міндетін жалғастырды. 1943 жылы 200-ші атқыштар дивизиясында Сталинград түбіндегі жойқын шайқаста екінші рет жараланады.

Мен атамның қан майданға барып, айқас алаңдарында жасаған ерліктері туралы өзімнің әкемнен және атамның көзін көрген қариялардан құлақтанып отырмын.

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды».

Иә, содан бері 70 жыл уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылмады.

Атам жыл сайынғы 9-мамыр Жеңіс күні көп ойланып көп күрсінетін еді:

-Е, шырақтарым, біздің көргенімізді, басымыздан өткергенімізді ешқашан сендерге көрсетпесін, - деп отыратын. Ол өз қарамағындағы жауынгерлерді Отансүйгіштікке шақырып, жауға деген өшпенділігін өршітуге үлес қоса отырып, өзінің ерлік істерімен оларға өнеге көрсету оның басты міндетіне айналды.

Ұлы Отан Соғысы... Бұл сол кездегі ата-бабаларымыздың қайсарлығы мен ержүректілігін дәлелдейтін, тарихта, халық есінде мәңгі қалатын елеулі күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің әрқилы үлгісін көрсеткен ардагер азаматтар тойламақ. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы болмақ. Қазіргі таңда Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың, тылда еңбек еткен ардақтыларымыздың қарасы жыл өткен сайын азайып бара жатыр емес пе? Сондықтан да бұл ұлы мереке болып өтпек.

Сол кездегі Кеңес одағының сан алуан ұлт өкілдерімен бірге жауды талқандап, Ұлы жеңіске жету жолында қазақ халқының да лайықты үлесін қосқаны баршамызға аян. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін жанкештілікпен барды. Олар сонымен қатар Сталинград түбіндегі шайқаста, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда және Днепр өткелінде ұмытылмас ерліктер көрсетті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соның дәлелінің бірі менің атамның 1943 жылы Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысып, жарақат алуы.

Ұлы Отан соғысының парақтарына үңілсек, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына дәлелдеме-пікірлер қажет деп ойламаймын. Оған дәлел айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Кешегі Ұлы Отан соғысында оққа ұшқан қаншама қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман-есен оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған да қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды.

Меніңше, Ұлы Отан соғысы оқиғалары ескірген ертегі емес, біздің қазіргі іс-әрекеттеріміз, қайта құрылысымыз, бейбітшілік үшін күресіміз сол Отан соғысы кезіндегі күресіміздің жалғасы емес пе? Олай болса, Отан соғысы әңгімелері, шынайы көріністері ешқашан ескірмеуге тиіс.

Абдрахманов Омар елге 1949 жылдың көктемінде оралады. Елге оралғаннан кейін соғысқа дейінгі жасаған электрик мамандығы бойынша еңбек жолын жалғастырады. 1950 жылы менің атам мен әжем отау тіккен. Менің әжем Рахима Ақтөбе облысының тумасы. Ол 12 жасынан соғыс жағдайындағы елімізді ашаршылық пен құлдыраудан құтқару жолында көптеген ауыр жұмыстар жасаған. 1950 жылы Ақтөбе облысының Үкілісай елді-мекенінен арқар-меринос қойын Қазалы Ақ қой совхозына жерсіндіру кезінде көшіп келген. Менің атаммен дәм тұзы таусылғанша бірге тұрған әжем екеуі 7 бала тәрбиелеп өсіреді. Атам алғашқы немерелерінің қызығын көріп, 1980 жылы дүниеден өткен. Менің әкем Омар атамның ең кенжесі. Әкемнің айтуынша, атам көп сөйлемейтін, ер тұлғалы, тұйық, көпшіл адам болған. Жеңіс мерекесі қарсаңы алдында сұхбат сұрай келген аудандық, облыстық тілшілерге сұрапыл соғыста болған жанкешті оқиғаларын айтудан бас тартатын көрінеді. Мүмкін сұрапыл соғысты есіне түсіргісі келмегендіктен болар. Бірақ 60-70 жылдары Ұлы Отан Соғысына қатысқан ардагерлерге қазіргідей Елбасымыз көрсетіп отырған қошемет пен құрметтің, жеңілдіктің болмағаны рас шығар деп ойлаймын. Елбасымыздың кезекті бір Жолдауында:

- Бұл біздің әкелеріміз бен аталарымызға олардың жанқиярлық күресі мен жеңісі үшін, олардың біздерге бейбіт өмірді қамтамасыз еткендері үшін құрмет – деп, ардагерлер мәртебесін бір көтеріп тастап еді. (23 қаңтар, 2010ж.)

Атамның қан майданда көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордені, «За Отвагу», «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіске – 20, 25, 30 жыл» т.б медальдарымен марапатталған.

Соғыс салқын естіледі құлаққа,
Соғыс жайлы ән де айттық жылап та,
Мен соғысты көрген жоқпын дегенмен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

Сол қайғыны айтады жұрт бірақ та.
Еске аламыз батыры деп халықтың,
Кешкеннен соң қанды майдан соғысты.
Біздің есте қалғаны тек атамның,
Әжем айтқан кескіні мен тұлғасы.
Он сегізде көрген соғыс сызатын,
Қозғады ол намысының ызасын.
Ұмытпаймыз Омар ата есімін,
Атамыз ол біздер мақтан тұтатын.

Иә, «Ер есімі – ел есінде» - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар мен апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге мәңгі шуағын шашпақ.

Алдағы Ұлы Отан Соғысының 70 жылдық мерейтойы құтты болсын, ардақты халқым менің!

Оңдасын Жеңісай

5 сынып, №204 мектебі Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Орымбетова Ғ.

Мың алғыс деп ұрпағың, тағзым етер алдында

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезенді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді.

Иә, содан бері қанша уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Осынау айтулы мерекеге 70 жыл толуда. Бұл мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Олай дейтінім, бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды. Ішінде ақын да, әншісі де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен десеңші... Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ешқашан ұмытпаймыз. Тарихта алтын әріптермен қалары сөзсіз. Ол – өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Бұл жағдайлар Қазақстанды көп ұлтты мемлекетке айналдырды. Қазақ елі осылай қиын-қыстау уақытта талай ұлт өкілдеріне пана бола білді. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы деп ойлаймын. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Оның айғағы Мұхтар Құрманалиннің өлеңінде:

Елімде жайнасын деп жылда көктем,
Жетімдік көрмесін деп бала біткен.
Сендер ғой омырауын оққа тосып,
Болашақ үшін өзін құрбан еткен.
Жексұрын жауды қуып желкеледің,
Бірақ та деген жоқсың «ерте өлемін»
Еліңнің төріндесің енді бүгін,
Жатсаң да баурайында бір төбенің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деді емес пе. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

«Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Бұл жеңіссіз бүгінде тәуелсіз Қазақстан болмас еді.

Бүгінде Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет атанды. Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны және республика Әнұранын осы айтулы Ұлы Жеңістің айғағы деп білемін. Мамыражай тыныш өмір аталарымыз қалыптастырған берік бірлік нәтижесінде келді. Ер жігіттің құл болмай, ару қыздың күң атанбай, халықтың бірлікте өмір сүруі нақ солардың арқасында! Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандық пен елдіктің нышаны, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Құрметті ардагерлеріміз біз үшін егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылардың бәрі жарқын үлгі болып қала берері сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ту шашағын сүйіп тұрып: «Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті туы мәңгі жасасын!» деді емес пе?!

Сондықтан еліміздің киесі, тәуелсіздіктің иесі, ел қорғаған асыл тұлғаларымыз мәңгі жасасын!

Оразымбетова Роза

10 сынып, №121 мектебі Жосалы кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі Қозыбақов А.

Ерлік - жан дүниенің ұлы қасиеті

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 70 жылдығы жақындаған сайын кешегі күні қан майданда от кешкен, кеуделерін оқ тескен, тірі қалғандары аман-есен туған елі мен жеріне оралып, қаза тапқандары сол жақта қалған, көпшілігі хабарсыз кеткен қайран ерлерді есімізге түсіріп жатқан жайымыз бар. Өкініштісі сол, көрер жарығы мен дәмі таусылмай елге қайтқандарының да қатарлары сиреп барады.

1941 жылы 22 маусымда Фашистік Германия соғыс жарияламастан келісімді бұзып, КСРО аумағына басып кірді. Осылай Ұлы Отан соғысы басталды. Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отанқорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - әскери комитетке өтініш берді.

Майдандағы Қызыл Армия қатарына 1200000-ға жуық Қазақстандық аттанды.

Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға аттандырылды.

Қазақстан, бүкіл Кеңес одағы сияқты алғашқы күннен бастап, жұдырықтай жұмылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Олар өздерінің қамы үшін емес, туған жерін, өз Отанын қорғап, «ертеңгі болашақ ұрпақтарымыз дәл біздей болсын, елін қорғап, біздің солар үшін аянбай, қан майданда тер төгіп жүргенімізді, білім алып, Қазақстан жерін көркейткендерін және біздің басымыздан өткен тарихымызды мәңгі жадында сақтағаны жөн» дейтін-ді.

Сол соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлы, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, қазақтың қос жұлдызы Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметова, жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

«Ұлы Отан соғысы» ұғымы 1941 жылы шілденің 23-інде Сталиннің радио арқылы сөйлеген сөзінен кейін пайда болды.

Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін!

Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны.

Біздің апаларымыз бен әкелелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген сүйіспеншіліктері. Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттың қайта өрлеуінің жоғарғы адамгершілік негізі.

Сол бір ел басына күн туған, ер етікпен су кешіп, ат ауыздықпен су ішкен қасіретті күндерде, қолына қару алып, өз еркімен майданға сұранып, кеудесін дұшпанға деген кек кернеген ерлер, жылдармен жылжып өткен, ғасырдың ең елеулі оқиғасына айналып бара жатқан Ұлы Отан соғысы бүгінгі ұрпақтың жадынан өшуі тиіс емес. Азаматтық міндетіміз жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отаралиева Гүлзия

5 сынып, № 13 мектебі Арал қаласы
Қызылорда облысы
Жетекшісі: Досаханова Л. С.

Жеңіс – жеңіс ол қашанғы мықты, батыр адамдардың ісі. Ата-бабаларымыз жауды жеңіп 9-мамырда елге жеңіспен оралып бізге шаттық қуаныш сыйлаған. Сондай – ақ, менің атам да Кәрібаев Жандаулет тылда еңбек еткен. Қазір 2014-ші жыл жеңістің 70 жылдығы. Егер де ата-бабаларымыз, әпкелеріміз Мәншүк, Әлия өз бастарын қатерге тікпей келешек ұрпағына өмір сыйламағанда, біздің өміріміз не болар еді? Күйеулері, балалары соғыста аш қалмасын деп жылы киімдерін салып қарт әжелер аналар аянып қалмаған. Олар үшін сол «Ұлы отан» соғысында қорқыныш, өлімнен қымбат. Ар – намыс, ұят қымбат болды. Жаумен елі үшін қан төгіп, шайқасқан боздақтарымыз соғыста қаза тапты. Елге оралған кездерде қаралы қағаздарда боздақтардың отбасыларына оңай тиген жоқ. Жау әскері тұтқиылдан шапқанда, қазақ елі қасқая қарсы тұрды. Қазір елде бейбітшілік орнады. Әрбір 9-мамырда жеңіс күні тойланады. Бірі көзінен, қолынан ал енді біреуі аяғынан айрылды. Осының бәріне көндігіп, барлық қиыншылыққа төзімділік танытқан батыр ағаларымыз шексіз құрметке ие болуы керек деп ойлаймын. Бізді осы бейбітшілік, жарқын күнге жеткізген ағаларымызға мың алғыс:

Батыр аға

Соғыс өтті талай жанды жалмаған,
Өлгенде арман, өлмеген де бәрі арман
Батыр деген асыл ұғым жүректе,
Алау болып жанып тұрар лаулаған.
Дана аға, абзал аға, батырсың
Қазір үнсіз зиратында жатырсың.
Сырттай сезіп, риза болсын әруағың.

Мәңгілікке биік жұлдыз батырсың – дей келе, енді соғыс болмасын!

Біз бақытты ұрпақпыз!

Ешқашан да балалар мен аналар жыламасын!

Өмір Назерке

11 сынып, С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебі
Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Қадірова К. Ә.

Соғыс – адамзат қасіреті

Бейбіт те берекелі, егеменді де еңселі Қазақстан атты мемлекеттің ұланымыз. Бала кезден армандаған мақсатыма жету үшін күндіз-түні қазақ әдебиетін, Қазақстан тарихын оқудамын және нәтижесі де жоғары. Мен үшін ең қастерлі мамандық-журналист. Адамдардың жан жүрегіне жол тауып, елдің мұны мен мұқтажына, қуанышы мен қайғысына ортақтасуға, оларға көмек көрсетуге даяр болу тек қана жорналшының қолынан келетіндей көрем. Осы тақырыпқа шығарма жазсақ қайтеді? - деген ұстазым Кенже апайымның ұсынысына келісе отырып соғыс тақырыбындағы әдебиеттерді оқи бастадым. Соғыс тақырыбында қалам тартқан ағаларымыз өте көп екен. Олардың кейбіреулері от пен оқтың ортасында зұлматты өз көзімен көріп қан майданнан оралғандар. Мәселен, Кеңес Одағының Батыры, қаһарман жауынгер, қазақ ұлтының бетке ұстар ұлы тұлғасы Бауыржан Момышұлы, «Халық қаһарманы», партизандық соғыстың қыр-сырын жетік меңгерген, орыстар «біздің Вася» деп еркелеткен қаһарман Қасым атамыз, Қазақстанның «Халық жазушысы» жауынгерлік жолын солдат қапшығындағы «Абай жолымен» өткізген Әзілхан Нұршайықов сынды жауынгер жазушылар.

Соғыс – адамзат қасіреті. Тарих адамзат баласының өмір сүріп келе жатқан кезеңінен осы уақытқа дейін үлкенді-кішілі бірнеше жүздеген соғысты өткерді. Алайда, олардың ешқайсысы да кешегі екінші дүниежүзілік соғыс әкелген қасіретпен теңесе алмайды. Соғыстың негізгі ауыртпалығын осынау қанды-қырғында 27 млн адамынан айырылған Кеңес Одағы көтерді. Осындай алапат соғыстың зардабын сол кездегі Кеңес Одағының барлық халықтары сияқты қазақ халқы да көп тартты. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 497 жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, олардың 97-і қазақ. 110 қазақстандық «Даңқ» орденінің 3-дәрежесіне ие болды. Жазушы Илья Эренбург «Правда» газетінде 1942 жылы жариялаған «Қазақтар» деген очеркінде Қожықов, Илиясов, Естаев, Балапанов және басқа жауынгерлердің соғыстағы ерлік істерін баяндай келіп: «Қазақтар иен далада жел жетпес жүйрік мініп жүріп дағдыланған, ал бірақ қажет болса, олар еңбектей де біледі, жүгіреде біледі, биік тауларға өрмелеп те шығады, саз балшыққа жата береді: оларды ешкім де ештеңе де тоқтата алмайды» - деп сүйсінген. Сондай-ақ «қазақтар – кішіпейіл, ақжарқын, ержүрек, батыр халық. Жауынгерлерім тек қазақтардан құрылса, мен әрқашан риза болар едім» - деген генерал-полковник П.Л. Романенконың сөзі күллі қазақ жауынгерлеріне, олардың ерлігіне берілген әділ баға іспетті. Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар мен бөлімдердің ерлігі арада 70 жыл өтсе де ұрпаққа ұран, елге үлгі-өнеге болары хақ. Солардың қатарында биыл туғанына 105 жыл толғалы отырған батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ерлігі өз алдына бір төбе. «1073 – атқыштар полкінің командирі майор Бауыржан Момышұлын мен соғысқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

дейін, онымен Қиыр Шығысты бірге әскери қызмет атқарған кезден бастап білетін едім. Ол өзі ұлты қазақ, өжет те бірбеткей, тік мінезді және келбеті келісті келген жас командир болатын. Москва түбінде оның батальоны қоршауда қалып, бірнеше күн бойы полкпен ешқандай байланысы болмай қалса да жаудың басым күшімен тайсалмай шайқасты. Осы бір жан алып, жан беріскен ұрыста гвардияшылар екі тәулік ішінде 400-ден астам фашистің көзін жойды. Осы ұрыстан соң Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резервінде ұстап, оны ең ауыр деген шайқастарға ғана қосып отырды. Бұлардан басқа Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті болатын, ол оның шыншылдығы еді. Мен оның қанша қиын болса да, тіпті одан өзіне зиян келсе де тек қана шындықты айтатынын білуші едім. Мұны ол өзінің қарамағындағылардан да қатаң талап етіп отыратын»-деп жазған Кеңес Одағының Батыры, генерал-полковник И.М.Чистяков болатын. Ұлты өзге болса да Бауыржандай батырға оң бағасын берген орыс әскербасшысына дән риза боласыз. Мұндай естеліктер, ыстық ықылас ізгі-ниетпен берілген бағалаулар әрине қазақ солдаттарының Отан, туған жер, артта қалған аяулы жары мен бал-бөбегіне деген сағынышынан, жауды жеңіп тезірек елге қайтсам-ау деген армандарынан туындаған шығар-ау.

Басынан өрт шалғандай биік таудың,
Киліккен түрі жаман фашист жаудың.
Отанын жаны сүйген үлкен-кіші,
Кіріскен жабдығына ел қорғаудың.

Бұл жауынгер ақын Әбзәли Егізбаев атамыздың «Жорық жолында» деген ұзақ өлеңінен алынған үзінді. Өлеңді оқып отырып көзіме жас үйірілді. Соғыс! Не деген қатыгез, не деген қайырымсыз ең сен?! Атақты сыр сүлейлерінің бірінен саналатын Әбзәли Егізбаев соғыста жүріп елге деген сағынышын өлең-жолдарына түсіріп жіберіп отырды. 1942 жылы майданға аттанып, Воронеж бағытындағы әскер бөлімдеріне сержант-бөлімше командирі шенінде соғысқа қатысқан, үш рет жараланған. Әскери госпитальда алты ай емделіп шығысымен, Қиыр Шығысқа – Жапон самурайларымен шайқасқа аттанып, 1945 жылы тамызда сол жақтағы шайқаста қаза тапты. Өкінішті! Соғыстың бітуіне санаулы күндер қалғанда (II дүние жүзілік соғыс 1945 жылы 2 қыркүйекте аяқталған) жапон самурайлары мен 1945 жылы шайқаста қаза тапты. Осындай аузынан шыққан әрбір сөзі жыр болып төгілген керемет талант иесі де майдан даласында оққа ұшқан боздақтардың бірі еді. Майдан даласынан оралмаған 600 мың қазақстандықтың әрқайсысы, майданнан балдаққа сүйеніп келген солдаттың әрқайсысы ерекше құрметке ие болуы тиіс. Майдан даласында оққа ұшқан әрбір жауынгердің жанұясында жанары жарқыраған, қара шашы толқындаған, ақ жейде мен қара галстук таққан немесе қара тақия киген момын шаруа адамының кеудесі жауынгерлік

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ордендер мен медальдарға толы фотосуретін көреміз. Бұл шындық! Себебі қазақ халқының 70%-дан астамы соғысқа қатысқан. Днепрден өткені үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алғанда Жәнібек Елеусізов бар болғаны 18 жаста екен. Неткен ерлік?! Неткен жанқиярлық?! Ал менің құрдастарым, кейбір жастар бейбіт күнде ерлік жасау мүмкін емес деп өзеурейді. Соғыстың өткеніне 70 жылдай уақыт болып қалды. Әйтсе де айтылар шындық көп. Қазақ халқы үшін фашистердің ордасы – Рейхстагқа ту тіккен бірінші адам, ол – батыр Рақымжан Қошқарбаев! Сол үшін ол кісінің рухына тағзым етеміз! 1999 жылы 7 мамырда Елбасы Н.Ә. Назарбаев Рақымжан Қошқарбаевқа еліміздің ең жоғары наградасы – «Халық қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойып, ерлікке тағзым етті.

Орыстың атақты қолбасшысы А.В. Суворовтың: «Қаза тапқан соңғы орыс солдаты жерленіп, құрметке ие болғаннан кейін ғана соғыс аяқталды деген болады» деген сөзінің соғысқа аттанған, оралмаған әрбір қазақ жауынгерінің тағдырына да қатысы бар тәрізді. Менің қолымда Қызылорда облысынан соғысқа аттанып, хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлерді еске түсіруге арналған «Боздақтар» аза кітабы отыр. Кітапта майданнан жазылған хаттарда бірде-бір сарыуайымға салынушылық, қорқыныш сарыны байқалмайды, қайта ерлік пен қаһармандықтың жаңғырығы жеткендей. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Тірілерге құрмет көрсетіп, қаза болғандарды риясыз еске аламыз.

Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен ажырағысыз және бір-бірін толықтыра түседі. Ұлы Жеңіс біздің халқымыздың орасан зор құрбандықтарымен келген қасіретті арифметикасы. Бір нәрсе ғана ақиқат. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, Жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Қазіргі күнгі әлемдегі ең басты проблема да ортақ үйіміз – Жер шарын соғыс өртінен сақтау, бейбітшілік, аймақтық соғыстарға жол бермеу, терроризмге қарсы күрес және дінаралық, ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау. Біз соғысты көрген жоқпыз. Кинофильмдер мен көркем, тарихи әдебиеттерден алған деректеріміз, аға ұрпақтың әңгімелері мен естеліктері арқылы оның қаншалықты қайғы-қасірет әкелгендігін білеміз. Бір емес, жүз де емес, миллиондаған адамдардың өмірін қиған, баланы әкеден, анасын баласынан айырған сұм соғыс енді болмасын!

Өтегенов Сақтапберген

10 сынып, М. Горький атындағы №16 орта мектебі

Қазалы қаласы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Баядилова Г.

Ел бақыты үшін ерлік көрсеткен

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Сенің келешегің үшін берді ол
азаттық жолда аяғын!
Әбу Сәрсенбаев

Адамзат тарихында қанқұйлы қайғы – қасіретімен аса ауыр із қалдырған екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына да 70 жыл толғалы отыр. Сонау сұрапыл басталған шақта дүниеге келген сәбилер де жетпісті еңсерген ата мен әжелер. Әйтсе де 9 мамыр күні, Ұлы Жеңіс күні, сол қасіретті жылдарды еске түсіреді. Бұл соғыста қаншама әйел жесір, қаншама балалар жетім болса, аналар ұлдарынан айырылып соғыстың отына шалынбаған отбасы қалмады.

Ер есімі – ел есінде. Қан майданда мұз жастанып, қар жамылып, ажалмен арпалысып, таңғажайып ерлік жасап, бабалар ерлігін қайталаған майдангерлердің еңбегі ұшан – теңіз!

Ел ерімен еңселі екені, елім деп туған ерлердің есімі ешқашан елеусіз қалмайтыны, халық ондай ұлдарын жыр – аңызға айналдырып, төбесіне көтеретіні, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамайтыны ақиқат. Міне, осындай қазақтың өр ұлдарының бірі деп, халқының адал перзенті бола білген, өз атамды, Сағындық Сейітқазияұлы Өтегеновті атауға болады.

Менің атам 1925 жылы Дихан колхозында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына 1942 жылы, Арал ауданы, Қаратерең ауылдық советі, Шевченко колхозынан аттанған. Алғаш Самарқан облысында 6 айлық әскери даярлық курсынан өтіп, 1943 жылы қыркүйек айында Украина майданы құрамында Воронеж қаласын азат еткендердің бірі. Атам минаметщик болған. Сол кезде бірінші рет жарақат алып, Таганрог, Ростов қалаларында госпитальда емделген. Одан соң қайта майданға пулеметщик болып араласқан. 1944 жылы Кривойрог деген жерде кескілескен соғыста снайпер оғынан өкпесінен екінші рет жарақат алып, Днепропетровск қаласындағы госпитальда 6 ай емделген. Тәуір болып, 37-ші танк дивизиясының құрамында соғыс жолын мин іздеуші болып жалғастырған. Сол кездері Румыния, Болгария, Қара теңіз, Барна, Бургас қалаларын көрген. Бірақ әуе шабуылына тап болып, тағы да жарақат алған. Бұл жолы Одессадағы госпитальға түскен. 1944 жылдың аяғында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

денсаулығына байланысты әскер қатарына жарамсыз болса да Мәскеудегі айрықша атқыштар бөлімінің батальонында болып, соғыс біткенде ауыстыратын адам болмай, 1947 жылдың 4 ақпанында ғана жарлықпен елге қайтқан.

Әскери өмірді аяқтап, бейбіт өмірдегі еңбек майданына араласып та кетті. Қазалы ауылшаруашылық техникумында мұғалім, электрик, құрастырушы болып бірнеше қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан. Ата көбінесе соғыс туралы еске ала бергенді ұнатпаушы еді. Себебі қанды соғыстың сұрапыл жылдары, қыршынынан қиылған жастардың өмірі, жан түршігерлік өткен күндердің естеліктері күндіз - түні мазалайтын. Десе де атамнан ананы – мынаны сұрап маза бермейтінмін. Сондай бір күндері атамның мына оқиғаны тебірене айтқаны есімде қалыпты.

...Ол жерде кескіліскен соғыс болды. Екі рет немістерді қуып шығып, кері шегіндік. Себебі немістерді селодан қуып шыққанмен, жазықта олардың танкілері, екінші қатарда жаяу әскері күтіп тұрды. Оның үстіне самоләті ойқастап, аспаннан оқты жаудыртып жатыр. Біздің артымызда я артиллерия, я танк, я катюша жоқ. Соңғы үшінші күні қара құрттай самолет дегенді үйді. Бір адам болса да төбеңнен қуып жүріп оқты жаңбырша септі. Содан тым – тырақай әркім өз басын сауғалай артта қалған деревняға қарай қашты. Әуелі құдай, екінші бабаларым жар болды ма, әйтеуір аман- сау деревняға жеттім. Кешкілік кім бар, кім жоқ деп қарастырғанымызда батальоннан бес-ақ адам қалыппыз. Бір жерден хабарлаған ба, бесеуімізді бір офицер келіп, бөтен жаққа алып кетті,-деп еске алды атам. Тағы бірде атам:

– Снаряд ойған қазаншұңқырда жатсақ, тағы бір снарядтың тура пулеметшінің үстіне түскеніне қайран қалдым, сондағы 5-6 жауынгер дін аман болып, мен жарақат алдым. Осындайда Бауыржан батырдың: «Қаңғыған оқтан сақта!» дегені есіме түсті, - деді.

Атамның ерлік жолындағы ерен еңбектері ескеріліп, екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Жеңістің 25,40,50 жылдығы», «СССР Қарулы Күштеріне – 60,70 жыл» мерекелік, «Маршал Г. Жуковтың» естелік медальдарымен, «Соғыс ардагері» белгісімен марапатталды.

Атам Нәзуша әжем екеуі 56 жыл өмір сүріп, өмірінің жалғасы 10 баладан 29 немере, 6 шөбере сүйіп, менің әкем Ерболаттың қолында болды. Әкемнен басқа Шымболат, Гүлзипа, Нұрила, Ақзипа, Гүлнар сынды балалары бар. Олардың әрқайсысының өз отбасылары, мамандықтары бар.

Сағындық атамның: «Келінім Алмагүл менің жағдайымды жасап, қас – қабағыма қарап отыр. Айналайындарым менің!» - деп, анама ризашылығын білдіріп отыратыны есімде.

«Біз көрген соғысты бүгінгі ұрпақ көрмесін. Егемен еліміздің жастары аман болып, еліне адал қызмет етсін, ұрпағым аман болсын!» - деп тілейді, ата.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді деп ойлаймын.

Қазалы топырағы – ерлікке де, өнерге де бай өлке. Орта Азия жастарының жалынды жетекшісі – Ғани Мұратбаев – мен білім алатын № 16 орта мектептің түлегі. Өнер иелері – Роза Бағланова, Мәдина Ералиева сынды тұлғалар дүниеге келген. Роза апамыз – «Халық қаһарманы» атанып, еңбегі жанған адам. Мен Қазалы ауданында тұрамын. Мен тұратын ауданның өзінен кешегі қанды соғыс кезінде бес бірдей «Кеңес Одағының батыры» шыққан. Олар: Түктібаев Үрмәш, Балмағамбетов Махаш, Шляпин Геннадий Фадеевич, Яков Данилович Михайлюк, Счастнов Владимир Михайлович. Осы бес батырдың ішінде Шляпин Геннадий Фадеевич – біздің мектептің түлегі.

Еліміз тәуелсіздік алып, өз іргесін бекітіп, жан – жағын түгелдегелі халқымыздың жағдайы жақсарып келеді. Бұл бейбіт те тыныш заманды бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап бізге жеткізді. Бейбіт заманда «батыр» атауы да өз мағынасын кеңейтті. Қазіргі уақытта «батыр» деп үлкен спорттық ареналарда елдің Туын биікке көтеріп, Гимнін асқақтата шырқатқан ұл-қыздарды атап жүр. Әрине, елдің үмітін арқалап, дүниежүзі халқының алдында абыройын асқақтату оңай емес. Ел үшін туған жандарды осылай атау заңды да. Осы орайда еліміздің мақтанышы, Лондон олимпиадасында әйелдер арасында бокстан алғаш рет өткізілген сайыста қола жүлдегер атанған Вольнова Марина – біздің мектептің түлегі, еліміздің батыр қызы.

«Отансыз адам – ормансыз бұлбұл» деген екен дана халқымыз. Отанды қорғау, елді, жерді сақтау – қашан да ерлердің үлесіне тиген іс. Алдағы уақытта да еліміздің тыныштығы сақталып, сәбилердің ұйқысы бұзылмаса екен.

Өтемұратова Ақниет

9 сынып, №199 орта мектебі, Төребай би ауылы

Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Жетекші: Өсербаева А. Ә.

Ешкім де, ешқшан да ұмытылмайды

Мен соғысты көргенім жоқ, кеш мені
Қаралы жыл қасіретін жырламадым кеш келіп.
Бірақ, мынау мұң танымас ұрпағыңның өскені

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Емес пе ел жадында қанды жолдың өшкені.

Мен соғысты көргенім жоқ. Мен тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмірде дүниеге келдім. Соғысты тарихтан білемін. Біздер соғысты кинодан көріп, кітаптан оқып білеміз. Көзімнің алдына С.Мұратбеков атамыздың «Жусан иісі» әңгімесі есіме түссе, әкесі соғыстан қайтпаған кішкентай Аянның өксігі, әйелдер мен жас балалардың күні-түні жұмыс істеуі, аштыққа, суыққа қарамай еңбек жасауы, көзге елестейді, қайран қалдырады. Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келген, аталарымызбен әжелеріміз көздерімен көрген, неше алуан оқиға көріністерін қинала әңгімелеп бергенде, менің көз алдымда бір заманда болған ертегі көріністері елестейді.

Биыл – Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70жыл. Соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Сол жылдар жаңғыры адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған соғысқа қатысқан аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды. Соғыс-адам басына келген қайғы, мұң.

Бұл – алапат 1941 жылы 22 маусымда басталған. Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамдардың өмірі қиылды. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, намыстық халық екенін дәлелдеді. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін неге ұмытамыз?! Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш!

Елбасымыз айтқан: «Сыр – алаштың анасы» атанған Қызылорда облысындағы, Қармақшы ауданы менің туған жерім. Ал туған жер адам баласы үшін ең тамаша, ең таңғажайып киелі орын. Осы киелі топыраққа өз жанын берген бабаларымыз бен аталарымыздың ішінен Кеңес Одағының батыры атағын алған, туған жерімнің батыры Тәйімбет Көмекбаев атамды мақтанышпен айта аламын. Біздің мектебіміздегі «Ер есімі – ел есінде» тақтасында атамыз жайлы суретермен деректер ілулі тұр.

Тәйімбет Көмекбаев 1896 жылы Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы №10 ауылда туған. Ұлты қазақ, КПСС мүшесі 1941 жылғы қазанда ол Отанды қорғаушылар қатарына қосылды. 128-Псков атқыштар полкінің 5-атқыштар ротасының бөлімше командирі кіші сержант Көмекбаевқа 1945 жылғы 10 сәуірде Совет Одағының Батыры атағы берілді. Тәйімбет Көмекбаев соғыстың басынан аяғына дейін барлаушылар бөлімшесін басқарды. Бұрынғы жылқышы бір көрген жерін есте сақтай алатын, жыртқыш құстың әдет – қалдығын білетін, ол қырандай қырағы еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тәжірбиелі солдат, ол атқыштар қару-жарағының қай түрін болса да жақсы білетін. Ұрыста епті де батыл.

1943 жылдың басында Тәйімбет Көмекбаев өзінің жерлестері Сарыбаев пен Жарқынбаев үшеуі фашист әскерлерінің штабына кенеттен шабуыл жасады. Олар дивизия штабына олжа ретінде 12 солдат пен 2 офицер алып келді. Познань қаласының түбінде Көмекбаевтың барлаушылары жаудың нығайтылған бекінісіне батыл шабуыл жасады. Совет жауынгерлерінің кенеттен пайда болуы жау жағын састырды. Жаудың 37 солдаты мен 2 офицері біздің барлаушыларға ұрыссыз берілді. Тәйімбет Көмекбаев 1945 жылғы қысқы шабуыл ұрыстары кезінде ерлікпен батырлық көрсетті. Ол бірінші болып Глейвиц қаласына кірді. Колховица қаласына шабуыл жасалған кезде жаудың атыс ұясын талқандаған.

1945 жылғы 6 февральда Көмекбаев Одерден алғашқы өткендердің қатарында болып, өзеннің оң жағалауындағы Эйхиринд елді пунктінің маңындағы плацдармды ұстап тұрды. Ұрыста ол жаудың бес қарсы атакасына тойтарыс берді. Түнде ер жүрек жауынгер шабуыл жасаушы топты бастады. Бриг қаласының кіре берісінде жаудың станокты пулеметінің расчетын жойды. Көмекбаев қала үшін болған ұрыста 60 фашист басқыншысын жайратып, 12 адамды қарусыздандырды да тұтқынға алды.

1945 жылғы 8 февральда Ванзен қаласы үшін болған ұрыста жаудың 7 қарсы атакасына тойтарыс берді. Совет жауынгерлері өздерінің алдын – ала орналасқан позиясын қорғап, бір қадам да шегінбеген екен.

Атамды ауылдастары мақтан тұтып әңгімелейді, құрмет тұтады. Біз бүгінгі ұрпақ соғысқа қатысқан аталарымыз бен тылда аянбай еңбек еткен, аналарымыз бен бүгінде ақ сақалды атаға айналған, сол кездегі жеткіншектердің еңбегі мен ерлігін кітаптар мен баспасөз беттерінен, мектеп оқулықтарынан оқып біліп жүрміз. Осы кезде ойыма 6 сыныпта апайымыз жатқа айтуға берген, Әбу Сәрсенбаев атамыздың «Сен құрметте оны!» өлеңінің жолдары еріксіз ойыма оралады, оны қайталап айта бастағанда, жүрегім дүрсілдеп, денем шымырлап қанымда патриоттық сезімдер күшіе түседі.

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?!
Ол ақшаға сатқан жоқ,
Тізеден кесіп аяғын.
Ерікеннен де ұстап жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кешегі елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты,
Бізді жалмақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ол арыстанша алысты,
Өлім соққысын өз үстіне алды.
Денесін оқ пәршелесе де,
Ел намысын қорғап қалды.
Сен құрметте оны!
Түсіндіңбе қарағым?!
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолда аяғын!

Міне, ата-бабаларымыз сыйға татқан бақытты өмірімізді қорғау – әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз. Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын!-деп тілеймін.

Өтетілеу Сымбат

5 сынып, № 250 мектеп-лицейі Жосалы кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Алтруова А. Ә.

Бейбіт күні жасасын әлемде!

Бейбіт күні жасасын әлемде !
Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама,
Жеңіс келді әке боп
Елдегі көп балаға.

Менің Отаным – тәуелсіздігін алған, егеменді ел Қазақстан екеніне мақтанамын, осы жерде дүниеге келгеніме қуаныштымын.

Қазақ елінің тарихына сүңгіп бойласақ, небір оқиғаларды көзімізбен көргендей боламыз. Қазақ елі қабырғасын кеңге жайған, қабырғалы ел. Оның шұрайлы жерлері, сылдырап аққан бұлағы, ақбас ала таулары, оның баурайынан ағып шыққан өзен-көлдерінің өзі дертке шипа, жүрекке дем береді. Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Азаттық жолында қазақ елі басынан небір жорықтарды өткізген, батыр да өжет, қайсар ел.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Отан оттан да ыстық», - деген қазақта дана сөз бар. Сол сөздің астарына үңілсек тыныш бейбіт өмір сүріп жай жатқан елдің төбесіне сұрапыл бұлт қаптап, «Соғыс» деген өрт төнді. Ел басына күн туған кезде «Отан үшін, ел үшін» деп еңкейген кәріден бастап, еңбектеген жасқа дейін Отанының азаттығы үшін күресті. Міне, сөйтіп тарих бетіндегі ақ парақтарымыз сарғайып, қайғы мен мұң, азап пен зар жылдарына айналып, бүгінгі таңда ұмытылмастай мәңгі бақи жадымызда жатталып қалғандығын байқаймыз. Біздің ата-бабаларымыз нағыз ер-азаматтар. Өйткені олар ешкімнен қорықпай, болашақ ұрпақ үшін қан төккен.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлы парақтарына көз жүгіртсек, қазақтар қанды қырғында қаймықпай соғысып, Отанын жаудан азат етуге бар күш –жігерлерін жұмсаған.

Ерен ерлерімізбен бірге елін қорғауға өжет, қайсар қыздарымызда жан аямай күресті. Олар: Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова.

«Алтын анам, Отаным, сенен аяр жаным жоқ» - дегендей олар нәзік жандар болса да бүршік атып, жапырағы жайқалып келе жатқан өз өмірлерін Отан үшін қиды. Олардың бұл ерліктері жеткіншек жас ұрпаққа үлгі болып қала бермек. Қазақ елі бейбіт өмір сүрсін, бақытты болсын, ешкімге құл болмасын, еркіндікте, азаттықта өсіп-өнсін деп арман еткен. Міне, қазір азаттықтың ақ таңы атып, Отаны үшін жанын қиған ерлеріміздің армандары орындалды.

Біздің халқымыздың тағы бір үлкен батыры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. Ол өз елінің адал да арлы ұлдарының бірі. Бауыржан ата өзі жайлы былай деп жырға қосқан:

Мен де қазақтың жаралған сүйек –еттен,
Мен де ар бар, мен де ой бар жан тербеткен
Халқымның қарапайым бір ұлымын
Жанымды арым үшін құрбан еткен –деген екен.

Ақ ниетті адал жандарды, таза жүректі соғыс өрті жүректі сыздапты. Талай бала әкесінен, талай ана баласынан, талай әйел сүйікті жарынан айырылып жүректері қан жұтты. Осындай шақтарда әке-ағаларымыз қиян кескі соғыста ел үшін, туған жер үшін, ауылда қалған ана мен бала үшін жандарын құрбан етті. Бірліктің, бауырластықтың арқасында жеңіске жетті.

Арылтып жаудан жерінді
Табанға жаншып өлімді
Жеңіспен желпіп өмірді
Оралды ерлер еліне,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-дей отырып, жеңіс туын желбіретіп, қандастарын құрмет тұтып ер-азаматтарымыз жеңіспен оралған.

Отанның дегенін жасау – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббат шексіз, өлшеусіз. Біз елімізді қорғаған адамдарға мәңгілік қарыздармыз. Солардың арқасында ешкімге тәуелді емеспіз. Кең-байтақ елде өмір сүріп жатырмыз. Олардың ерліктері болашақ ұрпақ үшін мұра болып қалады.

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп әнеки, жағада тұр,

-деп тебіренген Мұқағали атамиздың мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың саны жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің күндері мен түндері, сағаттары мен минуттары, айлары мен жылдары ащы болса да, азаттықтың ақ таңын зор үмітпен күткен халқы үшін қуанышты болған. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз мәңгі бақи ұмытпауымыз керек.

Қазірде еліміздің түкпір-түкпірінде Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміз бар. Ақсақалдарды біздің еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев құрметтеп, оларға тиесілі көмек көрсетеді.

Әкелмесін ұрпаққа соғыс зардабын
Көтерді ерлер соғыстың ауыр салмағын
Даңқы өшпес батырлар мен ерлердің

Әрқашанда ардақтаймыз біз есімін-дей отырып, соғыс зардабын шеккен қарияларымызды құрметтеп, есімдерін мәңгі есте сақтап, сыйлауымыз керек.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» - деген мақал бар. Жастар өз Отанының нағыз патриоты бола алу үшін үлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересің деп емес. «Отаным мен саған не бере аламын?» деп өсу керек. Сонда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінін ұстар азаматтар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Ерлік рухын жалғастырушы болашақ ұрпақ. Бүгінгі бейбіт күннің астында, тәуелсіз еліміздің төсінде асыр салып емін-еркін жүрген жас жеткіншектеріміз еліміздің бүгінгі мен кешегісіне көз жүгірте отырып, ойларын електен өткізіп, кешегі Ұлы Отан соғысында зардап шеккен, жанын Отаны үшін қиған аға – апаларымыздың өжеттіліктері мен батырлықтарын үлгі етіп өсу керек деп ойлаймын.

Біз, халықтың арқа сүйер тірегі
Біз арқылы орындалар тілегі
Ей, жас ұрпақ, сендерсіңдер қазақтың
Тыныс алар тіршілігі, жүрегі

-дей отырып, еліміздің жарқын болашағы жастар біздің қолымызда. Елімізді қорғап, мақтан тұтып, елдігіміздің еңсесін тік ұстап, қазақ деген елдің мәртебесін көтеріп, бейбітшіліктің нышаны болып жүрейік.

Барша халық жеңіс күнін тойлайды,
Жас сәбилер думандатып ойнайды.
Ардагерлер көздеріне жас алып,
Ұрпақтардың амандығын ойлайды.

Биыл жеңіске 70 жыл. Көгімізде жеңіс туы мәңгі желбіресін! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кең пейіл Қазақ елі жасасын!

Рзахан Азиза

9 класс, № 90 мектебі, Қазалы ауданы
Қызылорда облысы
Жетекшісі: Шілдебаева Ү. А.

Ұлы Отан соғысы қазақ ұлтын ауыр жағдайларға ұшыратқан соғыстың бірі. Бұл кезде бірнеше бала жетім, біраз аяулы аналарымыз жесір қалды. Төрт жылға созылған қатыгез соғыс ұлтымызды берекесіз етті. 1941 жылы Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі кеңес–герман шартын бұзып неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса–көктеп кірді. Көп ұлтты кеңес халықтарының тарихындағы зұлмат сынақ – Ұлы Отан соғысы жер бетінде болып өткен ең ауыр, әрі қатал соғыс басталды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қатарында мындаған Қазақстандықтар да болған кеңес жауынгерлері Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы қиян-кескі шайқастар жүргізді. Ауыл-ауылдан ерлер әскерге шақырылды. Бәрі өз Отаны алдындағы борышын өтеуге аттанды. Қазақстанда армия қатарынан 1 миллион 200мыңнан артық Қазақстандық әскери міндеттілер шақырылды.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап барлық жерде әскери құрамалар мен бөлімдер құрыла бастады. Соғыс жылдарында көптеген азаматтар өз отбасынан айырылды. Соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Жарты әлемді қамтыған алапат зұлмат талай шаңыраққа қасірет әкелді. Таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Ел ер-азаматтарынан, бала әкеден айырылды. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді...

Соғыс жылдарында көптеген азаматтар өз отбасынан айырылды. Үйіндегі отбасы түздегі отағасын сағынып хат күтетін. Ауыл тұрғындары пошташы келсе хат алуға жүрексінетін. Себебі, сол кезде қаза тапқан майдангерлердің отбасына қаралы хат арқылы баяндайтын. Сондықтан сол кезде тұрғындарға қаралы хаттан өзге хат-хабар келмейтін. Кейбір жандар хат танымайтындықтан хабарды өзгеден еститұғын кез еді.

Балалар оқу-білім дегеннен құр қалды, әйел адамдар, аяулы ана, сұлу қыздарымыз ауыр жұмыстарға салынды. Ірі өнеркәсіптерде жұмыс істеді. Көптеген кен орындары, зауыттар мен ет комбинаттары жұмысшылармен қамтылды. Ауылшаруашылығында да елеулі өзгерістер болды. Еңбекке жарамды адамдардың жұмысқа қатысы барған сайын арта түсті. Соғыстағы майдангерлеріміз түгелдей дерлік азықпен, қару-жарақпен қамтамасыз етілді. Олар майдан қажеті үшін шығаратын бұйымдар жоспарын үнемі артығымен орындап отырды.

Осы бір Ленинград үшін соғыс елдің бүкіл солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Барлық ұлттардың жауынгерлерімен бірге қазақ жауынгерлері де Ленинград майданында нағыз өрттің ортасында қолына қару алып неміс фашистерімен күресті. Жойқын соғыс кезінде көптеген жауынгерлер қаза

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тапқан. Жаудың қоршауында қалған қалаға Қазақстаннан азық-түлік, қару-жарақ пен әскери құрал-жабдықтар тиелген көптеген эшелондар жіберілді.

Ленинград үшін күрес шежіресінде Әлия Молдағұлованың даңқты есімі мәңгі қалады. Әлия сынды батыр қыздар терезесі тең басқа шығыс елінде жоқ. Ержүрек батыр, мерген қызды III дәрежелі Даңқ орденімен марапаттады, ал қаза тапқаннан кейін 1944 жылы шілдеде оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Тек Әлия ғана емес 12 қазақстандық дивизияға құрметті атақ берілді. Олардың бесеуі бір орденмен, төреуі екі орденмен, екеуі үш орденмен марапатталды. Бес дивизия гвардиялық дивизияларға айналды. Әскери ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандықтар ордендер мен медальдар мен марапатталды. Төрт жүз тоқсан жеті Қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атанды. Бұл атақты тоқсан жеті қазақ иеленді. Олардың ішінде қазақ қыздары – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова бар. Төрт қазақстандық ұшқыш – Талғат Бегелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганов Кеңес Одағының Батыры атағына екі мәрте ие болды. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты. 500-ден астамы елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 70 жыл өте шықты. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, аңыздарымен жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар бұлардың 3 мыңдайы қазақстандықтар Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдессіз ерліктің үлгісін танытты. Панфиловшылардың ішінде шын мәнінде болаттай беріктік пен ер жүректілік көрсеткен, өз заманында-ақ аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы да бар еді. Көрнекті қолбасшы Бауыржан Момышұлына да құрметті атақ берілді. Соғысты лейтенант шенінде аяқтады.

1943 жыл халқымыз бен армиямыздың жеңіске жете бастаған жылы болды. Кеңес Армиясы кең көлемде майданда шабуыл жасай отырып, жайды батысқа қарай қуа бастады, қалалар мен ауылдар жаудан азат етіле берді. Қазақ ұлты мен өзге ұлттар ерен ерлікпен жеңіске жетті. Осы жеңістен соң көптеген отбасы қайта толықты. Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтағаннан кейін халық шаруашылығын бейбіт өмірге сай қайта құру жолында күрес басталды.

Міне, қазіргі күнде Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл толуда. Ұлтымыздың ерліктері мәңгі есте қалмақ. Ерен ерлікпен көзге түскен қазақ батырларын дәріптеу біздің міндетіміз. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл ақлдамдары тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Сондықтан Ұлы Жеңістің шаттығын сезіне отырып, әлемдік алапаттың қасіретін ойлап күрсінеміз. Ұлты үшін көз жұмған әкелеріміз, ағаларымыз, бауырларымыздың рухы бізді мәңгі желеп жебеп жүрсін деп тілеймін Олардың қанымен, жанымен жасалған Ұлы ерлік ешқашан да ұмытылмайды, ол мәңгілік болып қала береді.

Ақын Әбзәли Егізбаев жыр жолдырымен қорытындылаймын. Ақын жауға қарсы шабуылға шығып ,ел үшін , отан үшін жанын пида етуге дайын екендігін былай жырлайды.

Қызыл әскер біз болдық,
Егескен жауды алатын.
Қайғырма, ана, қайғырма,
Жасыма, ойлап жабықпа .
Туып өскен халыққа,
Күн туар біздер баратын.
Қайыр қош ана, аман бол!
Тартатын тарту сізге мол.
Сау көріссек арман жоқ,
Тілек пенен мақсат мол.
Жеңіспен елге жетерміз,
Қиратып жауды қолма-қол.
Көргенді соңғы –бұрынғы,
Жазуға барлық шынымды,
Аяқтауға жырымды,
Уақытым кеміс, ұзақ жол!

Сағындық Айжан

10 сынып, №269 орта мектебі Төретап кенті,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Тлеуова Г.

Ұлы Жеңіс – ұлы тарих іздері

Ұлы тарихқа шолу. Биыл Ұлы Жеңіске 70 жыл. 9 мамыр – Жеңіс күнінің қарсаңында Ұлы Отан соғысының тарихына шолу жасайық. 30-жылдардағы әлемдік дағдарыс көптеген мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және халықаралық қатынастарын шиеленістірді. Бұл жағдай әлемдік билікке

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

талпынған күштердің пайда болуына жол ашты. Осындай күштердің ішіндегі ең қауіптісі – Германияда орнаған фашистік тәртіп еді. Батыс мемлекеттері тарапынан ұйымдасқан қарсылықтың болмауы фашистік агрессияның күшеюіне жол ашты. 1937 жылы фашистік мемлекеттер – Германия мен Италияның милитаристік Жапониямен әскери-саяси одақ құруы екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына алып келді. Екінші Дүниежүзілік соғыс 1939 жылы Германияның Польшаны жаулап алуымен басталды. Осылайша, Англия мен Франция Германияға соғыс жариялағанымен, батыс майданда белсенді іс-қимыл танытпады. Бұл жағдайды Германия өз мүддесіне пайдаланып, 1940 жылы Дания, Норвегия, мемлекеттерін еш қарсылықсыз жаулап алды. Бельгияны жеңгеннен кейін, негізгі күштер талқандалды. Нәтижесінде Франция Германиямен бейбіт келісімге қол қойса, Англия АҚШ-тан көмек сұрауға мәжбүр болды. Сонымен Батыс Еуропадағы әскери іс-қимылды аяқтаған фашистік Германия Кеңестер Одағын басып алуға дайындықты бастайды.

1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия әскері Кеңес Одағына тұтқиылдан, соғыс жарияламастан басып кірді. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы, яғни Отанын шетел басқыншыларынан азат ету соғысы басталды. Кеңестік әскери күш бейбіт уақыт жоспарына сай орналасқандықтан, соғыс қимылдары басталған территорияға тартылуы барысында, жау соғыстың алғашқы бес айында мемлекеттің 5% халқы тұратын аудандарын жаулап алды. Осыған қарамастан шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брест шекаралық отряды жауынгерлердің құрамында жаудың алғашқы соққысына А.Мүсірепов, В.Лобанов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұматов, Ш.Шолтыров, Т.Деревянко, Қ.Батталов және басқа қазақстандық жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлікпен көзге түсті. Біздің мақтанышымыз Панфиловшы аға лейтенант Б.Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын үш рет бұзып шықты. Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А.Бектің “Волоколамское шоссе” повесі Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. Сөйтсе де, Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1990 жылы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен, оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілген еді.

Қан майдан соғыс. Ұлы Отан соғысы майдандарында қаза болған қазақстандықтар санына байланысты түрлі пікірлер бар. Кейінгі жылдардағы мәліметтерде соғыстан оралмаған қазақстандықтардың саны 601 000-ға дейін жетіп отыр, оның 350 мыңнан астамы қазақтар. Бұл қолға қару алып, ұрыс даласында қаза тапқандардың саны. Егер осы тұстағы халықтың жалпы саны мен соғыста қаза тапқан өкілдердің санына шағатын болсақ, қазақтардың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шығыны көршілес өзбек, татар, азербайжан, грузиндерден анағұрлым жоғары. Бұл пайыздық шығын жағынан қазақ халқы өз жерінде соғыс қимылдары болған орыстармен, украиндермен, белорустермен деңгейлеседі. Кеңестер Одағының құрамдас бөлігі ретінде жаумен шайқаста қазақстандықтар үлкен ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға өз үлестерін қосты. Майдандағы ерлігі үшін 520 қазақстандықтың, оның ішінде 100-ден астам қазақтың Кеңес Одағының Батыры атағын алуы – ортақ Отанын қорғауда қазақ ұлтының суырылып алға шыққанын көрсетеді.

Соғыстың зардаптары. Бұл соғыс ешкімге оңай тиген жоқ. Аяулы ана баласыз, асыл жар қорғансыз қалып, ел нар түйе ұлдарынан айырлыды. Түрлі зорлық зомбылық көрді. Тіпті арнайы лагерь басқармаларына апарып, аштан қатырып, ауыр тыл жұмыс истеуге мәжбүрледі. 1947 жылы желтоқсанда карточкалық жүйе мен республика еңбекшілерін азық-түлікпен және өнеркәсіп тауарларымен мөлшерлі қамтамасыз ету жойылды. Осы жылы ақша реформасы жүргізілді. Азық-түліктің негізгі түрлерінен мен ұннан істелінетін тағамдарға, етке, өнеркәсіп тауарларына деген баға төмендетілді. Кооперативтік сауданың дамуы нәтижесінде базардағы баға да төмендеді. Тұтастай алғанда, төртінші бесжылдық жылдарында баға үш рет төмендетілді. Сомның сатып алу қабілетінің нығауымен қатар еңбекшілердің еңбекақысын арттыру жүргізілді. Ұлы Отан соғысы мүгедектерінің, майданда қаза тапқандардың отбастарына әлеуметтік көмек көрсетілді. Жасы жеткендерге, асыраушысынан айырылғандарға, уақытша еңбек қабілетінен айырылғандарға зейнетақы тағайындалды. Көп балалы, жалғызбасты аналар талай жәрдем алды.

Ұлы Жеңіс-ұлы тарих іздері. Дегенмен, бұл қиын-қыстау заманды да артқа қалдырдық, беріспедік, мойын сұңбадық! Елің қорғаған ер жүрек апаларымызды, қоғам қайраткерлерімізді ақтап алдық. Біз оларды ешқашан ұмытпаймыз. Олар бізге жарық күн көруімізге, осы күнгі жер басып жүруімізге, ел тыныштығы мен тәуелсіздігіне қан мен терің төккен жандар. Сұрапыл соғыстың соңы бізге тәтті Жеңіспен бітті. Бірақ, біз қаншама ер азаматтарымыздан айырылды. Ел қорғаны ардагерлерімізді жоғалттық. Ағаларымыздың шат күлкі бейнесін көрмедік.

Бейбіт елге бір зұлмат басталды күн.
Сұм фашистің тарихтан білеміз ғой,
Қырық бірде соғысты ашқандығын.
Және біздер білеміз қырық бесте
Бас сауғалап олардың қашқандығын.
Жаулап алам деп келіп,
Бабамыздың
Жене алмаған рухының асқарлығын.
Отан үшін от кешкен батырлардың,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ерліктері өшпейтін дастан бүгін.
Даңқтарын олардың тілеймін мен,
Ғасырлардан ғасырға асқандығын.
Байқап тұрсаң сол жылдар келісті кім?
Қазанынан қайғының ел ішті мұң.
Жарылған бомбалардың әсерінен,
Сорпасы қайнап жатты жер үстінің.
Батыс жақтан бір қауіп төніп келді,
Тарылтам деп Кеңестің кеңістігін.
Ақырында бабалар Берлинді алып,
Біржолата құлатты неміс туын.
Есепсіз ерліктердің арқасында,
Тойлап жүрміз біз бүгін Жеңіс күнін.
Сұм соғыстан аман сау қалған ерлер,
Отан үшін отқа да жанған ерлер,
Бәріңіз де біздерге қымбатсыздар,
Құрметті де қадірлі ардагерлерім!

Садық Ақпейіл

6 сынып, №31 орта мектебі
Жалағаш ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жалиева Т.Б.

Бабалар ерлігі өшпек емес

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне де 70 жыл толды. Бұл соғыста біздің аталарымыз бен әкелеріміз Отан үшін жандарын қиды. Миллиондаған адамның өмірін жалмаған соғыс әлі де ұмытылған жоқ. Бойларын рух пен намыс кернеген абзал азаматтар ел басына күн туған, ауыр кезде от пен оқтың ортасында жүріп, Отан үшін отқа түсті. Қанша азап тартса да, келер күннен үміт үзбей, жеңіске, азаттыққа ұмтылды. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастарында ерлікпен соғысты. Батыр жерлестеріміз қасық қаны қалғанша дұшпанмен алысты. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысының тарихына талай қаһармандық беттер қосты. Батыр ағаларымыз бен аталарымыз ержүректік, ерлік және жоғары жауынгерлік шеберлік көрсетті. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталды.

Өткенді еске түсірсек, 1941 жылы 22 маусымда Гитлер бастаған Германия фашистері келісімді бұзып, соғыс жариялап, басып кірді. Міне, осылай Ұлы Отан соғысы басталыпты. Бұл аяқ астынан басталған соғыс қазақ халқына ауыр тиді. Соғысқа бесіктен белі шықпаған баладан бастап, еңкейген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шалға дейін қатысты. Соғыс ешкімге де қуаныш пен күлкі әкелмейді. Тек қайғы-қасірет, азап-қиындық...

1942 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда әскер қатарына 300 мыңдай, ал соғыс кезінде 1 млн 200 мыңдай әскери міндеттілер шақырылды. Майданда ата-әкелеріміз Отан үшін күресіп жатса, аналарымыз егін басында жұмыс істеп, киім тігіп, соғысқа керек-жарақтарды қамтамасыз етіп отырды. Соғысқа аттанған әкесін, ағасын, бауырын, сүйген жарын, бауыр еті баласын күткен тылдағы жас балалар мен әйелдер күн-түн демей еңбек етті.

Ұлы Отан соғысында жеңіске жетудің ең негізгі себебі – Отаншылдық болды. Ел үшін күресте ерлікпен қаза тапқан ағалар мен батыл апаларымыз бұл соғыста: «Өз Отанымызды жау шеңгеліне бермейміз!» - деп алға ұмтылды. Соның ішінде «жаным – арымның садағасы» және «халқым үшін қасықтай қаным пида» деп ұрандаған қазақ батырларының бірі – Бауыржан Момышұлы. Ол қазақ халқының тарихында ержүрек, батыр, патриот ретінде баршаға мәлім.

«Шығыстың қос шынары» атанған Әлия мен Мәншүк апаларымыздың соғысқа баруының себебі неде еді? Себебін сол кезеңнің ұрпақтарының патриоттық сезімдерінің күштілігінен, отаншылдығынан іздеймін. Псков облысының Насва деревнясының түбінде 18 жасында қыршын кеткен, ерлікпен қаза тапқан қазақ қызы Әлия Молдағұлованы, сол жерден 60 шақырым жердегі Невель қаласында мәңгілік мекенін тапқан Мәншүк Мәметованың есімін қастерлемейтін қазақ жоқ шығар, сірә? Олар біздің жарқын болашағымыз үшін күресті. Қаншама жылдар өтсе де олардың ерлік істері ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермек.

Иә, адамзатқа соғыс үлкен апат әкелді. Оның зардабы тым қымбатқа түсті. Ананы – баласынан, баланы әкеден айырды. Сүттей ұйыған қаншама отбасының жылуын жұтты бұл сұрапыл соғыс! Ал әке мейіріміне жарымаған, балалығын соғыс жалмаған балалар тағдыры тіпті аянышты. Ауылдан келген жас жігіттер кешегі қырмандағы жұмыстан бірден майданның алдыңғы шебіне түссе де, қазақ баласына сай ерліктерімен көзге түсті.

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Ел басына қиын-қыстау күн туғанда, азаматтар соғысқа аттанды. Дәл сол саптың ішінде менің атам да болған. Менің атамның Әбдіхан Әлиұлы да Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол 1923 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген. Әбдіхан ата бала кезінде алғыр, ширақ, елгезек болып өсіпті. Мектепті бітірген соң, он сегіз жасында әскерге аттанады. Соғыс басталған соң, оларды соғысқа алып кеткен. Содан қайтып еліне оралмаған. Жас болса да, соғыс ширатып, жігерлендіріпті. Ұрыста ерлік көрсеткен. Атамның аңызға айналған ерліктерін ауыл тұрғындары жиі айтып жүреді. Атамның батыр болғанын, өмірі ұрпақтарына үлгі екенін мақтаныш тұтамын. Ел басына қауіп төнген кезде өрімдей жас болған атамның қолына қару алып, жауға қарсы аттанғаны бүгінде ұрпақтары бізге үлгі-өнеге. Шындап келгенде, бүгінде тәуелсіз мемлекеттің ұланы болып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүргеніме атамның да үлесі зор. Ас-панымыз ашық болуына ол кісілер жастық ғұмырын сарп етті, қаншамасы қыршынынан қиылды. Ең бастысы, енді ондай зұлмат болмаса екен!

Біз Ұлы Отан соғысында жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажайып күшпен жеттік. Ол, әрине, бірлік. Қазақ халқы соғыста бірігіп, ұлы жеңіске жетті. Біздің осы күнге жетіп отырғанымыз – ата-бабамыздың арқасы. Жалағаш ауданынан да соғысқа аттанған азаматтар көп болды. Бүгінде олардың тізімі аудан орталығында бой көтерген «Тағзым алаңы» ескерткішінің тақтасына жазылған.

Жеңіс күні соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?!

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»деп, құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын.

Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, жеңіс үшін жанын берген аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан апаларымыз бен әжелерімізді мақтаныш етеміз. Осы орайда ел намысы мен Отан абыройы жолында от кешіп, кеудесін оққа тосқан қандастарымыз бен жерлестеріміздің есімін жаңғыртып, жас буын санасына сіңіре түсу – біздің басты борышымыз. Біз әрқашанда Жеңіс күнін аға буынның Отанға деген сүйіспеншілігінің, жастарды патриоттық сезім мен ерлікке тәрбиелейтін өлшеусіз өнегесі деп білеміз. Өкінішке қарай, жыл сайын ардагерлердің қатары азайып бара жатқандығы көңілге қаяу түсіреді. Бірақ көзден кетсе де, олардың ерлігі көңілден кетпесі анық. Олар тек жеңіс әкеліп қана қойған жоқ, сонымен қатар ел еңсесін көтеруде аянбай еңбек етті.

Еліміздің намысы мен батылдығын паш еткен ұлы Жеңіске биыл 70 жыл! Біз үшін бұл күн тарих бетінде алтын әріптермен жазылған, қазақ батырларының ерлігін еске алатын ерекше күн!

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқының өз Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жетті. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, дініне, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл қастерлі мейрамның мән мағынасы уақыт өткен сайын еш өшпек емес, себебі оның құндылығы ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы күн! Қазақ халқы ата-бабасы қорғап, келер ұрпағына мұра ретінде қалдырған дарқан даласында қанат жайып, өркендеп, өсіп келеді. Бабалар ерлігі өшпек емес.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сахибеков Ринат

4 сынып, №199 орта мектебі Төрөбай би ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Шегебаева А. Б.

Туған елдің тастүлегі – Бауыржан

Көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып ұстап қасарған,
Сендей қайсар перзент туу-әр әйелге бас арман.
М.Шаханов

Біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ оның алапат жұтпен тең екенін сезінеміз. Сондықтан соғыс жылдарында Отаны үшін жанын қиған батырларымызды мақтан тұтамыз. Әрбір адам үшін «Жеңіс күнінен» асқан мереке жоқ. Біз неге 70 жыл өтсе де, сол сұрапыл соғысты ұмытпаймыз? Өйткені, соғыс салған жара әр жүректе әлі жазылған жоқ. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген ұғым осыны аңғартады. Деректерге сүйенсек, Кеңес Одағы бойынша Ұлы Отан соғысы кезінде 50 млн адам шығыны болыпты. Біз кинофильмдерден, суреттерден қазіргі өзінің немересіндей жас қалпында өмірін қиған аталарымызды көреміз. Соғысқа Қазақстаннан 1 млн 196 мың 164 адам қару асынып майданға аттаныпты. Соғыстан өз отбасына 410 мың жауынгер оралмапты. Отанын қорғау үшін күрескен қаншама батырлар шығыпты. Қазақстан бойынша 497 адам «Кеңес Одағының Батыры» атағын иеленсе, оның 97 жауынгері қазақ екен.

Соның бірі «Батыр» атағы 50 жыл кешігіп, тірі кезінде қолына тимей, кеудесінде «алтын жұлдыз» тағылып жарқырамай кеткен батыр атамыз, даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы еді.

Бауыржан Момышұлы кім болған, не істеген деген сұрақ мені мазалайды. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында Момышәлі қарттың отбасында 4 қыздан кейін дүниеге келген жалғыз ұл болған. Әкесі оның атын арабша «Баһурджаһани» деп қойған. Ол «пейіштегі гүл» деген мағынаны береді. Мен әжемнен «пейіш» деген не? деп сұрағанымда, адам бұл дүниеден озғанда алдынан «дозақ» пен «пейіш» күтіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тұрады,-деді. Біреуге жамандық, қастық істемеген, өтірік айтпаған, жауыздық, ұрлық жасамаған адамның пейішке баратындығын түсіндірген болатын. Бауыржан ата әжесі Қызтумастың аңыз, ертегі, жырларын тыңдап өскен. Ол өте зерек бала атанып, математикаға жүйрік болған. Жаяу бәйгенің алдын бермегендіктен оны құрбы-құрдастары «Шаңтимес» деп атапты.

Бауыржан ата бала кезінен құлынды жақсы көреді. Оның боз құлыны болыпты. Өз қолымен көк шөп жегізіп, тақияға жем салып беріп, шелекпен сүт ішкізеді екен. Оны «құрау-құрау» деп шақырғанда, шауып келген құлынның үстіне секіріп мініп, шаба жөнелетін. Ал, құрдастары оның соңынан жүгіріп, таң қалатын. Бауыржан құлынның кекілінен сипап:

-Бұл – Тайбурыл, мен – Қобыланды батырмын!-деп мақтанатын. Сол боз құлын ақ боз ат болды, бала Бауыржан аты аңызға айналған атақты батыр болды. Бір қызығы, Бауыржан ата майданда командир болғанда үнемі ақ боз ат мініп жүріпті. Ол 25 жыл өмірін әскер қатарында өткізіпті. Фашистермен 207 рет қанды шайқасқа кіріп, 5 рет өлімнің құрсауында қалады. Солдат шинелін киіп, барлық халықтың өкілдерімен бірге қан майдан ортасында жүреді.

Оның даңқы 1941 жылдың қараша-желтоқсанындағы Мәскеу түбіндегі шайқастарда шықты. Сол кездегі майдан газеттері, орталық басылымдар, Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары өз батальонымен небір қиын тапсырмаларды орындаған, алғы шеп командирінің таланты мен ерлігін жабыла жазыпты. Сол уақыттарда майдан шебінде Бауыржан Момышұлынан асқан даңқты батальон командирі болмапты. Соғыстың алғашқы жылы Отанға қауіп төнген кезеңде Бауыржан Момышұлы Панфилов дивизиясының құрамында Москваны қорғау жолында Ленин, Қызыл Ту және Суворов орденді 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының батальон, полк командирі болады. Одан соң 9-гвардиялық Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының командирі дәрежесіне көтерілген. Ол полктағы барлық командирлерді жинап алып мәжіліс өткізетін. Алда атқарылатын істерді, жалпы жағдайды түсіндіріп, міндеттер қоятын. «Халық басына күн туғанда, қалың қауымды бастайтын ері болмаса, ел не болмақ? Халқымыз мұнда бізді қонаққа жіберген жоқ. Майданға, халық бақытын қорғауға жіберді. Өлсек, шейітпіз, халық үшін қазамыз. Ал біріміз осалдық істесек, опасыздық жасағанмыз. Қорқақтық жасасақ – халық алдында абыройымыз жоқ. Халықтың ар-намысына қара күйе жағушы боламыз. Өлсек те ел намысы дегенді ұмытпайық», -деп қазақ жауынгерлерін жігерлендіріп отыратын. Бірде мынадай оқиға болыпты. Бауыржан атаның омыртқасына оқ тиіп есінен танып қалыпты. Есін жиса, бас жағында дәрігер тұр екен. Дәрігер Бауыржан атаны госпитальға апару керек, -дейді. Қолдарында бар құрал ұстарамен дәрігерге омыртқаны тілгізіп, оқты алады да, сол бетімен ешкімді тыңдамастан ұрыс жүргізіп жатқан полкке қайтадан жетеді. Не деген батылдық, қайсар мінез!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бауыржан атаның ел есінде көп сақталған қасиеті – қаталдығы. Өле-өлгенше ешкімнің алдында басын имеген жан көрінеді. Ол адамның жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, іс-қимылынан қандай адам екенін аңғара білетін «психолог» болған. «Өзі де көктемдей құбылмалы мінезім бар», «шатағым да көп адаммын» деп, өз мінезін мойындап да қояды екен. Оның жаны – өтірікке, көлгірсуге, адамға жалпақтауға, әділетсіздікке қас болды.

Мен ата суретіне қарай отырып, оның сұсты да, қайсар бейнесін көріп заңғар тау көз алдыма келеді. Тау тұлғалы қайсар жан – өте балажан кісі еді. Ол жалғыз немересі Ержанды халық ауыз әдебиетімен сусындатқан, ер мінезді етіп тәрбиелеген ұстазы. Ол қазақтың қара шаңырағының берекесін келтірген, есігі халқы үшін үнемі ашық тұратын қамқоршыл, мейірімді ата еді. 1981 жылы 31 желтоқсаны күні Алматы қаласының «миллионыншы» тұрғыны да Бауыржан ата есімін иеленіпті. Одақ бойынша миллионыншы тұрғыны бар жиырма екінші қала болып Алматы тіркеліпті. Бауыржан Момышұлы 46 жасында әскери қызметін аяқтап елге келеді. Оның қаламмен жасаған ерліктері де көп болды. Бейбіт өмірде халқына қаламымен қызмет еткен жазушының 30 томдық кітабы шықты. «Москва үшінші шайқас» романы әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. «Артымызда Москва», «Ұшқан ұя», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Майдандағы кездесулер», «Бір түнгі оқиға» т.б. соғыстың сұрапыл қиын шақтары туралы жазылған көптеген кітаптары кейінгі ұрпаққа мұра болып қалды. «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп жылар қайран қазақ мен өлгенде», - деген атамыз, 1982 жылы 10 маусымда дүниеден қайтты. Содан арада 8 жыл 6 ай өткенде тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың табанды талабымен Б.Момышұлына «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді. Елбасы өз құттықтауында «Бауыржан ағамыздың тарихымызда алар орны ерекше, қан майданда қол бастаған, ал бейбіт күнде абзал азаматтығы, ерен ерлігі, қайталанбас мінезі туған халқы, келер ұрпақтар үшін өшпес өнеге» деген еді. Қазақстанда Кеңес Одағының Батыры деген атақ Бауыржан Момышұлымен аяқталды. Ақиқаттың ақ семсерін сермеп өткен өр мінезді Бауыржан ата отты жанарынан суық ұшқын шашырап:

«Мен ешкімнен атақ-даңқ сұраған жоқпын!», менің халқым аман болса – болғаны, мен – халықтың Бауыржанымын!,- дер еді тірі болса.

Оның қаһармандық даңқы күллі әлемге жетті. Қара қыпшақ Қобыланды сынды адам болғандығын тарих енді ғана дәлелдеуге көшті... Халқымыздың батыры, бейбіт өмірде жазушы, ақын, он саусағынан өнер тамған шебер атамыз Бауыржан Момышұлы.

Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол.
Мейірім түсер мезгілде,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ағарып атқан таңдай бол.
Жауды бөгер кезінде
Көлденең жатқан ордай бол!

- деп өсиет айтып тұрғандай. Ендеше, ата өсиетін орындау бізге парыз, ата жолын қуып әділетті болу, намысты болу бізге сын. Мен Бауыржан атамның ұран кеткен адалдық туын жоғары көтеріп, тәуелсіз Отаныма қызмет етуге дайынмын.

Серік Тоғжан
5 сынып, № 201 орта мектебі
Жалағаш ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жаксылыкова А. Б.

Атақты жүз біріншінің жауынгері
Шын батырды көрді кім,
Оған сәлем бер бүгін.
Фашисттерге танытқан
Ол қазақтың ерлігін-
Ылғи жебеп-желеген
Менің мәңгі өнегем-
Сексендегі қарт сарбаз-
Илікпейтін кәрі емен.
С.Бертаев

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың өткеніне міне жетпіс жыл толғалы отыр. Бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Қаншама адам өз өмірін Отаны үшін жан қиды. Бірақ бұл соғыс ешқашан ұмытылмайды. Өйткені қаншама әке баласыз, қаншама бала әкесіз қалды. Соғыс ауыртпалығын сезінбеген бір де бір шаңырақ қалмады. Қазіргі таңда соғыстың зардабын көзімен көргендер қатары, өкінішке орай, күн санап сиреп келеді. Солардың бірі- атақты жүз бірінші бригаданың сапында болған майдангер, қадірменді қарт Дауылбай Байниязов. Ол екінші дәрежелі Отан соғысы орденінің, екі бірдей «Ерлігі үшін», «Украинаны азат еткені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдармен марапатталған. Дауылбай атаның қанды жылдары жасаған ерліктері жөнінде Айқын апайымның әңгімелерін елте, қызыға тыңдадым, әрі ол кісінің бұл өмірде бар екенін білгенде, тілдесіп, көргім келді, өз аузынан ерліктерін, соғыс туралы естеліктерін тыңдағым келді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Маған Дауылбай ата ертегілерде оқыған батырлардай көрінді. Тау тұлғалы денесі мен келбеті, қатулы қабағы адамның мысын басатын. Бірақ балаларды көргенде әжім қаптаған жүзінде жылылық пайда болушы еді. Соғыс туралы әңгіме бола қалса, жүзі түнеріп кететін.

... Е...е, шырақтарым, мына бейбіт заманда сұм соғысты еске алу да қиын. Тепсе темір үзетін не бір боздақтар орыс жерінде оққа ұшты. Соғыс туралы ойлансам, алдымен солар еске түседі. Топырақтарың торқа болғырлар... Иә, біз соғыста жеңдік. Біз жеңуге тиісті едік. Өйткені жеңіске деген жігер, жеңіске деген құлшыныс әрбір жауынгердің қанына сіңген қасиет еді. Жауға деген өшпенділік ерлікке ұмтылдырды. Ерлікке толы ата-баба аруағы қолдады,-деп әңгіме тиегін ағытатын. Қар жастанып, мұз төсенген, от пен оқтың ортасында қасиетті жер үшін шыбын жанын шүберекке түйген жерлестерімізді ұмытпандар, олардың есімін қадірлеңдер!-деп өсиет етіп отырушы еді.

Жеңістің жетпіс жылдығына бір жыл қалғанда дүниеден өткен қарт жауынгердің әрбір сөзі менің жадымда. Я, Жеңіс күні-біздің абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ол-сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Ондағы ерлік пен төзімділік бізге үлгі-өнеге бола бермек. ХХІ ғасырдағы еліміздің болашағы біздер болып табыламыз. Ендеше, терең біліммен қаруланып, бабаларымыз армандаған бейбіт заманның лайықты тұлғасы болу-біздің басты парызымыз болу керек. Рахмет саған, Бейбіт күн! Мың тағзым саған, Ұлы Жеңіс!

Сахитжан Бағым

7сынып, Қарасақал Ерімбет атындағы № 96 орта мектебі
Бозкөл ауылы Қазалы ауданы Қызылорда облысы

Ұмытылмайтын Ұлы Жеңіс

Болмасын соғыс болмасын,
Сұм соғыс қолын созбасын.
Тыныштық туын көтеріп,
Отанды сүйем өз басым.
Бақытбек Смағұл

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске жетпіс жыл толды. Бұл күллі халқымыз үшін қасиетті мереке. Жеңіс деген сөз жүрекке соншалықты ыстық, көңілге соншалықты жақын сезіледі. Себебі аузы күйген үріп ішеді дегендей, біздің халық соғыстың ащы дәмін татып, зардабын тартқан. Тарихи деректер бойынша Ұлы Отан соғысында қаза болған 20 миллион адамның өмірін жалмаған мұндай соғыс адамзат тарихында бұрын- соңды болып көрмеген.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысы деп аталған сұрапыл жылдарда Отанды қорғауға аттанған кеңес әскерінің құрамында 1 миллион 200 мың қазақ жауынгерлері болды. Олардың 4500-ден астамы Қазалылық жауынгерлер екен. Соғыста 500 мың қазақ қаза болды. Олар туған елі мен жері үшін кеудесін оққа төсеп, ерен ерліктің үлгісін көрсеткендігі белгілі.

Соғыс қай уақытта да соғыс. Ол адамзат өмірінің бүгінін ғана бүлдіріп қоймайады, болашағына да балта шапты. Алайда, Ұлы Отан соғысы, төрт жыл қан төгіспен жеңіс әкелді. Жеңіс жолындағы батырлардың ерен ерлігі алпыс жылдан астам зерттеуді қажет етті, әлі етеді де. Қай кезде де жақсылық пен әділетсіздіктің қатар жүретін әдеті емес пе. Өз Отанымызды қорғау үшін жанын салып, қанын төккен қас батырларымыз Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаев сынды қаһарман батырларымыздың ерлігі көзі тірісінде еленбегені баршамызға аян.

Ер қадірін назардан тасалаудан
Қай ел опа тауыпты?
Ия, ерлікті жасамаудан
Бағаламау әлдеқайда қауіпті,

-деп Мұхтар Шақанов жырлағандай Ұлы Отан соғысында қан кешкен, сол соғыста бастан аяқ қатысқан аты аңызға айналған даңқты қолбасшы, ұлттық батырымыз әрі қарымды қаламгер жазушы Бауыржан Момышұлын Москва түбіндегі шайқастағы жанқиярлық ерлігі үшін 1942 жылы «Советтер Одағының Батыры» деген атағына бір емес, екі рет ұсынған. Бірақ берілмеген. Мұны қатардағы адам емес, маршал К.К.Рокоссовскийдің өзі айтқан. Кейін, Ұлы Отан соғысы кезіндегі бір жөнсіз әділетсіздікті қайта қалпына келтіруге ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айрықша еңбек сіңіріп, Бауыржан Момышұлына (қайтыс болғаннан кейін) «Кеңес Одағының Батыры» атағын алып берді.

Ал енді Рахымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа ең алғаш боп ту тіккенін Сталин білсе де, бас штабтың бетке шығарларының ұйғарымымен ресми тарихқа Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен Егоров пен Кантария боп еніп кеткен. Бұл орайда Бауыржан Момышұлы Рахымжан Қошқарбаевқа жасалған тарихи әділетсіздікті қалпына келтіруге көп күш жұмсаған. 54 жылдан кейін Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Рахымжан Қошқарбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы берілді. Бірақ, бұл күнді Бауыржан да, Рахымжан да көрмеді.

Осы орайда өзім тұратын Бозкөл ауылынан да бұл соғысқа өз өтініштерімен аттанған 300-дей жерлестеріміздің 180-нен астамы елге оралмағандығын атап өтсем деймін. Соғыста мерт болған жауынгерлеріміздің денесі жат жерде жерленіп, кіндік қаны тамған жердіне топырағы бұйырмаған. Сондай батыр тұлғаларымыздың бірі Бозкөлдік жерлесіміз-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ордабай Жүргенұлы. Майдангер жерлесіміз де жоғарыда аталған әділетсіздіктің жалғасы спетті.

2011 жылы қазан айының ортасында Ресейдің Курск облысындағы Чигра қаласындағы хабарсыз кеткендерді іздестіру тобының жетекшісі В.Ф.Королев Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың атына хат жазып, Қазалыдан армия қатарындағы жауынгер Ордабай Жүргенов туралы мәлімет сұрайды. Мұнан соң хатты Президент әкімшілігі Қызылорда облысының әкімдігіне жолдайды. Мұнда келген соң Қазалы ауданынан бұл кісі жөнінде тағы мәлімет сұралады. Ұзамай бұл хабар майдангердің туған жеріне де жетті. Зерделей келгенде іздеу салынып отырған солдат Бозкөл ауылынан майданға аттанып, қабарсыз кеткен Жүргенов Ордабай екені анықталды.

Деректер бойынша 22 жастағы майдангер Ордабай Жүргенов 1943 жылы шілде айында Курск қаласын алуға ұмтылған 250-300-ге тарта дұшпанның солдаттарына 18 жауынгер қарсы тұрып, бетпе-бет кескілескен ұрыста 83 дұшпан жауынгерінің көзін құртып, қосымша күш келгенше 18 жауынгермен бірге мерт болады. 18 ержүрек жауынгердің ерен ерлігі жоғары бағаланып, оларды 224 «Памир» атқыштар полкінің командирі, полковник Сурженко өзінің 166 атқыштар дивизиясының командирі генерал майор С.Я. Сенчиломен келісіп, ең жоғары награда – «Совет Одағының батыры» атағына ұсынады.

Біз әңгіме етіп отырған аймақ соғыс кезіндегі қанды қырғынның нағыз ордасы болғандығы тарихтан белгілі. Аталған төбе басындағы қорымнан 18 солдаттың мәйіті қазылып алынған. Мүрдені ашқанда олар жөніндегі мәліметтерді баяндайтын жетондар табылған. Жетондарда марқұмдардың өмір деректері жөнінде толық жазылған екен. Сонан соң сол жердегі әскери комиссариат мән беріп, олардың ұрыс кезіндегі мәліметтерін зерттей бастайды. Соның барысында талай тарихи шындықтардың беті ашылады. Сонда белгілі болғандай, 1943 жылғы 16 шілде күні майдангер ағамыз қызымет еткен полктің командирі полковник Сурженко 18 солдатты ең жоғары наградаға ұсынып, мөрін басып, анкета толтырған екен. Бұл құжат армия генералы Рокоссовский мен генерал лейтенант Телегинге жолданады. Өкінішке орай, аталған құжаттардың кейінгі тағдыры белгісіз, Жоғары орден егесін осы уақытқа дейін таппаған.

Ендігі арман – Ордабай ағамыздың майданда, Отан қорғау кезінде көрсеткен қаһармандық ерлігінің әділ бағасын алуы. Өзі мерт болса да ерлігін елі, туған жері, ұрпағы біздер мақтан етіп, есімін мәңгі есте қалдыратын шаралар ұйымдастырар едік. Бауырымыздың аты бүкіл қазақтың мақтанышына айналар еді. Егер кезінде осындай атаққа ұсынылған құжаттар жіті тексеріліп, тарих олардың ерлігіне бүгінгі үкімет басшыларының көзін жеткізсе Отан үшін жан берген азаматтардың аруағы ырза болар еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бүгінгі күні батыр жерлесіміздің ерен ерлігін ақпарат құралдарынан оқып танысқан облыс халқы жерлесіміз Ордабай Жүргенұлының «Батыр» атағына лайық екенін, награда нақты егесін табады деп үндеуде. Бұл үндеуге аудан халқы да соның ішінде Бозкөл халқы да өз жерлестерінің ерен ерлігін мақтан етуде және Қазалы ауданының 5 Кеңес Одағының батырлары: Балмағамбетов Мақаш, Михайлюк Яков Данилович, Шляпин Геннадий Фадевич, Счастнов Владимир Михайлович, Үрмаш Түктібаевтардың қатарына Ордабай Жүргеновтің де есімі енетініне үлкен сенім артуда. Кіндік қаны тамған топырағынан шырақта, жат жерде шейіт болған батыр бабамызды біз ешуақытта ұмытпаймыз.

Елімізге тыныштық әкелген осынау Ұлы Жеңіс құдайға шүкір жалғасып келеді. Ал, Жеңіс қамалын тұрғызған, Бейбітшілік күнін туғызған жауынгер бауырларымыздың есімі ешқашан ұмытылмайды. Ұмытуға қақымыз да жоқ. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске санаулы күндер қалғанда қарт майдангерлерге саулық тілеп, жеңіс мерекесін көзбен көруге жассын дейміз. Ендігі жерде біз бар мүмкіндігімізді Отанымызды нығайтуға, егеменді еліміздің ертеңінің жарқын болуына арнауымыз керек. Оңайлықпен келмеген тәуелсіздігіміздің туы мәңгілік желбіреп тұрсын. Жақсы оқып, еліміздің тәрбиелі, отанын сүйетін нағыз азаматы болып өсе берейік.

Өз жұмысымды жерлес ақын, Ауған соғысының ардагері Бақытбек Смағұлдың өлең жолымен аяқтағанды жөн көрдім.

Болмасын соғыс болмасын,
Көк байрақ туым тозбасын.
Аман қыл Алла әрдайым,
Алаштың Ақ Ордасын!

Сүндетәлі Назира

10 сынып, №194 орта мектебі Сунақата ауылы
Жаңақорған ауданы Қызылорда облысы

Ешкім де, ешәрсе де ұмытылмақ емес!

Соғыс-күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететі, жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халықтарының ержүректігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.

Ұлы Отан соғысы... 1945 жылы 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Осыдан 70 жыл бұрын бұл күніадамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғыс Ұлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні. Ұлы мейрам-жаудың жеңіліп, соғыстың жеңісепн аяқталған күні. Бүгінде Жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына, тілі мен мәдениетіне қарамастан ортақ қуаныш күні. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

-деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық, ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе? Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған, арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш-әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астында бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Қазақ-ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдердің, жасөспірімдер мен қарттардың жеңіл күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Қазақстан Республикасы Қорғаныс қорына «Советтік Қазақстан» танк колоннасы мен авиақұрамаларын жасауға 1942 жылы 18 ақпанына дейін, яғни соғыстың басталғанынан бері сегіз ай ішінде 437 миллион 422 мың сом ақша жиып өткізді.

Халықтан жиналған осындай мол қаржылардың нәтижесінде 1942 жылы қараша айында Кеңестер одағы 6014 танкті майданға шығаруға мүмкіндік тапты. Бұл 1941 жылдың соңғы айларымен салыстырғанда Кеңес Одағында танктер саны төрт есеге жуық өсті деген сөз. Қазақстанның жинаған қаржысына жасалған танк колонналары 1942-1943 жылы Сталинград, Курск, 1944 жылы Беларусь, кейін Висла-Одер, Берлин операцияларында ерлік көрстекені 1941-1945 соғыс жылдарының шежіресінде жазылды. Қазіргі қолда бар деректерге сүйенсек, тек Қазақстан халқының жинаған қаржысынан әртүрлі атауларымен 17 самолет құрамасы эскадрильясы, звенасы құрылған.

Сұрапыл соғыс жылдары Кеңестер Одағының жау тылында қалған және фашистер тасы қалған аймағынан Қазақстанға 142 ірілі-ұсақты кәсіпорындар көшіріліп әкелініп, жұмыс істей бастады.

Жеңіске Қазақстанның ауыл шаруашылығы да өз үлесін қосты. Атап айтқанда еліміз 30,8 миллион пұт астық картоп және көкөніс 15,8 миллион пұт ет, 3194мың центнер сүт, 17,6 мың центнер жүн берді. Бұл соғысқа дейінгі бес жылдағы көрсеткіштен бірнеше есе көп. Ер азаматтардың бәрі армия қатарында болғандықтан, зауыттарда әйелдер, қариялар, жасөспірімдер еңбек етті, еңбек тәртібі қатайтылды, жұмыс уақыты ұзартылды. Алты апталық 23 сағаттық жұмыс күні бекітілді, демалыстар тоқтатылды. Бірақ ешкім қынжылған жоқ.

Қазақстанда «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұрандар тасталды.

Москва сенің іргеңді
Ел, ер болып сақтаймыз,
Сенен аяр жанда жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-деп жазған Нұрпейіс Байғанидың өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні-бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл-бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні-абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Ұрыс алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі-ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Қорыта келгенде, Ұлы Жеңістің қуанышы мен салтанатынан кешегі қайғысы мен қазасы анағұрлым ауыр. Сондықтан, күші аса басым жауды жеңіп шыққан ұрпақтар өкілдерінің еңбегі тарихтан өзінің лайықты орнын алды. Тәуелсіз Қазақстан халқының тарихын әр уақыт қастерлеп есте сақтауға тиіспіз. Соғыс жылдарындағы Қазақстандықтардың ерлік салты бүгінгі Қазақстанның қарулы күштер қатарында қызмет етіп жүрген жас ұландардың азаматтық ары мен асыл арманында мәңгілік жаңғырып тұратын болады. Осынау сұрапыл шайқаста елім, жерім деп қасық қаны қалғанша шайқасып қаза тапқан азаматтарды біз ешқашан ұмытпаймыз.

Соғыс бұлты тұр менің жүрегімде,
Бейбітшілік, тыныштық тілегім де
Отан үшін откешкен бабаларым
Ұмытпаймыз сендерді бұл өмірде

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тажимбетова Арайлым

11 сынып, Арал қалалық №83 орта мектебі
Арал ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жарылқапова П.

Менің атам

9 мамыр – Ұлы Жеңіс мерекесі. 2015 жылы Ұлы Жеңіске 70 жыл толады. Екінші дүниежүзілік соғыста елдік ерліктің хас үлгісін көрсеткен майдангерлерге құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың бұлжымас парызы.

Адал жарды аяулысынан, ананы жалғызынана, бесіктегі баланы әкесінен айырып, жетімдік күйін кешірген бұл соғыс сол кездегі Кеңес үкіметін ғана емес, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірді. Бұл соғыс Кеңес Одағының отансүйгіш, қайсар ұлдарының арқысынд жеңіспен аяқталды. Жеңіс үшін қан төккен, ұрыс даласында тайсалмай елін жаудан қорғаған батыр аталарымыздың ерлігі еш уақытта ұмытылмайды.

Менің де атам Тәжімбетов Жұпан Ұлы Отан соғысының ардагері болғандығын мақтанышпен айта аламын. Атам туралы төмендегі естелік әңгіме менің жадымда мәңгі сақталады.

Менің атам 1942 жылы 24 мамыр күні Арал қаласынан эшалонға мініп майданға аттанған. 3 ай бойы Челябині қаласының жанында дайындықтан өткізіп, әр фронтқа бөліп жіберген. Олар мінген вагон толы әскерлер Красный Куттан Астрахань арқылы Сталинград бағытына жүріп келе жатып, жаудың ұшақтарының бомбалауына ұшыраған. Жауынгерлер дереу жерге түсіп, Волга өзенін жағалай өскен ағаштар арасымен біршама жер жүріп, бір өткелден арғы бетке баржамен жеткен. Сол жерде 38-атқыштар дивизиясының қарамағына қабылданған. Дивизия бөлімдері Сталинградқа таяу орналасқандықтан қаланың түтінмен жалынға оранып жатқаны алыстан көрініп жатады. (Сталинград шайқасы- Екінші дүниежүзілік соғысындағы басты шайқастардың бірі. Ол қорғаныс [1942 жыл 17 шілде - 18 қараша] және шабуыл [1942 жыл 19 қараша- 1943 жыл 2 ақпан] кезеңдерінен тұрады. Жау 1942 жылы 27 тамызда қалаға келіп тірелген.) Алғы шепке 1942 жылдың 8 қыркүйек айында баруымен фашистермен кескілескен айқасқа түскен. Жау жағының ұзақ атқылауынан көптеген шығындар болып, біршамасы ауыр жараланып кейін қайтарылған. Бірақ біздің әскерлер олардың көптеген ауыр шабуылдарын тойтарған. 30 қыркүйек күні таңертең ракета белгісімен қарсы шабуылға бұйрық берілген. Әуелі артиллерия дайындығы аяқталысымен,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

капталдан танкілер алға шығып, соңынан жаяу әскерлер ұрандата түрегеліп алға ұмтылған. Төбеден төмен түсе жазық дала басталып, немістер оқ боратып, жүруге мүмкін болмай, шегінуге жол жоқ, жау қалдырып кеткен окоптарға жатуға тура келген. Окоптар таяз, әрі мылтық оғы мен миномет снарядтарынан әскерлерден шығын бола бастаған. Тереңдетіп қазуға бұрын өлген жау солдаттары жатқандықтан мүмкін болмаған. Үш күнге созылған ұрыста взводтан үш адам қалған. Келе жатқан жауларды танктерді тасалап атындар деген бұйрық алғандықтан жүгіріп келе жатқанда сүрініп құлағандай болған. Есін жинаса санитаркаларды көрген, сөйтсе бір оқ сол саннан кіріп оң санды айырып шыққан екен. Көмекке жаңа солдаттар келе бастапты. Олар жарасын таңып, ауыр науқастардан көлік ауыспайды кейін жаяу жылжи беріндер деп кете берген. Кеш дегенде бір селоға әзер жетіп, сол жерден көлікпен Камышинге барып, кемемен Қазан қаласындағы госпитальда 3 ай емделген.

Госпитальдан соң Мәскеу аумағындағы Торжок станциясында қайта жабдықталып жатқан 33-бригадаға 88мм миномет көздеушісі болып қабылданып, ақпан айында алғы шепке жаяу жылжып, алғашқы шабуылда Жуков деревнясын азат еткен. Одан әрі Калинин облысында Калинин, Солтүстік - Батыс фронттарындағы ұрыстарға қатысып, жауларды қуалай соғысқан. Жерлер көбіне батпақ болғаннан кейін, ағаштардан әскери техникалар жүретін жол салуға көп еңбек етілген. 33-бригададан 319-дивизияға ауысып 2- Прибалтикалық фронт қарамағында елін қорғаған.

1944 жылы 24 сәуір күні екінші мәрте оқ тиіп, сол иығынан жауырынын тесіп өткен. Фашистерді қуып келе жатқан соң, дала госпиталында 4 ай емделіп, 319-дивизияның 1344-полкінің 1-миномет ротасына келеді. Қазан айында дивизия 1-Прибалтика фронтының қарамағына енгізіледі. Сол кездегі жақсы көрсеткіштері үшін әуелі партияға кандидат, 1944 жылы партияға мүшелікке қабылданады. Екі рет «За отвагу» медальдарымен наградталады.

«Неміс жеріне де жақындап келеміз. Дегенмен олар әр метр үшін қатты қарсыласты. Соғыстың алғашқы жылдарындай емес совет елінде артиллерия, самолеттер көбейіп, әсіресе «Катюша» атты далалық реактивті атыс құралы жаудың зәре-құтын қашырды. 1944 жылы желтоқсан айының ортасына таман Неман өзенінен өтуге дайындық жасалып жатты. Біз жағадан 1-1,5 км жерде орналастық. Рота командирі аға лейтенант Симонов дереу арғы беттегі мынандай ориентрге оқ жаудыр деген бұйырғанда сол сәтте үш мина қатар жіберіп, орындап үлгірдім. Сөйтсем бақылаушылар пулеметшілерді көріп хабарлаған екен. Нысанаға дөп тиді деп хабар келді. Кешке қарай сол жерде тағы қозғалыс пайда болды, сол жерді көзде деді. Мен дайын тұрған дәлдікпен бірнеше минаны жібере салдым. Ертеңіне полк командирі Хамраков мені шақырып, кешегі жерде жаудың көпшілігінің құрбан болғанын, мені «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынғанын хабарлап, 10 күн демалыс орнына жіберді. Майдан газетіне мақала шықты. 1945 жылы армия генералы Черняховский басқарған 3-Белорус фронтына ауыстық. Әскер Балтық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жағалауымен ұрыс жүргізе отырып Пилау қамалымен көнеден келе жатқан қорғаны мықты Кенигсберг қаласына жақындадық. 6 сәуір күні ертесіне шабуыл басталды. Біздің самолеттер келіп қаланы бомбалағанда, олардың көптігінен аспан көрінбеді деуге болады. Немістер де қатты қарсыласты, 6 ұңғылы минометтерді даусы жер жарып атқылап отырды. Сол қарудың бір снаряды біздің қасымызға жарылып, 5-6 адамды лақтырып жіберді. Жарқыншағы менің полевой сумкамды тесіп өтіп, ішкі мүшемді жарақаттаған. Лезде дәрігерлер кейін алып кетіп жатты. Госпитальға келген соң санбат бастығы дереу операцияға апару керек деп шешкен. Операциядан кейін ертеңіне сол жақ бүйрек пен қарынның үштен бір бөлігін алып тастағанын хабарлады. Сол жерде 10 күннен астам жатып қалдым, жолға жарамайсың деп кішкентай самолетпен Инстербург қаласындағы госпитальға жеткізді. Жеңіс мерекесін - 9 мамырды сол жерде қарсы алдық. Айнала у да-шу, қуаныш, бір - бірін құшақтап жылағандар, кейбірі бастарын ұстап сенбегендей еңіреді. Сол жерде наградаларымызды тапсырды. Жарамызды толық жазылмаса да поезбен Мәскеу қаласына жеттік. Одан Горький қаласындағы Ленин атындағы мәдениет үйінде қайта операция жасап, 9 қыркүйек күні еліме II топтағы мүгедек болып оралдым. Сол жақ қабырғамның астында соғыстан мәңгі ескерткіш болып миномет жарқыншағы әлі жүр» - деген атамның естелігін оқыған сайын көз алдыма тек суреттен ғана көрген атамның бейнесі келіп, атама деген сағыныштан көзіме жас үйіріледі.

Атам туралы естеліктерді оқып, майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін алған бірнеше орден, медальдарын қарап, осындай батыр атаның ұрпағы болғандығымды мақтан етемін.

Талғат Гүлханым

5 сынып, №104орта мектебі Өркендеу аулы
Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Орынбасар Ғ.А.

Ата, біз сізді табамыз!

Ата, сізге хат жазып отырған сіздің жиеніңіз Гүлханым деген қыз мен боламын. Сіз бұл өмірде жоқсыз, сіз түгілі, сіздің балаңыз менің нағашы атам, Аман Орынбасарұлы да 78 жыл жасап бақилық болған. Бірақ анам Ғалия, сізді аузынан тастамай құран оқытқан сайын қосып отырады. Соңғы кезде -атамның жатқан жерін тапсам,-дейтінді шығарды. Өлген адам, оның үстіне соғыста хабар ошарсыз кеткен адам, қалай табылады? Басында ең болмаса белгісі болса екен-ау, деймін. -Іздеймін деп шықсаң, өлі әруақтардың өзі жол ашады, табылады, сенің ниетіңді түсініп, көмекке келеді,- дейді анам. Анам діндар да емес, бірақ ашаршылықта Қарақалпақстанға кетіп жоғалып кеткен қайын атасының, (менің атам Қарудың әкесі Әнестің) жерленген жерін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қарақалпақстанның «Беруни» деген қаласының маңынан барып тауып қайтты. Ұрпақтарының іздеп баруына мұрындық болды. Қару атам үш жасында жетім қалып, анасының басын да білмей қалған екен,оны да «Үйрек»деген жерден тауып, белгі қойғызды. -Мама, сіз келін емессіз бе, неге іздейсіз,өз балалары бар емес пе деймін мен. – Қызым-ау, мен осы шаңырақтың анасы емеспін бе, мен іздесем балаларымның бақытты болып жолдары кедергісіз болуы үшін іздеймін. Қазақта:-«Өлі риза болмай, тірі байымайды», деген сөз бар. -Ата-бабаң ұрпағына риза болатындай іс істемесең, ұрпағы қиыншылыққа душар болады,- деген тәмсіл тағы бар, қорқамын ғой,-дейді. Енді қайын атаң мен қайын енеңнің қабірі табылғаннан кейін белгі берді ме?- десем, -Иә, түсіме енем кіріп, -Мен сенің бақшанды егемін!-деді бақшамның егілгені сол емес пе,үш балам бірдей мемлекеттік білім грантын жеңіп алды,жоғарғы оқу орнына іліксіз түсіп кетті. Ағаң жұмысқа да орналасып кетті, мұның бәрі менің бақшамның егілгені –дейді жүзі жайраңдап.-Мен үйдің кенжесімін, мектепте оқимын, мені анам 43 жасқа келгенде дүниеге әкелген. -Балалардың барлығы сыртқа кеткенде көмекші болсын ,қасында жүрсін ,- деп сені бергені үшін аллаға мың ризамын,-деп қояды мені қолтығына қыса құшақтап.

Анам алдына міндет қойса, жетпей тынбайды.-Ата,мамам сізді табам деп аузына алды ма, табады. -Әкесін өзінің баласы неге іздемеген?-деймін ғой мен шиканша шықпайтын жерге шыққандай қазбалап. - Әкем Аман шиеттей балалы-шағалы болды,оларды жеткізу де оңайға түспеді. Оның үстіне оқыдық. Оқу қай заманда да ақша ғой. Жүріп тұруыңның өзі, киім мен тамағыңның өзі -қып-қызыл ақша. Әке-шешеме сегіз баланы жеткізу оңай болған жоқ. Оның үстіне әкесін іздейтін ақшасын мен де аз шашқан жоқ шығармын. Алматыда оқыдым. Жыл сайын туристік саяхатқа жіберіп отыратын. Бірде жұмыс істеп жүріп ГДР-ға бардым. Немістердің «Заксенхаузен» деген тұтқындарды ұстаған лагері бар екен, соған бардық. Өліктердің сүйегін өртейтін крематориге көзім түскенде,жаным ышқынып кетті, -өрімдей жастардың талайы кеткен шығар, күлге айналып. Арасында менің атам болмады ма ,-екендеген ойдан қорықтым. Бауырластар зиратына соқтық.Өзім де атамның аты кездесіп қалар ма екен ?-деп зираттардың жазуларын оқып жүрмін ғой. Келген соң әкем :-Атаңның атын кездестірген жоқсың ба ?-деп сұрады. –Жоқ, деп жауап бердім. Ол кезде жаспын ғой, -Атаңның атын кездестірген жоқсың ба?- деген сұраққа онша мән бермеппін.- Сенің орнында мен болсам, сол жердің әскери комиссариатына барып сұрастыратын едім ,-дегісі келген шығар, бірақ менің көңіліме тиеді,-деп айта алмай отырдың ба ,-қайран әкем,-деп анам көзіне жас алды.-Жас адам қызыл-жасыл дүниеге тоя ма, әкелген джинсі шалбарымызға,көйлегімізге мәз болып өте шыққан қайран, дәурен!-Сосын қайта жігерленіп, жоқ, табамын, осы Россияның жерінде жатқаны шын болса, іздеймін, онсыз менің әкемнің алдындағы перзенттік парызым өтелмейді. Өз мойнымдағы қарызды сендерге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қалдырып ауыртпашылыққа жібере алмаймын, - деп алды да атасы Орынбасар туралы айтып кетті.

- Мына біз тұрған Жанкент, қазіргі Өркендеу аулына 30-жылдары менің атам жер аударылып келіпті. Кешегі кеңес саясатына қарсы шыққандардың бірі – Қазалы Асандар көтерілісінің басшысы Орынбасар атамның ағасы Арзақын Нұрымбетов. Көтеріліс талқандалып, Арзақын атам атылғаннан кейін ,бүкіл мал мүлкі тәркіленеді. Біраздан кейін Орынбасар атам колхоз басқармасының төрағасы болса, біреулер: -жаудың құйыршығы неге басқарма болады, -деп арыз жазып атамды ауданға айдап кетеді. Атамның жеңгесі Ұлтуған, Арзақынның атамның әйелі, қасқыр бет, туымды адам екен, «Бөген» деген жердегі қайнағасы Бекбосын сұпының баласы Бақбергенге барып (Қазалы ауданына белгілі әулие Светаның нағашысы), түйемен Қазалыға қайта келеді. Қазалы аудандық атқару комитетінің төрағасы Бегімбай Қосаевқа мән жайды түгел жеткізеді. Сонда Бегімбай айтыпты: -Қазір Сталиннің әкесі үшін туысқандары жауап бермейді, - деген жарлығы шықты, сені босатамын, бірақ өз аулың «Қостамға» жібере алмаймын, Жанкентке колхоз төрағасының орынбасары болып барасың, - дейді. Атам соғысқа дейін осы біз тұрған «Жанкент »жерінде қызмет істеген. Тағдырға қараңыз, атам Орынбасар жер ауып келген Жанкент жеріне 55 жыл уақыттан кейін менің келіншек болып түсуім тегін бе? Мен архивті аударып, атамның ізін шығару үшін келген шығармын. Ал сен қызым, менің 43 жасқа келгенде көрген перзентім, Гүлханымым, осы шығарманы жазып көрші, биыл ақ түйенің қарны жарылып, атаңның жерленген жері табылатын жыл шығар. Өйткені әжем Нұржамал, Орынбасар атамның жесірі айтып отыратын: -1943 жылы жасы 43 келгендерді соғысқа ала бастады, бұл ең соңғы шақыру еді, сол соңғы шақырылымға атаң ілігіп кетті ғой, содан Сталинград түбіндеміз, ұрысқа түскелі тұрмыз, -деген бір хаты келді де, хабар ошарсыз кетті. Қызым, Гүлханымым, 43 жас та бір белес қой, кез-келген адам 43-те перзент көре бермейді. Сенің киіммен туылған ерекше бала екеніңді білемін. Менің соғыста хабар ошарсыз кеткен атам Орынбасарды бірігіп іздейік. Сен дүниеге келерде түсімде ақ көйлек алып едім, ақ жарылқап күн туып, нағашы атаңның жерленген жері табылып жатса, қуаныштан құстай ұшар едім. Қазір, жасы тоқсаннан асқан, соғыс ардагерлерін ғана ғана дәріптейтін бір ауру шықты ғой. Хатсыз-хабарсыз орыс жерінде қалған әруақты аталарымыздың жазығы не? Соғыс болған соң өлім болады. Жұрт ұмытса да мен атамды ұмыта алмаймын, табамыз, қызым, атаңның өзі-ақ, көмекке жететіне мен кәміл сенемін, -деп анам сөзін аяқтады. Ендігі жұмыс ғаламтордан бауырластар зиратын іздестіру.

Сен табыласың, Орынбасар ата! Өйткені сіздің балаңыз Аман жылда жеңіс күні жылайды екен. Алпыс бес жыл төгілген көз жасының қайтадан қуаныш жасы болып ақтарылатынына сенемін. Анам қуанса екен, мен үшін анамның қуанғаны-әлемнің қуанғаны.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Таңатар Қарлығаш

11 сынып, Б.К.Мергенбаев атындағы №226 гимназиясы
Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Оразбаева З. М.

Болмасын соғыс, болмасын...

Балам, сенің бұл халқың- батыр халық,

Батырлығын жауына татырды анық,-деп ақындар жырына арқау болған халқымыздың батырлығы, ерлігі қан майданда талай рет дәлелденді.

Соғыс...Ия, адам баласы үшін осы 5 әріпті сөз -ең қорқынышты,ең қайғылы да үрейлі сөз. Себебі, сұм соғыс қаншама жастың өмірін қыршыннан қиды, қаншама ана ерсіз, қаншама бала әкесіз қалды. Отанын қорғау үшін олар қасық қаны, шыбын жаны қалғанша күресті. Қазаққа тән болаттай беріктік пен ержүректілік көрсетті. Жеңіс үшін өмірін,жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай. Міне, адамзат тарихындағы осы бір сұм соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толады. Жыл сайын 9 мамыр күнін атап өтеміз, ерекше ерлік көрсеткен ардагер әкелеріміз бен батыр аға-апаларымызды еске аламыз. Расында, бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Ия, қазақ деген- батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді,шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді,еңкейе қалса азаматтығына өзінің парасаттылығына сенеді. Осынау қиын күндерді қазір сексеннің сеңгіріне келген, атамның айтқан әңгімелерінен де естіп, заманның сыры мен үнін көз алдыма елестетемін.

Қанша үйдің ұрлап адамын,

Қанша үйде сөніп қалды оттары,-деп ақын аталарымыз жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара 70 жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ. Олар жеңіс үшін аянбай күресті және де жеңіс туын көкте желбіретті. Елі мен жері үшін өз ұрпағының, халқының амандығы үшін жанын пида етті. Отанын жаудан қорғау үшін асқан ержүректілік пен батырлық көрсетіп, аты аңызға айналған батыр атамыз Бауыржан Момышұлы да бар. Осы тұста Баукен атамыздың мына бір ғибратты сөзі ойыма оралып отыр:

«Отан үшін отқа түс күймейсің,
Арың үшін алыссаң өлмейсің»....

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл сөздің астарында үлкен мағына жатыр. Ия, Баукен атамыз Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» -деп шырылдаған не бәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанын тебіренітіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды. «Біз кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ, біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», -деп еліне, жеріне шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді шошытқан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен ерлігі мен еңбегін, менің ойымша, айтпай кету мүмкін емес. Баукен атамыздың ел алдындағы биік бағасы, сіңірген еңбегі, өнегелі өмірі, қатал да суық мінезі, алмас қылыштай қиып түсер өткірлігі, ия айта берсек таусылмайтын, қайта жыл өткен сайын жаңарып отыратын жақсы қасиеттерді Табиғат-ана біртуар жанның басына үйе салғаны қандай ғанибет! Елі мен жері үшін, өз ұрпағының халқының амандығы үшін жанын пида етті. Олардың арасында қазақ қыздары Әлия мен Мәншүк те болды. Олардың есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім.

«Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да әпкем де жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін», -деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген екен. Ия, жас қыздың қайтпас қайсарлығы бізді таң қадырмай қоймайды. Сол секілді мергенділігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі, тарих парақтарында алтын әріппен жазып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, осы сұрапыл қанды қырғында өмір өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен, қазақ қыздары қандай құрметке болса да лайық деп ойлаймын. Олардың еткен ерліктерін қазіргі қазақ қызының бірі де жасай алмас еді. Сол жылдарда халық ақындары мен жазушыларының шығармалары ерекше шабытқа толы болды. Жауынгерлерімізде ақындарымыздың жалынды сөздерінен керемет рухтанып, арыстандай арпалысты, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, жігерленді. Осындай сұм соғыс жылдары бір қолына қару, бір қалам ұстаған өршіл рухты, сыршыл батырымыз, жан дүниесі шымырлатқан шерге толы ақынымыз Қасым Аманжолов ағамызда болды. Буырқанған күшке тепсініп темір үзердей, шайқала шапшыған ақын өлеңдерінде Отанға деген махаббатын шексіз суреттейді. Әрине, бұл Отан соғысы және ондағы жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жандардың өмірін қыршынан қиды. Өйткені, олар үшін артына өшпесіз, ғибратты сөз, рухани азық қалдырды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ия, 9 мамыр – жеңіс күні және бұл күн сол кездегі батыр бабаларымыздың ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Сол сұм соғыста батыларымыз сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күнде бүкіл әлем таныған мемлекет болып қалуы, біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік!

Бейбіт елдің ұл-қызы мен ұландарының ендігі жердегі тілегі – болмасын соғыс, болмасын...

Тобашова Зайра

7 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Шаймерденова А.

Ешкім де ұмытылмайды

Адам өмірінде естен кетпес белестер болады деседі. Сол белес біз үшін Ұлы Отан соғысы. Сондықтан да біз оны еш уақытта ұмыта алмаймыз. Соғыс біздің өміріміздің шырқын бұзды. Жарты әлемді қамтыған Алапат зұлмат талай шаңыраққа қасірет әкелді. Ел ер-азаматтарынан, бала әкеден айырылды. Сұм соғыс талай жұрттың іргесін шайқалтып кетті. Екінші дүниежүзілік соғыста Сыр елінің халқы дамыған боздақтарын жоғалтты. Сол жылдардың жанға салған жарасы әлі күнге дейін жазылған жоқ. Сондықтан Ұлы Жеңістің шаттығын сезіне отырып, әлемдік алапаттың қасіретін ойлап күрсінеміз. Бұл күндерде жарты ғасыр бұрын майдан даласында қаза болған жерлестерімізді ойлап мұңаямыз.

Талай боздақтарынан айырылған Сыр бойының халқы да жеңісті жақындатуға өз үлестерін аямай қосты. Оқ пен оттың ортасынан аман келген азаматтардың біразы бізбен бірге ХХІ ғасырға қадам басты. Сондықтан арамызда жүрген ардагерлерді құрметтей отырып, тарихтың ащы сабақтарынан тағылым алуымыз керек.

Ұлы Отан соғысында ел қорғау жолында қаншама азамат қыршынынан қиылды десеңізші. Елге оралғандардың көпшілігі соғыста алған жараның айықтымас қасіретінен ерте дүние салды. Бүгінде өткенге көз жіберіп, зерделеп қарасақ Отан үшін от кешкен жауынгер ағалардың қатарының жыл санап сиреп бара жатқанын байқаймыз.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да 70 жыл толды. Осы бір даңқты Жеңіс күні – 9 мамыр тарихымызға неғұрлым тереңдей еніп, алыстаған сайын ұлылығы мен мән – мағынасы дараланып, маңызы арта береді. Қан майданда ажалмен арпалысып жүріп ғажайып ерлік жасаған ұлы ерлік ешқашан да ұмытылмайды, ол мәңгілік болып қала береді.

Сол сұрапыл соғыс жылдары біздің ондаған мың жерлестеріміз, қызылордалықтар. Кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін от пен оққа тосты. Еркіндік пен қатыгездік айқасқан бұл соғыста Сыр елінің 20 азаматы Кеңес Одағының Батыры атанды.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен. Шілде айында олардың әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл – талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 150 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі белорус жерінде бауырластар зиратына қойылған.

Соғыс кенеттен басталғанымен. Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. 1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 млн 200 мың қазақстандық шақырылған. 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-ші, 321-ші, 314-ші, 316-ші, 387-ші, 391-інші, 8-інші, 29-шы, 102-ші, 405-інші, атқыштар дивизиясы, 100-інші және 101-інші ұлттық, 81-інші, 105-інші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші, 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-ші, Зайсан, 219-ші минометтік, 85-ші зиниттік, 662-ші, 991-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті. Майданға 14 100 жүк және жеңіл автокөлік, 1 500 шынжыр табанды трактор, 110 400 жылқы, 16 200 арба жөнелтілді.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды. Ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Бүгінде, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған тағдырлы кезеңде бір ержүрек майдангерлерімізді, тылдың ерлерін бірдей тең дәрежеде мақтан етеміз. 2-ші дүние жүзілік соғыс атанған бұл соғыс ешуақытта ұмытылмайды. Елімізде соғыс ардагерлері саны азайып келеді, яғни санаулы ғана аталарымыз қалды.

Соғыс бүкіл әлемнің жүрегіне өшпестей қара дақ салғаны баршамызға мәлім. Ендеше сол соғыста қазақ ұлты алыптай арыстары мен қылықты қыздарынан айырылып, тар жол тайғақ кешіп, ұлы соғыста жеңістің туын тіккен сәттен естіген сәттен жүректері қуаныштан жарылардай болып естен кетпейтін отты жылдар болып тарих сахнасында батырлардың қанымен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жазылып қала берді. Сондықтанда әр қазақ бабасын қадірлеп, біз үшін жеңіске ұмтылып, болашағымызға сенім артып біз үшін бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып соғысқан асыл текті баһадүр батырларымыздың дара да дана есімдерін ешқашан ұмытпай, қастерлеп, болашақ қазақ жас балғындарынан үлкен үміт күтейік және де қашанда қай кездеде Мәңгілік еліміз Қазақстанның гүлденуіне, дамуына үлес қосар бейбіт еліміздің болашақ батыр ұл-қыздарымызды нағыз жанашыр ретінде сенім артайық! Қазақ еліне Жеңістің туын тіккенімізге 70 жылға жуықтаған үлкен той қарсаңында бауырымыз бүтін, бай қуатты болайық деп бала жүрегімізден жарып шыққан үлкен тілегімді арнаймын!

Токмаханова Ақерке

10 сынып, № 111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Сарғайса да тарихтың ақ парағы, ол күндер мәңгі есте сақталады

Жеңіс! Жеңіс!
Төзімнің біткендей ең бәрін сарқып,
Жатқанда әлем ішіне қанын тартып,
Қалалардың үстімен отқа оранған
Ұштың сен қанатыңды жалын шарпып!
Тыныштығын орнатқан жер үстінің,
Жеңіс күні-аяулы, ең ыстық үн!
Біздің мақсат-ертеңгеалып бару
Желбіретіп қолдағы
Жеңіс туын!

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке-бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығы. Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл-бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отаныңа деген сүйіспеншілік катал соғыста жеңіске жетті.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және т.б. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты.

Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізілді. Көрнекті қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры турала өлең жазды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін....

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұлауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Ананы жесір, сәбиді жетім еткен қанды шайқастарға толы соғыстың 1418 күні мен түні ешқашанда ұмытылмақ емес.

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай сыры да, сезімі де терең, тұңғыық дана тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Әйтсе де, Баубек пен Бауыржан батырлығы, Әлия мен Мәншүк ерлігі, Қаныш пен Әлкей білімі, Мұхтар мен Ғабит, Ғабидендердің үні, Дінмұхаммедтің парасаты – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Олардың өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жан-жақты насихаттауымыз керек деп санаймын.

Екінші дүние жүзілік соғыстағы әйелдердің ерлігі ерекше. Олардың ішінде қазақ әйелдерінің ерлігі туралы «Арулар отты жылдарда», «Соғыстың қатігез бейнесі» деген атпен батыр қыздардың ерлігін паш ететін шаралар ұйымдастырылса нұр үстіне нұр болар еді.

Соғыс жылдарындағы балалар тағдырына, партизан – бала туралы немесе мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің тылдағы еңбегі, олардың ауыр тағдырлары туралы айтылуы керек.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Қазақстаннан 1941-1945 жылдардағы қанды қырғынға 1,3 миллион ұл мен қыз аттаныпты. Бәрі де жанқиярлықпен соғысты.

Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты кеңес халқының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен, жауға қарсы тұрды. Халық жадында сапында 30 ұлттың өкілі бар Брест қорғаушыларының өшпес ерлігі мәңгі сақталмақ. Қазақстан жерінде жасақталған И.В.Панфилов атындағы 8-гвардиялық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

дивизия Москваны қорғауда тарихта болып көрмеген теңдесіз ерліктің үлесін танытты.

Ел басына күн туса, ер етектен су кешер демекші соғыс-адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз. Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес. Елімізде әрдайым тыныштық болып, аспанымыз ашық болсын!

Төлеген Ақжан

5 сынып, А. Бисенов атындағы №38 орта мектебі
Аққұм ауылы, Жалағаш ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Бақытова А.

Жеңіс әкелген көктем

Бола ма соғыс? Біздікі жеңіс.
Бірақ та соғыс болмасын деңіз!
Жеңістің құны – кесілген білек,
Жеңістің құны – тесілген жүрек.
Жеңістің құны – қураған мың бас,
Жеңістің құны – қираған жамбас.
Жеңістің құны – лаулаған орман,
Жеңістің құны – уланған арман...

Қадыр Мырзалиев

Мен соғысты көргенім жоқ. Бірақ соғыстың елімізге қаншама қайғы-қасірет әкелгенін жақсы білемін. Соғыс қаншама адамдардың үзілген арманына, тозақ отына күйген қаншама адамдардың тағдырына себеп болды. Баспасөз беттерінен оқып білгенімдей, зұлмат жылдары елімізден 1 миллион 360 мың адам ел қорғауға аттанып, 600 мың адам құрбан болған. Ал сол кездегі Кеңестер Одағы бойынша 27 миллион адамның өмірі қиылды. 1418 күнге созылған соғыстың талай-талай жандардың жарқын өмірлеріне балта шауып, қаншама жас ғұмырлардың гүлдей солуларына мұрындық болды. Ал әлем бойынша екінші дүниежүзілік соғыста елу миллионнан астам жандар жер жастанды. Соғыс қаншама адамдарға бақытсыздық әкелді. Ал, аман оралғандардың арасында қолсыз, аяқсыз, басқа да мүшелерінен айырылған мүгедектерді қайда қоясыз?! Сұм соғыстың ізі әр үйдің есігінде қалды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс оңайға келген жоқ. Егер де балаларын жоқтаған аналардың, ерлерін жоқтаған жарлардың көз жасын, әкелерін жоқтаған балалардың көз жасын бір жерге құятын болсақ, сол тамшылардан теңіз пайда болар еді. Әлемді оқ пен жалынға ораған бұл соғыс адамзат жүрегіне жазылмайтын мәңгілік жара салды. Ал халық махаббатына айналған хас батырларымызды бүгінгі ұрпақ еш уақытта ұмытпайды.

Ерлік – қашан да ұлы іс. Бабалардың ерлік жолын, Отанына деген олардың зор сүйіспеншілігін дәріптеу бүгінгі ұрпақтың парызы болмақ.

Жеңіс күні болған жыл қанша алыстаған сайын, бабалардың ерлігінің құны уақыт өткен сайын арта бермек.

Қан майданда қасықтай қаны қалғанша жаумен арпалысып, жеңісті күндерді жақындатқан көзі тірі батырларымыздың арамыздан азайып бара жатқандары көңілдерге мұң ұялатады.

Қан майданның жүректе жарасы бар,
Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.
Арамызда жүретін алшаң басып,
Ардагерлер, азайып барасыңдар.
Қастерлейді халқымыз қаһарманын,
Жүр есінде сан жорық, сапарларың.
Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,
Қалды-ау сиреп бұл күнде қатарларың.
Ерлік сүйген еліңе салтың ұнар,
Жүздеріңде жанған от жарқылы бар.
«Соғыс» деген салмағын жалғыз сөздің,
Бүгінгі ұрпақ өздерің арқылы ұғар,

- деген Сыр бойының ақыны Махмұтбай Әміреұлының өлең жолдарынан алынған бұл шумақтар біраз жайды аңғартқандай.

Соғыс жылдары аттары аңызға айналған Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің, Қасым Қайсеновтың, Төлеген Тоқтаровтың, Мәншүк Мәметованың, Әлия Молдағұлованың, басқа да қаншама батыр ұл – қыздарымыздың есімдері біздің жүрегімізде мәңгілікке жатталғаны шындық.

Жарты әлемге қасірет әкелген соғыстың үні өшкеніне келер көктемде 70 жыл болмақ. Талай шаңырақтың отын өшірген зұлматтың жеңіспен аяқталуы біз үшін қастерлі. Сол Жеңістің саясындағы бейбітшілік ұғымының жаһұтқа тең бағасын тани алуымыз керек. Жеңістің оңай келмегенін әрбір ұрпақ жақсы біледі. Терең сезінеді. Тәуелсіздік аспанында бейбіт те бақытты өмір сүріп жатқанымыз – сол батыр бабаларымыздың арқасы. Көгінде көк байрағы желбіреген егемен еліміз келер жылы Ұлы Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындалуда. Сол Жеңісті бір қадам жақындатқан, от жалынына оранып, жауға қарсы аттанып, ерлік көрсеткен аға ұрпақтың істері жадымызда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

уақыт өткен сайын жаңғыра бермек. Өйткені Жеңісті бізге сыйлаған – сол ардақты әкелеріміз, аталарымыз.

Жеңіс бізге солармен жеткен еді,
Ол кезде де осындай көктем еді.
Ол кезде де жадырап жасыл әлем,
Күн де нұрын көбірек төккен еді.
Қан майданда қайтпаған, беріспеген,
Ерлік қанша ғаламат ер істеген.
Соғыс салған жүректе із қалғанмен,
Тұрар мәңгі ұлы ту Жеңіс деген,

- деп жырлаған ақын жырында Жеңістің қаншалықты қымбат екенін жеткізгендей. Жеңіс әкелген көктем әр уақытта шуағын төге бермек.

Төлегенов Досхан

11 сынып, №80 мектеп-гимназиясы, Төретам кенті
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Файзуллаева К. Ж.

Батырларды мен мақтан ете білем!

Біздің батыр аға-апаларымыз өздерінің жас күндерін біздің бейбіт өміріміз үшін құрбан етті. Бізге баға жетпес бейбіт күнді сыйға тартты. Сондай батырларымыздың қыршын кеткен өмірлері мен төгілген қандары үшін кейінгі жас ұрпақтары, еліміздің ертеңгі болашақ жастары, қарыздармыз деп ойлаймын. Осы қарызымның кішкене де болса өтеуі ретінде өзімнің поэзия тілімен жазылған шығармамды батыр аға-апаларымызға арнаймын!

Межесі болмас, сірә, ақындықтың,
Жырменен өткен күннің зарын төктім.
Міне, бүгін жас ақын айтып бермек,
Бейнесін бабам еткен батылдықтың.
Бірі айрылып бауырдан, туысынан,
Қан тамған сойқан жылдар қылышынан.
Ешқашан еткен ерлік табылмайды,
Тарихтың ақ шаң басқан қуысынан.
Өзекті еңіретіп өртегені,
Болмаған батырлардың көрмегені.
Өз елін, өз жанынан артық қойған,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жараспас құр мақтауға ұтымды ерді.
Құрбан боп елі үшін асылдарым
Састырған жау біткенді жасындарың.
Ерліктің үлгісі боп қала бермек,
Бауыржан, Рақымжан мен Қасымдарым.
Ойламай қашып қалар мүмкіндігін,
Соғысқа қорықпастан ұмтылды ұлың.
Осынау асыл жырдың майданында
Өшірер жүректегі өртімді кім?!
Ел асып егемендік елесінен,
Аттап өтіп батылдық белесінен.
Батырларым ерлікпен кешіп өткен,
Тарихтың «Соғыс!» атты кемесінен.
Жол бастап жүректегі желкендері,
Бейбіт күн батырлардың сенгендері.
Әрқайсысы аңыз ғып айтып берер,
Сұм соғысты көзімен көргендері.
Тулаған мақтан етіп атырабы,
Биік әркез батылдық шаңырағы.
Ардагердің жүзіне қарап тұрсам,
Ерлікке жас ұрпақты шақырады.
Қан тамшылап сол жылдар етегінен,
Бөлініп озбырлықтың жетегінен.
Қасық қаны қалғанша қарсы тұрған,
Батырларды мен мақтан ете білем!
Жарқырап сол бір кездің жасындары,
Шайқасты қалғанынша қасық қаны,
Кешегі өткен соғысты ұрпақтардың,
Жөн болмас сөз де етпей, жасырғаны.
Мақтауға лайықты еңбектерің,
Белгілі қан мен бірге төккен терің.
Аналарды жұмысқа жегіп қойып,
Қан соғыста құрбан боп еркектерің.
Мақсат қып батыр бабам төрдегіні,
Зар заманның жеткен ғой елге үні.
Батырларды өрнектеп сөзге қоспай,
Тыншымас ақын бала өр көңілді.
Айналдым батырлардың төресінен,
Заманның қаны ағып жебесінен.
Ерліктерің мәңгілік сақталып тұр,
Табармын сан жыл тарих сөресінен.
Аз емес асып өткен белестерің,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бұл ұрпақ өздеріңнің жемістерің.
Еліме Жеңіс жырын жырлатпаққа,
Бекінген қайтпас, қайсар күрескерім!
Елімнің ащы мұңы ақтарылып,
Жатқансыз сол үшін де атқа мініп.
70 жылдық тарихқа көз жүгіртсем,
Қойғандай шындық шығар қақпа қылып.
Куә боп Қазақстан елдігіне,
Лайықты мақтауын ап ерлігіне.
Еліміз тәуелсіз боп бүгіндері,
Орныққан бірлік, теңдік белдігіне.
Кеңейіп жатыр бүгін керегесі,
Ақынның қозбас қалай делебесі.
Жеңістің бәріңізге құтты болсын,
70 жыл толып жатқан мерекесі!

Төлегенова Арайлым

5 сынып, №12 І. Қабылов мектебі Қызылорда қаласы
Жетекшісі: Қарабаева Л. Ә.

Ұлы Отан соғысына 70 жыл

Мен дүниеге келгенде қазақстан халқы Ұлы Отан соғысының 60 жылдығын тойлаған екен. Енді, міне 70 жылдықты тойлағанда мен 10 жасқа келеді екенмін. Соғыстың не екенін білмек түгілі, ата-анамның кім екенін танымай жатқан кішкентай сәби, бүгін өмірімнің 10 жылында сұрапыл соғыстың сұмдығын естіп, кітаптан оқып, керек десеңіз қорықтым да. Бірақ осы бейбіт заманда маған өмір сыйлағанына ризамын. Алайда, сол кездер жайында өткеніме шолу жасап өтейін. Бірде әкеммен теледидардан Мәншүк жайында кино көрдім, ол кезде кішкентай бала едім. Киноның есімде қалғаны «Мәншүк» аттас құрбым бар еді. Түсінбедім, әкеме сұрақ қойып мазаладым, әкем бірде жауап беріп, бірде үндемейтін. Бірақ білгенім, Мәншүк пулеметші екен, бір өзі талай немісті қырып ерлік көрсетеді де соңынан өзі де оққа ұшады. Менің жаным ауырып, қиналғанымды көрсеңіз. Сонда ойладым менің құрбым да осы Мәншүктей ержүрек, батыр қыз болсын деп есімін бергендігін. Осы батырларымыздың ерлігіне қайран қаламын. Мен Бауыржан атамыздың ерлігін мақтан етемін. Үйдің кітап сөресінде кітаптары тұрады. Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерін жатқа білемін:

- 1)Тәртіпке бас иген құл болмайды
- 2)Отаның үшін отқа түс күймейсің.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Меніңше бұл балаларға тәрбие, өнеге болар деген ойдамын. Жазғы демалыста Алматы қаласына бардым. Ағам Бауыржан Момышұлының тұрған ескерткішіне апарды. Мен сол кезде Бауыржан Момышұлының көзіне тік карап, атаға ішімнен: -Мен сізге ұқсағым келеді. Сіздің ерлігіңізге қайран қаламын, мақтанамын.

Ол маған:

- Арманыңа жет. Алған бетіңнен қайтпа,-дегендей болды. Мен де сол сәттен өзіме деген сенімділік туды. Ержүрек батырдың есімі, ерлігі, жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. «Ер есімі-ел есінде»,- демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталардың, батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт елімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Енді бір қиналатыным, соғыс ардагерлерінің азайып бара жатқаны.Ұлы Отан соғысынан аман оралған қариялардың саны жыл санап азайып келе жатыр. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған Жердің топырағын жауларына таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, жеңістің таңбасын басқан күн. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қоғап қамқор болып отырған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытқанмен тарих оны ешқашан ұмытпайды.

Немене жетістің бала батыр,

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің келмесіне,

Бірі күтіп әнеки жағада тұр, -деп Мұқағали Мақатаев мұңында теңдессіз құндылық, қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс-ештеңеге теңеспейтін ғажап күш. Ол күш, әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Алайда, соғыста көп адамдар азап шекті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тұрабаева Ұлпан

6 сынып, №99 орта мектебі

Қармақшы ауданы Қызылода облысы

Жетекшісі: Демеуова Л.

Азат елдің айбыны

Талай жанды қиды ажал балтасы,
Жауды жеңіп қайтты ауылға қаншасы.
Біздің мына бейбіт өмір алаңсыз,
Ел қорғаған аталардың арқасы.
С. Селеубай

Осыдан 70 жыл бұрын әлемді дүр сілкіндірген соғыс атты сойқан басталған еді. Бұл бейбіт жатқан елге ойран салған әділетсіз соғыс еді. Ер азаматтар қолдарына қару алып майданға аттанса, қарттар, әйелдер, балалар күн, түн демей еңбектенді. Осындай қиыншылықтан төрт жылға созылған соғыста елімізжауды ойсырата жеңіп, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тікті. Бұл 1945 жылдың 9 мамыры еді.

Халқымыз Отан үшін от кешіп, ерлік пен елдік сынға түскен сәтте қас қақпай өмірлерін құрбан еткен батыр ұл-қыздарын қастерлеп, қадір тұтады. Бұл соғыста қаншама азаматтардың өмірі мен арман-тілегі майдан даласында қала берді. Бұл соғыс барлық адамзат баласының жүрегі бір арман тоғысында соққан кезең болды. Бұл арман – Ұлы Жеңіс, Ұлы бейбітшілік еді.

Қарап отырсаң, майданға уыздай болып аттанып, оралмай қалған қазақ боздақтары қаншама... Отанды шексіз сүйіп, ардақтаумен бірге оны жауларынан жан аямай қорғау-әр перзенттің парызы, міндеті.

Ал, ауылдағы тіршілік қиындығы майданнан оңай болған жоқ. Аналар мен балалар, ақ сақалды аталар бәріне төзді. Соғыс ауыртпалығының куәсі болған әжелеріміз сол күндерді күрсіне еске алады. Соғыста мейірбандылық, батырлық, қайырымдылық, та болды. Алыстағы жақындарыдың майдан күндерін аз уақытқа болса да ұмытуға көмектесіп, ерік- жігер беріп отырды. Ақын Фариза Оңғарсынованың мына өлең жолдарынан көп нәрсені аңғаруға болады.

Ақ шашты ана!
Саптан шықпай нық басып келесің бе?
Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер-
Қаласыңдар мәңгілік ел есінде,

Ару қыздар- алаулап от кешкендер-дегендей, жаратылысынан жаны нәзік, жолы жіңішке, жүректері сезім мен сырға толы осынау жылдар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

халқымыздың басына түскен ауыр кезеңдерде нағыз қажыр-қайрат иелері екендерін айдай әлемге тағы бір рет таныта білді. Сол жылдары, сол кезеңдерде ару қыздарымыздың бойынан әйелге тән нәзіктік пен қоса ержүректілік табылды емес пе?

Отан ананы басына іс түскенде жан салып қорғамаған азаматты азамат, халық перзенті деуге болмайды. Отан үшін жанын берген қаһармандардың есімдері ескерткіштер мен атаулы қабірлер тақталарында мәңгілік сақталады, ұрпаққа насихатталады. Оларды ерең еңбектері туралы құжаттар мемлекеттік мұрағаттарда сақталған. Ата-апаларымыз Отан үшін кеуделерін отқа тосты. Бәрі де біз үшін, келер ұрпақ үшін жалын шашады. Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлерге біз қарыздармыз.

Бауыржан Момышұлының сөздерінің өзінен-ақ қаһармандылықты байқауға болады. «Батырлық-тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс.

Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады» десе,
Отқа жібер көкірегімді төсейін,
Отқа жібер қолымменен көсейін.
Мейлі күйіп, мейлі өртеніп жанайын,

Отан Ана сені қорғап қалайын-деп жырлағандай, қазақ батырларының бейнесін мықты, ержүрек екенін көзге елестетеді.

Бұл күнді соғыстың алғы шептерде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды.

Отан үшін от кешіп, қан майданда жанын пидә еткен, туған жерінен топырақ бұйырмай, жат елде мүдделері қалған боздақтар рухына үнемі бас иіп, еске алу жас ұрпақтың міндеті. Сөзімді қорытындылай келе, Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Әрбір адам бала кезінен «Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын» деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей- болғаны жөн» деп айтқандай Отанына, еліне қалтқысыз еңбек етіп, қоғауға тиіс. Осы Ұлы Жеңіске жету ата-бабаларымыздың Отанын, жерін сүюден бастау алады. Міне, батыр бабаларымыздың арқасында Тәуелсіз күнге жеткенімізге де 23 жыл толып отыр. Бұл мен үшін, қазақ халқы үшін үлкен жеңіс деп білемін. Отан туралы жазып отырғанда, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған бір шумақ өлең ойыма оралды. Осы өлеңіммен шығармамды аяқтаймын.

Жеңіс Туы аспанда мәңгі желбіре,
Бейбітшілік таңы атсын әрбір күнімде.
Ел қорғаған батырларым мәңгі есімде,
Батырлығы, ерлігі ел есінде!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңістің 70 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Тілесов Дініслам

10 сынып, №13 мектебі

Арал қаласы Қызылорда облысы

Жетекші: Құрмантаева Л. С.

Ерлік – тәрбие жемісі

Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер
боп туса – ел тірегі.

Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп
қызмет етуден аянба.

Бауыржан Момышұлы

Ер басына күн туса, етігімен су кешер, ат
басына күн туса, ауыздықпен су ішер.

Халық мақалы

Жеңіс. Бұл бір ғана сөздің бағасы қандай қымбат десеңізші...

1945 жылы мамырдың 9-ында Ұлы отан соғысы Кеңес елінің жеңісімен аяқталды. Бұл нағыз Ұлы Жеңіс болды. Сондықтан да осы күнді халықтар жыл сайын салтанатты шерулеп келеді. Бұл күн – Қазақстан Республикасында белгілі мереке күндерінің бірі. Бүгінде міне, Ұлы Жеңіске 70 жыл болып та қалды. Бұл жеңіс – қаншама ата-бабаларымыздың қанымен, ерлігімен, еңбегімен келді.

Батырлық – жеке адамға тән патриоттық қасиет. Батырлардың ерлігі қазақ ауыз әдебиетінде ежелден жырланып келеді. Алпамыс, Қобыланды, Ер Тарғын, Қамбар батырлар қалмақ, монғол басқыншыларына қарсы күресте ерлігімен көзге түсті. Жоңғарлардың жойқын шабулына және Еділ-Жайық арасындағы кіші қара қалмақтың өктемдігіне қарсы тұрып, қатер бұлтын алғаш түрген Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Ошақты Саурық, Шанышқалы Бердіқожа, Шақпақ Жәнібек, Тама Есет, Керейт Тайлақ, т.б. батырлар еді. Бұлар халықты жауға қарсы жұмылдырды, елдің еңсесін көтеріп, есін жиғызды, кек алуға шақырды. Атақты Сырым, Бекет, Исатай, Махамбет, Амангелді батырлар қазақ тарихында елеулі орын алады.

Біз, жиырма бірінші ғасырдың жас ұрпағы, «Дүниежүзілік соғыс» деген атаумен жиырма бесінші ғасырда екі алапат соғыс болғанын тарихтан білеміз. Соның бірі 1941 жылы бастау алған бәрімізге белгілі жан түршігерлік соғыс Ұлы Отан соғысы. Фашистерге қарсы соғыста біздің ата-бабаларымыз Кеңес әскерінің құрамына алынып, майдан шебінде Отан үшін ерлік көрсетті. Тарихи

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мәліметтерге сүйенсек, қазақ жерінен 1 200 000 жауынгер Кеңес әскерінің құрамына алынған. Неміс әскері Мәскеу түбіне дейін аса жойқын қарсылықпен келгенімен, Кеңес әскерінің қайтпас қайсарлығы басым болып, оларды қайта шегіндірді. 1945 жылы 8 мамырда Рақымжан Қошқарбаев сынды, қазақтың намысын көтерген, қайсар батыры Рейгстахқа ту тіккені бәрімізге мәлім. Міне, осы Ұлы Жеңіске қол жеткізу жолында біздің батырларымыз жанын құрбан еткен.

Өмірден көргені мен түйгенін бір ауыз сөзге сыйғыза білетін халқымыз «Ер басына күн туса, етігімен су кешер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер» дейді. Соғыс ешкімге де жақсылық әкелмейді. Қаншама батыр бабаларымыз қан төкті және тарихта аты қалды. Москва түбіндегі Волокалам тас жолында болған шайқаста әскери шеберліктің үлгісін көрсеткен, майдан даласында сан мәрте қазаққа тән қайсарлық пен өжеттілікті ерлікпен ұштастыра білген, сонысы үшін де Кеңес Одағының Батыры атағы берілмей қалған Бауыржан Момышұлының ерлігі күллі қазақ халқына аңыз боп тараған еді. «Бәрі де Отан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген патриоттық ұранды ту етіп, отансүйгіштіктің өнегесін көрсетуді басты парызы деп ұғынған табиғатынан кең пейіл қазақ халқы қолында барымен майданға көмектескен. Қазақ баласының ерен күшін бар әлемге паш еткен палуан, французша және еркін күрестерден бірнеше дүркін халықаралық жарыстардың жеңімпазы, әлемдік спорт аренасына шыққан тұңғыш қазақ Қажымұқан егде тартқан жасына қарамай, ел аралап, күш өнерін көрсетіп жинаған қаржысына ұшақ жасатып, оған Амангелді Имановтың есімін бергізіп, майданға жіберген. Осы ұшақпен Қажытай Шалабаев жүзден артық жауынгерлік тапсырмаларды орындап, ерлік пен елжандылықтың үлгісін одан әрі жалғастырған. Ұлы Отан соғысының (1941-1945) қаһарман батырлары арасында 500-ге жуық қазақстандық болды. Олардың қатарында Шығыстың қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да бар. Оларға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кеңес Одағының Батыры атағы ұшқыш Талғат Бигелдиновке екі рет берілді.

Соғыс кезінде тек жауынгерлер ғана ерлік көрсетті деу қателік. Өлкеде қалған көптеген аналарымыз, әжелеріміз және де жас-жеткіншек балаларға дейін тылда еңбек еткен. Олар майдан шебінде жүрген жауынгерге азық-түлік, киім-кешек жөнелтіп отырған. Бұл турасында біз әдебиеттен Қабдеш Жұмаділовтің «Қозыкүрең» әңгімесінен, Ғабит Мүсіреповтің «Ер ана» әңгімесінен білеміз. Сонымен қатар, қазақ даласының ақын-жыраулары да өздерінің жалынды өлеңдері арқылы, жауынгерлерді жігерлендіріп, жеңіске деген ұмтылысын арттырған.

Жамбыл бабамыз «Ленинградтық өренім!» атты жалынды жырымен қоршаудағы Ленинградтықтардың өмірге деген сенімін арттырып, рух бергені тарих бетінде қаттаулы тұр. Бұл жырды барлығымыз да бала күнімізден

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жаттап өстік және де әлі күнге дейін бізге күш-қуат беріп, намысымыздың рухын көтеруге көмектеседі.

Міне, дүние жүзін жаулап алмақшы болған фашизмге қарсы соғысқа ес білген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін өз үлесін қосуы Ұлы Жеңістің бағасын асқақтатып, биіктете түседі. Ел есіндегі естеліктерді сөйлеткен сайын ерлік пен елжандылықтың рухы асқақтай түседі.

Соғыс уақытын көзімен көрген көне көз қариялардың айтқанын тыңдасаң да, осы тақырыпқа жазылған әдеби көркем шығармаларды оқысаң да, ердің ері ғана шыдаған сол бір қан майданға өз азаматын жібермеген қазақ отбасы, өз үлесін қоспаған қазақ баласы болмапты.

Қан майданда жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша өз Отанын қорғау үшін жан қиярлық ерлікке барған қаншама боздақтар болмады десеңші! Ал, тыл майданында еткен еңбегін, көрген ауыртпашылығын ерлікке арнаған, тіпті керек десеңіз, ойлаған асыл ойы мен көрген жақсы түстерін де ерлікке арнаған жас балаларды қайда қоясыз?! Ашаршылық пен азып-тозған өмір, оған қоса ауыр еңбек, ұйқысыз өткізген талай түндер мен қалжырап құлаған тіршілік-барлығы да жеңіске арналды емес пе?

Алаңсыз өткізер балалық шақтың бал дәмі, тойып ішер тамақтың таңдайдан кетпес шырыны, асыр салып ойнар еш уайымсыз күндердің барлығы да соғыс құрбанына айналды. Оған өкініп жатқан не кәрі, не бала жоқ. Олардың тек арманы мен мақсаты соғыс өрті тез өшіп, жеңісті бір қадам болса да жақындатып, соғысқа кеткен боздақтардың аман-есен елге оралуын ғана бір Тәңірден тіледі. Бүлінген дүниеге, жоғалған затқа, шығын болған малға еш өкінбеді. Тілегені-тек Жеңіс, орнына келер деп үміттенгені-тек Жеңіс, табылар деп сенгені-тек Жеңіс, орнына келіп, оңалар дегені-тек Жеңіс еді. Олар үшін Жеңістен ұлы, Жеңістен киелі, Жеңістен қасиетті, Жеңістен артық еш нәрсе жоқ еді.

Біз үшін өмірін құрбан еткен, соғыстың ауыр қиыншылықтарын көрген, майдан шебінде қайтпас қайсарлық пен ерлік көрсеткен ардагер аталарымыз да санаулы. Олар осы күнді аңсай күтті. Күні бүгінге дейін өзінің артындағы ұрпақтарды, мына біздерді, соғыстың тауқыметін көрмесін деп тілейді. Жатса да, тұрса да тілейтіні «соғыс» деген сөздің де, өрттің де келмеуін, болмауын дос түгілі, дұшпанға тілемес еді. Себебі олар бұл сөздің қаншалықты тең келмейтін ауыртпашылық екенін әлі күнге дейін ұмытқан емес, ұммытпайды да! Сондықтан да біз ата-бабаларымыздың ерлігіне бас иіп, тағзым етіп, қадірлеп, қастерлеуіміз керек. Бұл жай сөз емес, шын жүректен айтар келер, өсер ұрпақтың тілегі мен естен кетпес өсиеті, мойынға салып арқалар аманаты деп білемін. Ешкім де, ешнәрсе де ұмыт болмайды, олардың әрбір өткен азапты күндері мен жанын шүберекке түйіп өткізген түндері үшін біз сан мәрте тағзым етіп, қастерлейміз.

Мен өзімнің ата-бабаларыммен мақтан тұтамын. Қиямет пен қырғын қан төгістен арылып, армандап жеткен жеңісімізге 70 жыл толады. Осы жеңістің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

70 жылдығында ашық аспан астында, бейбіт өмірмен тойлағанымыз үшін ардагер ата-әжелерімізге айтар алғысымыз шексіз. Лайым егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің арқасында тойлар Жеңісіміз көп болып, көк байрағымыз биікке желбірей берсін! Көгімізде тек бейбітшілік құсы – ақ көгершін қалықтап, айтар әніміз бен тартылыр күйіміз алысқа шырқала берсін! Көргеніміз Жеңіс пен бейбітшілік, бірлік болсын деп барлық жастардың атынан тілеймін. Алған біліміміз жасаған ерлігіміз болсын, көрген тәрбиеміз жеңіске жетелеген болашағымыз болсын деп тілеймін. Ерліктің жеңіске, ал, жеңістің тәрбиеге, тәрбиенің алға жетелейтінін барша қатарластарым естен шығармаса деймін.

Уалиханова Ақмарал

10 сынып , №28 орта мектебі Ақжар ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Сарыбаева З.С.

Ұрпаққа ұран болған Ұлы Ерлік

Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатыр. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны- бар халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін біз ешқашан да ұмытпаймыз.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңе теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс – он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Жеңіс күнін бүкіл халық тойлайды. Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанымызда ақ көгершін қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлерімізге рахмет айтқым келеді. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз.

1941 жылдың 22 маусымы – біздің тарихымыздағы ең қайғылы күн, Ұлы Отан соғысының басталған уақыты. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта қалатын күн.

Ұлы Отан соғысының төрт жылы – 1418 күні мен түні – халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылып, өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жанын қиды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда, батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті, Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде – бір үлкен шайқас болмады. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста қазақтың 497 азаматы Кеңес Одағы батыры атанды. Кеңес Одағының батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды.

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан Баубек Бұлқышов Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған небәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанын тебірентіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды, «Біз кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді шошытқан халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлы. Атақты әскер қолбасшысы Бауыржан Момышұлы жорық жолын Жетісудан бастап, Европаның төріне – Берлинге барып ат басын тіреді. Бауыржан Момышұлы соғыс өнерін жетік меңгерген әскери қимылдарға әзірліктің және оны жүргізудің теориясы мен практикасын қолдана білген қолбасшы. Ол кісі – 207 рет соғысқа қатысқан қаһарман батыр. «Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

құрбан еткен» дейтін өмірлік ұстанымынан бір мысқал да ауытқымаған, бойында иненің жасуындай жалғандығы жоқ, бір өзіне ғана жарасар ерлік пен өрлік бар, төрт жыл сыз жастанып, ұйқысыз, мазасыз түндерді, кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер есімі қазірде батырлықтың символына айналды. Бауыржан Момышұлының ел алдындағы биік бағасы, сіңірген еңбегі, өнегелі өмірі, қатал да суық мінезі, алмас қылыштай қиып түсер өткірлігі, айта берсек таусылмайтын, қайта жыл өткен сайын жаңарып отыратын жақсы қасиеттері біртуар жанның ерекше жан екенін көрсетеді. «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» - деп Бауыржан атамыз өзі айтқандай, оның есімі ел жүрегінде мәңгіге сақталады.

Қолын кессең бір сөз айтпас,
Шын қаһарман ер жігіттер
Аз болмады қазақта

дегендей, төсін отқа төсеген батыр аталарымыз Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Т.Бигелдинов, Н.Әбдіров, Р.Амангелдиев, С.Баймағанбетов, Д.Шыныбеков, С.Жылқышев, Т.Мырзаевтың есімдері алтын жұлдыздың сәулесімен шағылысып, өткен ғасырдағы сұрапыл күндерді еске салады.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. «Ерліктің қос қанаты деп білемін Аяулы Әлия мен Мәншүгімді», - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймады. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлия – халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды құтқарған қазақтың батыр қыздары.

Әлеуметтік-тарихи өзгерістер мен құбылыстарға қашанда алдымен үн қатуға, өз үнін білдіруге әзір елгезек халық ақындары мен жазушыларының шығармалары бұл жылдары ерекше шабытқа толы болды. әсіресе, Отанға төнген қауіп 96 жастағы қарт ақын Жамбыл Жабаевты тыныш жатқызып қоймады. Соғыстың алғашқы төрт жылында ол үш жүз мың жолдай жыр төкті. Олардың ішіндегі ең көркемі, әрі құндысы «Ленинградтық өренім» толғауы еді. Бұл өлең 1941 жылы 900 күн, 900 түн қоршауда қалып, елден бөлініп, қиын шақты басынан өткізген қаһарман ленинградтықтарға арналған болатын.

Ленинградтық өренім,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Мақтанышым сен едің,
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін,

- деп басталатын толғау қалада радиолардан беріліп, әр көшеде, алаңда, плакат ретінде жазылып, қала халқына, Ленинградты қорғаушыларға зор қуат берді, орталық газеттерде және майдан газеттерінде басылып жатты. Майдандағы әскерлер де, тылдағы жұмысшылар да, аналар мен қарт әжелер де, тіпті жас балалар да Жамбыл өлеңін сүйсініп оқыды. Жауынгерлер ақынның жалынды сөздерінен керемет рухтанып, арыстандай арпалысты, мыңдаған адамдар көздеріне жас алып, жігерленді.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы- біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік.

Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Халқымыздың зердесінде бұл күн – 1945 жылдың 9 мамыры – мәңгілік сақталады, ғасырлар бойы ұмытылмайды. Бұл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталған күні, әлем фашистік құлдықтың қаупінен азат етілген күн. Бұл – Жеңіс күні. Отан үшін өмірлерін құрбан етіп, ерліктің үлгісін көрсеткен барлық кезеңдегі қаһарман жауынгерлер есімі ұмытылған емес. Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреті шексіз екені баршаға аян. Ел алдындағы борыштарын өтеп, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғап қалған ерлерге тағзым етеміз. Олар еліміздің жарқын болашағын, жас ұрпақтың өмірін, халықтың бақыты мен қуанышын сақтап қалды.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, халықтың батырлығы. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны секілді, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл мыңдаған ұрпақ үшін мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбынын, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болмақ.

Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлығы, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. «Ер есімі – ел есінде» демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлықова Зарина

10 сынып, № 111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Ата-баба қанымен келген жеңіске – 70 жыл
Сүйінші ,халқым ,сүйінші,
Сүйіншіге сүйінші.
Шаттан ата-анамыз,
Шаттан аға-бабамыз,
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жеңдік жауды күрестен
Жасалған той-мереке,

- деп ақын Т.Жароков жырлағандай міне,ұлы отан соғысының жеңіспен аяқталғанына жетпіс жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн.Ұлы отан соғысы төрт жыл,мың төрт жүз он сегіз күн мен түнге созылды. Сол мың төрт жүз он сегіз күн мен түн халыққа төнген ең ауыр күндер.Сол күндер аралығында өз жері мен отаны үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Біз Ұлы отан соғысында Ұлы жеңіске ештеңе жетпейтін ғажап күшпен жеттік.Ол күн әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттің ортақ мерейтойы.

Қазақтар басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы отан соғысының қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғанға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақ Кеңес одағы батыры атағын алған. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптамай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан жеңіс күні. Сондықтан бұл ұлы мереке оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталардың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған артағы қалың елдің қаймығып жеткен жеңіс күнін, біз ұмытсақ тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Сол соғыста қанша мың қазақстандық жауынгер халқы үшін еңбек сіңіріп осы жеңіске биыл жетпіс жыл сыйлап отыр. Сол жеңісті бізге сыйлаған аталарымыздың бірі де бірегейі найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы сөйлесе де қайрымы мол, өз мүддесін ұрпақ мүддесін ойлаған, қара

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадында мәңгі қалып, өнегесі мол күш ғибрат, рух береді. «Ер есімі – ел есінде », - демекші бізг жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Ешкім де ешнәрсе де ұмытылмас емес! Соғыс-күйретуші күш. Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Соғыс ардагерлері жанымыздан бірте-бірте кетіп бара жатыр. Сол ата-баба қанымен келген жеңіске 70 жыл толуына орай Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында биылғы жыл өте маңызды жыл деп атап өтті. Себебі биыл ата-баба қанымен келген жеңіске 70 жыл. Сол мерейлі мерекені дүбірлетіп өткізуді айтып өтті. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапеш пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен беларус, казак пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап жеңіске жетуіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Беларуссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Руминия, Венгрия, Чехославакия, Болгария, Германия жеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмаған.

Біздің борышымыз бұл алапат соғыстағы жеңістің бізге қалай жеткендігін ұғыну, қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген ардагерлерге ұдайы қамқорлық көрсету. Қасиетті де қастерлі отан үшін жан беріп, жанын пида еткен шейіттерді жыл сайын еске алып, олардың рухына тағзым ету біздің, кейінгі ұрпақтың парызы.

Хамидулла Жұлдыз
10 сынып, №31 орта мектебі
Жалағаш ауданы Қызылорда облысы

Ұлы отан соғысына 70 жыл

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл. Бірақ ұлы ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен батылдықтары олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлеріне ғана үлгі емес, келер ұрпаққа да үлгі болып табылады.

Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аста жерлестеріміз, оның ішінде Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және басқа батырлар.

Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүрген. Бұл соғысқа тіпті қолына қару алып көрмеген қара халықта қатысыпөз Отаны үшін шайқасқан. Әйел адамдар көп еңбек етіп, жұмыс жасап азық жағынан солдаттарды қамтамасыз еткен. Ал қазақ халқының әншілері, жыршылары соғысқа қатысып, шайқасып жүрген әскерилерге арнап өлең шығарып, өлең айтқан. Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев атамыз соғыста жүрген әскерилерге рух беру үшін, қолдау үшін «Ленинградтық өренім» деп жырлаған. Осының барлығы халық батырлығы болып табылады.

Қаһарман партизандар

Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты. Партизандық қозғалыстың Ғалым Ахмедияров, Ғалым Омаров, Нұрым Садықов, Қасым Қайсенов, Нұрым Сыздықов, Әди Шәріпов, Тәжіғали Жангелдин т. б. батырларының есімі көпке танылды.

Қазақстанның жұмысшы күшінің елеулі бөлігін арнайы қоныс аударғандар құрады. Соғыс басталған кезде олардан Еңбек армиялары құрылды. Оның құрамында 700 мыңнан аса (200 мыңы қазақтар) адам болды. Ұлан-ғайыр қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан экономикасы КСРО-ның Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісін қамтамасыз етуге өзінің лайықты үлесін қосты.

Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті. Біз жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Жеңістің 70 жылдығын оларға лайық деңгейде атап өтуіміз керек. Өйткені бұл – ерлік пен елдіктің, батырлық пен өжеттіктің мейрамы.

Қазақстаннан қан майданға аттанған ер жүрек ұл-қыздар фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп, жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған отбасы атпал азаматтарының жеңіске жететініне сенді және сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті.

Қазақстандық жүз мыңдаған отандасымыз елдің сол сенімін ақтап, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Олардың бәрі де кеуделеріне орден, медальдарды жарқырата тағып, Отанына абырой әкелді. Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгер «Кеңес одағының батыры» атағын алды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Мәметова, Ибрагим Сүлейменов, Сұлтан Байғамбетов сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің жүрегінде мәңгі сақталады. Осындай есіл азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев соғыс ардагерлеріне ерекше қамқорлық көрсетіп келеді. Биыл біз Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Бұл – сіз бен біздің ортақ тарихымыз. Осынау ерлік мейрамына дайындалу – Ардагерлер кеңесі үшін үлкен мәртебе. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу, соларға арнап мереке өткізуге дайындалу бізге тек қана қуаныш сыйлайды.

Біздің ата-бабамыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың ең соңғысы – Ұлы Отан соғысы болды. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты – ұрпақтарының, яғни, біздердің жақсы өмір сүруімізді, бейбітшілікте өмір сүруімізді қалады. Осылайша, аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған Жеңістің маңызы артып келеді. Олар көрсеткен ерліктері бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік қасиет әркезде де қастерлеуге тұратын қасиеттердің бірі. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегін жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпалықты бастан кешкен олар да Жеңісті жақындатуға көп үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз болса керек. Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Оттан да ыстық Отан үшін от кешкен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Бұл тарихқа алтын әріптермен жазылды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс.

Отаншыл болу – ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр пұшпағын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

білектің күшімен қорғағанын ұмытпау – парыз. Отан сенің отбасыңнан, аядай ауылыңнан, сол жердің тасынан, суынан, топырағынан басталады. Қазақ жері – киелі, қасиетті. Оны малмен, ақшамен, алтын-күміс, асыл тастармен бағалауға келмейді.

Отаншыл болу – ұлтжанды болу. Ұлтсызда Отан жоқ. Болмақ емес. Ата салттың қадіріне жетпеген, ана тілін ардақтай алмаған бозөкпе отаншыл болып жарытпайды. Қай жерде «қарны тоқ, көйлегі көк» болса, сол жерді жайлы мекен санайды.

Отаншыл болу – бір-біріңе бауырмал болу. «Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түнілсін» дейді дана халқымыз. «Біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі бос» дейді кемеңгер Абай.. Ынтымағы жарасқан елді көргенде, жаудың құты қашады. Бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Қайкезде де азаматтың өз Отаны алдында парызы болады. Азаматтың қасиетті борышының бірі – Отан алдындағы парызын өтеу. Кезкелген адам бейбіт заманда да Отанын қорғайалады. Ол дегеніңіз қолғақару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауаттыперзенті бола алу. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» дегенекен батыр Бауыржан Момышұлы. Ол – Отан үшін еткен еңбектіңешқашанзаякетпейтіндігі.

Халқымызда «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болады» деген мақал бар. Жастарөз Отаныныңнағыз патриоты бола алуүшінүлкендер де өз соңынан ерген ұрпақты дұрыс тәрбиелеуі керек. «Отаным маған не бересіңдеп емес, Отаным, мен саған не береаламын?» депөсу керек. Сонда елімізде әрқашан да бейбітшілік болады. Себебі, ертеңгі елдің тізгінінұстар азаматттар білімді болса, олар барлық қиыншылықтарды ақылмен шеше алатын болады.

Соғыс кезінде қаншама жастар қыршынан қиылды. Олар Отан үшін жанын пида етті. Ал олардың әрқайсысының анасы, баласы, сүйгенқыздары, үлкен-үлкенармандары бар еді. Бір ақоларелгеқауіптөнгенкездебарлығын да құрбанетті. Жап-жас болса да Отанын қорғап жатып жан тапсырды. Бұл – шынында да ерлікболатын.

Майдан шебінде жанын пида еткен жауынгерлер мәңгі есімізде қалады. Отан үшін отқа түсіп, Жеңіс сыйлаған ардагерлерге тағзым етеміз. Сұрапыл да жойқын соғыста қыршынынан қиылған жауынгерлер есімі ел есінде мәңгі сақталады.

Ұлы Отан Соғысы – тарихта мәңгі қалатын күн.

Мен бұл Ұлы Отан Соғысы туралы шығарманы жаза бастағанымда бұл соғыс туралы он немесе жүз бет болсын, айтып тауысу мүмкін еместігін білдім. Өйткені Соғыс-бұл ешқашан сынға берілмейтін азап.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Хамитова Аружан

10 сынып, Ш.Уәлиханов атындағы №26 орта мектеп,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Ерназарова Г.

Жетпіс жылда елім менің жаңарған

Мен соғысты жек көрем,
Көкем айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген,
Кім көз жасын төкпеген?
Қ.Жұмағалиев

Отан. Ауқымы өте кең ұғым. Кез-келген жанға аса қымбат, өте ыстық сөз. «Отан» деген сөзді естігенде көзімізге байтақ даланы алып жатқан шатшадыман тұрмыстағы бақытты ел келеді. Бірақ, «ел басына күн туар» мезгілдер де болмайды емес. Сонау қырық бірінші жылға көз тастасақ, ойға ең бірінші Ұлы Отан соғысы түсері анық. Шырт ұйқыда, еш уайымсыз жатқан халықты дүр сілкінткен де осы – соғыс. «Ер басына күн туса, етігімен су кешер» демекші, ардақты ерлеріміз соғыстан халқын аман алып шығу үшін аянып қалмады. Орыс жазушысы Леонид Леонов: «Отанға қауіп төнгенде ең сүйікті шұғыл ісің де жайына қалады», - дейді. Әрине, Отан үшін, ел үшін басын қатерге тігіп, тас түйін рухпен, жанқиярлықпен соғысқан аталарымыз бен әкелеріміздің батырлығы бүгінгі жауынгерлері үшін үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты тәрбиелейтін қоғамның дамуы мен ұлттың өрлеуінің жоғары адами сатысы.

Сол бір сұрапыл соғыс жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімдерін дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз Кеңес Одағы Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, И.Павлов, М.Мәметова. Әлия Молдағұлова және басқалар. Тіпті, Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен өзіміздің қазақ азаматы Рақымжан Қошқарбаев болатын. Соғысқа 1 млн 700 мыңдай қазақстандық қару асынып аттанған. Одан бөлек қаншама адам тылда еңбек етті десеңізші?

Отаным, еркелеймін енді кімге?
Өзіңмен не болса да, көрем бірге.
Қалайша қабырғама батпас менің,
Басыңа қатер бұлты төнген кезде

Осы өлең жолдарынан сол кездегі жұрттың сезімін ұғуға болатындай.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыс кімге болса да оңай тимеді. Қаншама қан, қаншама жас қара жер қойнауына батты. Елде қалған аналар зар еңіреді. Соғыстың аяқталуын минуттап, сарыла күтті. Талай бойжеткендер ағалары мен әкелерінің соңынан келген «қара қағазды» құшақтап етегі жасқа толды.

Қалай сені жұбатам, аңыра ана.
Рас болса мына келген «қара қағаз»,
Саған ұл,маған әке табылар ма?,

-деген өксікке толған дауыстар көп үйлерден шығып жатты. Хабар алмаған өзге халық жандарын шүберекке түюмен болды.

Соғыс жылдары көшенің әр бұрышында, әрбәр ірі қалаларда

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін,

-деп басталатын атақты ақын Жамбыл Жабаевтың өлеңі ілулі тұрды. Бұл өлең жауынгерлердің рухына рух,қайратына Өайрат қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық толғаулары үшін Жамбыл Жабаевқа КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы мемлекеттік сыйлық берді.

Ел үшін аянбаған ерлердің арқасында жеңістің де иісі сезілді. «Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Кеңестік радио.

4 жылға созылған Ұлы Отан соғысы аяқталды. Кеңес Одағының бауырмал Армиясының ерлігі дастан болды. Біз жеңіске жеттік!»-деген үн естілгенде, бүкіл ел қуаныштан жылап, төбелері көкке жеткендей болды. Жер-жерден «Апа, апа соғыс бітті», «Жеңіс, жамағат, Жеңіс!», «Аллаһ, саған мың тәубе, тілеігім қабыл болды» деген қуанышты үндер жарқын-жарқын шығып жатты. Дәл осы қуанышқа толы айтулы күн-бүгінгі буынға, мына біздерге де үлкен мереке. Бұл мереке бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отан қорғаған жауынгерлер мен офицерлердің айбыны, тылдағы жұмысшылардың ерліктерінің мәңгі өшпес белгісі болып қалмақ. «Отан» деген ұғымның қастерлігін айқындайтын тағы бір аксиома болып қалыптаспақ.

Биыл айтулы мереке жылдағыдан өзгеше өтпек. Себебі, биыл Жеңістің 70 жылдық мерейтойы. Осы жеңіске жетелеген соғыс ардагерлеріне мың тағзым. Себебі, жеңіс оңайлықпен келмеді. Бұл жеңіске жету жолында қаншама қала, қаншама өмір құрбан болды. Ешкімнің ерлігі ұмытылмады, ешкім оны ұмытпақ емес. Елі үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен азаматтар әрдайым ел есінде. Осы ерліктің арқасында еліміз тыныш, тәуелсіз өмір сүріп жатыр. Жеріміз кең, еліміз бақытты. Республикамыз дамыған елдер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қатарында. Жетпіс жылда еліміз жаңарып, дамып, өз орнын саяси аренадан ойып тұрып алды. Мұның өзі сол бір жеңістің арқасы...

Жеңіске деген тағзымымды осы толғаумен білдіргім келеді. Ойымды өз каламымнан туған өлеңіммен аяқтамақпын.

Соғыс. Зұлмат. Шайқас. Сол бір сұм қырғын.
Төнген кезде бойыңа өр рух қондырдың
Тамырынан кесіп, үзіп сабағын,
Ез, өзімшіл, қорқақтықты солдырдың.
«Алға бас, - дедің - балам, әсте шегінбе»,
Жеңіс туын желбіретіп көгімде,
Ойға салсам рухым тасып кетеді,
Сіздердей батыр болғанына тегімде.
«Я, Құдайлап!» жауға шапса ұраны,
Иманы жолдас, болып серік Құраны.
Елімнен Отан қорғаймын деп кеткендер,
Жеңіске жетіп, бүгінгі күнді құрады.
Жеңістен кейін орындалды сан арман,
Ақталды жастар ыршып шыққан жанардан.
Ұмытпайды ерліктерін ешқашан
Жетпіс жылда, елім менің, жаңарған!

Шакидуллаева Хадиша

8 сынып, № 13 мектебі

Арал қаласы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Диханова А.

Азаппен келген даңқ – мәңгілік

Жеңісті сан миллиондаған адамдар бес жыл бойы минуттап, сағаттап, жылдап сырыла күтті емес пе? Ақыры, олардың үміті мен сенімі ақталды. Бірақ сол жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жауға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, біздің арамызда асқар таудай болып жүрген ата-апаларымызға басымызды иіп тағзым етуіміз керек. Олардың ерлік істерін ешкім де, ешқашан да ұмытпауға тиіс.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын.

Кім келіспейді бұл тілекпен! Әр көктемде Жеңіс күні осы әнді бүкіл қазақ елі боп шырқасақ! Тіпті тек бір біз ғана емес, бүкіл адамзатқа ұсынар әлемдік ән.

2015 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70жыл толады. 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны ащы болса да, шындық. Олардың көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан екі миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан 394мың қазақ боздақтары қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Ішінде ақын да, әнші де бар еді. Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен...

Қайғыны білмесін ана жаны
Қазіргі адамда арман сол.
Әлемнің бар сәби балалары,
Оянсын ұйқысы қанған соң.

Адамзат тарихында жеңістер көп. Бірақ солардың ішінде мән- маңызы жөнінен шоқтығы биік – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Жыл сайын тоғызыншы мамыр күні сұрапыл соғыстың куәгерлері- майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет- ілтипаттарымызды білдіріп, соғыс сабақтарын еске алып, соғыста қаза тапқандардың рухына бас иеміз. Екінші дүние жүзілік соғыстың ішінде ең ауыры 1941-1945 жылы болған Ұлы Отан соғысы болды. Ол жылдардың лаңы қалай деген де әрбір адамның тағдырына әсер етпей қойған жоқ. Көпшілігі Отанын қорғау жолында мерт болса, сонша адам майданды керек - жаракпен қамту жолында еңбек етіп, Ұлы Жеңістің негізін қалады. Бүгінде арамызда сиреп бара жатқан ардагердің майдан жылдарындағы әңгімесін тыңдағанда, майдан жылдарындағы әндерді естігенде көңілге еріксіз мұң ұялады. Көктеммен бірге келетін осынау Жеңіс мерекесінің көз жасы аралас қуаныш мерекесі де аталуы да, мүмкін, сондықтан болар. Егерде әрбір қаза болған адам үшін үнсіздік сақтар болсақ, еліміз үнсіз қалыпта қалуға тиіс еді. Жеңістің тағы да бір құны – мәңгілікке кеткен жастық шақ деуге болады. Өйткені көптеген адамдардың қуанышқа толы шақтары

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

осындай қиын кезеңге келді. Бұл жігіттер сен қыздардың көбі өрімдей жас болатын. Олардың жастық шағы ешуақытта қайтадан оралмайды. Олар отбасын құрып та үлгірмеді, мәңгіге жас күйінде өмірден өтті. Солардың бірі шығыстың қос шынары атанған, Кеңес Одағының батыр қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова.

Жеңістің тағы бір төлеуі – табиғатынан адамға жарық дүние сыйлайтын әйелдердің, апалардың өз балалары, болашақ ұрпағы үшін қолдарына қару алып жаумен шайқасқаны. Балаларға да соғыстың ауыртпалығын бастарынан өткізуге тура келді. Олар аштықты, жалаңаштықты көріп, қара қағаздан қайғы жұтып, зар жылаған ана дауысын естіп өсті. Өлшеммен берілген азық-түліктің арасында нан қадірін, тұз бағасын біліп өсті.

Әрбір жанұя соғысқа аттанғандардың аман-есен оралуын аңсап, майдан даласынан келетін әрбір ұшбұрышты жауынгер хатын асыға күтіп, ерекше аңсап, қастерледі.

Талай қандар төгілді жерімізге,
Бір тыныштық орнады елімізге.
Ойдағы үлкен қорқыныш ұмытқалы,
Бабамыздың еңбегі ұлықталды.
Жеңісті біз тойладық қуанышпен,
Аналарды жұбаттық жұбанышпен.

Көп армандап, аңсап жеткен жеңіске биыл 70 жыл толғалы отыр. Демек, бейбіт өмір сүріп жүргенімізге де 70жыл толды деген сөз. Біз бұл Жеңіске оңай жеткен жоқпыз. Соғыстың ащы дәмін татқан еліміз Жеңістің қадірін де біледі. Жеңіс жолында жүріп тәуелсіздік алдық. Балалық, жастық шағымыз Тәуелсіз елдің көк аспанының, кең шаңырағының астында өтіп жатыр. Тәуелсіздігіміз ұзағынан болғай.

Шамша Алина

9 сынып, №266 мектеп-лицейі Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Тілеулесова М.

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмас

Ерді ел үшін,
Жігітті жұрт үшін – мақта,
Ежелден ер тілегі – ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
Қол жайып шын ниетпен берген бата,

Шаршаған жауынгерге бел тірегі.
Б.Момышұлы

«Мәскеу өлкесіндегі қырғын соғыстың кезі....»

Қарашаның 26-шы жаңасы. Жерге шідеріден жоғары қар түскен. Солтүстіктен соққан қара жел қарып жеп,кісінің өңменінен өтіп барады. Немістің басым күшінің алдына көлденең түсіп, Мәскеуге қарай жібермей бөгет болып, күніне үш-төрт шабуылын тойтарып, С.қыстағының маңайында жанталасып соғысып жатқанымызға төртінші күн болғанда мені күтпеген жерде дивизияның штабына шақырды.

Барсам штаб бастығы, полковник Серебряков мейірімді жүзбен күлімдей қарап:

– Жүріңіз, жолдас аға лейтенант, командирге ертіп барайын, сізді шақырған сол кісі еді, -деді.

Көптен ұйқы көрмеген қарт генерал қажыңқырап-ақ қалған екен. Менің сәлемімді алып:

– Отырыңыз, деп орындыққа қарай басын изеді де, темекі тұтатып тартып, біраз ойланып, менің басымнан аяғыма дейін екі рет қарап, бір нәрсені ұмытқан адамша жуық арада сөз бастай қойған жоқ. Ондай мінезді мен бұрынғы бірнеше рет жолығуымда генералдан көрген де, сезген де емес едім. Не болған деп таңғалып, мен де үн шығармай отыра бердім.

Жұлып алғандай:

– Бүгін түн ортасында Десятидворкада жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастағаныңызға жол болсын. Ең болмаса он шақтысын тірі ұстап алып келмегеніңіз бе? Одан кейін, ол жерге өзіңіз баруға мен рұқсат берген емеспін. Менің қай жер болса сол жерге жұмсап, шаша беретін командирлерім жоқ. Мейлі, абырой болып, аман-есен қайтқаныңызға шүкір, бірақ та бұдан былай сізге әр додаға кірісе беру жарамайды, -деп, - ай,жастық,жастық,кейде алды-артын ойлатпайтын жастық!Егерде жазатайым болып кетсеңіз, сонда (жаман айтпай жақсы жоқ деген ғой) батальонды кім меңгеріп, кім басқармақ? Сол жағын аттанардың алдында сіз ойладыңыз ба?

– Менен басқа адам құрып қалды дейсіз бе?-деген сөз аузымнан қалай шыққанын сезбей қалыппын. Генерал қатал дауыспен:

– Сізден басқа адам құрыған жоқ, бірақ та сіз сықылдылар көп те емес. Соны еске алу керек. Сіз батальон командирі, сіз сықылдыларды қазақ мыңбасы дейді. Қай қазақтың мыңбасшысы мыңды тастап,онбасының қызметін атқарған еді, -деді де, түсін жылыта беріп, -қой шырағым қызулықты! Шошаңдамай өз орнында отырып, қарамағыңдағы командирлерді жұмсап, басқарып меңгергін». Бұл үзінді жолдары Б.Момышұлының «Жауынгердің тұлғасы»әңгімесінен алынған.

1943жылы желтоқсан айының аяғында майданнан Алматыға қалған гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлын жұртшылық қуанышпен қарсы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

алды. Бұған дейін-ақ 1941 жылғы Москва түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлік істерімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316-шы атқыштар дивизиясының батальон командирлерінің бірі аға лейтенант Б.Момышұлының ұрыс даласында көрсеткен батырлығы оның есімін ауызға айналдырып, даңқ тұғырына көтерген еді.

Осыдан 70 жыл бұрын 22 маусымда фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғыста бірінші болып қарсы алғандардың қатарында қазақстандық шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, қала мен ауыл тұрғындары соғысқа сұранды. Соғысқа тыл қызметкерлерімен қатар, ауыл шаруашылығының да тигізген үлесі мол болды.

Соғыс 4 жылға созылды. Қаншама қалалар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, темір жол стансалары, аурухана, мектеп, жоғары оқу орындары жойып жіберілген, тоналған.

Міне, биыл Ұлы жеңіске 70 жыл!

Халқымыз дүркіретіп той тойлауда. Күн сайын мектептегі кітап парағынан, көшедегі ілінген плакаттардан, жазылған алуан түрлі жырлардан, газеттегі түрлі мақалалардан, журналдардан берген қан құйлы, жан түршігерлік соғыс туралы фильмдерден көріп жанымыз күйзеліп, күңіренетінбіз.

Бүгінде соғыс ардагерлеріне елімізде үлкен құрмет көрсетілуде. Соғыс ардагерлері Астанада, Мәскеуде жылда бас қосады. Сонымен қатар тылда еңбек еткен еңбеккерлер де елеусіз қалған жоқ, арнаулы медальдармен, ақылы сыйлықтармен марапатталуда.

Қызылорда облысынан Ұлы Отан Соғысына 150 мың адам аттанды, 20 мыңнан астам жерлестеріміз орден, медальдармен марапатталды, 30 мыңнан астамы оралмады, 23-і Кеңес Одағының Батыры атанды. Бұл қанды қырғын соғыста отандастарымыздың жанұясына оралмағандары, хабарсыз кеткендері қаншама.

Бүгінде Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде. Бұл соғысты ешкім де ұмытпауы, ешнәрсе де ұмытылмауы керек.

Шүйіншәлі Шынар

11 сынып, №94 орта мектебі Жанқожа батыр ауылы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазалы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Мәлкеш А. С.

Ер есімі – ел есінде

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын!
Бауыржан Момышұлы

Ұлы Отан соғысы! Қандай ызғарлы, суық сөз! Осы сөзді естігенде, «елім» деп жер құшқан талай есіл ерлер еске түседі. Осынау суық сөзді кітаптан оқып, кинолардан көрген сайын, осы заманда ел тыныш, берекелі уақытта өмір есігін ашқанымға қуанамын. Сол жылдардың естелігіндей сирек болса да арамызда жүрген ардагер ата-әжелерімізге елжірей қарап, шын жүрегімізбен бас иіп, алғыс айтқым келіп тұрады. Балалық шағын, жастығын, бақытын ұрлаған сұм соғыс ата-әжелеріміздің бетіне әжім сызығын салған. Жүректерінде – жара, көңілдерінде – нала қалдырған. «Екінші дүниежүзілік соғыс» деген атпен тарихқа енген бұл соғыс Ұлы держава Ресей мен Германия арасында болған. Біздің еліміз де, жеріміз де өзге ұлт өкілдері секілді Ресейге бағынған. Отанымыздың жүрегі «Мәскеу» деп білген. Осындай тыныш жатқан елге тұтқиылдан 1941 жылы 22 маусымда, таңда, шабуыл жасап басып кірген. Германия бұл соғысқа үлкен дайындықпен кіріскен. Неміс басқыншылары ентелей ішке қарай еніп, жолындағы қала, даланы қанға бояп, қирата отырып, Мәскеуге жақын қалған. Көп ұлтты халықтардың тағдыры сынға түскен шақта, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ел біртұтас бірлеспесе болмайтынын жақсы түсініп, бауырласқан. Қазақстанда, Алматы қаласында жер-жерден жиналған атқыштар дивизиясы құрылған. Оның басшысы Панфилов еді. Генерал Панфилов дивизиясының Мәскеу түбіндегі Крюков стансасындағы шайқасы Ұлы Отан соғысы тарихында үлкен бетбұрыс алған. Осы дивизияда атамыз Бауыржан Момышұлы да шайқасқан. Алматыда жасақталған бұл дивизия барлығын табанының астына жаншып, келе жатқан фашистік Германияның армиясына тұңғыш рет тойтара соққы берді. Осы Мәскеу үшін шайқаста аты аңызға айналған халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы қолбасшылық еткен бөлімнің жауынгерлері ерекше табандылықпен ерлік көрсеткен. Соғыс кезінде ол жаугершілік заманда қол бастаған батыр бабаларымыз секілді ерекше әдістерімен жау әскерлерін ойсырата жеңіп отырды. «Әскерсіз қолбасшы-қауқарсыз, басшысыз әскер-әлсіз», - деген екен Бауыржан атамыз. Соғысу әдістерін терең меңгерген Бауыржан атамыз қол астындағы командирлерге сенім арта отырып, олардың өздерінше жауынгерлік қимыл жасауына да мүмкіндік берді.

Бауыржан атамыз бір жазбасында:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

«Тағдыр мені адамзаттың жан түршігерлік қайғы-қасіретінің куәгері болуға жазса да, ақ қағаздың бетіне болат қаламсаптың ұшымен қисынды сөзді маржандай етіп тізе алатындай өнерім болмаса да, жай себеппен, менің жауға сілтер қылыштың сабын ұстауға үйренген қолыма, қаламсап та, уставтың өктем бұйрығына үйреніп қалған тілім де ырық берер емес, бірақ та сараңдардың санатында қалмас үшін, өлгендердің рухы, зардап шеккен, адал солдаттарымның алдында үн-түнсіз қалмауға, бастан кешкендерді тілсіз қағаз бетіне түсіруді өзіме парыз санаймын», - деген.

Күндіз-түні тынбайтын атыс-шабыста, қыстың сақырлаған сары аязы мен жаздың шіліңгір ыстығында аш-жалаңаш жүрсе де, жауынгерлер бойында шыдамдылық, төзімділік, сабырлылық басым болатын. Рухы мен ерік-жігері мықты, отансүйгіш жауынгерлер қандай да тапсырманы болмасын, абыройына дақ түсірмей орындауға әзір тұратын. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мына тыныш заман сол ерен ерлердің, атпал азаматтардың өз өмірін құрбан етуі арқасында келгені рас. Қазақтың шексіз даласы, дәстүрі мен салты, тілі мен мәдениеті-тәрбиенің алтын бесігі – Мәншүк, Әлия, Хиуаз ерліктерінің рухани көзі.

Осындай ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен кезеңде әрбір отбасынан кем дегенде он шақты ер-азамат Отаны үшін жер құшты. Жаудың қарша бораған оғы астында жерлесіміз Үрмаш Түктібаев оқ жетер жерге бекініп алып, атысты жалғастыра бергенде, немістер қолға тірілей түсіргісі келіп, айласын асыра түсті. Үрмаш оңайлықпен берілмеді, керемет ерлік жасап, қаза тапты. Бірақ бекінген жерін жауға бермеді. Ол бүгінгі Тәуелсіздігіміз үшін, халқымыздың болашағы үшін жанын пида етті. Үрмаш есімі тарихқа алтын әріптермен жазылды.

«Жеңіс!» деген сөздің қашан да мерейі үстем, рухы мықты. Жеңіс күні- бұл бәрімізге де ортақ мереке. Міне, содан бері Ұлы Жеңістің осы күнге дейін жетпіс таңы атты. Сұм соғыстың үнінің өшкеніне де жетпіс жыл толып, сан миллиондаған адамдардың үміті мен сенімі ақталды. Жарын жоғалтқан ана-жесір, әкесінен айырылған бала-жетім атанды. Немістердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азапталды. Ал, тылда қалған қарттар, аналар мен балалар қайғы-қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ болып, тынбай жұмыс істеді. Бірақ ешкімнің жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, көптеген ұлт өкілдерінің бірлігі мен ынтымағы қуанышты күнді жақындата түсті. Соғыстан ауыр жарақаттанып, мүгедек болып оралғандар да елде көп жүре алған жоқ. Жеңіс күні Мәңгі Алау алдында біз оларды үнсіз еске аламыз. Ұлы елімізді, қасиетті жерімізді жау табанынан сақтап қалған олардың жанкешті ерлігіне құрметпен басымызды иеміз.

Жанын шүберекке түйіп, Отан үшін отқа түскен соғыс ардагерлерінің ерлік істері ешқашан да ұмытылмайды. Ана мен баланың, ата мен әкенің тыныштығы үшін сұрапыл соғыстың қанды кезеңдерін басынан кешкен майдангер аталарымыздың өмір жолы – таусылмас жыр, өшпес тарих!!!

Шынболатқызы Сарқыт
8 сынып, №83 орта мектебі
Арал қаласы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Сарманова Ш.

Жеңіске тағзым

Уақыт деген қандай жылдам. Сұм соғыстың бітіп, қаншама жылғы ең қымбат, ең аяулы, сан миллион адамның, жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің жан дүниесін дір еткізіп, талай жанның көз жасына ерік бергізген, дүние жүзі тарихындағы 1418 күнге созылған зұлмат қан төгіске соңғы нүкте қойғызған «Жеңіс» деген Ұлы сөздің айтылып келе жатқаныны 70 жыл толыпты.

1941 жыл маусым айы ... «Соғыс» деген сөз оның ұнжырғасын түсіріп жіберді. 18-40 жас аралығындағы ер-азаматтар ел қорғауға аттана бастады. Ол да сол жандардың арасында еді. Ауылда тек қазаны оттан түспеген қарапайым әйелі мен ештеңеге жарамайтын ата-анасы қалды. Балалары ауыр жұмыстарға жегілді, әкесіз күнделікті тамақ табу қиын болды. Үкілеген үміті қан соғыстың арасында жүргенде кейуана қалай байыз тапсын? Жүрегі «балапаным қашан оралады, қашан сұм соғыс аяқталады екен, аман-есен оралса екен» деп дүрс-дүрс соқты. Өз қиналысын көрсеткісі келмеген әкесі мұңын жасырып, іштей тынып, күтуден басқа амалы болмады. Ол үшін соғыс қияметі осылайша басталды...

Майдан даласы... Немістер мен КСРО арасындағы соғыс. Кей жандардың жаны қыл үстінде тұр. Атылған оқтар қарша борап, мыңдаған адам қыршынынан қиылып жатты. Бейкүна жандардың қаны суша төгілді. Оның әр минуты, тіпті әр секундті қымбат еді. Бар арманы үйіне оралу, бала-шағасын көру. Ауылына жіберетін хатын сүйсіне жазып, бір сәт болса да бақыт құшағында болатын. Сол хаттың жауабын асыға күтетін-ді. Ұрыстардың бірінде мина әсерінен аяғынан жарақат алып, неміс фашистерінің қолына тұтқынға түсті. Одан жауап алу мақсатында тергеулер жүргізді. Ол сөзіне берік жан еді, тек аузынан «білмеймін» деген сөз ғана шықты. Ақыр аяғында ол қайтыс болды.

Ауылына қаралы қағаз келді. Ұлының өлімін көтере алмаған анасы көп уақыт өтпей-ақ өмірден озады. Сонда да зұлмат соғыс жалғаса берді...

1945 жылы КСРО халқы жеңіске жетіп, немістерді тізе бүктіреді. Ақ түйенің қарны жарылып, 4 жылғы азаптан құтылды. Артынан көп жылдар өткеннен кейін өз тәуелсіздігімізді, бостандығымызды алдық. Міне, бейбіт елдің түлектері осы күнімізге шүкіршілік етеміз. Сол жандарымыз осы күнді көрмесе де, олардың жалғасы көргеніне, дәл осы күн туғанына бақытты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

шығар? Бүгінде ақ түйенің қарны ақтарылып, әділ, мыңның бірі елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен Қазақстан елі көркейіп қанат жайды. Өзге елдермен аяғымыз тең, тік басып тұрмыз. Біз, қаһарман халықтың салпыншағы, асылдың сынығы, жастар қолда бар алтынды қадірлейік! Бұл күн қаншама адамның көз жасымен, қаншама адамның қанымен келді емес пе?...

Ыбраева Гүлназ

11 сынып, №29 мектебі Тұрмағанбет ауылы
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Роза Алдамұратова

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әндер

Қазақтың халықтық музыка өнері саласында шалқар сахара, дархан даладай мол кең тараған бір жанр бар. Ол – ән. Ән – адамның жан серігі, қуанғанда бой сергітетін, күйзелгенде көңіл жұбатар, жорық жылдарында жігер қосар жайсаң жанр. Халықтың өткен тарихының куәгері саналатын «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әндер» туралы сөз етпекпін. Мұндай әндерден заман шындығын шертетін деректерді білумен қатар халық басынан өткен қилы-қилы тарих сырларына қанғандай боламыз. Ұлы Отан соғысының тарихтан алатын орны ерекше.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІ сессиясында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай дайындық жұмысын жүргізуді тапсырды. «Жеңістің 70 жылдығы жақындап келеді, біз қазірден бастап оған тыңғылықты дайындалуымыз керек», - деді Елбасы өз сөзінде.

Ұлы отан соғысы жылдарында туған әндер көбіне батырлық, ерлікке арналып, совет адамдарын Отанын қорғауға шақырады. Майдан жыры – сол сұрапыл кездің шындығы. Ол – от оранған солдаттың жүрек лүпілі, жан дірілі. Бұл жауынгерлердің қарбаласта, жөпелдемеде жазған жырлары. Әрине, шығармашылық асығыстықты сүймейді. Алайда, соғыс уақытының қатал заңы сондай. Әр өлеңде кеңес жауынгеріне тән қаһармандық, патриоттық ән бар. Демек, майданда туған жырлардың өзіндік тарихы, тағдыры бар екен.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылы 22 маусымда басталса, 24 маусымда В. Лебедев-Кумачтың «Священная война» («Қасиетті соғыс») өлеңі газет бетінде жарияланды. Сол күні композитор А. Александров оған музыка жазды. Бұл ән – Ұлы Отан соғысының эмблемасына айналды. Ұлы Отан соғысы жылдарының ең ауыр кезеңінің өзінде өнер адамдары майданда, еңбек тылында, ауруханаларда мәдени қызметтерін жалғастыра берді. Көптеген музыканттар мен композиторлар Ұлы Отан соғысына аттанды. Сондай әншілеріміздің бірі Жүсіпбек Елебеков «Жас қазақ» әнінің шығу тарихын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

былай әңгімелейді: «1942 жылдың қарашасынан бастап 1943 жылдың қаңтарына дейін үш ай бойы жауынгерлерге майдан шебінде концерт бердік. Халық Комиссарлар советіне Панфилов дивизиясынан арнайы хат келіпті. Ол хатта артистерді майданға концерт қоюға жіберуді өтінген екен. Сонымен, біз 1942 жылы он кісі майдан шебіне жүріп кеттік. Бізді Бауыржан Момышұлы бастаған көлік штабына әкелді. Бірнеше әнді айтып, сахнадан түсе бергенімде арт жағымнан біреу жүгіріп келіп құшақтай алды. Бұл «Жас қазақ» әнінің (авторы) композиторы Рамазан Елебаев екен. Рамазанның Төлеген Тоқтаровқа шығарған әні бар екен. 1942 жылы ақпан айының ішінде Бародина қыстағында кескілескен ұрыс жүріп жатты. Осы ұрыста Төлеген Тоқтаров айрықша көзге түсті. Оқтары біткен солдаттар жаумен бетпе – бет келген. Міне, осы кезде жанынан жарылған снарядтың жарықшағы Төлегеннің ішін жарып кеткен еді. Дәл осы кезде немістің жаралы офицері біреуді атқалы жатқанын көрді. Төлеген ақтық демін жинап, немісті жоюға жолбарысша атылды. Мылтықның дүмімен басынан ұрып, немісті өлтірді де, өзі сол жерде көз жұмды.» Ұлы Отан соғысы жылдарындағы шыққан әндер халықты ерлікке, патриотизмге жетеледі. Белгілі орыс композиторы Матвей Блантердің әйгілі «Катюшасы» соғыс кезінде жауынгерлердің сүйікті әндерінің бірі болды. «Катюшаға» солдат араларында пародиялар да шығарылды. Сондай пародияларға еліктеп аты – жөні белгісіз қазақ жауынгері де өлең жазыпты. «Катюшаны» өзінше «Қадиша» деп алыпты да, жақшаның ішіне «Катюша туралы солдат өзеңі» деп ескерту беріпті. Бұл өлең орыс әнімен емес, қазақтың «Сұрша қыз» әнімен айтуға лайықталған. Осы өлеңнен бір үзінді келтірейік.

Әндір - әндір, әндір – ай,
Лебің жауды жандырды – ай,
Сүйікті біздің «Қадиша»,
Фашисті естен тандырды – ай.

Майданда кең тараған орыс әндерінің тексін қазақшалап немесе оған өздері жаңа текст жазып айту солдаттардың арасында жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, «Огонек», «В землянке», «Жди меня», «Темная ночь», «Синий платочек» әндерінің текстері қазақшаға аударылып, майдан газеттерінде жарияланды. Бұл әсіресе орыс тілін жақсы біле бермейтін қазақ солдаттары үшін аса қажет болды.

Соғыс құйыны әр жанұяның шаңырағын шайқалтып, отын өшірді. Сәбилер жүрегіне жазылмайтын жара салды. Олар соғыс кезінде әкелерінің ыстық алақанын, жылы сөздерін сағынды.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұстас келген Мұқағали Мақатаев соғыс басталғанда он жаста еді. 1941 жылдың күзінде әкесі Сүлейменді әскерге алады. Әкесінен 7-8 ай бойы хат келіп тұрған екен. Содан кейін мүлде хабарсыз кетіпті. Бұл соғыс кезіндегі әрбір баланың басындағы жағдай еді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

М. Мақатаевтың сөзіне жазылған халық әні «40 жылдардағы бесік жыры» әнінен үзінді келтірсек.

Кебін киген өледі,
Кебенек киген келеді.
Майданға көкең кеткенде,
Осылай бәрі деп еді

деген тәрізді жолдармен айтылатын ән өн бойыңызды жалындай өртейді.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін М. Төлебаев москва халық жасақшыларына қосылады. Көп ұзамай 1941 жылдың күзінде денсаулығына байланысты Алматыға оралды. Мұқанның ән – романс шығармашылығын әңгімелегенде сол бір күндерді еске алған жауынгер ақынның мына бір естелігі назар аударарлықтай: «1943 жылдың қысы. Мұқаннан хат алдым. Ол: «Досым, сенің үйге жазған хатыңның ішіндегі екі шумақ өлең маған қан майдандағы солдат жүрегінің сүйген жарына деген ыстық сезімін алып келді. Аса толғантты. Сол түнде отырып оған арнайы ән жаздым. Қайырмасын алып тастадым, оған қапаланба. Осы қалпында солдаттардың қалай қабылдағанын айтып жазар деп күтемін... Мұқан», - деп қолын қойыпты. Хатты алып, жүгіріп Рубинге келдім. Ол екінші бөлмеден аккордеонды әкеліп, «Кестелі орамалдың» әнін тартты. «Кестелі орамалдың» әуені бүкіл Қазақстанды арқалап келгендей болды. Майдандас қазақ жолдастарымды жинап, «Кестелі орамалды» Мұқанның әнімен шырқай бастадық. Бұл ән бізбен бірген батысқа – Берлинге барды, Хинган асып, Қытайға да барды», -деп жазды Асқар Лекеров 1960 жылы тамыздың 12 күнгі «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Бір әннің тарихы» атты мақаласында.

Жерлесіміз майдангер Нұрмағанбет Жаңаев ұрыс даласында батырлығымен жауды жеңумен ғана емес, өзінің дауылпаз жырларымен де үлес қосқан. Нұрмағанбет ақынның қаламынан туған «Сүйген сұлуға» деген өлеңі алыс ауылда қалған таныс қызы сұлу да Бәтіш аруға арналған. Бұл өлеңді Мұзарап Жүсіповтың «Балымша» әніне лайықтаған.

Әлі-ақ бір күн аман-сау қауышармыз,
Дұшпан түсіп жүрмесін соңымызға.
Асылым,
Жалғанда жалғыз ғашығым,
Қайтейін жердің қашығын.

Бұл арада Ұлы Отан соғысы кезінде шыққан әндердің бірнешеуі туралы ғана айтылған. Соғыс тақырыбы уақыт алыстаған сайын терең зерттеп – зерделеуді қажет ететін күрделі тақырып. әрбір жас азамат, жас ғалым осы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

тақырыпты терең зерттесе нұр үстіне нұр болып, ержүрек бабалар рухы болар еді. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды. Отан үшін ерлікпен қаза тапқандарды ел әр уақытта есінде сақтайды. Өйткені олар біздің бақытымызды қорғады. Отан үшін, ел үшін құрбан болады. Отанымыздың даңқы – ерлік пен қаһармандықтың даңқы. Біз оның жүріп өткен ерлікке толы жолдарын, азаттық үшін күрескен ерлері мен батырларын ешқашан ұмытпаймыз. Қарттарды, майдангерлерді қадірлейік! Олардың есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ұмытылмас тұлғалардың бейнесі біздің көкейімізді ұялап, мәңгі қала бермек.

Елдік пен ерлік дәстүрлері ғасырлар бойы қалаптасқан қасиетті Алаш мекені, Қазақ елі енді қуғын-сүргіннен және соғыс апаттарынан лайым аман болғай!

Ыбырай Аружан

8 сынып, №54 орта мектебі

Жаңақорған ауданы Қызылорда облысы

Жетекшісі: Есенбекова А. К.

Отты жылдар шежіресі

Отан үшін отқа түс, күймейсің.

Б.Момышұлы

1941 жылғы 22-маусымда таңғы сағат 400-де бейбіт, шырт ұйқыда жатқан Кеңес Одағына фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасады. Шекарашылар қасық қандары қалғанша ұрыс жүргізді. Бірақ күшті жау ішкерілеп ене берді. Фашистік Германияның мақсаты бүкіл кеңес халқын құлға айналдыру, жерін басып алу еді. Фашистік Германия фюрері Адольф Гитлердің қанқұйлы саясаты кеңес халқын дүр сілкіндірді. Кеңес адамдарының өз өмірін аямастан Отанның бостандығы үшін арпалысуға дайын екені соғыстың басынан-ақ көрінді. Кеңес шекараларының – Брест қамалын қорғаушылардың 1941 жылғы 22-маусымнан бір айдан астам уақыт бойы кескілескен ұрыста өздерін құрбан еткен ерлігі халықтың мәңгі есінде қалды. Орталық бағытта жау әскерлері елеулі табыстарға жетті. Олардың екпінді шабуылы нәтижесінде кеңес әскерлерінің 300 мыңдайы тұтқынға түсті. Жау біртіндеп, Мәскеуге қарай ене берді. Өйткенмен де соғыстың ұзаққа созылатыны күмәнсіз еді. Неміс әскерлері осы бағыттарда жеңіске жете отырып, Мәскеу мен Ленинградқа соққы беруге шешім қабылдады. 1942 жылы шілдеде Сталинград үшін жойқын соғыстар жүрді. Немістер қалаға табанды түрде ұмтылды, қаланы 62 және 64 армиялардың бөлімдері қорғады. Бұл ұрыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1943 жылдың наурызының аяғына дейін созылды. Бірақ Кеңес әскерлері дұшпанға осы жерде ойсырата соққы берді.

Қазақстандардықтырдың соғыста көрсеткен ерліктері тарихта мәңгілік сақталып қалды. Кеңес Одағы Батыры атағын алғандар: Талғат Бигелдинов, Нұркен Әбдіров, Әлия Молдағұлова, тағы да басқалар. Қаншама адам жауынгерлік ерліктері үшін медальдармен, ордендермен марапатталды. Медальдармен марапатталып қоймай, ел есінде мәңгі қалды. Бұл батырлар елі үшін, жері үшін, қасық қаны тамғанша күресті. Мәскеу үшін шайқасты еске алып келіп Бауыржан Момышұлы былай деп жазды: Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады ... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік. Бұл киелі сөз батырлардың Отанға деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Кеңес әскерлері Берлинге жақындаған сайын 1945 жыл соғыстың соңғы жылы болатыны белгілі еді. 1945 жылы сәуір айында Қызыл Армия Берлинге шабуыл жасауға әзірленді. Берлин үшін соңғы ұрыстар болды. Гитлер Берлин үшін күресті өзі басқаруға шешім қабылдады. 2 мамырда Берлиннің қорғаныс штабы соғыс қимылдарын тоқтату жөнінде бұйрық берді. Өйткені 30-сәуірде Гитлер өзін-өзі өлтіргені туралы мәлімет келді. 9-мамырда Германияның сөзсіз тізе бүккендігі жөніндегі шартқа қол қойылды. Бұл жеңіс еді. Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс!

Елім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамның өз табалдырығынан, өз ауылынан, өз өлкесінен басталады. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер барыс текті намысты ұрпақ бойында ұлттық сана көрініс тапса, ақыл-ойы мен жүрегінде туған жерімен еліне деген сүйіспеншілік орын тепсе, бұл қоғамымыздың қалыпты дамуы жолындағы нәтижелі көрініс болып саналады.

Тәуелсіздік оңай бізге келмеді,
Жұртым менің не қиындық көрмеді.
Жылап тұрып аналарым бұл жолда,
Сан перзентін қара жерге жерледі.

Біздің батыр ағаларымыз жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлайды. Сол үшін ардагерлерімізге рақмет айтамыз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға біз сөз береміз.

Ықыласова Аружан

10 сынып, №109 орта мектебі Ақтөбе ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы

Ұмытпайық, ел қорғаған ерлерді,

Жырлайтын міне, бүгін күн келді

Иә, осыдан 70 жыл бұрын, таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді.

Жауыздар жасағанда қастандығын,
Бейбіт елге бір зұлмат басталды күн.
Сұм фашистің тарихтан білеміз ғой,
Қырық бірде соғысты ашқандығын.

Және біздер білеміз қырық бесте
Бас сауғалап олардың қашқандығын.

Жаулап алам деп келіп,

Бабамыздың

Жеңе алмаған рухының асқарлығын.

Отан үшін от кешкен батырлардың,

Ерліктері өшпейтін дастан бүгін.

Даңқтарын олардың тілеймін мен,

Ғасырлардан ғасырға асқандығын.

I. Ару қыздар – алаулап от кешкендер

Сыздап тұр – ау әлі күн оқ тескен

Қаласыңдар мәңгілікке ел есінде

Ару қыздар – алаулап от кешкендер.

Әлия мен Мәншүктей батыр болар,

Қажет болса қару алып елді қорғар.

Еліміздің ертеңі жұлдызы – біз

Көгінде жарқырайтын жанып тұрар..!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

-дей отыра Әлия мен Мәншүк апамызды еске алмау ол үлкен әбестік болар.

Орал қаласындағы Мәншүк Мәметованың ескерткішіне қарап, сол кісімен бір уақ сырласқан сәтімнен үзінді:

Менің дәл алдымда үстінде әскери киім, аяғында керзі етік қолында жартылай атылмаған оқ таспасы аяқ жағында сүйеулі пулеметі бар тас мүсін мелшиіп алысқа қарап тұр. Көздерінде сағыныш сазы ма, әлде нәзік сезімі ме, әлде от шашқан қайсарлық па, әйтеуір тұңғық сыр жатқандай.

Тас мүсін! Сенің алдында рухыңа табынып, ерлігіңе тәнті болып мен үнсіз тұрмын. Тас мүсін, саған егер тіл бітсе, сен өз қолыңмен, өз жаныңмен, өз қаныңмен қорғап қалған өмірде нендей күй кешіліп, қандай тарих керуені көшкенін білер едің. Білер едің де алдындағы өзіңе телміре қараған мына маған:

«Ботам, мен де сендей жауқазын болғанмын. Нарынның жұмсақ ыстық құмында жалаң аяғымның ізі, жал-жал толқындары ерке Ақжайығымда сыңғыр қаққан балауса күміс күлкім, айбарлы да тәкаппар Алатауымда өрлігім, әсем де сұлу Алматымда алау жастығым сағымдай боп елес беріп, қол жетпес арманым қалған» дер ме едің?!

Мен тас мүсінге үнсіз ұзақ қарадым. Қарадым да жүрегім дір ете түсті. Мүсін жылап тұр. «Тас мүсін, сен жылап тұрсың ба? Батыр да жылай ма екен?!» деп ойланып тұр едім. «Мен де адам боп дүниеге келдім ғой!»-деген саңқ еткен дауыс құлағыма келгендей болды. «Адам боп, ет пен сүйектен жаралған соң қуана да, мұңая да білдім. Сен сияқты білімнің нәрімен сусындап, мектепте де оқыдым. Институтқа түсіп, дәрігер болсам ба деген арманым орындалмады. Ел басына ауыр күн туғанда толарсақтан саз кешіп, Отанымды жаудан қорғадым». Содан соң мүсінге ұзақ қарадым, ерлігін ұққым келді. Ал, мүсін болса, жаңа ғана менімен қосылып мұндасқанын қмытқандай қабағын тас түйіп, алау жастығын қыршынынан қиған сұм соғысқа лағнет айтқандай, үстінде әскери киімі, аяғында ауыр етік, қан майданда серігі, мұндасы болған «Максимкасын» сүйеп қойып, алыс қиырға салмақпен көз тастап тұр.

Әлия Молдағұлова 1925 ж. 25 қазанда Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. Бала кезінде анасынан айырылып (1933 ж.), кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 ж. бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артеkte батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярославль облысының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы өтініш жібереді. Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.Новосокольники ауданының Монакова ауылында жерленген.

II. Ұмытпайық, ел қорғаған ерлерді,
Жырлайты міне, бүгін күн келді.

Жан толқытар мейрам – Ұлы жеңіс күні қарсаңында, 7-мамырда Отан қорғаушылар күні аталып өтіледі. Әрине, мамыражай мамыр мерекелік шараларға толы. Қарт майдангерлер омырауларына сылдырлатып төс белгілерін тағып ел қорғаны, айбары бола білгендіктерін мақтан етеді. Жас ұрпақ болса оларға қызыға қарайды. Жаксы істерін өнеге тұтады. Жеңіс күні келгенде кім-кімнің де қатты толқитыны анық. Қазақ даласы үшін бабаларымыздың қаны, аналарымыздың көз жасы аз төгілген жоқ. Елін сүйген ерлердің ерлігі халық жадынан ешқашан өшпейді. Аға ұрпақ бізге: «Осынау кең байтақ жерді сендерге мұраға қалдырдық. Халқыңды жаудың қолына беріп қоймай, қорғауға тырысып бақ», - дегенді айтады. Осыны түсінгендіктен менің жүрегімнен шыққан жыр шумақтары мынадай:

Жерімді мәңгілікке сүйіп өтем,
Өзіңе сүйенгенім қызық екен.
Отаным, қазыналы, қуаты мол,
Өзіңсің мақсатыма жетелеген.

Ұлы Отан соғысы кезінде 500-ден астам қазақстандық Кеңес Одағының батыры атанды.

Кеңес Одағы ыдыраған соң бұл жоғарғы атақ берілмейтін болды. Қазір еліміздің ең жоғарғы атағы – «Халық қаһарманы».

«Ер есімі – ел есінде», демекші бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігін ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ! Елі, Жері, Отаны үшін аямай тер төккен әрбәр батырларымызды құрметтеу, құран бағыштау әрбәр Қазақстан Республикасының азаматы мен азаматшасына парыз деп білшеміз! Міне, бүгінде біз дербек, тәуелсіз, егеменді мемлекетте тұрып жатырмыз! Біз осындай елде тұрып жатқанымызға бірінші – Аллага. Екінші – жан аямай, кеудесін отқа төсеп, ерен еңбек еткен батырларымызға, елбасымызға мында бір, шексіз алғыс білдіреміз.

Күндер өткен күніреніп жылдар күткен
Ана күткен, жетімек бала күткен
Келді, Жеңіс арқалап ақ арманды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жиырма миллион құрбандықпен.
Ер азат, еңбек, ерлік, ер ерлікті,
Еңбектің өрнегімен жер көріпті
Мыңдаған Қазақстан күрескері
Жеңіске жеткізді елін, ерлер ері.
Ұмытпайық батырларды мыңдаған,
Елдің мұңын халқыменен мұңдаған.
Батырларды еске ала отырып,
Мына балаң өлеңменен жырлаған.

-дей отыра тағы да ерен еңбек, иелеріне тағы да шексіз алғыс!

Елбасымыз, Назарбаев тұңғыш елді басқарған,
Болашақтың қамы үшін сүбелі істер атқарған.
«Қазақстан -2050» стратегия жобасын,
Басшылыққа ала отырып, үміт күтер жастардан.
Жеңіп алдық ЭКСПО-ны, халықаралық көрмені,
Сол арқылы қазақ елін бүкіл әлем біледі.
«Алашымның» мәртебесін биік етіп көтерген,
Тәуелсіздік – егемендік, жаңа қоғам белгісі.
50 елдің қатарына қосылдық біздер бүгінде,
Жайнай бер, Қазақстан, айналшы бір ғажап елге.
Қайсар рухы кемімес, еңбексүйгіш халықпыз,
Шарықтасын есімің мынау дархан әлемге.

Ізкенова Айзере

9 сынып, №111 орта мектебі Алдашбай ахун ауылы,
Қармақшы ауданы Қызылорда облысы
Жетекшісі: Жақанова М.

Қара бұлтқа оранбасын күн көкте,
Барлық халық бейбіт өмір сүрмекте,
Отанының бақыты үшін мерт болған,
Батырларды есінде ұста, құрметте,

-деп ақындарымыз жырлағандай бізге бейбіт өмір сыйлаған батырларымызды құрметтеп, әрдайым есімізден шығармай, мәңгі жүрегімізде сақтау-біздің перзенттік борышымыз. Міне, Ұлы Жеңіс күнінің 70 жылдық мерекесін тойлау уақыты да жақындап қалды. Иә, осынау ұлан-ғайыр даламыз нені бастан кешірмеді дейсіз? Небір төңкеріс, небір көтеріліс, небір жеңіс пен жеңілісті, қызық пен қиындықты өткерді емес пе? Ата-бабаларымыздың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

осындай ерлігінің бірі – Ұлы Отан соғысындағы жеңісі. Сонау 1941 жылы бейбіт жатқан елге Германия фашизмдері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде.

Жеңіс күнін бүкіл халық бірге тойлайды. Ардагерлерді құрметтеу – біздің міндетіміз. Жеңіс үшін аштыққа да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапқа толы күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанда ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады.

Әлемді дүр сілкіндірген 2-дүниежүзілік соғыстың қасіретін ешкім ешқашан да ұмытпақ емес! Бұл оқиға бейбіт.тыныш жатқан елді 1941 жылы жаздың жайма шуақ күні маусымның 22-інде дүр сілкіндірген. Бұл күн – бүкіл посткеңестік елдердің тарихындағы ең қайғылы датаның бірі.

Соғысты алғашқы болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, олардың көпшілігі шілде айында елге оралуы керек болған. Бірақ жаудың жасаған шабуылдары бұл жоспарды күлталан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстан азаматтары болған және олардың көбісінің сүйегі сол беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан және бүкіл Кеңес Одағы алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпіріндегі әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер, қала, ауыл тұрғындары да соғысқа аттанды.

Соғысқа біздің Алдашбай Ахун ауылынан да көптеген жастар аттанды. Соның ішінде менің атам – Ізкен де болды. Болашақ немерелері мен шөберелеріне бақытты күн сыйлаған атамызды ерекше құрметтейміз. Бұл күнде атамыз о дүниелік болып кетті. Қанды майданда қолына қару алып елінің тыныштығын қорғаған атамызға мәңгі басымызды иеміз.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 млн адам тұрып жатқан. Соғыс кездерінде Кеңес армиясының қатарына 1млн 200 мың қазақстандық шақырылды, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталды. Фашистермен болған шайқастарда 328-ші, 310-шы, 312-ші, 316-шы, 387-ші, 391-ші, 8-ші, 29-шы, 102-ші, 405-ші атқыштар дивизиясы, 100-ші және 101-ші ұлттық, 81-ші, 105-ші, 106-шы кавалериялық дивизиялар, 74-ші және 75-ші теңіз атқыштар бригадасы, 209-шы Зайсан, 219-шы минометтік, 85-ші зениттік, 662-ші, 991-ші және 592-ші авиациялық полктер ерекше көзге түсті.

Сол сұрапыл соғыс жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық намысын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ «Кеңес Одағының батыры» атағын алды. Қазақстандық

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Яғни, Жеңіске жету жолында қазақ халқы да лайықты үлесін қосты.

Тарих жылнамасында екінші дүние жүзілік соғыс деген атпен қалған Ұлы Отан соғысы аяқталғанына 70 жыл толғалы тұр. Миллиондаған жазықсыз жандардың жанын қиып кеткен сол сұрапылда барша қазақстандықтар жауға қарсы «Ел үшін, жер үшін!» деген ұранмен қасық қандары қалғанша соғысты. Небір боздақтар хабар-ошарсыз кетті. Жыл өткен сайын, сол бұрын-соңды болмаған алапат соғысты көзімен көріп, белуардан қан кешкен ержүрек жауынгерлер де азайып барады. Қалай болғанда да Жеңіс күнін жақындатқандар солар екенінде дау жоқ.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Кеңес халқы жан-тәнімен Отанды қорғады. Біздің республикамыздан 1 млн 700 мыңдай адам қару асынып майданға аттанды. Қаншама адам еңбек армиясында, тылда еңбек етті десеңізші?! Әрбір ауыл, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанышер неміс басқыншаларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты.

Жеңіс... Оны сан миллиондаған адамдар 4 жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті емес пе? Сол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгінгі арамызда асқар таудай болып жүрген аталарымызға, апаларымызға басымызды иіп тағзым етеміз.

Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Халқымыздың зердесінде бұл дата-1945 жылдың 9 мамыры мәңгілік сақталады, ғасырлар бойы ұмытылмайды. Бұл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталған күні, әлем фашистік құлдық қаупінен азат етілген күн. Бұл – Жеңіс күні.

Ерліктің үлгісін көрсетіп кеткен барлық кезеңдегі қаһарман жауынгерлік есімі ұмытылған емес. Соғыстың адам баласына әкелер қасіреті мен зардабы шексіз екені баршаға аян.

Ер есімі – ел есінде. Кір жуып, кіндік кескен жері үшін, аялап, әлпештеп өсірген ел үшін жанған отқа түсіп, жалын кешкен ер-азаматтар ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

1945 жылы бұл әлем үшін қуанышты да, естен кетпес күн, яғни бұл күні біздің ержүрек ата-бабаларымыз, аға-әпкелеріміз, барлықтары да өздерінің туған жерлерінің Тәуелсіздігі үшін қандарын төкті, қаншама қиналды, қыстың анау ызғарына шыдап бағып, төске өрледі, жүректерінде «Біз қазақпыз» деген от өрледі. Сонау ғасырлардағы аталарымыз жете алмаған арманға міне, жеттік. Қандай тамаша! Дербес мемлекетіміз бар, туған тіліміз, отбасымыз қасымызда, қандай бақыттымыз! Осылардың бәрі ата-бабаларымыз арқасында деп білемін. Сол үшін ардагерлерімізге рахмет айтамыз. Олар әкелген тыныш өмірдің тұнығын лайламауға сөз береміз.

Тыныштық! Жаса тыныштық,
Осы сөз бізге тым ыстық.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне

Көркейе берсін еліміз,
Көркейе берсін ырыс-құт
Бақытты болсын балалар,
Соғысты сүймес адамдар
Өркендей берсін қалалар,
Гүлдене берсін далалар.

Жер бетінде тыныштық болсын! Түнде ұйқымыз, күндіз күлкіміз арылмасын! Бейбіт таңдағы әрбір арайлап атқан күніміз нұрға толып, елімізде тек бейбітшілік болсын!